


Н.Ә. НАЗАРБАЕВ

ЕУРАЗИЯ
ЖҮРЕГІНДЕ





Нұрсұлтан
НАЗАРБАЕВ

ЕУРАЗИЯ

Ш
ДЕ
Н
Г
Ү
Р
Е

АЛМАТЫ
«ЖІБЕК ЖОЛЫ»
2010

МАЗМУНЫ

1-тaraу. АСТАНА АҢСАРЫ

Мақсатты айқындау.....	13
Замана зымыратқан жұлдыздар.....	31
Атаулар көререні.....	59
Алматы қекжиеңі.....	67
Астана ажары.....	79
Өңірлік өрлеу өзегі.....	92

2-тaraу. ҚАЛА ШЕЖИРЕСІ

Ежелгі қоныс, ескі жүрт.....	113
Тарихтан танабында таңба қалған.....	119
Табиғат құдіреті.....	122
Арқада туған алып.....	133
Ел қондырдық Есілге.....	135

3-тaraу. ЕЛОРДА ЭСТЕТИКАСЫ

Кенге созған құлашын	185
Қалауын тапса, қар жанар.....	199
Стиль кепілдіктері.....	221
Әсемдікке іңкарлік.....	234
Айрықша назар аймағында.....	250
Мәуелі бәйттерек.....	255
Еслідің сол жағасы, оң жағасы.....	262
Астананың бас қалқаны.....	281
Кемел келешекті сезіну.....	289







Шынайы бақытқа жеткізетін істерде тұрғындары өзара кәмектесу мақсатын алға қойған қала қайтырымды қала болып табылады, ал азаматтары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне кәмектесіп отыратын қоғам – қайтырымды қоғам.

Әбу Насыр әл-Фараби

Тарихшылар әлі күнге дейін жер бетінде алғашқы қала қайда, қашан пайда болды деп таласады. Сіра, бұл маңызды емес шығар. Ең бастысы, қалалар адам, халық және өркениет тарихының ең шиеленісті, шаттықты және опыты оқиғалары өткен жерлерде пайда болды және бола береді. Алайда өткеннің, бүгіннің және болашақтың «түйін» түйіген жерлерінде айрықша оқшауланып астаналар тұр. Оларға әр халықтың кеңістік пен уақыт арқылы өзінің даму жолында жасаған ең басты жетістіктерін айғап көрсету абыройы бүйірді. Дауірдің табы мен мәнері екі-уш айшықты сыйбамен бейнелене береді. Эйфель мұнарасы, Вестминстер, Кремль... Бұл астаналық нышандар – әлем картасының ең үздік жолбасшылары. Олар бұл күнде солай жаратылған сияқты қабылданады. Алайда олар белгілі бір адамдардың дарынымен және еңбегімен жасалған. Астананы құру – үлттық тарихтың жаңа мәтінін жазу. Мұндай мартебе әр үрпактың мандайына бүйіра бермеген. Екі мыңжылдықтың тоғысында біз шешім қабылдап, Еуразияның жүргегінде іс жүзінде жаңа астана құрдық. Қас қағымдай болып сегіз жыл өтे шықты. Құнделікті қауырт тіршілікten қолым қалт еткенде, мен осы кітапта құнделік жазбаларымның шашыранқы беттерін біріктіруді үйғардым. Құрделі шешімдер, қанаттастардың көмегі, саулет саласындағы ізденістер, қаланың болашағы туралы ойлар, өлкенің аңыздары мен жер-су атаулары, тұрмыстың түйткілдері, тарихи салыстырмалар, Астананың бедері мен әсемдігі, бір сөзben айтқанда, жаңа елордаға арналған мениң ойларым мен істерім – бәрі-бәрі осында.


Р. Әдесгалиев



1-TAPAY

АСТАНА АНДАРЫ





бұл дүниеде үмітуға болмайтын
бір нәрсе бар.
Егер сен басқаның бәрін үміттып,
бірак осыны үміттасан,
аландауға себеп те болмас еді.
Алайда өзге істің бәрін жадында ұстал
арі жүзеге асырган болсан,
бірак ен баstryсын үміттып кетсен,
бұл түк бітірмегенимен барабар.
Сен бұл өмірге мақсатты тірліктерді
тындыруға келдің
және алдағы міндеттің де сол.
Егер осыны орында масан,
онда ештеңе іstemегениң.

Жалал ад-дин Руми



МАКСАТТЫ АЙҚЫНДАУ

Бұл өзі төрт аяғы шып шымыр, өзі тапал, жоны жазық, шоқтығы мен жалы төгілген, кәдімгі қазақы боз айғыр еді Қап қара жалы жон арқасының жалғасы іспетті сыйып қоғандай тегіс бол тұратын Оның қандай тұқымға жататыны есімде жоқ. Бірақ сырт кейіп сүрексіз көрінгенімен, жауынгер көшпелілердің бір жортқанда 200–300 шақырымды еңсеріп, Еуразия кеңістігін талай шырлаған дала жылқысынан екені анық. Шұбарат деп атайдын бұл жылқы біздің өңірге әйгілі еді Алатаудың Шамалған тұсындағы бектерінде бір кездері жиі жиі аламан бәйгелер болып тұратын да, сонда алғы Шұбарат шашасына шаң жұқтырмай, әрдайым озып келетін Оның иесі – осы өңірдің шопаны ды, өзінің бәйге бермес сайгулігін айрықша мақтан туатын «Ат – ер қанаты» деп халық тегін айтпаған ғой

Алайда бірде Иә, бірде аламан байге кезінде Шұбарат тау аңғарының айрығына дейін бірінші келді де, соншалықты өлемен шабыспен тым үлкен қашықтықтан зорығып құлап түсті. Содан бері Шамалғаннан басталып, берп тауды өзінің сүйір тұмсығымен қақ жарып тұрған алғы сайды Шұбарат аңғары деп атайды

Қазір де осы тау бейне бір алып семсермен қақырата жарылғандай қос шатқалға белініп тұр. Кенекез қариялар осы таулардың жоталы бөлігінің бір биігіндегі тастан қаланған діңгек бар еді деседі. Сол діңгекке 1916 жылы осы өңірде көтеріліс бастап, кейіннен ол көтеріліс жаншылып, ақыры

қолға түсіп атылған атақты Бекболат батыр өзінің туын тіккен екен

Мениң үйім тұрған Подгорная көшесі, өзінің атына сай, тауға таяу бектерде созылып жататын Құн сайын таңертен, оянған бойда көзім осы тау бектеріне, одан әрі ақ басты асқақ Алатаудың қарлы шыңдарына түсетін Ағарған осы қарлы шыңдар кек тәңірінің мекені іспетті, қол созымдай жерде тұрса да ешқашан жеткізбестей, кереметтей алыс көрінетін Жарқырап жаз шықса болды, біздің көшениң балалары ерте-мен турып алып тау-қияны кезіп кететін Тау алқымынан күн бойы жидек теріп, соңынан оларды жергілікті шарап зауытына өткізетін Өткізген жидегінің ақысына шамалы тын тибен алған балалар, кешке қарай үйлеріне мәз мейрам боп оралатын Әлгі тапқан-таянғандарын санап отырып шешелеріне өткізетін де, бірер бақырды кинога деп алып қалысатын

Бір қызығы – сол кезде менде бір құпия арман болды Мұнар басқан көплідір көп таулардың тым болмаса ең берісінің шыңына бір шықсам шркін деп көкseyтінмін үл «асқақ» арманның қай кезде кеудемде пайда болғаны есімде жоқ, Бесте ме екем, алде жеті жастамын ба

Бірақ, көз арбаған алғы шыңға он төрт жасымда табан тирегенім жадымда

Қазір өмірімнің үштен біріне жуығы бітпейтін ресми са-парларда, далірек айтсам, республика ішінде немесе әлемнің түрлі елдеріне ұшу сапарларымен өтіп жатқан шақта, нағыз самғау сезімін алғаш ұшаққа отырған кезде емес, алғы көплідір таудың шыңында турып төменге – маған бейне алып география картасы сияқты көрінген жазық, далаға қараған сәтте сезінгенімді түсінемін Мидай жазық дала солтүстікке қарай, көз жетпес көкжиекке дейін жазылып жатты, ал мен тұрган биіктің етегі шапшыма тік болатын Бейне зәулім үйдің алып терезесінен қарап тұргандай бойымды өзгеше толқыныс пен шаттық сезімі билегені бар

Сол жерде тұрып мен бәрін көрдім Жер тәнінде сала-
сала болып жатқан алып күре тамырлар сияқты жыралар мен
сайлар, біздің ауыл мен көрші ауылдардың түймедей бол
ағараңдаған үйлері, бұран қаққан сан тарап жолдар, шоқ-
шоқ, қызғалдаққа беккен көк майса белдер, күрен далаңың
бетіндегі жамау сияқты жүгері алқабының төртбұрыш сап
сарғыштанаптары бар-бәрі көз алдымда, етек тұста жайыла
көсліп жатты

Ал одан әрі Одан әрі кек мұнар Құннің ашық кездерінде
осы таудың басынан әулие Балқашты көруге болады дейтін
үлкендер Балқаш көлінің қай жақта жатқанынан хабарым да
жоқ, сойтсе де Қариялардың сөзі есіме түсіп, көзім талғанша
кеқжиекке тесілдім, құнгеле шағылысқан шалқар судың жалты-
лын көруге тырыстым Бірақ ештеңе көре алмадым Әлде күн
соншалықты ашық болмады ма, әлде көлді көру тіпті мүмкін
емес жай әңпіме ме, қайдан білейін

Малды алысқа, солтүстікке қарай жайып кететін шопандарымыздың дала туралы тамсана айтатын әңгімелеріндеп
кез жетлейтін жазираны барлай алмадым Олар әр жазда
ауылдан кеңшардың малын Ыле жаққа, тіпті Балқашқа дейін
айдал ақететін де, күзге салым қайта оралғанда дала туралы
қиял-ғажайып аңыздарды жырдай қып айта келетін Біз
болсақ, малды барлық уақытта тау жайлауына бағатынбыз
Сосын да, мен кейбір малшылардың тауы жоқ, кекжиегі
көрінбейтін шетсіз шексіз маң далаға, қияндағы солтүстікке
кететініне қызығатынмын

Бұл бір ғажап қиялдай, түс тәрізді кереметтей көрінетін

Далалық малшыларды түсінуге болады – жалпақ далаңың
кез арбаған сұлулығы мен жазира сәнін тек сол далаңы
онды-солды кезіп қана сезінуге болар Тіпті ең занғар деген
тау шыңынан да Далаңың ұлылығын еш пайымдай алмайды
екенсің

Биіктаяуға шықсам деген арманымды жүзеге асырған сол сәттен бастап көкірекімді дала табиғатының жаңын ұқсам деген келесі бір арман жайлап жүре берді.

Өйткені заңғар болса да аяқ басар жері тар, еркіндігі шектеулі сол шыңың басында тұрып мен көңілге қанат байлар нағыз еркіндік, қиялынды ұштар шабыт ештеңемен шектелмеген, айналасында кез сүрінер қара жоқ, даладағана болатынын үқтым.

Кейін сахараның нағызы – Сарыарқаға алғаш аяқ басқанымда, даланың адам бойына құятын ғаламат қуатына қайран қалдым әрі оны жан-тәніммен сезіндім. Кереметтей мелдір де зенгер аспанды тұңғыш рет осы далада көрдім. Жартысын таулар көлегейлек аспан емес, көк жүзін көзбен шарлағанда ылғи да жанарың кеқтің жарымын жапқан тау қабыргасына тірелетін әдетті көрініс емес. Тіпті тау шыңынан қараганда одан да еңсепірек өзге таулармен көлегейленген жартықеш аспанға да ұқсамайды.

Мидай жазық, даланы бейне бір жарқыраған алып шыны қазан тәрізді жауып тұрған, көкжиектің бойымен қаусырыла кемкерілген зенгер көк аспанның өзі. Тек ұшы-қырысзы сары жон ғана ештеңемен шектелмеген шексіз де шетсіз көгілдір аспанның ұлылығы мен сұлуулығын түсінудің кілті дерсін.

Мен тау сұлуулығына әбден тұшынған жан едім, енді даланың кереметтіңе қанғым келді. Орыс халқында «Лучше гор могут быть только горы» деген қанатты сез бар... Мен таудың нағыз сұлуулығын 1995 жылы Абай шыңына шыққанда тағы да айрықша сезіндім.

Көк аспанның шексіздігін, табиғаттың ұлылық парқын бағамдаپ, таңданып та, ойланып та ұзақ түрдым.

Бірақ бәрібір дала аспанының тұңғының шексіздігін, боз сепеудің теніздей толқыған өміршөң қуатын, көшпелінің қарапайым даналығын ұғынып қана, сосын тау мартебесін аласартпай қадірлей отырып қана «Даладан артық... тек даланың өзі екен» деп айтқын келгендейсін.

Бала санасына сіңген ұғымдардың көпшілік кейін, уақыт ете келе ересек адамның әрекеттеріне үласады деген сөз бар.

Бұл, әрине, балалық әсер бүкіл ересек өмірді түзеді дегенді білдірмес. Бірақ өмірде болып жатқан кейір дүниелер алдекімнің арманының көшірмесі болғандықтан ғана іске асқан жайлар жиі кездеседі... Ал арман – үйлір ересек өмірдің күнделікті күйбенінен, беймаза тірлікten ада, емісеміс алыста қалған балалық сезімнің шарқ үрүры

Қай уақытта болмасын, қандай істе болмасын бір қарағанда тосын көрінетін шешімдер мен әрекеттер бар. Ал шын мәнінде ол ешқандай тосын емес, ең ұтымды нұсканы саралап сан ойланған, тоқсан толғанған толғақты ойдың түйіні. Әлдеқайда өзекті өзге маселелер ентеп түрғанда, көкейкесті жайтармен тіpten байланысы жоқ басқа бір тірліктер әуелгде тек танырқататыны, кей ретте айыпталатыны да содан шығар.

Кеп нәрсе өз жөнімен, немесе, біз айтып жургендей, жұмыс барысында атқарылып жатады. Бірақ күнделікті сол шаруаларға бойымыздың үйреніп кететіні соншалық, біз оларға оншалықты мән беріп жатпаймыз, оларды бағалауға немесе себеп-салдарын іздеуге әste тырыспаймыз.

Бірақ егер оқиға тосындау, әдеттегіден ерекше сипатта болса, онда оған деген жалпы жүрт назарының тоғысу күшінің зорлығы соншалық, болған оқиғаға пайымды арі жеріне жеткізе нақты түснік бермейінше, ол тек таңданыс туғызыу, кейде тіпті естен тандыра қайран қалдыруы да мүмкін.

Әрине, біздің әрекетіміз, асіреле, мемлекеттік саясат сияқты күрделі де болжап болмас салада емін-еркін сезім жетегінде кетумен, оның үстіне балалық әсерлерді пернелеумен уәжделе алмайды. Сөйтеп тұра, мән астананы ауыстыру идеясын тек байыбын бағалай қоймаған көрегендік пен әлдебір күні бұрынғы тарихи шешімнің үйлесуі деп қана билемін.

Астананы ауыстыру – сезсіз тосында сирек оқиға. Әрине, бір адамның үғымының шенберінде. Мемлекет ауқымында бұл адегтен тыс болса да, соншалықты бас шайқап таңғалғандай құбылыс емес.

Қоныс аудару да адам өміріндегі айрықша оқиға саналады. Кейбір адамдарда еш уақытта кешүге деген қажеттілік тумайды, енді біреулер жи көшіп-қонуға мажбур.

Мемлекеттер де өздерінің бас қалаларын ауыстырып жатады, әдепте мұндай ауыстырудың барша фактілері далелді әрі уәжді болып келеді.

Және осындай ауыстырудың қажеттілігі ел түрғындарының қалауына қарағанда, мемлекеттің пайдасынан жиірек туындыайды.

Бірақ бұл жерде, ең бастысы – астананы көшіруге мажбурлеуші, аңғарыла да, түсінкті бола да бермейтін кейбір себептер сілемін сезіне білу шарт.

Адам өміrbаяны сияқты мемлекет тарихында да қоғамның, мемлекеттің мекендік-саяси орны, соган сәйкес астананың орналасқан жері туралы пайымын өзгертуге итермелейтін беймаза кезеңдер болады. Осындай тарихи уақыт белесінде астананы ауық-ауық, ауыстырудың салдарынан сырт кезге абыр-сабыр оқиғалар етіп жатқандай көрінеді. Бірақ олар елдін ұзак ғұмыры мен кемел келешегі үшін, тұрақты дамуы үшін қажет құбылыстар болмақ.

Бұл түрғыда әсіресе Ресейдің мысалы ауызға аларлық. Ресей мемлекетінің тарихында астананы ауыстырудың талай арекеті малім.

Мысалы, аумалы-төкпелі замандарда, қылыш-қылыш кезеңдерде олар астананы Новгородтан Киевке, Киевтен Владимирге, Владимирден Маскеуге, Маскеуден Санкт-Петербургке, Санкт-Петербургтен қайтадан Маскеуге көшіріп отырды. Бұл ұлы көштердің барінің де себеп-салдары болды.

Ресей астаналарының аусыс жайттарын, асіреле Ертедегі Рұсь кезеңіне қатыстысын белгілі орыс тарихшысы Сергей Соловьев «Петр оқуларында» былай деп талдайды: «...аса ауқымды елдің үкіметі өзінің орналасқан жерін қажеттілікке қарай, халық күшінің алдебір елге қосылуына және кемуіне қарай, халық мұддесінің, халық назарының осы жерге немесе келесі бір жерге шоғырлануына қарай елдің бір бөлігінен екінші бөлігіне ауыстырып отыруға мәжбур; демек, үкіметтің орналасқан жерінің бұлайша аусысуын тарихтың алдебір өз бетінше еркіндігі деуге болмайды».

Егер осылай пайымдар болсак, менің түсінігімде, біздің Қазақстанда, жер ауқымының аса байтактығы жағдайында дал осы «халық мұддесі мен халық назары» тарихи түрғыдан «үкіметтің орналасқан жерін ауыстыруды» алдын ала айқындал қойған тәрізді.


Бұл жердегі әңгіме қайdan ойға келгені белгісіз оқыс шешім сияқты көрінген, түйеден түскендей етіп, астананы аяқ астынан Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы болып отыр.

Жалпы, астананы көшіру процесі – айрықша назар аударуға арі жан-жақты касіле баяндауға тұрарлық тұтас бір зеполея.

Ғылыми ақықатты іздеуде табиғат құбылыстарын зерттеушілерде өзіндік бір ізашар бағдаржол қалыптасты. Бұл бағдаржолдың мәнісі мынада: күтпеген шешім сырттай өңдеу мен қатынас кезеңінде келеді. Алдымен келетін ой – «Бұл мүмкін емес!». Соңан соң – «Мұнда бірдене бар...». Және ақырында, – «Мұны кім білмейді!».

Біз, арине, «астананы көшіру» үрдісіндегі ізашар атағынан үмітті емеспіз. Адамзат тарихында астананы ауыстыру мысалы аса көп, олардың бәрін тізіп шығу да мүмкін емес.

Бірақ астананы көшіру шаруасы мен ғылыми жаңалық ашудағы жағдай аса үқсас па дедім. Оған далел – Астана туралы шешім алғаш пісіп жатқан кешегі күн мен бүгінгі



күн, соншалықты түклір демесек те, едәуір шалғайдағы қарапайым Целиноградтың тамаша ғимараттар мен сәулет кешендерімен еңсесін түзеген Қазақстан Республикасының ерке Есіл бойындағы көркем елордасы – Астана қаласына айналған «өмір жолы».

Бір атақты физик-ғалымның: «Сондай жап-жас жане сондай беймәлім!» деп айтқаны бар екен.

Осы бір қайшылықты тіркесте тарихты жастар жасауы тиіс деген біздің заманың өршіл талабы жатыр...

Сол сияқты мемлекетіміздің тарихы да еліміздің ең жас астанасында жасалуда. Пайда болғанына не бары жеті-ақ жыл болған, сейте тұра жалпақ, жалғанға машһүр болған астана.

Сондай-ақ бүгінгі күні жас Астана елдің жай ғана әкімшілік орталығы ретінде, әкіметтің орталық органдары орналасқан, ел үшін тағдырлық мәні бар шешімдер қабылданатын жер ретінде ғана қаралмайды.

Не бары жеті жыл ішінде бұл қала біздің миллиондаған азаматтарымыз үшін Отанымыздың нағыз жүргегіне айналды.

Кез келген жүрек сияқты жаңа астана да Қазақстанның барлық өніріне нәр берумен қатар, үлттық рух пен сананы кетеруде.

Күн санап жаңа астананың ажарын ашып, көркейте түскен зәулім дес сәулетті жаңа құрылыштары, абаттандырылып жатқан аландары мен гүлзарлары, саябақтары қала қонақтарын қайран қалдыруда. Мейлі, ол баяғы Целиноградпен жане Ақмоламен бұрыннан таныс жан болсын, мейлі бізге алғаш келген мейман болсын, шын ризашылықтарын айтуда.

Астана – Қазақстанның жаңаруының нышаны, оның көп үлтты халқының жасампаз күш-қуатының куасы. Бұл – соншалықты жеңіл тимеген заманың өзінде жаңа астанасын тұрғызуға бел шешіл кіріскең халықтың өзінің күш-жігеріне деген сенімінің белгісі. Бұл – азаттық, алған үлттың өзінің

гүлденген болашағына, үрпағының келешегіне зор үмітінің көрінісі.

Қазақстанның жаңа астаналы болуы – ойланатын әрі зерттеу ізденістеріне мол азық болатын езінше бір айрықша, көп астарлы ұзақ тарих.

Мұны тек сөзбен ғана айту аздық ететін шығар, мундайда нөпір сезімге де бой алдырмай тұра алмасың сөзсіз...

Күн артынан күн өткен сайын астана өмірінің һәм қалыптасуының барлық қыры мен сыры туралы алып жинақ, мәліметтер мен деректер тізбелігі байып, жаңа егжей-тегжейлермен, өзгерістермен, толықтырулармен молайып келеді.

Толық тарихты жазып шығу мүмкін емес және оның өзі мансіз алем. Енді жазып болдым-ау деген кездे оның өзі ескіріп қала береді. Иә, Қазақстан өмірінің бүкіл серпіні және оқиғалардың нөпірі жағдайында қытай жылнамашыларының: «Құзғі суық жел үзген жапырақ су бетіне құлат түсті» деп жазған ғаламат дәлдігіне еліктеу қын.

Бірақ қашанда уақытқа, түсіндірulerге және баяндауларға багынбайтын немесе багынбайтын дерлік ең маңызды жайтарды бөліп алуға болады.

Ең дұрыс шешімдерге жол сала отырып, мынаны айта аламын.

Мен математик емеслін. Білуімше, осы нақты ғылымда шешу қажет, бірақ дал шешу мүмкін емес есептер бар деседі. Сондықтан мұндай «көп шешімді» есептердің шешуі ең жуық мәнде ғана алынады екен.

Астананы көшіру де осылай бол шықты. Астананы аустыру қажеттілігіне итермелеген бірқатар жағдайлар болды.

Өйткені көбіне дағдылы да күтілген шешім емес, қайшылау келетін шешім мейлінше дұрыс болып жатады.

Алдымен Қазақстан астанасын Алматыдан елдің басқа бір өніріне көшіру міндетті қойылды. Ал Астананың нақ Ақмолаға ауыстырылғаны оны қайда көшіру керек еді деген сұрақта мейлінше жақын жауап болды.

Расында да, ақбас шыңды Алатаудың бауырын бойлай ондаған шақырымға созылған Алматы қаласын табиғаттың өзі астана етуге лайықтағандай-ақ, емес пе еді! Жұмсақ климат, мұнартқан таулар, сарқыраған өзендер, баяғыдан қалыптасқан қосалқы құрылымдар, қызмет көрсетудің дамыған желісі.

Оның үстіне, Алматының өзі бос жатқан жерде өркендеген жоқ және оңтүстік астананың «отарлық» шығу тегі туралы орныққан арі жұртқа сіңген көзқарастармен көп ретте сәйкеспейтін езіндік ескі тарихы бар-ды.

Мысалы, Алматы аумағы XIX ғасырдың ортасында мајор Перемышльскийдің отряды келгенге дейін де емін-еркін қазақтар жайлаган Жетісудың шүрайлы да шырайлы пүшпағы болатын.

Ұлы Моголстанның негізін қалаған құдіреті күшті Бабырдың естелік жазбаларында монгол шапқыншылығынан қираған көркем қала Алмату (Алмалық) туралы малімет бар. Бабырдың замандасы, орта ғасырдың аса көрнекті оқымыстысы Мұхаммед Хайдар Дулати да өзінің айгілі «Тарих-и-Рашиди» еңбегінде Алатаудың әсем бектеріндегі Алмалық қаласы туралы баяндайды. Кепжылғы зерттеулердің нәтижесінде қазақтың белгілі археолог-ғалымы К.М. Байпақов Алматы қаласы X-XI ғасырларда қалыптасқанын дәлелдеп шықты. Бұл қала бойында қалаға тән белгілердің бәрі бар, ортағасырлық Қазақстанның ірі саяси, экономикалық және мадени орталығы болған.

Орынбор мен Қызылордадан кейін, 1929 жылы республиканың астанасы бол жарияланған Алматы қауырт өркендеді. Алматылықтардың талай үрпағы өз қалаларын ең бір әсем де қайталанбас астаналардың бірі ету жолында қайрат-күштерін аяnbай-ақ жұмсасты.

Оның келісті бақтары мен гүлзарлары, көшелері мен алаңдары ақындар мен жазушыларға, сәулетшілер мен

суретшілерге, ғылым мен мәдениет қайраткерлеріне өздерінің ең үздік шығармаларын өмірге әкелуде әрдайым шабыт беріп отырды, алі де солай. Бұл қалада жалғыз рет қана болған жаннның жадында естен кетпес шуакты әсерлер мен тамаша естеліктер қалары сезсіз.

Қазақстанның мәдениеті мен ғылымының, саясатының басты орталығы Алматыға қашанда шығармашылық пен еркін ой ахуалы тән болатын.

Тоталитаризмге қарсы ашық, наразылықтың алғашқысы – 1986 жылғы желтоқсан оқиғасының нақосы қалада болуы кездейсоқтық емес.

Алматы тек біздің республиканың демократиялық жүртшылығына ғана емес, бұрынғы Одақ көлеміне – халық, бұқарасының озбірліктың бүғауына қарсы тұруының символына, қазақ, халқының намысына, қайта өрлеген ұлттық, сана-сезімінің белгісіне айналды.

Осы қалада Қазақстанның егемендігі мен тәуелсіздігі жарияланды. Осы оқиғаның құрметіне Алматыда Республика алаңында алып Тәуелсіздік монументі айбындана көкке шанышылып тұр.

Меніңде талай жылым Алматымен байланысты. Осында алғашқы немерелерім дүниеге келді. Бұл қала менің өзіме де, отбасыма да жанымдай жақын.

Бірақ замана ақиқаты мен бірқатар геостратегиялық жағдайлар бізді өзіміздің геосаяси кеңістігімізді қалыптастыру үрдісіне жаңаша қырынан келуге мажбур етті.

Жаңа астананы таңдауда басшылыққа алынған барлық өлшемдердің негізінде тәуелсіз Қазақстанның әкімшілік және саяси орталығын Ақмола қаласына орналастыру нұсқасы мейлінше ұтымды шықты.

Сейтіп, 1994 жылғы шілдеде астананы солтүстікке 1000 шақырымнан астам жерде жатқан далалық Ақмолаға көшіруге шешім қабылданды...

Ақмола Қазақстанның географиялық орталығы деуге болатын, Қазақстан экономикасының ерлеуінде жетекші де ескелен үнктелері болып отырған маңызды шаруашылық, өнірлерге жақын орналасқан. Қала ірі көліктік арналардың қылышында, тоғыз жолдың торабында тұр. Бұдан басқа, қала Қазақстан үшін көптеген шет елге шығудың мейлінше тәте жолы – трансевроазия арналарына таяу қоныстанған.

Астана халқының саны қоныс аудару туралы шешім қабылданған кезде 290 мындаі адам еді.

Дегенмен қаланың келешекте өз халқын өсіруге үлкен мүмкіндіктері бар-ды. Саулетшілер қала аумағының орталық белгінде жаңа ғимараттар мен шағын аудандар салуға болатын 30 гектардай бос алқап барын белгіледі. Оның үстіне, қала салу үшін палендей бетен кедергілер де жоқ болатын.

Қаланың тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерінің жайкүйі де соншалықты сұрақ туғызбады. Көліктік қосалқы құрылымды шамалы жаңғыртып, аздаған шығын шығарған ретте астананың барша мұқтажын өтеуге болатын. Барінен бұрын Ақмоланың экологиялық ахуалы қалыпты, арі бұлахуал келешекте де ойдағыдай сақталып қала алатын.

Астананы көшіру Қазақстанды жаңа тәуелсіз мемлекет ретінде орнықтыруда зор рөл атқаратынына мен сенімді болдым.

Біріншіден, астананы көшіруді біз әуел бастан геосаяси тұрғыда Қазақстанды нығайтуға бағытталған қадам ретінде қарағанбыз. Сейтіл, біз езіміздің бейбітшіл сыртқы саясатымыздың сан салалы бағыттылығын қуаттадық.

Осы арекетімен Қазақстан Солтүстікпен және Оңтүстікпен, Шығыспен және Батыспен тең құқықты ынтымақтастыққа ашықтығын паш етті.

Бұл еліміздің Еуропа мен Азия арасындағы орта тұс жағдайының артықшылығын барынша нығайтуға мүмкіндік берді.

… Екіншіден, біздің таңдауымызда қауіпсіздік мәселесі маңызды орын алды. Бұл тұрғыда тәуелсіз мемлекеттің астанасы сыртқы шекаралардан алыстау жерде, мүмкіндігінше елдің ортасына таман тұруы тиіс-ті.

Оның үстіне, бірқатар сарапшылардың сол кездің өзінде-ақ, болжап айтқан, Орталық Азия өнірінде шиеленіс күшейе түсі үйінде мүмкіндігін де назарға алуға тиіс болдық.

Сондықтан мемлекеттік жоғарғы басқару органдары қызыметінің қауіпсіздігін, аймақтағы ахуалдың шиеленісі үйінде мүмкін болған жағдайда олардың жұмысының тиімділігін де қамтамасыз ету маңызды еді. Бұл қаупіміздің негізсіз еместігін кейбір өнірдегі кейінгі оқиғалар көрсетіп берді.

Үшіншіден, астананы ауыстыру Қазақстанның экономикасын одан әрі дамыту тұрғысынан да тиімді еді.

Осының арқасында халық, пен өндіріш күштердің республика аумағы бойынша біржақты орналасуын біртіндеп түзеу, солтүстік және орталық өнірлерде шетелдік тың жаңалықтарды, ғылымдандырылған өндірістерді, озық ауыл шаруашылығы машиналарын жасауды, әрі өндеуші ауыл өнеркәсібінің кең желісін қауырт өркендету іс жүзінде мүмкін болады. Өз кезегінде бұл Қазақстанның өнеркәсіптік даму деңгейін арттырмақ, еңбек ресурстарын тиімді пайдалануға және жұмыспен мейлінше толығырақ, қамтамасыз етуге мүмкіндік бермек-ті.

Төртіншіден, бұл шешім елде тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайту тұрғысынан даусызартықшылықтар әкелген қадам болды. Астананы өз халқының құрамы жөнінен көп үлтты өнірге көшіру көп этникалық мемлекет құруға, Қазақстанда тұратын барлық этникалық топ арасында достық пен ынтымақты сақтау мен еселеуге деген бағыттың өзгермейтіндігін айқын көрсетпек-ті.

Мен парламент мінбесінен депутаттарды Қазақстан жаңа астана кейінде жаңа қоғамдық-саяси ғана емес, уақыт ете

келе Қазақстанның ірі ғылыми, мәдени және іскерлік орталығына да қол жеткізе алатындығына сендердім.

Астананы ауыстыру Алматының өзіне де тиімді болды. Бұл өзгеріс оңтүстік астананы дамытуға жаңаша серпін беретіні даусызызды. Осы қадаммен біз қалаға дүниеге қайта келу мүмкіндігін жасағандай едік.

Өнерқасілті, туризмді, демалыс пен спортты, яғни қала шаруашылығының мейлінше кірісті салаларын дамыту мақсатында босайтын алаптарды пайдалануға жағдай тудады. Қала мойнынан көптеген жүк түсіп, оның экологиясы жақсаратын болады.


Солай бола тұра, Алматы әрдайым Қазақстанның, Орталық Азияның куллі экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне ықпалын тигізетін ең ірі іскерлік, қаржылық, ғылыми және мәдени орталығы болып қала береді.

Әйткені Алматы – көптеген республикалық және еларалық тораптардың түйіскен орталығы.

Менің баяндамам бойынша пікірталас қызу журді, күн үзакқа созылды. Дегенмен республиканың Жоғарғы Кеңесі менің қарсыластарымның қасарысқанына қарамастан, көшілік дауыспен шешім қабылдады: Қазақстанның астанасы Ақмолаға көшірілетін болды. Осы шешімнің қабылдануы үш жылдан астам уақытқа созылған астананы көшіру процесіндегі ұлы аттаныстың басы еді.

ХХ ғасырдың аяғында өз тарихымызда тұнғыш рет елдің үлттық мұдделерін басшылыққа ала отырып, тауелсіз Қазақстанның астанасы қай жерде орналасатыны туралы шешім қабылдауымыздың зор саяси және имандылық мәні болды және бола береді. Бұл азаттық пен тауелсіздік алған егемен халықтың еркінің көрінісі-тін.

Астананың, расында да, әлемдік өркениеттің төрінен қала мәдениетін дамытуда өзінің лайықты орнын иеленуіне мүмкіндігі жан-жакты.



Бірақ Астананың келешек халықаралық ізгілікте және мәдени алмасулар тогысар жер ретінде тартымдылығының басты шарты – дамыған инфрақұрылымының болуынан басқа, Қазақстан астанасы идеялық еркіндік пен шабыттың «табиғи» қайнарына айналады

Қалалардың да адамдар сияқты өз тағдыры болады Олардың әрқайсысының өз аты, қайталанбас өмірбаяны, дүниеде ешбір жерге үқсамайтын өзіндік айрықша мінезі мен белгілері бар Тарихта олардың қаншасы болды және әлі қаншасы пайда болмақ Елдер мен формациялар бо йынша алғашқы қауымдастықтың көсем пірлерінің ордаларынан ірі мегаполистерге дейін, базарлар мен аміршілер рабаттарынан бастап өнеркәсілті және өнеркәсілтен кейінлі қоғамдардың шоғыр қалаларына дейін, осы заманғы қайнаған орталықтардан, ең ақыры ғарыш ғасырының келешек қалаларына дейін толып жатыр

Адамдар сияқты олар да өз тағдырларымен дарала нағы Біреулеріне «мәңгі қала» немесе «әлем астанасы» бақыты бүйірса, енді бір қалалардың майдайына өркениеттен тысқары жетімдік күн кешу, енді біріне жер бетінен құрып кету жазылған Осылайша қалалар да, кітаптар сияқты, адамдардың өздерін күтіп баптауына байланысты тағдыр кешеді

Тек адамзат баласына ғана өз тағдырының әрі өз парасат пайымының қожайыны болу, ерік-жігерімен, шабытты еңбепмен көктегі жазмыш белгілегеннен де асыра игліктер жасау құқығы берілген

Біздің ұзакты күндер мен үйқысыз түндердегі ойлары мыз бер толғанысымыздың, кешкі қиналысымыз бер таң алдындағы арман-мұратымыздың, мәні, мінеки, осы Астана болды

Бұлғынға Астанамен келешек Астана – бұл біздің стратегиялық ойларымыз бер үмтілістарымыздың ең басты жемісі

Егер Астана елтаңбасына зер салар болсақ, онда бір ғана қаланың осынау елтаңбасы, ондағы бейнеленген таңба суреттер – тәуелсіздік алған әрі алемдік саяси, қоғамдық, алеуметтік және экономикалық дاناлық қазынасына қосылған Қазақстанның, біздің мемлекетіміздің бүкіл рухы мен ділін нышанды көрсеткенін аңғарасыз.

Енді осы Астана елтаңбасына мұқият зер салып көре-йікші...

Шаңыракқа қарасаңыз, бұл Қазақстанның кеңдаласының шексіз аспаны астында халықтардың және мәдениеттердің қауымдасуы мен бірлесуін кейіндеу іспетті;

Алтын масаққа қарасаңыз, барша тұрғындар мен еңбекші халыққа нәр беріп жатқан Қазақстан жерінің байлығы мен жомарттығын кейіндеу іспетті;

Барыстың сұлбасына қарасаңыз, бәрімізге белгілі, бүгінгі күні бұл барыс – өнерқасілтік және технологиялық даму үрдісімен, қоғамдық өрлеу мен демократиялық үмтілістардың сара жолымен шеру тартқан Қазақстанның символына айналды;

Тас қорғанның нобайына қарасаңыз, Қазақстан жерін жайлайған бейбітшілік пен қауіпсіздік ахуалын қорғау, кеп үлтты Отанымыздың барлық үлттының құқықтары мен алаңсыз өмірін, дінін және мәдениетін сақтау жолындағы біздің күш-жігеріміздің нышаны.

Нақ осы Астана елтаңбасында Қазақстанның барлық азаматының, ақыл-парасаты мен ой-сезімі бейнеленген. Осынау көне де қасиетті жерде өмір сүруші жүртшылықтың сезімі мен парасаты...

ЗАМАНА ЗЫМЫРТАҚАТ ЖҮЛДІЗЛАР...

Мен Лев Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті оқу-зертхана корпусының жаңа ғимаратына енді-енді ғана жайласқан студенттердің балауса жүздеріне, ғылыми дәрежелі маңғаз оқытушыларға көnlім толып, қызыға қарап қалдым. Осы заманғы саулеттік кең дәрісханалары мен зертханалары бар адемі ғимарат университеттің еңсөлі пішінін ғана емес, қаулап салынып жатқан астананың осы аймағының да ажарын ашып тұрды. Университет жаңа корпусының тұсаукесерін өткізген 2003 жылғы сәуір айынан бастап кадрлар даярлаудың жаңа стандарттары мен көзқарастары енгізіліп, Астананың жоғары білім жүйесінде тағы бір маңызды қадам жасалды. Қазіргі дүниеде қажетті білімді менгеріп қана қоймай, сол біліммен женіп шығуға да болатының біз түсінбегендегі кім түсінбек. Білім ғана дүниенің қозғаушы күші бола алмақ.

Бұл дүниенің біз күн сайын көріп журміз. Біреулер отан жай ғана қарайды, біреулер отан бақылай қарайды. Білімдар адамдар ғана бізге дүние қандай болса, сол қалпында емес, біз оны қалай көргіміз келетін қалпында көріп, қабылдауға итермелейді. Қекірек көзі ашық, білімді де білгір адамдар ғана, мәселен, қозғалыс пен өмір болмайтын, тіпті оның болуы мүмкін емес жерден қозғалыс пен өмірді көре білуімізге мүмкіндік жасайды.

Жүлдіздардың мызғымайтын тұңғиық, кеңістігі тұнгі аспанда біздің тәбемізден теніп тұрады. Бүгінгі күні астрономдар бұл кеңістіктің біз ойлағандай соншалықты қимылсыз емес екендігін айтпағанда, Ғаламның салыстырмалы кіндігінен сыртқы кеңістікке қарай жүлдіздар қаншалықты жылдамдықпен зымырайтының да жақсы біледі.

Жүлдіздар әлемімен арадағы шексіз қашықтық, бізге жүлдіздарды жылжымайтындей етіп, ал жүлдізды аспанда тапжылмай тұрган секілді көрсетеді.

Өмірде де көбіне осылай болып жатады. Астанамызды ауыстырумен байланысты оқиғаға дейін маган да жұлдыз-астаналар көтеген елдер мен қалалардың арасында мызғымай түрып қалғандай көрінетін. Енді байқасақ, олай емес екен, тіпті айтарлықтай қысқа тарихи кезеңнің өзінде көтеген астаналар әлемнің саяси картасын взгертил, талай рет орын ауыстырылты. Бұл жөнінен олар аспан әлеміндегі жарқын планеталарды еске салады.

Жұлдыздардың неге ағатыны және көк жүзіндегі планеталардың неліктен ұдайы жылжып отыратыны әрбір мектеп оқушысына мәлім. Астрофизиканың әрбір профессоры мұны жақсы біледі. Біздің Күн жүйесі планеталарының жылжу өзгерістерін жүлдыздар картасынан көру де қынға соклады.

Ал астананы ауыстыру қандай саяси немесе геосаяси өзгерістерге алып келеді? Жаңа астана жүлдызы бір жерде сөніп, ал екінші жерде жанғанда елдің ішкі саяси картасында не болады? Бұл сурақтар тым күрделі, соған сایкес оған қайтарылатын жауаптар да айтарлықтай күрделі болмак, әрі олар бір мәнді болып шықлады.

Егер уақыттым болса, мен әлдебір мемлекеттің астанасы бір жерде жойылып, басқа жерде пайда болуына алып келетін себептер тізбесінің тұтас томын құрастыра алар едім. Кейде бұл себептер көзге үрүп тұрады. Кейде мүлде байқатпайды, оны түйсік көзімен ғана андай аласын.

Бірақ неден бастау керек? Кешіру қажеттігінің тууына не себепші болады және қандай далелді негізді алға тарта ала-мыз? Таңдау жасау асте қын, бірақ қажет...

Айтқалы тұрган сөздерім кейбіреулерге оғаш көрінетін де шығар, сонда да астананы кешіру себептері туралы аңғімені... «шенеунік» деген атау алған әлеуметтік топтан бастауға тұра келеді.

Іа, қалаларды астанаға айналдыратын, мемлекеттің мүддесі мен келешегі үшін астаналық өзгерістер жасай алатын бір күш – тап осы шенеуніктер. Жас астананың жаңа әкімшілік келбетін қалыптастырудың алғашқы қадамдардың бірі ретінде мемлекеттік аппараттар үшін сауатты қызметкерлер мен касіби басқарушыларды даярлауға айрықша көңіл бөліп, сол мақсатта Мемлекеттік қызмет академиясын құрғанымыз да сондықтан.

Адамзат тарихындағы ең алғашқы астананың, езіл жерде біз бүгін шенеуніктік деп атайдын топ пайда болғаннан кейін ғана нағыз астанаға айналды десем, жаңалық бола қоймас.

Тарихқа сенсек, алғашқы шенеуніктер ежелгі Қытайда пайда болыпты. Олай болса, алемдегі алғашқы астана да Қытайда пайда болғаны даусыз. Бұл адамзат өмірін байытқан техникалық түрғыдағы тұңғыш жаңалықтарымен ғана емес, соғыстар мен күйзелістердің талай сұрапыл ғасыры өтінде ез мемлекеттігін сақтап қалған, елінің қуат-күшін еселей алған шенеуніктік басқарудың дамыған жүйесімен де даңқы жайылған Қытай.

Нақ осы астаналық шенеуніктік қана мемлекеттің саясатында бетке үстар билік жүргізушилер болып табылады. Мемлекеттік басқару мен құрылыштың мол тәжірибесін жинақтаған ғұмырымда мен астаналық шенеуніктіктің тұлғасына, солардың іскерлігіне мемлекеттің тағдыры туғелімен тәуелді екендігіне көз жеткіздім.

Көлтеген мысалдар көрсетіп отырғандай, астананы көшіру ғана іс жүзінде шенеуніктіктің белгілі консерватизмін еңсеруге жардемдесіп, жаңа астанадағы жүртшылықтың озық ой ауанын кейілтеп, бейнелей алатын шенеуніктердің жаңа шоғырының қемегімен бұдан кейінгі өзгерістерге жол ашуға мүмкіндік берді.

Астананы көшіру жана тәрепіндікті қоса қалыптастыруды. Алайда ~~бұл~~ мемлекеттік жағынан сол баяғы төрешілдік

болып қалғанымен, астанада мұрагерлікпен өтіп отыратын, дәстүрлі шарттылықпен және қасаң тәжірибемен аз шырмалған төрешілдік еди.

Өзгеріс локомотиві өз сапарын басқа станция – астанадан бастайтын жағдайларда, әдетте, жаңа құрам қоғамның, тың негіздеріне басы артық аппараттық ауыртпалықсыз және тамырласқан тежеуіштерсіз көшуді қамтамасыз етеді.

Өзін номенклатура ғана емес, толық, мағынасындағы шенеуніктік деп сезінетін мұндай билеуші элита уақыт талағымен және прогресс пәрменімен ашылған жаңа астанада мемлекеттік аппараттың негізін құрайды. Және оның өзін де осы жаңа астана қалыптастырады. Өйткені өткен заман жүгінің ауырлығы соңдай, мемлекет жүргегі – астана мен оның орналасқан жері тыңғылықты турде ішкі саяси сілкілеуден өтпесе, бүл мемлекеттің бүтініне ғана емес, келешегінде де салмақ, салуы мүмкін.

Егер саяси өзгерістер кезі мен астананы ауыстыру кезінде әдейі, алде кездейсоқ деп келіп қалса, онда осы екі фактор бірін-бірі өзара күшите түседі және батыл саяси ерік-жігер болғанда елдегі істің жай-күйіне жауапты әрі оның дамуына игі ықпал етеп алатын тиімді шенеуніктікің қалыптасуына әкелуге тиіс. Өзіміздің тәуелсіз Қазақстаннымызда біз жүзеге асыра алған сценарийге сәйкес саяси өзгерістер дауірі астананы республиканың геосаяси орталығына көшіру ауыртпалықтың мен тығыз байланыстыра отырып, күшті президенттік биліктің құдіретімен жүзеге асқанын атап көрсеткім келеді.

Сондықтан астана озық ойлы шенеуніктік үшін қозғаушы фактор қызметін атқара алғанына және атқара беруге тиіс екендігіне еш таңғалуға болмайды.

Сол себепті мемлекеттің одан әрі өмір сүруі немесе, дәллірек айтқанда, оның табысты дамуы туралы сез болатын тарихтың осындағы сәттерінде мемлекеттегі астананың рөлі мен орналасқан жері сияқты факторларды ескермеу мүмкін емес.

Қазақстандық астананы көшірудің улгісі өзінің жылнамалық бастауын 1985 жылғы оқиғалардан алады десем, сірә да, жаңылыса қоймаспын.

Нақ, сол жылы Михаил Горбачев мәңгі мұздықтама-
стай көрінетін Кеңес Одағының тағдырына шешуші ықпал еткен
бағдарламаны өзі бастап қолға алғаны белгілі.

Кеңес Одағының қуатты алеуетіне каміл сенетіндіктен,
КОКП Орталық Комитетінің Сәуір пленумын, сол пленумдағы
Михаил Сергеевич Горбачевтың кеңес қоғамын ауқымды
түргыда жаппай қайта өзгерту қажеттігі туралы тосын идея-
сын, «қайта қуру» деп қарапайым ғана аталаған, жалпақ
жүртқа жария етілген айғілі баяндамасын мен жан-тәніммен
қабылдадым.

Мен ол кезде Қазақ КСР Үкіметінің Терағасы едім және
Горбачевтың маған айтарлықтай іш тарта қарайтынын, әрі
менің ішкі толғаныстарымды түсінетінін сезуші едім. Оның
өзі де қоғамға үлкен өзгерістер қажет екендігін үгініп,
терен толғаныс үстінде жүретін. Сондықтан бұл пленум
талайларды серпілтіп жіберді. Брежnevті, Андроповты,
Черненконы жерлеу кезінде өз оқілдерін бірінен кейін бірін
соңғы сапарға аттандырып жатқан Кеңес Одағының кәрі
кеюжалдарынан қайыр жоқтығын сезініп, еңсені басқан
торығу мен тығырықтан қиналған күндер әлі жадымда.

Ескі заманың даурені ықылассызы, баяу етіл бара жат-
қанын, оның алып мемлекеттің тағдырын басқару құқығынан
қынжыла айырылып жатқанын, билікке сондай өлермен
табандылықпен жармасып тұрғанын бақылау естен кептес
керініс еді.

Осының барі тек шетелдіктерге ғана емес, көп үлтты
мемлекеттің жас басшылары – бізге де жайсыз әсер етті.
Бүкіл қоғамды дур сілкіндіретін және оны азаматтық мен-зен-
куйден, сенімсіздік жағдайынан шығуға мажбур ететін бір
батыл қадам керек болды.



Горбачевтың алғашқы мәлімдемелері мен іс-әрекеттегінен кейін орын алған оқигалар стихиялы ар бой бермейтін сипат алғаны соншалық, мұны аяусыз күрес дегеннен басқаша атай алмайсың.

Мен де тағдырдың жазуымен осы қатыгез, тіпті кей жағдайларда «жан алып, жан беріскен» айқастың қалың ортасында қалдым

Мүмкін бұл тым асірелеп айтқандық шығар, десек те, қайта құру дауірі басынан аяғына дейін нағыз азамат соғысы болды 1988 жылы Таулы Карабахта қарулы қақтығыс басталды 1989 жылы Абхазия мен Оңтүстік Осетияда қарулы жанжалдар шықты. Бұдан басқа да әр түстен бір бүрк еткен қарулы қақтығыстар мен үлтаралық жанжалдар бір кездегі КСРО-ның мамыражай бейбіт тіршілігін дүр сілкіндірді.

Әрине, біз үлкен соғыстардан көріп жүргендей жағдай болған жоқ. Немесе, былайша айтқанда, жаппай қан төпс болған жоқ. Қалай дегенде де, арадағы қарым-қатынас біршама өркениетті болғаны аян, бірақ бұдан дау-жанжалдар қатыгездіп басендереді.

Біздің Қазақстанда да күрес іштей өткір сипат алды Шаруашылық жүргізудің есік адістері өзін сарқып бітті. Олар белгілі бір дәрежеде өз нәтижелерін беріп тे жатты, бірақ нақ осы таптаурын әр үйреншікті адістер салдарынан біз барған сайын даму жағынан барша әлемнен қала бастадық. Есік басшылықтың осыны түсінгісі келмеді. Егер біз бұрынғыша бесжылдық жоспарларды, басқа да жоспарлы көрсеткіштерді асыра орындал жатсақ, басқа әлемде шаруамыз қанша?

Бұл түргыда бұрынғы басшылық өздеріне түсінкісіз көрінген М С. Горбачев келген кезде ашықтан-ашық байқамағансыған монтаны саясатты үстанды. Бұның бәрі уақытша құбылышы, түбінде бәрі өзінің үйреншікти қалпына келеді деген толық сенім бар еді.

Ескі басшылар ерте ме, кеш пе Горбачевтың әйтеуір бір сабасына түсетініне, тіпті болмай бара жатса, оны ептеп жөнге келтіріп жіберетіндеріне бұрынғыша сенімді болатын. Сейтіп, баяғыша жоспарларды сүйрелеу, бесжылдықты іс жүзінде заңсыз орындау немесе асыра орындау, дағдылы қосып жазушылық, жалпы үлттық өнімді қайта-қайта есептеу «күресі» қайтадан жалғаслақ.

Сейтіп, тағы да ордендер мен медальдар қеуделерге қадалып, ауыспалы жалаушалар мен қызыл тулар желбірейтін болады.

Шынын айтқанда, маган қайта құру идеясы барынша жақын еді. Өйткені шаруашылық жургізудің «кеңестік» жүйесімен байланысты нарсенің барі абден ығыр қылған. Асыра орындау туралы алдау жалықтырды, экономикалық бюджетті қайта есептеу мен «созғылау», қосып жазуға «шығармашылық тұрғыдан келу» қажытты. Тіпті жүрттың бәрінің осылай істейтіндігінің өзі көнілімді орнықтырмады. Бұдан әрі булава жұмыс істеу үтті қана емес, мұлдем арсыздық еді. Мен алдебір өзгерістерді тағаттыз күттім. Жасырып керегі не, ол кезде мен біздің осынау өзгерістеріміздің түпкі мақсаты нарықтық экономика мен демократия болады деп ойлағам жок.

Мен бұл взгерістер – шаруашылық қатынастар жүйесінің мәнін взгерпей-ақ, оған зор объективтілік, шыншылдық пен адалдық беру үшін реформалар жасау қажеттілігінен туған болар деп ойласам керек. Қайта құрудың өзі бастапқы кезеңінде, біз қазір айтып жургендей, жүйені «косметикалық» жендеуге ғана қатысты болды. Соған қарамастан мен батыстық экономистер мен саясаттанушыларды оқи бастадым. Бірте-бірте нарықтық экономиканың негіздеріне ене бастадым, әлемдік қоғамдастықтың дамыған елдерінің қаржы жүйесінің негіздерін зерттедім.

Әлемдік экономиканың тұғырлық негіздерін сараптап зерттеумен іс жүзінде 85 пен 86-жылдар өтті. Оның үстінен,

был кез Қазақстан жерінде Геннадий Колбиннің көртартпа тәртібінің біржола мықтап орнаған уағы болатын. Есқі элита кеңестік номенклатураның барі де ерте ме, кеш пе өз арнасына қайта келеді деген үміті ақтала бастағандай-ды. Қосып жазу мен жалған есеп беру қайтадан дағдыға айналды.

1985 жылдан 1989 жылға дейінгі кезен, айрықша табанды, ұстасқан және, мен айттар едім, есқі мен жаңаның «аңдысқан» қырқысы жағдайында етті.

1989 жылғы маусымда мені Орталық Комитеттің бірінші хатшысы етіп сайлады.

Біз есқі адістер мен есқі басшылықтан арылдық, бірақ проблемалардан арыла алмадық. 1989 жылдың өзінде-ақ, Кенес Одағының экономикасы бой берместен құрдымға құлдырап бара жатты. Дүкен сөрелерінен май, шұжық, қант, темекі және басқа да көптеген тауарлар жоғалды. Кейде нанның өзі жетпей қалып жатты. Кенес Одағы өмір сүруден гөрі, күнін санауга көшкен еді.

Кеп үақыттепей, 1991 жылғы желтоқсанда бүкілхалықтық сайлауда Қазақстан халқының толық арі күмәнсіз қолдауымен мен жаңа мемлекеттің Президенті болып сайландым.

Бұл біздің кең-байтақ республикамызды аралап, менің бір «сабылған» шағым болды. Халықтың абдыраған алаң көнілін сездім. Бір сәтте олардың өмірін өзгертіп қана қоймай, өмір бойы табынып келген құндылықтарының бүкіл жүйесін әдіре қалдыրған оқиғалардың қуйзелткенін көрдім. Жүрттың барінің жәудіреген көзінде: «Буданәрі не болады? Қалай өмір суреміз?» деген сұрақ тұрды.

Адамдар курделі де қыын сұрақтарды тұрасынан қойып жүрді, ал ол сұрақтардың баріне үғыныңқы тілде нақты жауап беру керек еді. Бұл аса зор жауапкершілік жүктеді. Мен оны жан-тәніммен сезіндім, осы жауапкершілік мені батыл арекеттерге итермеледі.

Үақыт шын мәнінде ұлы да елеулі істерді талап етті. Бірақ ділі қасаң, жеке меншік, нарық, пікір алуандығы, сез бен рух

бостандығы сияқты ұғымдарды түбірімен қабылдамайтын ескі жүйемен іргелі істерді атқаруга бола ма?

Біз жаңа уақытқа күмп бердік, бірақ ділді оңайлықпен шайып тазарта алмайды екенсін. Біздің бүкіл басшы партиялық элита елі де ескіше ойлайтын. Жарайды, нарықты жасадық, дейік, сонда ол нарықты қалай басқармаклыз, дейді олар. Осылай ойлайтын адамдардан бізді әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесіне кіргізуі, экономиқаны жаңа нарықтық жағдайға бейімдеп, қайта құруды талап етуге немесе қутуге болатын ба еді?

Бұл жағдай ежелден қалыптасқан құндылықтар жүйесіне, кеңестік ғылым мен дүниетанымның сезсіз артықшылығына әбден иланған зиялды қауымның да едәуір бөлігіне қатысты болды.

Сілкінуге ешқандай құлқы жоқ адамдарды қалай сілкін-діруге болады? Съездердің сыйлдыр уағызына, марксизм-ленинизмнің ұлы да, ұлық та классиктерінің дайексөздеріне толған миди қалай тазалау керек? Ескі шырмауға мatalып, мемлекеттің әрен соғып түрган жүргегі Алматыда үйлікқан ескі тартіптегі билеуші элитаны қалай жұмылдырарсың?

Өзгерістер басталған сілкіністі уақыт – 1991 және 1992 «парламенттік» жылдар елі жадымда. Егер алдекім мені парламентаризмге қарсы екен деп оиласа, құдай сақтасын. Мен әрдайым сындарлықты және уақыттың бос сезге төзбейтінін толық сезіне білуді жақтаймын. Ал ол кезде қаншама саяси және реформаторлық «мылжың» болды десенізші... Өмірлік манзызы бар бірде-бір заң етпей жатты. Зандарды парламенттік талқылау процесіне араласпайтыны, килікпейтіні жоқ. Бүйірден қосылып жәнді-жөнсіз қыстырыла кету, жоқтан өзгені сағыздай созып сез ету, лаққан философиялық толғамдар мен әйтеуір өзін көрсетіп қалуға әбден малтығып жатқаны.

Мен сондай қажитынмын. Қатты шаршайтынмын. Бұл қажып шаршауым алдебір іскерліктен, болмаса қабылданған,

қабылданып жатқан зандардың көптігінен емес, керісінше солардың мұлдем жоқтығынан болатын. Өйткені занды бүгін қабылдау қажет, ертең оның ешкімге қажеті болмай қалады... Сондай минуттарда қайдаты бір түсіндірмелер тасқындала, мылжың сездер малтықтырган кезде не істерінді білмейсің. Әлдебір таза суға сұнғып кетіп, сол жерден жақсы тың ойлармен, құлантаза көңілмен шыққың-ак келеді.

Барлық салада, барінде де түгелімен, тубегейлі өзгерістер қажет деген айқын сезім мені барған сайын билеп алды. Қалыптастан жағдайдан, тірелген түйіктан шығудың амалын іздеп шарқ үрдым.

Бәрін еңсере отырып қана елді алға жылжытуға, сейтіп өткеннің кесел жарасын жазуға болатынын ұқтым.

Ширығып алып, қайта-қайта бұлқынып, мүмкіндігінше сені ілгерілетуге тиісті адамдардың қасандығы мен оралым-сыздығынан құтылуға да болатын еді. Мұның өзі біршама уақыт қана жалғасқанымен, ұдайы жалғаса беруі мүмкін емес-ті. Адамдарды серпілтіп, турасын айтқанда, бастың миын «желдетіп алуларына» әдтетен тыс төтен шешім керек болды.

Сейтіл, астананы көшіру қажеттігі туралы ойға бірте-бірте бекіне бердім. Осындаі алмағайып уақытта астананың өмірлік маңызды ролі ешкімнің басына кіріп-шықлағаны белгілі. Расында, астананың бұған не қатысы бар, оны көшіру деген не тағы? Сырт қарағанда орынсыз көрінгенімен, барібір жаңа мемлекет құрудың басты мәселелерінің бірі етіп жаңа астана туралы маслені қою керектігіне, сонда ғана реформаларды бастауға және жалғастыруға болатынына барған сайын сенімім бекі түсті. Біз уақыттың келешегіне ғана емес, кеңістіктің тереніне де бойлай қарауға тиіс едік. Маған біздің реформаларымыздың мәні қазақстандық қоғамды іштей қалай жайластыратынымызда ғана емес, өзімізді қоршаған жалпақ алемге біздің қалай икемделетінімізде, қалай бейім-

делетінімізде болып көрінді. Уақытқа есептелген саясат кеңістікке есептелген геосаясатпен толықтырылса ғана табысты болмақ.

Өйткені астана дегеніміз мемлекеттің орталығы ғана емес екен, мен бұған еш күмәнданбадым. Сондай-ақ, астана тек орталық биліктің шоғырлануы да емес. Астана мемлекеттік қайраткерлер мен барлық дәрежедегі шенеуніктердің саттисатсіз қызметіне арналған жақсы дамытылған инфрақұрылым да бола алмайды.

Бұл, ең алдымен, мемлекет дамуының векторларын айқындастын және қоғамды жаһандық үрдістерге сәйкес құрылымдауға мүмкіндік беретін геосаяси түзілім.

Сонымен қатар Астана өзінің өмір сүруі мен мақсатына орай толық үтімділігін және прагматизміне қарамастан, өзінің бойына талай қасиетті, кейде тілпі мистикалық жүктемені де сініреді.

Астананың орналасқан жері мемлекеттің геосаяси салмағының терең-тендігімен үндес болуга туіс. Бұл астананың орналасқан жері замана икеміне қарай құбылып, бір тараптан екінші тарапқа үнемі ауысып тұруы керек дегенді тілпі де білдірмейді. Бірақ ел мен халықтың тағдырындағы ең бір еткелекті кезеңдерде астананың орналасқан жері, оны көшіру сияқты факторлар келешек үшін маңызды болса, онда мұндаидан тартынып та қажеті жоқ, деген сез.

Астана елдің қай түсында және нақ қай өнірінде тұрғандағының шын мәнін түсінбеу немесе дұрыс түсінбеу жіңі кездеседі. «Онда тұрған не бар дейсін? Тіпті Астананың солтустікте ме, алде онтүстікте ме, шығыста ма, алде батыста ма, қайда тұрғанында не айырма бар?» деген пікірлер туындал жатады.

Шындығында, астананың қайда тұрғандығында айырма бар ма? Астананың орналасқан жері мемлекеттің тағдыры үшін, келешегі үшін сондай өмірлік маңызды қызмет атқара ма?


Ескіні қиратып, қоғамдық-саяси қатынастардың, тіпті елдің тіршілігі мен тұрмыс-салтының жаңаша түрпатын құру қажеттігі туралы сөз болған мемлекет тарихының алмағайып сәттерінде астананың орналасқан жеріне айрықша назар аудару қажет.

Осы жерде, менінше, астана атаулы барлық уақытта мемлекет шегінде ондаған және жұздеген жылдар бойы қалыптасқан дәстурлер мен тұрмыс-салтты түйіндейтін ордалы орта болып келгенін де естен шығармау керек. Бұл тұрғыда мемлекет астанасы сол елдің миңғана емес, халықтың барлық топтарының, соның ішінде жекелеген азаматтардың ділін, сондай-ақ олардың мінез-құлыш нормаларына дейін айқындастын орталық жүйке жүйесі. Астана – бұл бүкіл қоғамның ереже-тәртібі мен салт-дәстүрі, мінез-құлыш құрылымдары қалыптасатын жер. Астананы прогресс орталығы ретінде ғана керетін орнықсан пікірді төріске шығара отырып, астана көп ретте прогрестен гөрі қалыпты консерватизм жайлаған орта ретінде бой көрсетіп келгенін және солай бола беретінін атап еткім келеді.

Қоғамның негіздеріне қатер төндіретін кез келген төңкеріс пен кез келген алеуметтік сілкіністер, адепте, провинцияларда, орталықтан шалғай аймақтарда басталады да, олардың табысқа жетуі көбінесе мұны астана қолдай ма, алде жоқ па дегенге байланысты болады.

Астананың негізгі өзіндік қасиеті – міне, осындағы қоғамдық, немесе саяси тартыстарды өзі бастамайтын, керісінше оған соңғы нүктені өзі қоятындығында, дастүрлерді, тұрмыс-тіршілігі мен қоғамның негіздерін өзіне белсенді қабылдаудында және олардан баяу айырылысында жатыр.

Мұнда тұрған таңғаларлық, ештеңе жоқ, ерте ме, кеш пе елдің шемендей проблемалары астанада біршама жұмсарады және астана мәртебесімен жұтылып кетеді. Бір сөзбен айтқанда, мәдениет – астанада, саясат – провинцияда жа-



салады. Бірақ саясаттың бастау-бұлағы астана болатыны сияқты, мәдениеттің мәйегі әрдайым провинция болып қала береді.

Сейтін, елдің тағдыры мен реформалардың тағдыры шешілетін ел үшін қатерлі күндерде қасан да дастурлі мегаполистің астаналық мәртебесін өзгерістер жөліне ашиқ, тым болмағанда, қоғамдық және саяси жаңалықтарға белсенді карсы тұрмайтын провинцияға ауыстыру туралы мәселе жиі қойылады.

Бұл жерде, әрине, провинция өзгерістерге өрелі болғандықтан (солай да болатыны бар) ашиқ, келеді деп алданбау керек.

Шалғай аймақтар көп жағдайда елдің саяси емірінен шет-қақтай жатады, сондықтан да жүргізіліп жатқан реформаларға наұмездеу, өзгеше байыппен қарайды. Мемлекет үшін ең озық, пайдалы деген ойдың өзі теріс қабылданып, өзгерістер уақыты белгісіз бір ұзақ мерзімге шегеріліп кетуі әбден мүмкін, астанадан оның айырмашылығы да осында.

Астананы көшірудің қуатты саяси факторы мен негізі Қызметтің билікті орталықтандыру мен бөлшектеніп кеткен елді жеке біртұтас мемлекетке біркітіру қажеттігі жиі атқарды.

Және барлық уақытта, адамзаттың көз жетер өткен заманының бәрінде осылай болғанын атап айтқан жөн.

Біздің дауірімізге дейінгі 2000 жыл. Ұдайы шапқыншылық пен басқыншылық кезіне дейін өзінің дауірлік құрылыштарын салып үлгерген көне де жұмбак ұлы Мысыр. Ел енді ғана перғауындардың аса күшті билігіне біріккенімен, жағдайы аумалы-тәкпелі. Кез келген уақытта жергілікті номархтарға бағынышты жекелеген аумақтарға қайтадан бөлшектеніп кетуі кәдік. Жаңа ғана таққа отырған Аменемхет перғауын өз Қызығы өзіне жетіп жатқан Мысырдың сол заманғы астанасы мемлекеттің ыдырау қатерін тәндіріп тұрган ағымдарға қарсы тұруға қауқарсыз екенін жақсы түсінді.

Пергауын астананы солтүстіктері Иттауи қаласына кошіруді үйғарды. Ол қала күшті бекініс қана емес, елдің қуатты тірегіне әрі береке-бірлігінің нышанына айналуға тиіс болды.

Оның ойы ақырына дейін іске аспады, бірақ үлгі қалды.

Орталықтандырылған билікті нығайту және елді біріктіру мақсатында ассириялық Синахериб патша астананы қасаң да булікшіл Аишурадан Ниневияға көшіру қажет деп санады. Патшаның мезгілсіз қайтыс болуына қарамастан, жаңа астана ассирия патшалығының бірыңғай әрі орталықтандырылған астанасына айналды.

Ассириялық сына жазуы Синахеребілің сөзімен Ниневия туралы былай дейді: «Мен көне көшелерді қайта салдым, тым тар көшелерді кеңейттім, сейтіл қаланы құннің өзі сияқты жарқыратып қойдым».

Сондықтан астана мемлекеттің ортасында тұруға тиіс деген әнгімені тым біржакты қабылдамау керек. Ол мемлекеттің географиялық орталығынан горі саяси орталығында тұруға тиіс. Бір сөзben айтқанда, мейлінше геосаяси салмағы болуы керек.

Бір кінәмшіл ағайын әшкөрелеу ниетімен Қазақстан картасын олай-булай сыйғышпен өлшеген сияқты. Со-сын Астана, Президент Нұрсұлтан Назарбаев қайта-қайта айтып жүргенідей, тіпті де Қазақстанның географиялық орталығында емес кой деп байбалам салғаны еске түседі.

Енді бір пысық журналист Астананың онтүстік шекарадан қашықтығы Астананың солтүстікке дейінгі қашықтығынан үш еседей артық екендігін есептеп шығарыпты. Осындағы «геометрден»: кешіріңіз, мысалы, эллипстің ортасы қай жерде деп сұрағың келеді. Орталық таяу шекарага қарағанда қарсы беттегі шекарадан шамамен екі-үш есе қашықтапты. «Нагыз эксцентриситет» екені көрініп тұр. Пәлі, оның үстіне орталық екеу екен ғой. Иа, кешіріңіз, бізде дедәл сондай екеу: Солтүстік және Онтүстік астаналар...

Қанша дегенмен геосаясат геометрия емес, ал мемлекеттің географиялық орталығы шеңбердің геометриялық кіндігіне деп келе бермейді.

Қазақстанның геосаяси орталығы – сыйзышпен өлшеп, мөлшерлеу ғана емес, көбінесе, айталық, оқшау ойлар һәм келешек. Мәселе астананы Қазақстанның географиялық орталығына қарай жылжытуда болған жоқ, мәселе астананы көптеген жағдайда Қазақстанның орталығы бола алатын нүктеге орналастыруда еді. Яғни географиялық қана емес, сонымен бір мезгілде геосаяси, қоғамдық, экономикалық, саяси және мәдени байланыстардың, мемлекеттің ішкі және сыртқы қатынастарының салмағын көтере алатын орталық болуында. Нәк осындай «жинақталған» және «ықпалдастырушы» орталық, географиялық орта тұсқа жақын нүкте Астана деп табылып, ол Қазақстанның жаңа елордасына айналды.

Әрине, астананы көшірудің басқа да үздіксіз болып тұратын қаупі бар екенін ескермеуге болмайды. Жалпы алғанда, түкпірдегі бір қаланы бірден астана ете салуға болмайтыны сияқты, қаланы астана мәртебесінен жай ғана айыра салуға тағы болмайды. Сондықтан жаңа және ескі астаналар арасындағы қайшылықтар барлық уақытта қалады. Тіпті бұл шиеленістің қырыры жеңсіз де жайсыз бәсекелестікке ғана емес, басқа да ауыр салдарға алып келуі мүмкін. Мысалы, елдің екіге жарылуына.

Енді болған елорданың тарихи ұмытшақтыққа ұрынуы да жаңа астана үшін елеулі қатер туғызады.

Мемлекеттариҳымен үндестікте ғасырлар бойы жасалған астаналық мәдениеттен өзгешелігі – жаңа астана өзінше бір таза параста іспетті, өткен мен келешек алдындағы жауапкершілікті ойда ұстай отырып, осы параста бетіндегі тарихи қадамдарды мейлінше абылап, жүз ойланып, мың толғанып барып жасау қажет.

Астана барлық уақытта мемлекеттің символы және оның мәдени, қоғамдық һәм әлеуметтік дастүрлерін сақтаушы бо-

лып келеді. Бірақ бәрі – мәдениетте, экономикада, алеуметтің өзі де өзгеретін кез туады. Әрине, бұл өзгерістер астананы көшіруді талап етпейді арі астананы алдеқайда «сенімді» жерге көшіру үшін қогамның саяси құрылымын ауыстыру соншалықты қажет және жеткілікті басты шартқа айналмайды.

Бірақ саясатпен, мәдениетпен және қогаммен бірге мемлекетті қоршап тұрған әлемнің геосаяси көлбеті де өзгеретін кездер болады. Сейтіл, өнірлік геосаяси картаның өзгеруі мемлекеттің өмір сүру және қалыпты даму мүмкіндігі үшін айтарлықтай елеулі шарт – астананы басқа географиялық нүктеге ауыстыру қажеттігін алға қояды.

Дегенмен геосаяси ақиқатқа бейімделу және соған сай болуға тырысу қажеттілігі барлық уақытта бірдей туа бермейді. Тым болмағанда, геосаяси картаның өзгеруі мен астананың орналасқан жерін тым берік байламдаудан қашу қажет. Әйтпесе мұндай маңызды мәселеде мүлдем қысынсыздықтарға ұрынып қалуға болады.

Қайта құру кезеңінде Михаил Горбачев бастамашылық жасаған «кезбе астана» идеясы біршама уақыт саяси ортада тілге тиек болып жүрді.

Сол кезде одактас республикалар өз биліктерін өздері қолға алып, Мәскеуге тым қатты шоғырланып кеткен билікті орталықсыздандыру туралы ой-пікір ахуалы күшейіл келе жатқан. Солай бола тұра, ешкім де КСРО-ның ыдырауын қаламайтын.

Нәтижесінде геосаясаттың бірқатар теоретиктері «кезбе астана» ойын іске асыруды ұсынды. «Кезбелік» идеясын ұстанушылардың ойынша, астана міндеті эстафета қагидаты ретімен Мәскеуден республикалық астаналардың біріне, ол республикадан басқа республикалық астанаға беріліп отыруға тиіс. Және осылайша сейтіп кете береді.

Республикалар өздерінің көніл-кошын қанағаттандырығаннан кейін астана міндетін атқару Мәскеуге қайта оралады. Бір сөзбен айтқанда: «Қасқыр да ток, қой да аман».

Идея бір қарағанда қысынсыз көрінгенімен, мен женсіз деп айтпас едім. Бұл оқиғадагы ең бастысы – жоба авторлары астанаға тән орталықтандыру қасиетін «бүлжымайтын қағида» деңгейіне шығарды. Таза практикалық түрғыдан алғанда, астананың міндеті айтартықтай көп және олардың маңызы мемлекеттік бірлік символы міндеттінен бір де кем емес. Қалай болғандада, «кезбе астана» идеясы елдің бірлігін сақтай алғанымен, қаншама келденең келенсіздіктерге алып келер еді. Сөйтіп, бұл идея КСРО-ның ғұмырын ұзартқаннан гері, қайта оның тарқауының басты төзделушісіне айналар еді.

Мысалы, Коринф одағының бас сұнғыласы Александр Македонский Ойкумена жерінің колға қаратқан бөлігін эллиндендеру сияқты ғаламат жоспарды жүзеге асыра отырып, жаңа империяның астанасын Шығысқа – көне Вавилонға көшіргені белгілі.

Александрың ойынша, будан былай осы шығыс Вавилон батыстық эллин өркениетінің өрісі және орталығы болуы тиіс еді.

Бірақ бұл жерде бір мәселені назардан шығарып алмаган жөн – астананы тек мемлекеттер басшылары ғана құрмайды, астана да ел басшылығын қалыптастырады. Жаңа астананың және жаңадан жаулап алынған жерлердің шығыстық ықпалы Ұлы Александрдың бойында әлем туралы жаңаша, батыс пен шығыс мәдениетін біріктіретін, әлдебір синкретикалық теорияда көрініс тапқан тың түсінік қалыптастырыды. Александрдың нөкерлері бол жүрген македондықтар мен эллиндіктер патша тәңрегіне шығыс сипатының ене бастағанына алғашында наразы болса, Александрдың шығыстық парсы бодандары көне парсы мәдениетінің тым эллиндендеріліп бара жатқанына наразы еді. Бірақ қалай дегендеге де астананы шығысқа көшіру Александрға талай уақыт бойы қол астындағы бодан елге ықпал етіп, оларды өз мұдделері шегінде тенденстіре ұстаяға

мүмкіндік берді. Бір сөзбен айтқанда, Эллададан үнді Гифа-сисіне дейінгі ала-құла әрі байтақ империясын біршама уақыт бойы тұрақты үстап тұруға жағдай туғызды. Сол ежелгі Вавилон тарих толқынында өзінің бірнеше рет атауын өзгерте отырып, астана ретінде бірнеше мың жыл емір сүрді. Сейтіп, ақырында Ирактың астанасы – көне де ғажайып қала Бағдатқа айналды.

Астаналар еміріндегі тағы бір тарихи елеулі оқиға, атап айтқанда, астананың көне Маскеуден жас Санкт-Петербургке көшірілуі. Қөшілік осы оқиғаны I Петр алға қойған стратегиялық міндет – «Еуропаға терезе ашу» шешімінің іске асусы ретінде қабылдайды. Нева өзенінің Балтық теңізіне құяр тұсындағы батпақты ойлат 1711 жылы Ресей империясын еуропаландыру процесі басталуы тиіс нүктеге айналды.

Полтава түбінде швед королі Карлды женгені I Петрге Ресей Еуропаға тек өзінің қаруының артықшылығымен ғана емес, Балтық деп атапттын ежелгі еуропалық теңіздің жағасында орналасқан, өзінің көз жауын алар астанасымен де лайықты деп пайымдауға шабыт берді.


Дегенмен, егер байыппен үңілsec, Ресейді еуропаландыру жай ғана астананы сауатты Еуропаға жақынырақ қошіре қою есебінен ойдағыдай жүзеге асты деуге келмейді. Өйткені Маскеу де еуразиялық алып құрлықтың еуропалық белгінде орналасқан ғой. Ресей сияқты алып империяны еуропаландыруды сол Маскеудің өзін еуропаландырудан да бастап жіберуге болатын еді.

I Петрдің боярлар арасына еуропалық, мәнерді – олардың сақалын жұлып немесе күзеп, дастурлі кафтандар орнына қамзолдар киуге зорлап, ауқатты шонжарлардың балаларын Голландия мен Еуропаның басқа да елдеріне оқуға жіберу арқылы енгізгені туралы сایқыназақ, алып-кашпа әңгімелер талайдың есінде шығар. Бірак, егер шындалп қарасак, боярлық сияқты мықты элиталық топтың қасаң

көңіл ауаны Ресейде күшті болғаны соншалық, олармен күллі Рұсystін дара билеуші де есептеспей тұра алмады. «Еуропалық тұрмыс-салтын» енгізумен байланысты боярлардың жаңа ділге көзге көрінбейтін астыртын қарсылығы соншалық, олармен курес сақал жұлып, оны күзеумен шектелген жок. Сондай-ақ, боярлардың қарсылығына көне салуға Ұлы Петрдің Ресей өмірін батыс европалық, мәнерде қайта құруға деген мықты ұмтылышы жол бермеді. Сөйтіп, астананы мәртебелі тақ, орныққан Мәскеуден өзі алыс, өзін үнемі су басып кете беретін жерге көшіру – Петрдің ескі мен жаңаны өзінше бір ымыраға икемдеуі еді. Ежелден ақсүйек боярлар Мәскеуде қала отырып, өздерінің артықшылықтарын және ғасырлар бойы қалыптасқан тұрмыс-салттарын барынша сақтап қалды. Ресей империясының әкімшілік басқару органдары Санкт-Петербургке көшірілді және ол Ресей халқының «іскер» бөлігі – көпестерден, қолонершілерден, тіпті кей жағдайларда қара халықтан шыққан екілдермен толықтырылды.

Әрине, боярлар мен ақсүйектер сөите тұра мемлекеттік басқару жүйесіндегі жетекшілік орындарынан айырылған жок.

Алайда мемлекетті басқарудың жаңа жағдайы және астананың европалық талап-тарға жақындығы, қалай болғанда, билеуші тапты іс жүзінде европаша ойлауға мәжбүр етті. Оның үстіне, петербургтік ақсүйектер өз шешімдерінде бұдан былай көне Мәскеуге, ондағы ресейлік боярлықтың ғасырлар тереңінен тартқан қуат-күшіне ендігі жерде арқа сүйей алмайтынын білді. Феодалдық қатынастар озбырлығымен әлсіреген Ресей экономикасы жаңа бір лепті талап етті. Ол леп, I Петрдің пікірі бойынша, империяға Еуропада бар нарықтық шаруашылықтың негізін енгізуде жатты. Сондай-ақ, Ресей астанасының, шонжарлардың қасарысқан қарсылығына қарамастан, Санкт-Петербургке ауысуы – Петр айқара ашқан «терезе» арқылы алып империяға лап қойған капиталистік қатынастардың діңгегін бекітті.



Әйтседе, Мәскеудің беделі тіпті осындай жайсыз уақыттың, езінде әрдайым биік, іс жүзінде мұзғымай қалды Беріктіп соншалық, астана Балтық жағалауына көшкенімен, Мәскеу бәрібір елорданың көптеген міндеттін сақтай білді, кейбір үкіметтік институттар Мәскеуде қалды. Ал 1728–1732 жылдарда, тағы да төрт жыл бойы қайтадан Ресей империясының астанасы болды

Бүкіл мемлекеттің дамуы мақсатында астананы көшрудің мұндай мысалдарын астаналар шежіресінен көтеп келтіруге болады

Айталық, өткен ғасырдың елуінші жылдары Бразилия президенті Жуселину Кубичек ди Оливейра астананы халық, аз қоныстанған таулы аймақта қарай ауыстырып, ел атымен «Бразилия» деп аталған жаңа қалаға көшріді

Астананы көшрудің бразилиялық тәжірибесіне, мениңше, айрықша тоқталу қажет

Бразилиялық мысалдан Қазақстан астанасын көшрудің үқастығын көргендіктен емес. Және астананы гулденген Рио-де-Жанейродан елдің түкпіріне көширу өзін ақтаған арі дұрыс шешім болды ма, жоқ па деген түрлі пікірдің барлығынан да емес.

Ең алдымен, Бразилия мысалында астана ауыстырудың барлық дастүрлі себептері көрінеді және тәп-тәуір дамыған қаладан елдің қайдағы бір қашықтағы, өзі артта қалған аймағына көшруден туындаған қателіктер мен проблемалар айқын аңғарылып, көшрумен байланысты жетістіктер мен келешек көкжиектер нақты қөзге түседі

Бір қызығы, Бразилияның елордасын алғашқы астана Сан-Сальвадордан және екінші астана Рио-де-Жанейродан көширу идеясы ел тарихының бүкіл он бойында қыланған беріп отырады. Оның адамдардың ақыл-ойын билеп алғаны соншалық, 1889 жылы Бразилия республика болып жарияланған кезде жаңа мемлекеттің конституциясына астананы көширу туралы арнайы тармақ жазылып кетті.

Бразилияны отарлау кезеңінде елдің жағалаудағы аймақтары ғана игерілді. Атлант мұхитының жағалауында кейін мегаполистерге айналған алғашқы қалалар пайда болды. Алайда мемлекеттің ішкі аудандары, әсіресе Бразилия таулы аймақтарының саванна жазиралары іс жүзінде игерілмей әрі халық қоныстанбай бос қалып жатты.

Бірақ, уақыт зымырап етіп жатса да, елдің Конституациясында жазылған астананы көшіру туралы бап орындалмады. Оған саяси ерік-жігердің және көшіруге деген нақты қажеттіліктің жоқтығы асер етті. Дегенмен Бразилияның одан әрі қоғамдық-саяси және алеуметтік-экономикалық дамуына орай қолданыстағы Конституацияның осы тармағына көбірек назар аударыла бастады.

Жағалау аймағындағы ірі өнеркасіпті қалаларда экономикалық қатынастардың дамуына қарай оларда халық «сүт қатқан кофе» деп атап кеткен жағдай қалыптасты.

Атау – бейнелі, оның үстіне мағыналы: әлемге әйгілі бразилиялық, кофе мен танымалдығы одан сал кемдеу бразилиялық ет пен сүт өнімдерін өндіріп, оны сатудан өздерінің байлығын жинаған жергілікті алпауыттарды бразилиялықтар осылай атады.

Сонымен қатар тұрғыны кеп Рио-де-Жанейро осы кезде ірі қалаларға, әсіресе ауел бастан құрылыш салудың жете ойластырылған жоспарлары мен қосалқы құрылымын үйлесімді дамыту бағдарламалары жоқ қалаларға тән алеуметтік проблемалардың бар қыншылығын көре бастады.

Ақыры, Бразилия үкіметінің тапсырмасымен жаңа астананы орналастыру үшін өткен ғасырдың қырқыншы жылдарының ортасынан бастап елдің бүкіл ұлан-ғайыр аумағы бойынша «жерүйік» іздестіру басталды.

Ұзақ ізденістен сон, түптің түбінде ондай жер табылды да. Сарапшылардың пікірі бойынша, Минас-Жерайс, Гояс және Мату-Гросу атты Бразилияның үш штатының түйіскен түсі

жаңарған мемлекет астанасы болуға тиіс жаңа қаланы салу үшін ең қолайлыш орын деп үйғарылды.

Астананың болашақ құрылым орны теніз деңгейінен 1170 метр шамасындағы биіктікте жатқан шапад деп аталатын бірқатар тау қырқалары еді. Бұл аумаққа шоқ-шоқ тогайлы жалпақ жазира ұласып жатты. Жанында келешек қаланы қажетті сүмен қамтамасыз ететін үлкен су қоймасы болды. Бір сезбен айтқанда, бұл жер осыған дейін адам аяғы баспаған мұлліген қалпында тұр еді.

Сонымен, 1956 жылы Бразилияның жаңа астанасын салу туралы шешім қабылданып, жұмыс бірден қызу қолға алынды.

Төрт жыл өткеннен кейін, 1960 жылы 21 сәуірде астана салтанатты түрде ашылды. Колумбия округіндегі айрықша аймақ Вашингтон сияқты, Бразилия астанасы да Федералдық астаналық округ деп аталатын арнайы аймаққа кірді, бұл мемлекеттегі астананың айрықша мәртебесін және экс-аумақтық сипатын білдіреді.

Айта кету керек, астаналар орналасатын осындай арнайы аумақтарды айрықша мәртебемен бөлектеудің үлкен мәні бар.

Бұл жағдайда астана ең басты әкімшілік орталық ретінде тіптен ерекше, бірегей құрылым болады. Ол бүкіл елге және тұрып жатқан жеріне қарамастан әрбір азаматқа тиесілі. Сондықтан астананың айрықша экс-аумақтық мәртебесін айқындау оның ешқандай аймаққа немесе штатқа жатпайтынын, бүкіл елге қатысы барлығын және барлық үақытта өнірлік деңгейде емес, үлттық деңгейде тұратынын атап көрсетеді.

Расында да, астананы бейтарап аумаққа орналастыруды дәстүрлі құбылым деуге болады. Мұндай аумақтар астананы түрлі әлеуметтік немесе саяситоптардың мұдделері түйісуінен тыскары және жеке-дара алынған өнірдің проблемаларынан аулақ қояды. Айтып кеткенімдей, 1791 жылы құрылған және

1800 жылы АҚШ астанасына айналған Вашингтон қаласы арнайы аймақ – Колумбия федералдық округінде орналасқан, оны қалыптастыруға жапсарлас жатқан қос штат – Вирджиния мен Мэрилендтен жер бөлінген.

Осыған үксас жағдай Австралияда да болды. Австралия одағының астанасы болу құқығына Мельбурн мен Сидней сияқты екі ірі портты қала таласты. Қалалар арасындағы мұдделіктен туындаған қайшылықтарды шиеленістіре бермеу және дау-дамайды одан әрі өршітпеу үшін Австралия үкіметі нағыз даналық шешім қабылдады: 1913 жылы Австралия астаналық аумағы деп аталатын дербес экс-аумақ құрылып, сол араға астана салынды. Ол қала Канберра деген атқа ие болды.

Астананың жаңа орынға көшірілуінің тағы бір себебі – шабуылға ұшырау және басқыншылар тарапынан талауға түсу қаупі.

Мысалы, Қытайда монголдарға қарсы Қызыл орамалдар көтерілісі басшыларының бірі Чжу Юаньчжан 1367 жылы монголшыл Юань аүлетінің астанасы Пекинді басып алғаннан кейін император болып жарияланды да, жаңа Мин аүлетінің билік құруын баставы. Қауіпсіздік мақсатында астана монгол басқыншыларынан алшағырақ жатқан онтүстікегі Нанкин қаласына ауыстырылды. Айта кеткен жән, сол Пекин онтүстік астана, ал Нанкин онтүстік астана болып танылды.

Мұндай мысал Ресейдің жаңа тарихында да бар. 1917 жылғы Қазан қарулы көтерілісі мен кеңес республикасы жарияланғаннан кейін жаңа өкімет пен оның институттары өздерінің ықтимал жаулары тікелей төніп түрган маңайда қала алмады. Азамат соғысы мен әскери басқыншылықтың қыын жағдайында РКФСР астанасы 1918 жылғы 12 наурызда Маскеу қаласына ауыстырылды.

Осылайша тарихтан астананы бір географиялық орыннан екінші жерге көшіруге түрткі болған талай себептер мен

негіздер белгілі. Нәтижесінде әлемдік қоғамдастық тарихы түрлі алмағайып кезендерде және көптеген халықтардың тағдырында астананы көшіру процесін сипаттайтын әрекеттерді молынан біледі.

Мен келтірген астананың көшіру мысалдары – астаналардың «өмірге келуі» мен «өмірден өтуі» жайлы тарихи фактілер мұхитындағы бір тамшы ғана.

Тарих астаналарды көшірудің басқа да көптеген оқиғаларын біледі. «Аспан асты елі» өзінің сан ғасырлық, тілті сан мындаған жылдық тарихы да өз астанасын кемінде алты рет ауыстырды.

Қытай мемлекетінің қазіргі астанасы алғашында елдің Ючжоу деп аталатын ең көне қонысының жүртynда бой кетерді. Пекин талай жүздеген жыл бойы Қытайдың саяси орталығы болып келді әрі өзінің атауын Бейцзин, Цзи, Яньцзин, Чжунду, Даду, Бейлин деп жиі-жиі өзгертіл отырды. 1403 жылы қала қазіргі Пекин атауын алып, 1420 жылы Аспан асты империясының айшықты астанасына айналды.

Астана мәртебесін иемденген ғасырлар ішінде Пекин өзінің тарихи міндетін артықымен атқарып шықты: Қытай мемлекетін топтастыруши тұғырға және бүкіл Шығыс Азияға қытай ықпалын таратушы ордаға айналды. Біршама шетқақпайлыштан кейін, 1912 жылы Пекин қайтадан Қытай республикасының астанасы болды. Алайда Чан Кай Ши Қытай тарихындағы аласапыранды 1928 жылы астананы Нанкинге қайтарды. Тек жиырма жыл еткен соң, 1949 жылы Мао Цзедун чанкайшилдерді құрлықтық Қытайдан қуып, Пекинге астана мәртебесін қайтадан алып берді.

Әлемдік қоғамдастықтағы атақты мегаполиске және аса беделді астаналардың біріне айналған Пекин астананы көшірудің айтарлықтай сәтті мысалы екендігі сөзсіз.

Жапон императоры Мейдзи 1868 жылы Эдо (өзен қақласы) қаласының атын «шығыс астана» дегенді білдіретін

Токио атаяымен взгерпти. Сол тұста Эдо Жапонияның аса ірі қаласы саналатын және тұрғындары миллионнан асатын. Эдо ежелгі Киотодан кейін Жапонияның елордасы атанған. Ал оған дейін әр түрлі уақыт аралығында Нара, Нагаоку және Хэйан қалалары Жапонияға астана болды.

Бұл жерде де Жапония астанасының көшүіне аксүйек сегүн Иэйсу Токугаваның бөлшек-бөлшек елді біріктіре жолындағы біrbеткей қайсарлығы және елді біршама тұракты өмір сүруді қамтамасыз етерлік деңгейде дамытуға деген құлышынысы ықпал етті. Токугава өз есебінен жаңылмалты. Бүгін жапон астанасы адамзаттың технотрондық шарықтай дамуының мысалы және алемдік қоғамдастықтың аса ірі қаржы орталығы болып отыр.

Енді 1800 жылы Құрама Штаттар астанасын Филадельфиядан Вашингтонға көшіруді алайық. Джордж Вашингтон ағылшын королевасынан алған тәуелсіздікті түпкілікті бекіту үшін алі буыны қатпаған америкалық федерацияның саяси орталығын құру қажеттігін жақсы түсінді.

Астананы көшірудің бұл мысалы да даусыз жеңіспен аяқталды, бүгінде Вашингтон езінің экономикалық және саяси ықпалын алемнің барлық құрлығына жүргізіп отырған дүниедегі ең қуатты державаның астанасы.

Испан королі II Филипп астананы Пиреней түбегінің нағыз географиялық кіндігі – Мадридке көшірді. Финляндияның астанасы еткен ғасырдың басында Хельсинкиге, Норвегияның астанасы Ослоға, Үндістанның астанасы Нью-Делиге көшті. 1971 жылы Пакстанның астанасы Карабиден Исламабадқа ауысты. Кот-ди-Вуардың астанасы Абиджаннан Ямусукурага көшірілді.

Түрік армиясының генералы Мұстафа Ататүрік Түрік Республикасының астанасын 1923 жылы Осман империясының ордасы Стамбулдан Анкараға көшірді. Ол қала Антанта күштеріне қарсы ұлт-азаттық қозғалыстың орталығына,

кейін қауырт та серпінді дамыған Туркияның астанасына айналды.

Нигерияның бұрынғы астанасы, алты миллион тұрғыны бар алып Лагос әкімшілік тізгінін не бары 230 мың халқы бар шағын қала Абуджаға тапсырды.

Сейтіл, әлем астаналарының «жұлдызды» картасы бір қарғағанға ғана жылжымайтын сияқты. Бірақ ол картада тарихи келешек тұрғысынан мүқият зер салсақ, жұлдыздар да бір орында тұрмайтынын, олардың да жиі-жиі орын ауыстыратынын байқаймыз...

Сонымен, осы баяндалғандардан жасауға болатын тұжырым, менінше, мейлінше айқын да ашық; астананы көшіру барлық уақытта және барлық, елде бір адамның орынсыз талабының немесе темірдей берік ерік-жігерінің арқасы емес. Астананы ауыстыру барлық кезде дерлік мемлекеттің мұддесінен туындалған отырды. Бірақ көшірудің өзі егер көрегендік есеп пен мықты саяси ерік-жігер сатті тоғысқанда ғана, тек сонда ғана он нәтижелер береді...

АТАУЛАР КЕРҮЕНІ...

Көріп тұрганымыздай, адамзат тарихында мемлекеттер астаналарын көшіру мен қайта атау мысалы жетіл-артылады еken және оның себептері де сан түрлі. Бірақ бір заңдылықты оңай байқауға болады – іс жүзінде әлемде бірде-бір мемлекет, мейлі ол қуаты күшті алып болсын, мейлі орташа болсын, бәрібер астананы көшіру қажеттілігінен қашып құтыла алмапты.

Олардың қатарына езіміздің Қазақстан да жатады...

Мұны рекорд деп санауға бола ма, білмеймін, бірақ бір ғана жиырмасыншы ғасырдың ішінде тұтас бес қала біздің мемлекетіміздің астанасы болып белгіленді. Бұл тарихи факт езінше бір рекорд сияқты. Олай дейін десен, тарихтың сол бір



Л.Н.Гумилев атындағы
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



кезеңінде Қазақстанның тәуелсіз мемлекет еместігін ескеруге мәжбүрсін. Яғни ол кездегі шешімдердің қисының біздің бүгінпі дербес шешімімізге негіз себеп-салдардан алдекайда өзгеше болғаны шындық.

Сейтіп, аз уақыт аралығында астананы көшіру жөнінен Қазақстан Гиннесінде рекордтар кітабына ене ме, жоқ па, оны айту тағы қиын. Бұл біздің міндегіміз емес, астаналарымыздың тарихы жиырмасыншы ғасырмен шектеліп те қалмайды. Өйткені қазақ астаналарын көшіру үрдісі қалай дегенде де XX ғасырда басталған жоқ.

Тарихи материалдарды зерделей отырып, ар түрлі уақытта, Ұлы Дала тағдырының түрлі кезеңінде барша түркі тайпасының бас орда-астаналары нақосы заманғы Қазақстан аумағындағы қалаларда орналасқанын байқамау мүмкін емес. Атап айтқанда, бұл жайт Суяб, Құлан, Тараз, Баласағұн, Сығанақ және Түркістан сияқты көне қалаларға қатысты.

Ең қызығы, олар белгісіздеу қалалық қоныстар емес, Қазақстанның аты шулы ежеллі қалалары Олардың гүлденуінің шарықтау кезеңі орта ғасырларда, тіпті одан да ерте тарихи дәүірлерде жатыр.

Сондай-ак, бұлар Еуразияның азиялық бөлігіне ғана емес, Еуропаға да едауір танымал болған қалалар.

Бұл қалалар ездері арқылы Еуропа мен Азия арасында тауарлар алмасуы жүрген аса маңызды көлік тораптары ретінде Еуропа тарихына күні бүгінге дейін белгілі.

2001 жылы Қазақстанда ресми және достық сапармен болған кезінде Жоғары Шапағатты Рим Папасы Иоанн Павел II-нің сезінен Батыс пен Шығыстың бағзы сауда қатынастары туралы тарихи шындықты бекіткен үзіндіні осы жерде орнымен келтіре кетейін. Ол «Мен бір кездері мәдениет лен сауданың маңызды орталықтары болған Баласағұн, Меркі, Құлан, Тараз, Отырад, Түркістан секілді және басқа қалаларға таңданыспен көз саламын. Оларда Еуропа үшін Аристотельди

ашқан Әбу Насыр әл-Фарабиден бастап... ғылымның, өнер мен тарихтың көрнекті қайраткерлері тұрган», – деді.

Жетісудағы Шу өзенінің алабында орналасқан Сүяб қаласы Түрік қағанатының басты қалаларының бірі және біршама кейіндеу құрылған Батыс Түрік қағанатының астанасы болғаны тарихи шежірелден белгілі.

Түрік қағанаты Ұлы Даланың ең үлкен мемлекеттік бірлестігі болғанын айта кету керек. Қағанаттың ықпалы мен билік өрісі Еуразияның орасан зор қеңістігіне – Дунай жағалауынан Кореяға дейін, Гоби даласынан Байкал көліне дейін жайылды. Туркілер мемлекетінің негізін қалаушы Бұмын болып саналады, ол біздің заманымыздың 551 жылы «туркілер қағаны» деген дареже алды.

Бұмын үрпақтарының арасындағы Қырқыстар нәтижесінде Түрік қағанаты ыдырағаннан кейін, 603 жылы Батыс Түрік қағанаты құрылды, Сүяб қаласы оның астанасы болды.

Біздің заманымыздың 704–756 жылдары Сүяб қаласы Іле өзені бойында тұрган Қунғіт қаласымен қатар Түркеш қағанатының да астанасы болды.

Ол тайпааралық қақтығыстар мен билеушілердің өзара жанжалдары, сондай-ақ Жетісуға қытайлық Таң империясы жасақтарының шапқыншылығы нәтижесінде Батыс Түрік қағанатының орнында дүниеге келген болатын.

Құлан (қазір Луговая темір жол бекеті) және Тараз (кеңес заманында Жамбыл деп аталды) қалалары Қарлук хандығының астаналық ордасы болғаны белгілі.

Жетісүдің ірі сауда-қасіпшілік орталықтарының бірі Баласагұн, Бұхарамен тең дәрежеде біздің заманымыздың 940–1210 жылдары бірқатар түркі тайпаларының мемлекеттік бірлестігі – қуатты Қараханидтер мемлекетінің астанасы болды.

Сығанақ – біздің заманымыздың X ғасырынан 1219 жылға дейін емір сүрген Қылышақ хандығының астанасы.

Ортагасырлық араб жылнамашысы Рузбеканидің жазғанына қарағанда, Сығанақ сол кезде гүлденген және бекінісі мұқты қала екен. Қаланың айналасы егіншілік алқаптармен коршалған, қаланың өзі ауқымды құрылыштардан тұрган. Қаланың солтустік-батысы Сырдарияға қарай құм шағылдарға ұласқан. Рузбекани ол туралы былай деп жазады: «Естуімізге қарағанда, бұл шағылдар біткен жерден Туркістан аяқталып, Өзбекстан басталады».

Ресей империясының елімізді отарлау саясаты белең алып, қазақ жүздерінің Ресейге қосылған түсінда Далалық өлкенің астанасы Орынбор болды. Нақ осы Орынборда Туркістан және Далалық өлкө генерал-губернаторларының кеңесі орналсты.

Бірақ бұған қарап аға сұлтандар өз саясатын жүргізу құқығынан толық айырылды деуге болмайтын еді. Орынбормен қатарласа жүздердің, рулардың астаналары пайда болды, астана қызметін аға сұлтандардың ордалары атқарды.

Қазан төңкерісінен кейін 1917 жылғы 5–13 желтоқсанда Орынборда Екінші Жалпықазақ құрылтайы шақырылды.

Құрылтайға жер-жерден көп адам қатысты. Делегаттар қатарында Бекейханов, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Самарқан облыстарының және Алтай губерниясының екілдері болды.

Оны қазақ зиялыштарының екілдері және қазақ халқының Ә. Бекейханов, А. Байтұрсынов, Е. Омаров, С. Досжанов, М. Дулатов сынды қайраткер үлдары үйимдастырған еді. Құрылтайдың қараған өзекті маселесі Қазақ автономиясын күру болатын.

Ақыры Құрылтайдың бірауызды шешімімен қазақ облыстарының автономиясы дүниеге келді. Қазақстандағы алғашқы баламалы сайлау нәтижесінде, мұны атап ету керек, тәуелсіз Қазақстан Үкіметінің – Жалпықазақ Ұлттық Кеңесінің Терағасы болып Элихан Бекейханов сайланды. «Алаш»

Қазақ автономиясының астанасы болып ресми турде Ертіс жағалауындағы Семей қаласы жарияланып, Семейдің Ертістің сол жағалық бөлігі Алаш қаласы деп қайта аталды.

Бірақ, өкінішке қарай, Қазақ автономиясының ту тіккен қаласы ретінде Семей көп тұра алмады. Ол 1919 жылы «әкітар» мен үлттық қозғалыс Түркістан мен Сібірде талқандалғанға дейін ғана астана мәртебесін иеленді.

Кеңес әкіметі орныққаннан кейін, 1920 жылы Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасының астанасы Орынбор қаласы болды, сөйтіп оның патша заманындағы өкілеттігі қайта қалпына келтірілді.

Айта кету керек, Орынбор автономиялы кеңестік республиканың уақытша астанасы ретінде қарастырылды, түптің түбінде еткендегі генерал-губернаторлық кезеңінің ауыр мұрасынан Орынбордың арылуы қажет еді. Азамат соғысы аяқталған соң, жағдайдың тұрақталуына байланысты АКСР әкімшілік құрылышына байыпты да байсалды қарағанда жайлы да ыңғайлы жерге көшіру жолдарын қарастыра бастады.

Республиканың оңтүстік облыстарында тұрып жатқан қазақ халқының басым бөлігінің Орынбордан қашық болуы – астананы көшірудің қажеттілігін туғызған шарттардың бірі еді.

Қазақстанға астана болуға үміткерлер ретінде Ақтөбе, Семей, Орал, Ақмола, Шымкент, Әулиеата және Ақмешіт қалалары ұсынылды.

Семей, әрине, бірден өтпей қалды. Өйткені бұл қаланың бір кезде Кеңес әкіметінен тауелсіз саясат жүргізуге үмтүлған Алаш автономиялық аймагының астанасы болғаны бар еді. Идеологиялық тұрғыдан Орал да сай келмеді – азамат соғысының сұралып жылдарында Орал ақ қазактардың тірегі және веңіше астанасы іспепті болған. Астана болуға Ташкенттің мүмкіндігі үлкен еді, бірақ, аумақтық-үлттық, бөліс нәтижесінде

Өзбекстанға қарап кетіп, Қазақстанның астанасы ретіндегі ықтимал мәртебесіне кедергі бол қалды.

Ақырында таңдау Ақмешітке (қазіргі Қызылорда) түсті. 1925 жылы бұрынғы Қоқан хандығының шекаралық қамалы болған Ақмешіт Қазақстанның астанасына айналды. 15-19 сәуірде Ақмешітте Қазақстан кенестерінің V съезі өтті. Съезд шешімімен Қыргыз АКСР (Қазақстанның революциядан кейінгі атауы) Қазақ Автономиялы Кенестік Социалистік Республикасы болып қайта аталды.

Сондай-ақ съезд делегаттары Ақмешіттің патшалық атауын кенестік заманға әбден лайықтап Қызылорда деп езгерти.

Сол жылдың ортасында Қызылордаға жас Қазақ республикасының басты ресми мекемелері көшіп келді.

Бірақ, кеп үзамай, Қызылорданың Қазақстанның астанасы болуга тек аты ғана лайық екендігі айқындала бастады.

Басқа барлық өлшемдер бойынша осы түйік, қаладан Қазақ автономиясының кең-байтақ аумағын басқару аса қыын соқты. Бірінші кезекте, бұл көлік тораптарына қатысты еді, оның жоқ болуы салдарынан Қызылорда астана міндеттін тиімді атқара алмады.

1927 жылды Транссібір темір жолы магистралі салынды. Ол Қазақстанның ен ірі елді мекені – Алматы қаласы арқылы өтті. Заманында Ресей патшалығының Жетісу және Туркістан өлкесіндегі негізгі тірері болған бұл қала 1921 жылға дейін Верный атап келген-ди.

Қаланың географиялық жағынан ыңғайлы орналасуы және оны Ұлы Дағындың негізгі көлік жолының басып өтетіндігі басшылыққа алынып, қаланы Қазақ Автономиялы Кенестік Социалистік Республикасының астанасы жасау үйіралды.

Верный деген бодандыққа берілген атау одан әлдекайда бейтарап әрі құлаққа жылды Алматы деген атаумен аудыстырылды. Сөйтіп, 1927 жылғы 3 сәуірде Қазақстан картасында

жаңа және біздің баршамызға етene таныс ат – Алматы пайда болды. Бірақ республика үкіметінің жаңа астанаға біржолата көшүі тек 1929 жылы ғана жуゼгеге асты.

Астананың Қызылордадан көшүіне байланысты бір оқиға еске түседі. Бірде Алматының солтустігінде Ілеңің төменгі жағында салт атпен сейілдеп шығуға бос уақыт таптым.

Шексіз жазықтың ортасында алдебір қираған ескі жүртқа тап болғаным әлі жадымда. Ескі жүртта бір кездері кірпіштен өрілген үйлердің ағаш шатыры, жартылай бұзылған басқадай да құрылыштардың үйінділері кезікті. Осындай опырылған үйлердің біреуінен уақыт табымен өшө бастаған «Қазақстан» деген жазуды көзім шалды. Бұл тосын жайт мені қатты қызықтырды.

Кейін анықтағанымдай, сонау 1929 жылы астананы Қызылордадан көшіру туралы мәселе шешілген кезде астананың жерге жаңадан салуға үйғарым болған екен.

Жаңе осы жаңа қала Алматының солтустігіне қарай 120 шақырым жерде, Іле өзенінің жағасында салынуы тиіс болыпты. Бұл ұсыныс ұсыныс күйінде ғана қалмаған, бастапқы кезде құрылыш жұмыстары азды-көпті басталып кеткен. Вокзал, тұрғын үйлер мен жайлар, қоймалар және басқа да құрылыштар бой көтере бастаған.

Белгісіз себептермен бұл жұмыстар кілт тоқтатылып, оға алған жослар іске аспай қалған. Сейтіп, алде саяси ерік-жігердің жетіспеуінін, алде ой-мақсаттың өзі ауел бастаң тиянақсыздығының ескерткіш-куасіндей құрылыш үйінділері әлі күнге жайрап жатыр. Осылайша, сайып келгенде, астаналық мәртебе Алматыға бұйырған.

Тура жетпіс жылдан кейін, 1997 жылғы 20 қазанды менің Жарлығыммен Ақмола – бұрынғы Целиноград Қазақстан Республикасының астанасына айналды. Сәл кейінірек, 8 қарашада мемлекеттік биліктің негізгі нышандық белгілірінің бәрі – республиканың туы, елтанбасы және президент байрағы жаңа астанаға әкелінді.

Бір қызығы, Целиноградтың біршама уақыт астана болғаны да бар. Бірақ Қазақстанның астанасы емес, Қазақ, Кеңестік Социалистік Республикасының қақ ортасында алдебір автономиялық құрылым өмірге келуі тиіс еді. Өз заманында Никита Сергеевич Хрущев Қазақстан құрамында автономиялы әкімшілік-аумақтық субъект – Тың өлкесін құру туралы шешім қабылдаған болатын.

Осы автономияның астанасы Целиноград болды.

Одан да сорақысы, Хрущев Тың өлкесін РКФСР-дың зандық құзырына беруге үсінис жасағаны бар. Бірақ, Хрущевтің ойы жүзеге аспай, Тың өлкесі Қазақ КСР құрамында қалды және кейін тың игеру науқаны аяқталған соң, күні өткен аумақтық құрылым ретінде жойылды.

Ақыры Целиноград астанаға айналды: Целиноград – Ақмола – Астана болып дайекті түрдө бірнеше рет қайта атала отырып, тәуелсіз де егемен Қазақстанның кіндік қаласына айналды.

Керіп отырғанымыздай, республикамызда өткен ғасырдың басынан бері мемлекеттің салмақ түсетін орталығы маятник тарізді алденеше тербеліп, ауытқыпты. Дегенмен енді Қазақстан астанасын қайта-қайта ауыстыру шежіресіне нүкте қойылды деген үміттемін.

АЛМАТЫ ҚӨКЖИЕГІ...

Бірде белгілі журналист Дмитрий Савицкий Нью-Йорктеге болған кезінде Иосиф Бродскийге «Сіз Парижді сүйесіз бе?» деген сұрақ қойыпты. Бродскийдің «Париждің жолы болмады, мен ауелі Римді көріп қойып едім» деген жауабы екінші көрінсе де, ері нақты, ері тосын.

Біздің елімізге бұрыннан, алденеше рет келіп жүрген шетелдіктер немесе Қазақстанның қос астанасын көрген қазақстанның азаматтар «Сіз Астананы сүйесіз бе?» деген сұраққа Бродский сезімен үндестіріп: «Астананың жолы

болмады, мен ауелі Алматыны көріп қойып едім» деп жауап беруі ықтимал.

Мұндай жауап енді бірнеше жылдан кейін де айтылуы әбден мүмкін. Бірақ кім біліпті, Алматы туралы осындай сұраққа, мүмкін, әйтеуір қундердің күнінде: «Алматының жолы болмады, мен ауелі Астананы көріп қойып едім» деген жауапты есірміз.

Алматы – менің балалық, шағымның қаласы. Ол менің балауса естеліктерім мен балығын асерлерімнің қаласы. Маған көне Алматының әр көшесі мен әр бұрышы таныс болатын. Бүтінгі қалалық акімшілік тұрған жерде бір кездері, менің балалық үғымым бойынша, кең көсліген жүгерілік алқап жайқалып жататын. Сатбаев көшесінен бастап та жайқала толқыған етінжай еді, ал Сарай тұрған жерде бір кезде базар бар-тын. Онша үлкен емес, бірақ керемет батпақты жер болғаны есімде.

Көне көздер базар маңында бойы екі метрлік еңсегей чешен Ақтайды жіңі көретіндерін ұмытлаған шығар-ау. Мен өзім оны осы жерде жіңі ұшырататынмын және оған ауым ашылып қарап қалатын едім.

Осы алып адам баршамызды, асіресе, балалар мен жасес-пірімдерді қатты қайран қалдыратын.

Әрбір алматылықтың өз қаласын алемдегі ең әсем шаһар санайтынына еш кумandanбаймын. Мен Алматыны, оның тамылжыған баулары мен жайнаған парктерін, көкке шашылған Тянь-Шань шыршаларын, «Кектебе шамшырағын» және басқа да талай ғажайыптарын ұнатамын дегенім біреуге жаңалық емес. Мен де Алматыны жер жүзіндегі ең әдемі қала деп білем.

Бірақ, өкінішке қарай, әдемінің бәрі ардайым таңдаулы дегенді білдіре бермейді. Уақыты келгенде немесе уақыт өтеп келе астана мемлекет пен қоғам мұддесінен сай келетін қолайлы жерде орналасқаны жән дегенді сезіну мен

түйсінү пайда болады екен. Эйтсе де, сайқымазақтар мен қылжақбастар менің... Алматыға деген сүйіспеншіліктен астананы Алматыдан ауыстырғанымды тілдеріне тиек етуі ықтимал-ау.

Дегенмен, мұнда біршама ақырат бар деп айтсам, жаңа астананың беделіне нүксан келе қоймас. Біз Алматының астана ретіндегі техникалық тұрғыдағы проблемалары тура-лы айтқан кездерде, оларды қөбінесе Алматының әрқашан өз дарежесінде, ең көркем қала болып қала беруін назарға ұстай отырып, шешеміз...

Тоқсаныншы жылдардың басына қарай, тәуелсіздік Қарсаңында Алматы ауыр демографиялық салмақты өткір сезіне бастады.

Халқының саны жағынан Алматы тұрғындары миллионнан асты, сейтіп бір миллион екі жұз мың адамға жетті. Ал бастапқы бас жоспар бойынша қала не бары 400 мың тұрғынға есептелген екен. Алатау бектеріндегі ауқымы шамамы табиги қазаншұңқырда орналасқан қала үшін бұл орасан зор жүк еді. Алматының оңтүстігінен Алатау, солтүстігінен ауыл шаруашылығы мақсатындағы алқаптар, ал шығысы мен ба-тысынан Талғар мен Қаскелен қысып тұрды.

Нәтижесінде Алматы жер таршылығын сезіне бастады. Оңтүстік астанаға ұдайы ағылып көшіп келіп жатқан жаңа адамдарды жайластыру қаланың жаңа бір кеңістіктерді игеру арқылы емес, халықтың тығыздығын арттыру есебінен жүргізді.

Халықтың тығыздығын арттыру тиісінше қала ішіндегі бос кеңістіктің және бау-бақшалы аймақтардың кемуіне соқтырыды, бұл қаланың онсыз да жайсыз экологиялық ахуалының одан әрі нашарлай түсүіне алып келді. Халық саны есүйнің салдарынан қазаншұңқырдағы қаланың табиги желдетілуінің басендеуі, оның үстіне көлік нөпірінің күрт есуі Алматыны бірте-бірте экологиялық тығырыққа тіреді.

Ең ықтимал болжам бойынша, Алматының тұрақты халқы 2005 жылы 1 миллион 200 мыңдай адам болады. Ал жұмыс істейтін алматылықтар саны 550 мың адам шамасына жетпек. Сейтіп, Алматыға түсетін демографиялық салмақ таяу уақытта да, ұзақ мерзімді келешекте де ескен үстіне есе береді.

Нәтижесінде мигранттар үшін тартымды астана Қазақстанда халқының саны бойынша ғана емес, қаланың экологиялық қоршаған ортасының ластану деңгейі бойынша да алғашқы орынға шықты.

Қала халқы шектен аса шоғырланды, проблемалық аймақтары көбейді, қала табиғат кешенінің өзін-өзі қалпына келіп отыруға әлеуеті жетпей жатқандықтан қаланың инфрақұрылымы нашарлай түсті. Осыдан барып қала әлеуеті тисінше тек өздерінің ішкі маселелерін шешуден артылмады. Алматы мемлекеттің үлкен қаласы ғана емес, астанасы бола тұра бірте-бірте өз-өзімен түйіктала берді. Бұлоның жеке-дара арі Қазақстанның қалған барлық елді мекенінен қол үзе оқшашадамуна әкепіл соқты.

Сейтіп, қала бүкіл ел ауқымында өзінің үйлестіруші және жұмылдыруши орталық геосаяси мәнін жоғалта бастады.

Бұл Алматының, бүкіл мемлекет туралы айтпағанда, іс жүзінде басқа қалалар, тіпті өнірдің таяу қалалары үшін де ешқандай даму серпінін жасай алмауынан көрінді. Оның үлттық ауқымда үдайы алға басуға септігі тимей жатты.

Мұны Астананың геосаяси орталық ретінде басқа қалаларды өзімен іlestіре дамуға жетелеген бүгінгі ахуалымен салыстырыңыз. Астананың екіні мен серпіні бейне еліміздің қан тамырларымен тарап жатқан сияқты, басқа қалалар мен өнірлер де тіршілігін жандандырды және белсенділігін еселеі түсті. Астанаға орналасуы жағынан жақынырақ Қекшетау, Қарағанды, Қостанай, Павлодар сияқты қала тұргындары өз қалаларында еркендеу мен прогрестік астаналық рухы сезілеттінін, анық аңғарылатынын айтады. Елдің басқа барлық

облыс орталықтарында да жағдай осындай. Барша сала, соның ішінде қала инфрақұрылымы дами бастады. Өкінішке қарай, Алматыдан Қазақстан астанасы ретінде мұндай ықпал байқалмаған еді, ол тым візімен-өзі болатын. Ал астана мәртебесі тек оны иеленумен ғана емес, соған лайықты міндетті алып журе білуімен де маңызды. Әрине, объективті елшемдермен алғанда.

Сейтіл, қаланың экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, геосаяси және геофизикалық жағдаяттарының жынытығы, түтеп келгенде, оның аумағының және халқының өсу қабілетін шектеді.

Алматыны өсуге алып келген экономикалық жағдайлар кез келген ірі қаланың жынытық экономикалық ерекшелігімен әбден сәйкеседі. Расында да, халықтың ағылуынан және астананың жаңа тұрғындарының еңбек мүдделерін қанаттандыруға тиіс қала өнеркәсібінің өсуінен қала елеулі дәрежеде байыды. Жүк тасқынының артуы, өнім өндіруге кететін шығындарының кемуі, өндірістік қуаттардың өсуі, салық алымдарының көбеюі – осының бәрі Алматыны республикалық бюджетке аса ірі нәр күшішінде айналдырыды. Бұл орайда, осы таза экономикалық бағыттағы ахуал Алматы дамуының кеңестік те, кеңестік заманнан кейінгі де кезеңдерінде қолайлы қалыптасты.

Алайда осындай жағдайлардан кейін, күткендей-ақ, экономикалық өсудің меймілдеу құбылысы орын алды: қала өзінің даму шегіне барынша тақап келді.

Бірте-бірте қалада өндіріс шығындары өнеркәсіп – келік – халық қарекеті мейлінше астасқан тіршіліктен алынатын кірістер деңгейінен аса бастады. Және шығындар негізінен таза экономикалық емес, маңызы одан артық болмаса, кем түспелйтін экологиялық сипат алды.

Бірақ Алматының проблемасы мен ерекшелігі қалаға шоғырлана түсуге қарсы қолданылған шаралардың оң нағиже

бермегендігінде еді. Халық сейіле қоймады, ейткені, мен алдында айтып кеткенімдей, қала төнірегіне астана тұрғындарын орналастыру үшін жарамды аймақтар Алматыда іс жүзінде жоқ-ты. Өндірісті одан ері үлғайту халықтың қала төнірегіне ойысуына емес, қайта қала аумағында халықтығызының арта тусуіне алып келді. Нәтижесінде Алматыдағы алеуметтік-экологиялық ахуал мейлінше шиеленісіп кетті және ол өзінің шешімін талап етті. Сырттан көшіп келетіндердің баршасы астана болғандықтан да Алматыға ұмтылышатын, бұл жағдай көші-қон мәселесін бақылауды барынша қыындана түсті. Астана мартебесі бұлайша сақталып қала берген жағдайда теріс жағдаяттар тек күшіе түсетіні, ері түтпің-түбінде экологиялық немесе алеуметтік апатқа алып келуі әбден мүмкін еді. Автомобилдер лықа толып кеткендіктен Алматының тынысы қалай тарылғанын, «қауырт сағаттарда» қалай тығынша кептеліп тұратындығын біз бүгін бәріміз керіп журміз. Ал барлық мемлекеттік мекеме, күллі астаналық шенеунік, астананың инфрақұрылымына ілесетін барлық үйімдар Алматыда қала бергенде не болатын еді? Шынын айтқанда, елестету қыын...

Алматының қалалық инфрақұрылымына және қоршаған ортасына терең жаракат салған проблемалар жалпы алғанда осындай еді. Қордаланып қалған мәселелер шешуді, тезірек шешуді қажет етті.

Әрине, астананы Ақмолаға көшірудің басқа өзіндік мақсаттары болды және ол Алматының маселелерін шешудің жолы ғана болған жок.

Дей тұрғанмен, астананы көшіру көп ретте жинақталып қалған проблемаларды сейілтуге және онтүстік астананың қалыптасқан ахуалын айтарлықтай сауықтыруға жағдай жасады.

Бұқара халықтың Қазақстанның солтүстік аудандарына, жаңа астанаға қарай ойысуы нәтижесінде елдің аса ірі екі қаласының демографиялық, сондай-ақ, өзге де проблемалары елеулі азайды.

Осы ретте тұрғындарының біразының көшіп кетуі Алматыға пайдалы болды. Ал тұрғындары еселене түскен Есілдегі жана астанада табиғи өсім оның дамуына қызмет етуде.

Астанада халықтың өсімі негізінен солтүстік ауылдық аудандар мен сол Алматы халқының көшіп келуі есебінен жүріп жатыр. Қаптаған құрылым және астаналық инфрақұрылымның қалыптасуы қала қызметтері мен үйымдарының касіби майталман және касіби жарамды кадрларға өскелен сұранысын туғызуда. Астана бүгінгі күні қалаға ағылу мен халқының молаю қарқыны жағынан Қазақстандағы ең шапшаң өсіп келе жатқан қала болып отыр.

Көлік тораптары бойындағы қалалар – Балқаш, Шу, Қарағанды және басқа да елді мекендер көз алдымызды жаңданып сала берді. Қазіргі кезде урбанизация үрдісі Қарағанды, Кекшетау, Талдықорған, Петропавл, Семей, Өскемен сияқты облыс және аудан орталықтарында да жүріп жатыр.

Бүгінгі күні, ақырында, адамдар әлдебір елді мекеннің астаналық, облыстық немесе өңірлік мәртебесінің жай сез немесе әсемпаздыққа берілу еместігін түсіне бастиады.

Бұл, расында да, болжаганымыздай және іс жүзінде со-лай болып шыққаныңдай, қалалар мен облыстардың даму қарқынына қуатты серпін берді.

Кешу сез болған алғашқы кездерде және көшу біткен-нен кейін де талайлардың астананы ауыстыру тоқырауға ұшыраған қалалар мен өнірлерді кетеруге мүмкіндік береді деген ойды сан-саққа жүгіртіп, кекесінге айналдырғаны да есте. Олай болса, республиканың барлық қаласын осылайша кетеріп шыққанша астананы бір қаладан бір қалага кезек-кезек көшіріп отырайық десті олар.

Асыра сілтеумен және әсіре қызылшылдықлен айналы-судың қажеті жоқ. Мемлекет – кіші шахматтақтасы, ал астана – король.

Ең бастысы, оны шахмат тақтасында пайда болатын барлық ахуалды бақылай және ықпал ете алатындей етіп ыңғайлы орналастыру екенін түсіну қажет. Біз Қазақстан астанасының мейлінше оңтайлы орналасқан жері Астананың қазіргі орны екенділін түсіне де, пайымдай да алдық. Бул жағдай Астанаға республиканың барлық өнірінің алеуметтік-экономикалық дамуы мен өркендеу қарқынына біркелкі, тиімді ықпал етуіне мүмкіндік береді.

Біз тоқсаныншы жылдардың басында Қазақстан қоғамының объективті себептермен, айталық, кадімгідей науқас, әлжуаз күндерінің куасі болдық. Астаналық құрылым және қалаға шоғырлану қарқыны мемлекеттегі қоғамдық қатынастар жүйесіне, мемлекеттің психологиясы мен денсаулығына жеткілікті дәрежеде тиімді және он әсер ете алмады. Сондықтан біз алдымызға экономика мен мемлекетті сауықтыру міндетін қойып, мемлекеттегі астананың орны және қалаға шоғырланудың жөні туралы ескі де үйреншікті үтymдарды түбірімен өзгертуден бастауға тиіс болдық.

Мәселе бұл репте Алматы енді өзі тап болған объективті себептер салдарынан Қазақстанның астанасы бола алмайды деген тұрғыдан қойылып отырған жок.

Мәселе алдеқайда кең ауқымда қарапды: елдің тек өмір сүруі ғана емес, демократиялық қоғам және мейлінше жоғары дәрежеде өңірлік һам әлемдік деңгейлерде ықпалдастық үлттық нарық құру жолында елдің одан әрі дамуына қолайлы жағдай жасау үшін Қазақстанның геосаяси тұжырымдамасында нени қайта қарасты қажет?

Осы ауқымды мәселені бөлшектеп талдайық: Алматы Қазақстан прогресі мен дамуының лайықты орталығы бола ала ма, ол өзінің ықпалымен, серпінімен еліміздің барлық өнірін қамти ала ма?

Бұл тұрғыда, егер азырақ ойлансақ, онда астананы көшіру мәселесінде: Алматы енді елорда бола алмайтындықтан астана көшірілді ме, алде астананы қалайда көшіруге итер-

мелеген басқа негізі болды ма деген, алдан шығатын қос сұраққа жауап іздейміз.

Бұған бірыңғай және кесімді жауап беруге болады деп ойлаймын: астананы Алматы елорда мәртебесіне қойылатын жаңа талаптарды көтере алмағандықтан және сай келмегендіктен көшірдік, ал нақ солтүстікке көшірілген себебі, тағы да сол – Қазақстан астанасының жаңаша өлшемдеріне сайкес жаңа елорданы орналастырудың мейлінше қолайлы орталық түсі солтүстік жаққа тұра келді.

Мемлекетіміз бен оны қоршаған сыртқы төңіректің тұрақтылығы кезеңінде Алматының саяси, қоғамдық және әлеуметтік ресурстары оның астана міндептің ойдағыдай орындаі беруі үшін толық жеткен болар еді және әлі де жете беретін.

Бірақ, КСРО ыдырап, халықаралық қатынастар жүйесі түбегейлі өзгергеннен кейін ТМД елдері аумағында тәуелсіздік пен егемендік қалыптасуының алғашқы жылдарында бұрын бүйірги бүгіп жатқан, бірақ ТМД-ның жекелеген мемлекеттері үшін келе-келе маңызы өте артқан жаңа геосаяси фактор ойынға қосылды.

Тауелсіздік алғаннан кейін ТМД елдерінде көбінесе іріткі салушы процестердің қоздыруышысы ретінде геосаяси фактор араласқандықтан, онда орын алған саяси, алеуметтік, экономикалық және қоғамдық дағдарыс өршіп кетті.

Кеңес заманында халықтарды күштеп көшіру, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының қалыптасуы кезеңінде шекараларды емін-еркін белгілей салу, алып мемлекеттің бірыңғай экономикалық кешенін ұлттық шаруашылық дәстүрлер ерекшеліктерін назарға алмай үйімдастыра салу, мұндайда халықтардың мәдениеті, дастүрі мен тұрмыс-салтын мұлдем ескермеу және басқа да көптеген себептер – осының, барі жаңа егемен елдердің өзара қарым-қатынасын ғана емес, олардың игілігін де айқындастырын геосаяси факторлардың жойын күшіне айналды.

Егер Алматы астана міндеттерін, айталық, техникалық тұрғыдан орындаған алмаған болса, бұл қыныңшылықтың жартысы ғана болып қалатындығын нық сеніммен айтар едім. Түтеп келгенде, алемнің талай астанасы алеуметтік, экономикалық, экологиялық, және басқа көптеген проблемаларға ұдайы белшесінен батып жататыны рас.

Маселе тек мұнда ғана емес еді. Бірінші кезекте Алматы тауелсіздік пен егемендіктің алғашқы және ең алмағайып кезінде ескермеске болмайтын, басым факторға айналған геосаяси жүкті көтере алмады. Мұны нақты тұжырымдасақ, онда мейлінше қарапайым былай деуге болады: тәуелсіздік пен экономика негіздерін қалаудың етпелі кезеңінде Алматы жаңаша басқара алмады, ал өнірлердің ескішे өмір сурғыс келмеді.

Уақыт қымбат еді, ал Алматы өз «жан дүниесінде» ал Қазақ, Кеңестік Социалистік Республикасының астанасы екендігін сақтай отырып, өзін егемен және тәуелсіз Қазақстан Республикасының елордасы ретінде сезіне алмады.

Елге Алатаудың әсем бектерінен ойлана қарап тұрған ұлықта маңғаз қала емес, тынысты кеңітер саф ауа тарізді арі серпінді, баршага жақын және ұғынықты, Сарыарқа самалына омырауын айқара ашқан, Улы Дағаны дүбірлеткен саяси, қоғамдық және алеуметтік сілкіністерді қаймықлай қабылдап, оларға жедел амал таба алатын астана керек болды.

Бірақ Алматы саяси және геосаяси себептер бойынша ғана емес, таза техникалық тұрғыдан да Қазақстанның астанасы болып қала алмайтын еді. Мұны да назарга алған жөн және оны есептен шығарып тастай алмайсыз.

Бұл орайда, астананы көшірудің жергілікті (техникалық) және жаһандық (геосаяси) себептері бір жерде, бір сәтте түйісе кетті деп айтуға болады...

Және де Алматы астана болуын додарғанымен, будан ол Қазақстанның ең ірі арі көркіті қаласы болуын тоқтатқан

жоқ. Оны «астана» мәртебесінде үнатпауға болар, бірақ «шашар» ретінде жақсы көрмеу тіптен мүмкін емес...

Алматының астана мәртебесінен айыру туралы шешім – іс жүзінде қаланың инфрақұрылымың экологиялық, алеуметтік және геофизикалық деп те айтуға болатын, сауықтыруға бағытталған шешім болды.

Алматы тым болмағанда өзін-өзі сақтау үшін астана мәртебесінен бас тартуға тиіс еді. Солай жасады да. Мүмкін қимаған шығар, бірақ, дегенмен, осы шешімнің дұрыстығын сезіне отырып, бұл үйғарымға бірте-бірте көндікті.

Бірақ, будан Алматы енді әрі қарай дамымайды деген үғым тумаса керек. Ендігі даму, былайынша айтқанда, сандық емес, сапалық сипат алады. Тұрғындар санының көптігі немесе халықтың жан басына шаққанда автокөлік мөлшерінен алдыңғы орынды иемденуі Алматы тұрғындарының мақтанияшына себеп бола қояр ма екен.

Бірақ егер Алматы, айталық, Орталық Азияның аса ірі қаржы орталығына, ТМД-ның ең сұлу қаласына немесе Қазақстанның экологиялық ең таза қаласына айналса, онда өз қалаң Алматы үшін мақтануға әлдекәйда негіз көп деп ойлаймын...

Бұл тұрғыдан мен Алматы үшін аландамаймын. Өйткені Алматының өз дербестігін көрсетуге алеуеті жететініне және тіршілігі қайнаған қала екендігіне кәміл сенімдімін. Мен мұндан қала үшін астана мәртебесінің мәні соншалықты маңызды еместігіне де сенімдімін, Алматы одан алсремейді де, құлдырамайды да. Керек десеніз, қала бірте-бірте дамуын қарыштай үдетіп, осы заманғы алпауыт мегаполиске айналып барады.

Қазақстанның қайта өрлеуінің жүйелі әрі жұмылдырушы факторы ретіндегі Астанаға келсек, ол өзінің тарихи міндеттін орындағы – өзінің серлінді тірлік-тынысымен, жаңашылдығымен Қазақстанның барлық аймақтарын про-

гресс пен дамуға бастады. Жаңа астананың жұмылдыруышы қуаты Қазақстанның барлық өнірлерінің мүлгіген әлеуетін оятып, Астанага жақын қалаларды ғана емес, айтарлықтай алыс жатқандарын да қамтыған үдемелі даму толқынын таратып, он ықпалын тигізуде.

Бүгінгі Қазақстан – еткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басындағы республика емес, сол кездерде біз туралы алдынан аумақтық ыдырау, этностық «тазарту», әлеуметтік-экономикалық тоқырау және көшесінде азаматтары атысып-шабысып жататын елге айналу тосып түр деп дос та, қас та сауегейлік жасап еді-ау.

Болжамдар да түрлі-түрлі, тіпті ең шындыққа жуықтарының езі әрқиыл бола береді гой – біреулері жүзеге асып, енді біреулері сол қиял күйінде қалып жатады. Ал әлгі сауегейлік әдре қалды.

Бүгінгі Қазақстан – әлеуметтік-экономикалық даму мен қоғамды қоғамдық-саяси қайта құру жолындағы нық сенімнен айнымай жүріп келе жатқан, тұрактылық, пен ынтымақты бірліктің туын тіккен мемлекет.

Даму қарқыны бойынша Қазақстан нарықтық экономиканы Қазақстанмен бірге бастаған ТМД-ның көптеген елдерінен алда түр, кей тұста көш ілгері келеді. Және бұл жерде мәселе Қазақстан жерінің мол қоры мен байлығында ғана емес. Түтеп келгенде, Қазақстанға қарағанда байырак, геосаяси жағдайы алдекайда тиімдірек жерлер жетіп жатыр.

Бар мәселе – Қазақстан халқының өзінің, откени, қазіргісі және болашагы алдындағы орасан зор жауапкершілігін сезінуінде. «Май шелпек» аспаннан жауа қалса дейді, бірақ ол мәңгі үміт қана. Мен қазақстанның тарға ешқашан да жылдам көре қоятын иғлікті және мәселелердің жедел шешімін уаде еткен емеспін. Егер Қазақстан халқы кезінде тарихи жағдайды тусінбегендеге, откеннің жүгін және Қазақстанның әлеуеттік мүмкіндіктерін бағаламаганда, онда біздің бүгінгі жетістіктерімізге жете қоюымыз екіталай еді...

Үйреншікті тұрмысқа үмтىлыш және өзгерістер қажеттілігін түсіну жолындағы азаматтық, ынтымақ, әлемдік қогамдастықтың ежелгі және осы заманғы тарихында жиі кездесе бермейді. Озыққа үмтىлыш пен қайта қалыптастан үрдістің, қатар өмір сүру «асадарынды» халықтарға ғана тән, мен кеп үлтты Қазақстанның барша халқын сондай жүрт деп санаймын. Қазақтарда, орыстарда, немістерде, кәрістерде және Қазақстанның басқа да үлттары мен ұлыстарының бойында бар жақсы қасиеттің бәрі Қазақстан халқын топтастыруды, сейтіп олар осы бір баріміз үшін күрделі кезенде өздерін парасат биілгінен көрсете білді. Міне, нәтижелердің өзі-ақ, осыны айтып тұр.

АСТАНА АЖАРЫ

Бір кезде әйгілі табигат зерттеушісі Клод Бернар жанды тіршіліктің өмір сүруі туралы осы заманғы түсініктердің негізін құраған тубегейлі үғым енгізді. Бұл үғымды Бернар «гомеостазис» деп атады.

Гомеостазистің не екенін түсіну үшін тірі ағзага орнатылған және сол тірі ағзаның жеткілікті сау-саламат деп атауға болатындей деңгейде оның бүкіл өмірлік қызметін үстап тұра алатын әлдебір аппаратты ойша елестету қажет.

Күнделікті өмірде тірі ағзаның осындай керемет қасиеті бар екенін біз байқай бермейміз. Тіпті бұл туралы ойланбаймыз да. Расында да, айталық, егер ағза үшін жүректің қалыпты ырғағы минутына 60–70 рет соғуы болса, біз, адепте, жүрек жұмысының осы өлшемін білумен ғана шектелеміз. Өйткені жүректі үдайы соқтырып тұрған біз емес қой, ол өзінше соға береді және біздің ол туралы ойлайтын-ойламайтынызға қарамайды. Біз қалыпты тыныс алуды да бақылай алмаймыз, өкпе өз бетінше тыныстай береді. Біз ауаны жүтып, дем шығарған сайын бұл процесс туралы ойланып жатпаймыз.

Гомеостазистің ең ғажабы – ол барлық өмірлік маңызды органдарымыздың санамыз бер еркімізден тауелсіз, айталық, адам жүргөті қысылғанын, тұншыққанын және сол сияқтыларды сезінбеуі үшін жұмыс істеуге тиіс режимде өз қызметін атқара береді.

Яғни біздің барлық органымыз қалай болса, солай емес, табигат берген әлдебір жұмбақ нұсқаулықтарға бұлжымас сәйкестіклен жұмыс жасайды. Ең бастысы, бұл процесстер адамның парасаты мен еркінің іс жүзінде ешқандай қатысуының жүріп жатады.

Бірақ, егер кенет гомеостазисте елеулі ауытқулар пайда болса, адамның да күйі кетеді. Мұндай өзінде жайсыз сезіну, ауырсыну немесе дел-сал сәттер бізді өз ағзамызды еске алуға мәжбүр етеді, ол осындай қарапайым, бірақ жанға батыра бізге өз гомеостазисімізде барі де ойдағыдан еместігін ескертеуді.

Өз басым қалалар да адамдар сияқты күрделі «тірі» ағза екендігіне еш күмәнданбаймын. Кез келген күрделі «тірі» ағзадағы сияқты, қаланың да гомеостазис тәрізді оның бүкіл қызметін қалыпты күйде ұстап отыратын сондай бір тетігі бар.

Егер қала гомеостазисі бірқалыпты болса, онда мұндай қаланың түрғындары, адette, ездерінің барлық қажеттіліктерін қанағаттандыру шаруасы қалай жүріп жатқанын сезбейді. Қалалықтар, мысалы, патерге ауыз судың қалай келіптурғанын немесе қала көшелерінде қоқыстың қалай жиналатынын андамайды, бұның барі солай болуға тиісті қабылданады. Адамдар қажеттілік басқа түскенде ғана бұларға мән береді. Ал оның артында қала гомеостазисінің қалыпты жұмысын қамтамасыз ететін барлық қызметтің қыруар енбеп түр.

Сондықтан, мениң ойымша, қаланың мінсіз мәрі, префекті немесе акімі – өз қам-қарекетінен қала түрғындары бейхабар және оған жолығуды күнделікті өмірде қажет етегі қоймайтын мемлекеттік қызметші.

Өйткені қала гомеостазисі бірқалыпты болса, қала тұрғындарының да тіршілігі бірқалыпты болады.

Есілдің құтты жағалауынан Қазақстанның жаңа астанасын құрып, оның құрылышын ойдағыдай жүргізіп отырып, біз, ең алдымен, астананың – тіпті жете ойластырылса да құрылыштардың жай ғана жиынтығы бола алмайтындығын есте үстадық. Астана, әрине, қала тұрғыны үшін тіршілік етудің онтайлы ортасы. Бас жоспар бойынша бірқатар үйлер салып шығумен бірге, оларға лайықты тіршілік тынысын жасау да қажет еді. Астаналық тұрғындар ол үйлерде жақсы тұрып, өркениетті түрде жұмыс істеп, жайдары тыныға алатындей жағдай жасау міндепті қойылды.

Тұрмыс жайлышының сезіну қала тұрғындары тіршілігінің ең басты ерекшелігі екендігі белгілі.

Осы заманғы қалалардың, астаналар мен қала құрылышының философиясы негізінде тіршілік сапасының философиясы жататындығы да сондықтан. Нәк осы философия Есіл жағасында қанатын жайған жаңа астана үшін негұрлым онтайлы қағида ретінде назарға алынды.

Мен пікірталастан аулақтып, бірақ мынаны айта аламын – біз қарастырып отырған тіршілік саласы философиясының негізіне әрі қарапайым, әрі принципті екі қағида алынған. Бірінші – қаланың немесе астананың бірегей әрі қайталаңбас ажарын қалыптастыру. Екінші – қаланың осы бірегейлігі қала орамдарының және қаланың барлық азаматтарының мейлінше жайлышыты сезінуіне ықпал етуге тиіс.

Қала құрылыштарының бірегейлігіне келсек, бұл біздің ең әлсіз тұсымыз. Сәулетшінің сөздігінен «Эстетика» үғымы іс жүзінде шығып қалған кенестік «ұраншып» кезенде біздің бұрынғы кенес заманындағы қалаларымыз, соның ішінде Целиноградта, бір өңкей «хрущевтік» үйлердің жиынтығына айналды. Олар, әрине, қалалардың бірегей келбетін жасауға да, тұрғындардың жалпы жайлы өмір сүруіне де жағдай жасай алмады.

Біз бұғін саулет тұжырымдамаларын және саулет нысандарын өз қалауымызша таңдай аламыз. Маселе нені таңдап алғанымызда емес. Ең бастысы, өзіміз жасаған сол таңдау қалаларымызда қапай көрінуге тиіс және азаматтарымыз үшін қандай жағдай барынша қолайлы болады деген өзіміздің қазақстандық қажеттілігіміз берілгендерде мейлінше сай келуінде. Бұғін біздің жана елордамыз Астана құрылымында саулет саласындағы алуан түрлі кезқарастарды бойына жинақтады. Бірақ, елорда саулет нысандарының арқасындаған емес, онда тұратын Қазақстан азаматтарының өзінің туған жерін жайнатуға, осы жерден бейбітшілік, келісім мен иғлік жазирасын жасауға ұмтылған алеуетінің арқасында астанаға айналды.

Бұғіндегі Астананың өзінен ғана тән қайталанбас келбеті бар, ол бай мадениетіміздің, барлық халықтар мен ұлттардың достық, ниетті дарқан мінездерінің үйлесуінен түзілген ғажайып рухани аура қалыптастырған.

Сонымен, бұғынға Астанамыз қандай қала?

Астана – Қазақстан Республикасының әкімшілік орталығы және 517 300 адам тұрғыны (2004 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша) әрі елорда тұрғындары мен қонақтарына жайлы тұрмысты қамтамасыз ететін қауырт даму үстіндегі қалалық инфрақұрылымы бар үлкен шаһар.

Тамашатұрғын үйкешендері, еңсептік әкімшілік ғимараттары, гулзарлары мен фонтандары, асем монументтері мен саулет ескерткіштері бар бұғынға Астана көз алдымында күн сайын өзінің керемет сымбатымен құлпырып барады. Саулеттік пішінінің асемдігі мен сан-салтанаты жағынан көп ұзамай әлемнің көптеген астанасынан кем түспейтін болады. Нысандарының нақышы мен қала тұрмысының орнықан манері жағынан Астана таяу уақытта толықанды елорда әрі дамыған инфрақұрылымы бар қала ретінде лайықты орын алады деп үміттенемін.

Астана – бейне қауыз жарып келе жатқан көп гүлді, мол жапырақты есімдік тарізді, байтақ Сарыарқа төсіндегі жекедара жап-жасыл жазира.

Есілдің Астана тұсындағы шегенделген жағалауының әдемі пішіні жаңа елорда бейне бір өзен арнасының кең айдынында жүзіп келе жатқандай әсерге болейді. Есілдің он жағалауынан қарсы бетке қарасаңыз, Қазақстанның болашақ астанасының зәулім ғимараттар бой көтерген ескелен құрылышын көресіз. Мадениет пен руханият мекемелері қайталанбас ою-өрнектермен айшақталған. Кез алдымызға суретшінің күн сайын тынымысız салған, кешке қарай алдебір штрихтар қосып, әрлей түскен картинасы келеді. Қараған жан болашақ Астананың сәулөт ажарында үдайы жаңа өрнек пайды болып, әрдайым жаңарып отыратының байқайды.

Немесе көне Есіл жағасында келешекке үмтүлған Қазақстанның жаңа әкімшілік орталығының алуан бейнесіне алдебір он, рен беретін взгеше тың, бояулардың қосылғанын байқайды.

Міне, жапырағын жайып тас шынардай жарқырап Бәйтепек тұр. Ол Күн нұрымен шағылысып, төңірегіне жарық сауле шашқан алып шарды – өмір мен мейірім символын әлемге паши етіп тұр.

«Транспорт-Тауэр» алып дінінің төбесі біз тұмсықталып бітеді де, өзінің осы тұлғасымен ғаламның шексіз кеңістігіне үмтүлған зымыран кешенін еске салады. Ғарыш кемесімен ұқастық осынау бір қоңырқай түсті зәулім ғимараттың дәңгеленген сүйір тұлғасынан анық байқалады.

«ҚазМұнайГаз» жаңа ғимаратының асқақ ғимараты Сарыарқа төсінде келешекте әлі салынуы ықтимал алып пирамиданың кесіндісі іспетті.

Президент Ақордасының төбесінде ұлттық жалауымыз желбіреген киіз үй сипатты зор күмбез баршаны әрдайым бейбітшілік сүйгіштік пен дастүрлі ауызбіршіліктен айнымауға

шақырып, қызбалықтың, түсінбестіктің дауылдарынан, өшпендейтік сұрапылдарынан сақтандырып тұр.

Ақорда тұрган көкорай төбешіктің қос бүйіріндегі жебе тәрізді зәулім әкімшілік гимараттарды жолаушының жолына жарық түсіріп, Сарыарқаның әкімшілік жүргегіне төте жолды көрсетіп тұрган шамышырақ деуге келеді. Айнала жаппай тамырын теренге жіберіп, өркенін молынан жайған әдемі де еңселі құрылыстар: кеңселер, коттедждер, тұрғын үй кешендері жамырай бой көтеруде. Олар бейне кезбе қаңбақ тәрізді, ақырыталай замандық қуаңшылықтан кейін вздерінің өмірге құштарлығын барлық құш-қуатымен паш етуге мүмкіндік берген бұран бел Есілдің құтты қойнауынан жайлы орын тапқандай.

Өзен үстіндегі қос өткелді кең көпір он жағалау мен сол жағалаудың арасын жалғап, біртұтас кеңістік ансамблін құрып тұр.

Егер он жағалаудан көпір арқылы өтсөніз, онда екі беттегі нысандар мен ауқымдардың әркелкілігі назарынызды аударар еді. Он жағалауда сары түсті «Астана-Тауэр» биік гимараты көпірге төніп тұр.

Ал сол жағалауда – осы заманғы асіремодерн үлгісіндегі ықшам саулет нысандары орын тепкен, мұнтаздай жолдар тартылған көкпенбек жатаған саябак. Олар Сол жағалаудың беташары іспетті. Олар сізге Есілдің сол жағасы саябақтары мен гүлзарларының түр мен түсі келістірілген, гимараттары руханият, мадениет, адам ақыл-ойы жемісінің көз тартар нақыш зерлерімен өрнектелген, биік ғимараттары мен күмбезді құрылыстары саулет түзілімі өзара тамаша жарастырыла әрі астастырыла салынған, салынып жатқан Астананың бір болігі екендігін ескертеді.

Екінші жағынан, қос қанатты барыс қазақ халқының өткен қаһармандық жолын, барша қазақстандықтың кемел келешекке үмтүлісін поэтикалық тұрғыда бейнелеп тұр. Оның

айбынды тұлғасы жарқын істер мен бақытты өмірге лайық, күшті арі дамыған мемлекетті білдіреді.

Есілдің оң жағына кез салсаңыз, бейне бір өзеннің кең айдынына иілген сәмбі талдар секілді тұргын үйлер кешенін – осы заманғы ғимараттар тізбегін көреміз.

Олар өрнекті плиткалардан қаланған және оюлы металл қоршаулармен қомкерілген жағалауда бейне қамал қабырғасындай самсап тұр. Сейтіп, бір-біріне иін тіресе мінгеспей, женіл де үйлесімді мәнерде іс жүзінде біртұтас ансамбль құрайды.

«Арман» тұргын үй кешенінің айбынды алып күмбезі Астананың жағалаудағы тұргын үйлер аймағының жалпы елордаға тән ауезін аңғартып, үйлесімді өң береді.

Республика даңғылы – келік бір тынбай ағылып жататын астананың күре тамыры іспепті басты қатынас жолы.

Провинциялық қаланың бұрынғы Тыңгерлер даңғылы еп-сotte елордаға тән барлық белгісімен астананың осы заманғы орталық, көшесіне айналып шыға келді.

Астана әкімшілік орталығының қазіргі бас алаңы – әкімшілік және іскерлік шаһарының асем сәулет келбетінен әр беріп тұрған тұтас бір мұсіндік бейнеге үқсайды.

Су ағып тұрған үш деңгейдегі ыдыс және алаңның тәжі – суретке түсушілердің қалаулы жері ғана емес, жастардың кездесер орны да.

Бұрынғы Орталық дүкеннің жаңартылған ғимараты, Үкімет ғимаратының мығым да салмақты тұлғасы, Парламенттің шынысы жарқыраған биік қабаттары, қайта жәндеуден өткен «Есіл» қонақ үйінің өрнекті жиектері, осы заманға лайықталған әкімшілік ғимараттар мен ескі үлгідегі құрылыштар, Конгресс-холлдың асимметриялық пішіні – осының бәрі орталық аланды бүкіл периметрі бойынша күргейлей қоршаған және мұсіндік символдарды, сәулет қиялышының байып пен үйлесім астаскан мансаралардың көрінісінде.

Қаржы министрлігі ғимаратының самалмен тербелген жалауға ұқсаған аскак келбеті астаналықтарға өз қаласының уақытпен үндесе қадам басып келе жатқанын, бүгінде оған сәулөт өнерінің ең озық тәжірибелері мен ең тосын шешімдерін еркін ойланып, еркін қабылдау тән екенін ескерткендей.

Жастар алаңының асем сәулөт ансамблі, Лев Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің бірқатар жаңа корпустары, Ел Анасы монументі, толқында тербеліп тұрғандай осы заманғы спорт кешені, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің зәулім ғимараты, сол секілді фонтан жүйелері орнатылған бірқатар жаңа сәулөт ғимараттары – осының бәрі астананың келбетіне жана рен береді және ақын-жазушылардың талайының шығармашылық, шабытының бастау-қайнарына айналары даусыз.

Ұлы ақындар Абай мен Пушкиннің, Кенесарының және басқа да талай қайраткердің мәрмар мен қола бейнелері Арқа төсіндең Астананың санін көлтірген інжу-маржан, көне Есілдің тік құлама жағалауына әр берген гауһар моншақтар іспепті.

Қайда көз салсаңыз да, бұрынғы әрен ілбіген қала тіршілігінің күйбенінен артылмаған жерлердің бәрінде қайнаған өмір, қозғалыс, қам-қарекет, шаттық, жетістіктер және қазіргі астанаға деген мақтаныш сезіледі. Тың өлкесінің астанасы деген шартты атығана болмаса, қадімгі провинциялық қаланың сіңісті де мұлгіген тұрмыс-салтынан бірдене қалды ма екен.

Астананы тікүшақлен айнала ұшып шолып шығуға да болады. Бірақ оның ішкі сұлулығын сезіну, мәнін түсіну, мұнда бас көтеріп келе жатқан құдірет-күшті аңгару, басталған нарсенің біткен пішінін қиялынмен көз алдыңа әкелу, сейтіп астананың болашағына үңілу – мұның бәрін егер Астанаға адад ниет, ақ, қоңілмен және жүректегі сеніммен келіп, өмір сурсенізға бастан кешесіз.

Қазақ КСР-інің және тауелсіз Қазақстанның басшы қызметтеріндегі тәжірибем көрсеткеніндей, қала проблемалары

үкімет қызметінде көп уақытты алады. Кей жағдайларда маңызы жөнінен жалпы мемлекеттік мәселелерден кем түспейді. Бұл, әрине, салынып жатқан және үздіксіз даму үстіндегі Астананың ұдайы шыға беретін проблемаларына ғана қатысты емес. Тіпті ондаған жылдар бойы Қазақстанның астанасы болған Алматының өзінде проблемалар ауқымы жетіп-артылатын. Ол проблемалар бүкіл кеңестік және кеңестік заманнан кейінгі қоғам түйіндерінің, жергілікті мәселеден мемлекеттік және жалпы үлттық мәселеге үласуының мысалы сияқты еді.

Астаналық әкімдермен кеңес өткізгенде мен муниципалдық билік үшін басым сипат санатында түруға тиіс негізгі желіні ылғи алға тартып отырамын.

Құрылых, даму және прогресс – мұның барі жақсы әрі қажет. Бірақ Қазақстанның жаңа астанасы басшылығының инфрақұрылымды жан-жақты дамыту бағдарламасында тұжырымдалған негізгі мақсаты, мениңше, үш өмірлік маңызды бастаманы нақты және дайектіліклен іске асыруында болып табылады және мен мұны қайталаудан жалықтаймын. Бұл принциптер мейлінше қарапайым әрі айқын: қала аумағында касіпкерлікте экономикалық қолдау, қала тұрғындарын алеуметтік жағынан қолдауды қамтамасыз ету, емір сүрге қолайлы экологиялық орта қалыптастыру. Қаланың өз ішін көгалдандыру мен Астана төңірегіне орман отырғызу айрықша бақылауда тұр. Үш жаңа парк пен ондаған жаңа баулар осылай пайда болды. Астананың айналасына 25 мың гектар орман отырғызылды. Қала төңірегіндегі осы орман алқабын 50 мың гектарға дейін жеткізу көзделіп отыр.

Нақосы факторлар қаланың мүліктік алеуетін дамытуды, яғни Астананың елорда ретінде де, қала ретінде де өсіу үшін сыртқы әрі ішкі инвестицияларды тарту жолындағы қолайлы ахуалды қамтамасыз ететініне сенімім кәміл.

- Бұл орайда талай шаруа атқарылғанын батыл айта аламын. Түпкілікті есебін шығаруға әлі ерте, бірақ аралық, нәтижелер, шукір, кадімгідей көңіл көншітеді.

Қалай дегенде, қабылданған шаралардың арқасында біз Астананың Есіл жағасындағы қала ретінде де, Қазақстан Республикасының астанасы ретінде де бүгінгі күні едауір сүйіншті макроэкономикалық көрсеткіштерге қол жеткізгенін айта аламыз.

Инвестициялар ағыны құрылыш пен қала шаруашылығын қорландырудың басқа салаларына ғана емес, адамдар непірінің сипатына қарай әрдайым бейімдеп отыруды қажет ететін көлік коммуникацияларына да қатысты. Айтальық, біз Астанада Есіл үстінен 22 көпір салуды жоспарлап отырмыз десек, бұған сән қуғандық, немесе басы артық сәулет құрылышы деп қарамаған жен.

Әкімшілік, коммерциялық, және сервистік сипаттағы неғізгі жұмыс орындарының басым көпшілігі Сол жағалауға орналасқанда, кәсіби адам ресурстары негізінен бұрынғыша Есілдің оң жағалауында тұрып қала беретінін болжau қыын емес.

Сондықтан адамдардың оң жағалаудан сол жағалауға және кері қарай легі екі жағалауды қосатын көлік арналарының тиісті еткізу қабілетімен сәйкес келуге тиіс. Астана ішіндегі жағалаушы және жүк айналымы елеулі түрде артатыны да сезіз екенін үмітпайық.

Бір сезбен айтқанда, кез келген қаладағы сияқты, Астанада да қала халқының тығыздығы, әдетте, қала алаңының бір бірлігіне шаққандағы жұмыс орнының тығыздығымен сай келмейді. Ірі қалаларда және астаналарда әрдайым қаланы бұл тұрғыда: әкімшілік-іскерлік орталық және бүйірі тіршілік аудандары деп аталатын екі аумакқа белу кездеседі. Осы орайда, дәл сәйтіп Астананы әкімшілік Сол жағалауға және «бүйірі» Оң жағалауға белуге абден болар еді... Эрине, бұл алі жүзеге аса қоймаған жоба ғана.

Әлемдік тәжірибе көрсеткеніндей, қалалар мен астаналардың әкімшілік-іскерлік орталықтарында жұмыс орындарын орналастыру тығыздығы мен тұрғындар тығыздығының арасындағы қатынас 10:1 шамасына жетуі мүмкін, мысалы, бұл қатынас Токиода – 8,4:1.

Сол себепті қолікті және өзге де коммуникацияларды жетілдіру әдetteтте орталықтан шет аймақта қарай және кері бағытта түзіледі. Бұл атап көрсетілген сәйкесіздікті әжептәуір түзеуге мүмкіндік береді.

Егер Астанадағы осындай қатынас туралы айтсақ, онда бұл айтартылған жоғары деп ойлаймын. Өйткені қаланың орталығында халықтың тығыздығы жұмыс орындарын болу тығыздығынан алдеқайда кем. Астананың әкімшілік белгінде, мысалы, Әкімшілікте, Мәжілісте, министрліктерде жұмыс істейтін шенеуніктер мен қызметшілердің басым көпшілігі қаланың шеткегі аймағында, мысалы, Қызылордан салу кезінде қызыл кірпіштің пайдаланылуына байланысты «қызыл ауыл» атанип кеткен ықшамауданда тұрады.

Бұл жұмыс күшінің тығыздығы мен қаланың орталық аудандары халқының тығыздығы арасында анық сәйкесіздікті туыннатады. Бұған жұмыс күнінің аяғы мен демалыс, мереке күндерінде іс жүзінде қаңырап бос қалатын іскер Уолл-Стрит мысал бола алады.

Астананың іскерлік белсенділігінің көрсеткіші, әдetteтте, іскерлік орталықтарының болуына байланысты. Қасіпкерлік белсенділіктің ірі ордасы ретінде Астана, әрине, мұндай орталықтарсыз тіршілік ете алмайды. Бұл орталықтарда қаланың және республиканың бизнес элитасы шоғырланар еді. Олар Астанада, Қазақстанда өз істерін өрбітуге бел бұған астаналық, шетелдік бизнесмендердің қаржылық және қасіпкерлік белсенділікті ерістетуіне арналған өзіндік бизнес алаңына айналар еді. Сондықтан Қазақстанның жаңа елордасында осындай іскерлік орталықтарын құру аса қыптарлық шаруа.

Мұның өнегесі де бар. 2004 жылғы маусымда мен Маскеудің мәрі Юрий Лужковпен бірге Маскеу іскерлік орталығы құрылышының алғашқы іргетасын қалау расіміне қатыстым. Лужков оны «Қазақстан астанасының ең тамаша жерлерінің бірі» деп бағалады.

Жалпы алаңы 70 мың шаршы метр осы 22 қабатты іскерлік орталықтың құрылышын 2006 жылы аяқтау жосларланып отыр. Астанада елордадағы іскерлік белсенділікті үйлестіруші және қолдаушы қызметін атқарып отырған бірқатар бизнес орталықтарының бар екенін де ескермеуге болмайды. Мысалы, «Самал» шағын ауданындағы «Астана-Тауэр» бизнес орталығы. Астанадағы, соның ішінде бизнес орталықтарындағы бүтінгі күні қызу іскерлік белсенділіктің арқасында тауар айналымының өскелен серліні байқалуда.

Қалалық, қазына кірісінің көзі тек өнеркәсіп орындары, әкімшілік немесе корпоративтік кәсіпорындары ғана емес, сонымен бірге едәүір дәрежеде шағын және орта бизнес субъектілері де болып табылады.

Астананың қалалық және астаналық инфрақұрылымын дамытуда шағын және орта бизнес субъектілерінің алар орны маңызды және айта аларлық зор. Қала шаруашылығы жүйесіндегі шағын және орта кәсіпкерлік құрылымдар негізінен белгілі бір қуыспен – халықта қызмет көрсету саласымен айналысады. Қала инфрақұрылымының бүл буны әлеуметтік-түрмистік, сервис, техникалық, қызметтер, жарнама және имидж, бөлшек сауда, сактандыру, риэлторлық, қызметтер, азаматтық, қатынастардың қаржы аясы сияқты және т.б. салалардағы жекеше бастамаларды қамтиды.

Астананың елордалық инфрақұрылымын одан әрі үйлесімді дамыту мақсатында қаланың сол жағалауын тез де ауқымды қарқынмен игеру қажет деп айтқанда, Қазақстан Үкіметі алға міндет қана қояды. Сол ғана. Ал бүл міндетті негізінен жеке инвесторлар мен кәсіпкерлік құрылымдар орындауға тиіс.

Міне, сондықтан да қаланы дамытудың негізгі мақсаты ретінде Сол жағалауды игеру бағдарламасын жариялай отырып, біз бірқатар ынталандыруши және жеңілдікті шаралар қарастырдық, бұл өзіміз көтерген бастамаларды атқарушылардың ойдағыдан аяқтап шығуна мүмкіндік береді. Оған Астананың сол жағалауында Арнайы экономикалық аймақ қуру жөніндегі мемлекеттік бастама жатады. Ол қаланың осы келешегі зор ауданын ішкі және сыртқы инвесторлар мен бизнесшілердің игеруіне қуатты қозғау салды.

Мұндай шаралар қалаішлік белсенділікті ғана едауір ынталандырып қоймайды, сондай-ақ сыртқы экономикалық қызмет көлемін де айтарлықтай арттырады. Қала өседі, қызмет көрсету сапасы жақсарады, қала халқының өнім сапасына қоятын талабы артады. Осының бәрі, сайып келгенде, жаңа астананың шетелдік сауда әріптестерімен тауар айналымын үлғайтуына ықпал етіп, ынталандыра түседі.

Мемлекеттің «бас менеджері» қызметін ала отырып, Астана қызмет түрлерінің тұтас кешенін өз мойнына жүктейді. Бұлар бүкіл мемлекет экономикасы құрылымының шағын көрінісін бейнелей алады.

«Менеджментке» келсек, онда, әдетте, еліміздің түрлі өнірлерінде жұмыс жасап жатқан ірі компаниялар мен халықаралық корпорациялар астана мәртебесі және сонымен байланысты мүмкіндіктер көп ретте тікелей «жұмыс бабына жақын» болғандағыдан әлдекайда көп пайда әкелетінін түсініп, өздерінің орталық оғистері мен өкілдіктерін елордада ашуға тырысады.

Оның үстінен, негізгі мақсаты бизнес немесе оны қолдау және үйимдық жағынан қамтамасыз ету болып келетін ірі халықаралық қоғамдық немесе экономикалық құрылымдарды, консультациялық, биржалық сақтандыруши құрылымдарды астана өзінегі тарта түседі. Сөйтіп, астана іс жүзінде мемлекеттің

Біздің бастапқы ойымызша Есіл жағасында жағылған астананың жалынды оты барлық өнірлік шырақтарды тұтатып, байтақ, Отанымыздың шартарыбын жарқыратуға тиісті еді. Солай болып шықты да. Қазір астананы ресми көшіргеннен бергі сегіз жылға толар-толмас мезгілден және көшіру тура-лы ой түғаннан кейінгі он екі жылдан соң, біз өз есебімізде қателеспеппіз деп сеніммен айта аламыз.

Басқа қалалардың тәжірибелерін зерделей отырып, мен ірі қалалар мен астана экономикасының құрылымын өзгерту іргелес жатқан қалалардың да, таяу орналасқан қалалардың да экономикасының құрылымына түбекейлі ықпал ететінін байқадым. Біздің мысалымызда да дәл солай болып шықты.

Астананың тікелей ықпалының нәтижесінде басқа облыс орталықтарында, бір жағынан, Астананың қажетін қанағаттандыруға арналған салалар пайда болып, дами бастаса, екінші жағынан, бұдан қаланың өз қажеттіліктеріне де қозғау салғанын байқау қыын емес.

Қауыртдаму үстіндегі Астанадан тараған өрлеу толқыны, айталақ, өнерқасіпті Қарағандыда жаңа өндірістер ашуға және ескілерін жандандыруға ынталандырды. Қекшетауда демалыс пен туристік бизнес саласы дамытылуда. Іс жузінде Қекше өнірінің дамуына Астананың жақсы өркендеген демалыс және туризм саласына деген сұранысы тікелей ықпал етті.

Осындай дүбірлі даму астананы Орталық Қазақстанға көшіру кезінде ескерілген көптеген фактордың бірі ғана болатын. Өйткені республиканың орталық, және солтүстік аудандары өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарындағы дағдарыстан кейін әлі де еңсесін көтере алмай келе жатқан-ды.

Осы жерде айтайын дегенім – мұндай мәселелерді шешуде барлық уақытта өз мүмкіндіктерінді басшылыққа алып отыру керек. Құлаш-құлаш жоспарларды көпіртіп жасап,

ойдағы нәрсені орындалған ақиқаттай көре беруге болар. Бірақ астананы көшіру басқа өнірлердегі экономиканы жандандырудың пәрменді де тиімді тәсілі болатын жағдай туындаған кезде, онда мұндай дайын ережені ескерген жән болады. Әрине, бұл фактор көшірудің негізгі себебі бола қойған жоқ. Алайда астананы ауыстыру сияқты күрделі істі жүзеге асыру міндеттін алдымызға қойған екенбіз, онда біз бұл іске барынша жауапты келуіміз керек, әрі мүмкіндігінше талай мәселенің шешімін бүгіннің де, келешектің де қамын ойлай отырып кебірек қамтуға тиіспіз.

Егер астананы көшіру үлттық ауқымдағы міндет десек, қала мен елорданы өркендету өнірлік міндет қана болып қалмайды, ол да үлттық ауқымдағы асқаралы міндеттің алдыңғы шебінде тұрады.

Сондықтан мен Астананың дамуы – Қазақстанның дамуы деген қарапайым да ұғынықты өркендеу формуласын ұсындым.

Астана – Алматы, Астана – Кекшетау автомобиль жолдары, «Тальго» испан компаниясының «Астана – Алматы» журдек пойызы, барлық облыс орталығына автомобиль жолдары, осының бәрі еліміздің жаңа астанасының арқасында жасалды және жасалуда.

Мұндай қарапайым да айқын зандағы, тоталитарлық экономикадан нарықтық экономиканың негіздеріне дейінгі даму жолынан етіп жатқан етпелі кезеңдердегі барлық елдер үшін аділлітті әрі дәл көледі деп ойлаймын.

Сондықтан мемлекеттің ірі қалалары мен астанасын дамыту кезінде бұл бағыттағы жұмыстарды үйлестіруге бағытталған акімшілік саясат процесінде осыған байланысты мақсаттардан туындастын міндеттердің толық кешенін әрқашан басшылыққа алып отырған онды.

Сондай міндеттердің бірі астана мен өнірлік қалалар арасындағы тығыз әрі ықпалдасқан өзара қарым-қатынасты

дамыту қажеттігіне келіп тіреледі. Муниципалдық органдар арасындағы қатынастармен байланысты мұндай ақлараттық-коммуникациялық, бірлік астананың қажеттілігін егжеттегжейлі айқындауга және сонымен бір мезгілде өнірлік қаланың мүмкіндіктерін дәл айқындауга да септігін тиғізуге тиіс. Әрбір провинциялық, қала, қайда орналасқанына қарамастан, өз дамуын онтайландыру мақсатында тек республиканың экономикасынан ғана емес, астананың да экономикасынан өзіне тиесілі еркін бос орынды іздеуі керек.

Сонымен қатар астана өз дамуын жоспарлау кезінде кем дегенде таяу орналасқан қалалардың астана экономикасына кіргіе алу жайы мен мүмкіндіктерінің сипаты мен келешегін ескеруге тиіс. Кері, яғни өзара тиімді байланыс мүмкіндігі бар мұндай алеуметтік-экономикалық қатынастар астананы ғана дамытып қоймай, тиісінше аймақтарды да дамытады. Мысалы, айталық, демалыс аймағына қатты мұқтаж қала ретінде Астанаға өз Бурабайын жасаудың қажеті жоқ. Астанаға елорда тұрғындары мен қонақтары үшін ғажайып демалыс және туризм аймағын жасау үшін жол торабының және машинамен екі сағатта ғана жетіп баруға болатын Бурабай қорықтық аймағына қатысты сервистік құрылымдардың маселесін шешсе, сол жетіп жатыр.

Астана мен өнірлік қалалардың өзара қарым-қатынасын жетілдірудің мұндай тетірі экономикалық сипаттағы өзара қарым-қатынастарда ғана қолданылмайды. Ол адамның мәдени, қоғамдық, техникалық және басқа қызыметтінің аясына да тан.

Астананы көшірудің қазақстандық үлгісі жайын қозғаган еkenбіз, онда алдын ала айта кетсем, астананы ауыстыруда ең маңызды факторға айнала жаздаған бір мәселені сез етсем деймін. Бірқатар мән-жайларға байланысты Алматы Қазақстанның бұрынғы астанасы ретінде өз дамуының

серпінін жоғалтты немесе жоғалта бастады. Мұны бұдан әрі талдап, негіздел берейін. Қала аумағын біркелкі игерудің мүмкін болмауы және соган қабаттаса Алматының проблемаларының, терендей тусуі оның астана мартебесіндегі экономикасының, дамуын тұралау жағдайына алып келді. Натижесінде астанамыз езі өрістемегендіктен, жapsарлас қалалар мен таяу қалалар үшін де, тұтасымен алғанда куллі республика үшін де дамуға дем беруін тоқтатты.

Бұл айдан анық, тұжырым – қалалардың экономикасы өзімен-өзі бола алмайды, ол бүкіл мемлекеттің экономикасымен тығыз байланысқан. Елорда жағдайында бұл заңдылық астана инфракұрылымының өзін-өзі дамыту мүмкіндігінің болмауы онірлердің есу қарқынының баяулауынан бірден керінеді. Таза практикалық тұрғыдан алғанда, бұл бас қаланың алеуметтік-экономикалық өзгерістер саласындағы мемлекеттік саясаттың жүргізуінің және «менеджері» болатындығынан емес, астананың мемлекет экономикасының келбетін айқындайтындығынан керінеді. Нақ сол ғана нұсқаулық немесе қасіпкерлік тәртіппен мемлекеттік өнімнің барлық түрлері бойынша: ол өнер туындысы болса да, ең соңғы шыққан аспап болса да, сұраныс пен ұсынысты қалыптастырады.

Бұл үрдіс қалалық деңгейде ғана емес, мемлекеттік деңгейде де жүріп жатады. Елорданың ерекшелігі де тапосында. Ол бүкіл мемлекеттің тұтастай алғандағы даму қарқыны мен сипатын айқындайды. Мысалы, Астанада қабылданған елдің индустріалдық-инновациялық даму бағдарламасы сұраныс пен ұсыныс нарығын қала аумағында ғана емес, бүкіл республика бойынша қалыптастыруға жол ашты.

Астананы көшіру сияқты тосын шешім бүкіл Қазақстанды қауырт экономикалық даму жағдайына түсіруге елеулі дарежеде ықпал еткеніне каміл сенімдімін.

Бұл шекіз, таусылмас сапардың – Қазақстан Республикасының үздіксіз прогресс пен тұрақты даму жолының бастаудеген сез...

Соның ішінде бұл жол асқар шынды Алатаудың бектерінен ерке Есілдің қамыс кемкерген жағалауына көшкен және бүгінгі күні бүкіл байтақ Қазақстанның өркендеуіне соны сипат пен серпін беріп отырған астананың дамуы арқылы өтіп жатыр...

Қала өсіп келеді. Ол қайталанбас өзіндік ырғатымен өмір суруде. Жаңа астананың жылнамасы жалғаса береді. Ұлттымыздың Жаңа ғасырдағы жарқын тарихының шежіресі де дәл осы жерде жазылып жатыр...







АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕГІНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ



АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕГІНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ





АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ



АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ





АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ



АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ






АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕГІНДЕ АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕГІНДЕ АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕГІНДЕ



АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕГІНДЕ АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕГІНДЕ АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕГІНДЕ





АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ



АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ





АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПИНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПИНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПИНДЕ



АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПИНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПИНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПИНДЕ








Ақмола








Целиноград





Тарихтың өзі алдында
бас иетін улылар біздің ішімізде
сомашалықты көп емес,
бірақ әр адам оны сал де болса өзгерте
алатындағы еңбектенуге қабілетті...
Адамзат тарихы орлік пен сенімнің
қисапсыз үлгілері негізінде жасалады.

Роберт Кеннеди



ЕЖЕЛГІ КОНЫС, ЕСКІ ЖҮРТ...

Талай адам тылсым құбылысқа сенуге біршама бейім және санамыздың алдебір түкпірінен «көреметке іңкарлік» деп атауға болатын бір сезім жиң қыланғ береді. Көне кезең туралы хабардарлығымыз біздің, бүгінгіні білуімізben салыстырғанда болмашы ғана. Сондықтан да бағзы заман біздің ұғымымызда көбінесе ертегідегідей ғажайып немесе жұмбак, кейінде елестейді. Табиғаттылсымына терең бойлай бермен ата-бабаларымызда өздерін толғантқан маселелер мен арман-мұндарын қоқтегі құдірет иелеріне немесе киелі күштерге сеніп тапсырған. Сейтіп, бүгінгі куні ақиқатқа айналып отырған қиял іспепті сенім мен таным бізге сонау ерте заманғы бабаларымыздың өсіеті арқылы тарихи мұра ретінде жетті.

Тіпті көне дәуірдің өзінде-ақ алдебір жердің немесе өнірдің ала бөтен ерекшелігі, алдеқандай қасиеті болатындығы айрықша аталып келген. Римдіктер бұл ұғымды «genius loci» деп атаған, аударма мағынасы «киелі жер» дегенді білдіреді.

Сол жердің немесе сол аумақтың қасиетіне орай оның желеп-жебеп тұрар иесі бар деген наным болған. Міне, «киелі жеріміз» осы.

Алайда кез келген жердің тек өзіне ғана тән киесі бола бермейтінін нық, сеніммен айта алар едім. Тіршілігіне айрықша мән-мағына беретін өзіндік орта мен адам әрдайым

бірден сезіне қоймайтын ерекше қасиет ар аумақтан табыла бермейді.

Аумақтың киелілігі ау бастағы жаратылысынан деп кесіп айтуға болмайды, ол ғасырлар, тіпті мындаған жылдар бойы қалыптасады. Осы жерде жүздеген жылдар бойы болған оқиғаның барі текке кетпейді. Соның барі, сөйтіп, оның айрықша қасиеті түзіліне табиғи түрде септігін тигізеді.

Көне дәуірден бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан тарихын зерделеген сайын біздің бүкіл Ұлы Даламыздың өзіндік айрықша құдірет-болмысы бар екенине көз жеткізе түсемін. Ал оның орталық аудандарының, соның ішінде осы күнгі Ақмола облысы аумағының бірегей қасиеті – оның өзіне ғана тән киелі келбеті бар.

Археологтар Есіл бойын адамдар ашель-мустьер заманында-ақ қоныстанғанын дәлелдеп отыр. Есілдің жоғарғы жағынан табылған қызықты олжа – тас қарулар нақ осы кезеңге жатады. Егер осынау жадігерлерге қарап бағаласақ, Есіл бойының бағзы замандағы мекендеушілері аңшылықпен, балық аулаумен және тағамдық өсімдіктер жинаумен шұғылданғаны аңғарылады. Ал жаңа тас дәуірінде (неолит) осы күнгі Ақмола облысының аумағында малшылық пен егіншілік еркендей бастаған.

Кейінгі кезең – қола дәуірінде біздің заманымызға дейінгі II мынжылдықтың ортасынан бастап б. з. д. I мынжылдықтың басы кезеңінде Орталық Қазақстанда «Андронов» мадениеті өркендейді. Табылған айтақтар Ақмола даласын жайлаған тайпалардың шаруашылық жүргізуідегі негізінен көшпелі тәсілі осы уақытта біздің заманымызға дейінгі II мынжылдықтың аяғынан I мынжылдықтың бас кезінде түпкілікті орныққанын айқын көрсетіп берді.

Қалай болғанда да, үй жануарларының сүйектері, жүн өндеуге арналған еңбек құралдары, сүйектен жасалған түрлі бүйімдер сияқты археологиялық олжалар «Андронов» мадениетінің нақ осы кезеңіне жатады.

Бұдан басқа, ерте темір дауірінде, біздің заманымызға дейінгі VIII–V ғасырларда Орталық Қазақстанды мекендерген сақ тайпалары да егіншілікпен белсенді шұғылданған. Қазба жұмыстары кезінде бұған көптеген айғақтар: қола кетпендер, орактар, пышақтар және басқа да ауыл шаруашылығы өндірісінің құралдары табылды. Олар бір жақтан әкелінген емес, осы жерде жасалған және пайдаланылған құралдар.

Алайда біздің заманымызға дейінгі II мыңжылдықтан бастап Ұлы Дала аумағындағы ауа райында барған сағын құрғакшылық белен алған бастады. Мұндай жағдайда егіншілікпен шұғылдану қының ғана емес, тіпті мүмкін болмауға айналды. Натижесінде ежелгі Орталық Қазақстан аумағында сақ тайпаларының шаруашылық жүргізу degi негізгі тәсілі ретінде жайылымдық, мал шаруашылығы қауырт өркендер, кен тарады.

VI–VII ғасырларда қазіргі Ақмола облысының аумағында бірінің орнын бірі баса негізінен қарлук, қыпшақ, қимақ, сияқты түркі тайпаларынан құралған Түрік және Батыс Түрік қағанаттары құрылды. Аттарына салт мініп, садақлен, қайзы қылышпен және қат-қабаттерімен қанталған ағаш қалқанмен қаруланған олар даланың дүлей құйыны іспетті Ұлы Даланы және отырықшы көршілерді жайпап өтті.

XI ғасырға қарай Еділден Ертіске дейін созылған Қазақстанның кен-байтақ аумағында қыпшақ, қаңлы, қимақ және басқа да көптеген тайпаны біріктіріп, топтасқан әрі бұрынғыдан алдеқайда қуатты ұйымдастықан бірлестік пайда болды.

Мемлекеттікің барлық белгісі, соның ішінде астана-ры және бұрыннан отырықшы қоныстар – қалалары мен қорғандары бар орасан зор әрі қуатты Қыпшақ хандығы құрылды.

Археологтардың көне қалалар жұртынан тапқан жадігерлері нақ осы кезеңге жатады. Бұл олжалар Қыпшақ

хандығының тұсында дала өнірінде қалалар мен тұрақты қоныстар болғандығын дәлелдейді.

1820 жылы Ресейдің императорлық «Сибирский вестник» журналында орыс кен инженері Иван Шангиннің күнделігі жарияланды. Осы күнделік беттерінде Шангин Бас штабтың тапсырмасы бойынша 1816 жылы Есіл мен Нұра арнасын зерттей жүріп, Бозоқ көлінің жағасында көне қаланың орнын тапқанын баяндаған.

Осы деректерге сүйене отырып, мен Астана төңірегінің толық археологиялық картасын жасауға бастама көтердім. Тарихқа көз жеткізіл, Есіл жағалауында алдебір қалалар болды ма дегенді анықтау қажет еді. Дегенмен, жорамал мен болжам бір басқа, Вольфганг Гете айтқандай: «Өкінішке қарай, практикасыз теория мәнсіз, свытіл өмір ағашы мәнлі көкленбек болып тұра береді».

Сонымен, 180 жылдан кейін, 1999 жылы осы жұмысты атқаруды зор құлшыныспен қолға алған академик Кемел Ақышевтің басшылығымен жұмыс істеген археологиялық экспедиция қазіргі Астанадан он бес шақырым жерде жатқан, жұмыстық атауына «Ақ жол» деп ат берілген әлгі қаланы қазуға кірісті. Кейін анықталғанында, қаланың нағыз атауы Бозоқ екен. Галымдар Бозоқ қаласының гүлдену дауірі біздің заманымыздың X–XII ғасырына келетінін айғақтады.

Бұл олжаның ең құндылығы сол – осыған дейін Орталық Қазақстанда ежелгі қалалар жүрті табылмаған.

Бұл алғашқы өнеге еді. Ол орта және одан ерте көне ғасырларда Дала өлкесі өз қалалары мен қоныстары болған көшпелі халық мәдениетінің нағыз қайнары және ошағы екендерін анық дәлелдеп отыр.

Көптеген тарихи шежіре нақ Орталық Қазақстан дала-сы арқылы бір кездері біздің заманымыздың алғашқы мың жылдығының орта шамасында Еуразияның Батысы мен Шығысын жалғастырган Ұлы жол өткенін айғақтайды.

Еуропа мен Азия мемлекеттері арасындағы сауда қатынастары дамыған және нығайған сайын адамзат тарихындағы ең бір заманауи құбылыстардың бірі – Ұлы Жібек жолы бирте-бірте қалыптасты. Тура осы Ұлы Жібек жолының тарамтарам тармақтары мен салалары бойында өзіне көшпелі және отырықшы мәдениеттер белгілерін тамаша сінірген бірегей әр өзгеше Дала өркениеті қалыптасты.

Олжайхан (таурааттағы Нұқтың тұп тұлғасы) және Оғызхан туралы халық аңыздары нақ Орталық Қазақстанмен байланысты баяндалуы бекер емес. Ортау, Ұлытау, Кішітау, Ордатау және Әскер-құдық, сияқты жерлер түрлі кезеңде даланың даңқты да ұлы баһадүрлері: Жошы, Бату, Орда Ежен, Тайбұғы, Қошым, Орыс және Әбілқайыр Шайбанилермен байланысты аталады. Екі құрлықтың түйісінде көслілік жатқан бұл кеңістік соғыс және басқыншылық шайқастар аланы ғана болған жоқ. Сонымен бірге ол діндердің, мәдениеттердің, үлттардың және ұлыстардың басын қосқан орталық еді. Әлемге әйлі Ұлы Жібек жолына дейін осы дәламен Коне Эллада мен Қызыр Шығыс халықтары мен елдерін жалғастырған құба жол өткен-ді.

Арабтар Қазақстан даласын Дешті Қыпшақ деп атады, ерте орта ғасырда Дешті Қыпшақ аумағында қуатты Қыпшақ хандығы болғаны тарихтан белгілі.

Археологтардың пайымдауынша, жағында табылған Бозоқ қаласы Қыпшақ хандарының әскери ордасы немесе тіпті резиденциясы болған тәрізді.

Ұшақтан түсірілген сурет Бозоқ үш беліктен – орталық және шет жағындағы екі беліктен тұратынын, олардың арқайсысы орлармен, бөгеттермен қоршалғанын көрсетті.

Орталық белік қырда орналасқан, онда ислам мәдениетінің бірқатар рәсімдік құрылыштары: мұнара мен кесене салынған.

Археологиялық қазбалар нәтижелеріне қарап, бұл құрылыштар кадуілгі орталық азиялық саулет енерінің үлгілері

екендігін пайымдаймыз. Дастүр бойынша мұнараның қашап салынған үш белдеу әшекей суреттері болған. Бұл үш белдеу: аспанның, жердің және жер астының нышанын білдіреді.

Қаланың қалған екі белігінде тұрғын үйлер, касіпшілік ғимараттары және басқа да құрылыштар бар. Қаладағы барлық ғимарат сол кезде Орталық Азияда кең тараған құрылыш материалы қыш кірпіштен салынған.

Көне қала қазіргі Астана қаласынан 15 шақырым жерде Бозоқты келінің жағасында орналасқан.

Ғалымдар Бозоқ бір кезде Шығыс Еуразияның ірі дінімәдени орталығы және Ұлы Жібек жолының далалық, белігінде онымен еткен керуендер үшін аралық нысана болған деп есептейді. Бірақ, ең бастысы – қаланың осы жерде орнауы. Көне далада қыпшақтар тек мал бағумен ғана емес, егіншілікпен де айналысқанын далелдейді, Бозоқ қаласының маңындағы көне суару құрылыштары соның айғағы.

Бұл туралы және ғылыми ізденистің басқа да көптеген нәтижесі туралы үлкен археолог, тарих ғылымдарының докторы, Лев Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры Кемел Ақышев екеуміздің 2003 жылғы 28 актандық кездесуімізде маған әнгімелеп берді.

Ақышев экспедициясының төрт жылға созылған дала жұмыстары бекер кетпеді, мен оның университет жанынан тұрақты жұмыс істейтін археологиялық экспедиция құру туралы ұсынысын ықыластана құптағым. Ізденистерді бұдан былай да жалғастыра беру керек: мемлекет астанасының тарихи негіздерін зерделеу тек еткен тарих үшін ғана емес, келешек үшін де қажет.

Сейтіп, ортағасырлық Бозоқ қаласын Ақмоланың тікелей атасы, ал оның соңғы үрпағы қазіргі Қазақстанның елордасы Астана деп есептеуге болады.

Есілдің Карапеткел деп аталып кеткен осы белігінің сол жағалаудың айырбас сауданың транзиттік орталығына

айналған керуен сарайы болған деген де қосымша деректер бар. Тарихшылар мен археологтардың зерттеулеріне қарағанда одан бұрынырақ бұл елді мекен атақты Батагай патшалығының атын иемденген екен.

Осының бәрі маған қазіргі Ақмола облысының аумағы көшпелі және отырықшы түрмистің бай тарихына ие, мұнда түрлі кезенде тайпалық, бірлестіктер мен тұтас мемлекеттер пайда болып, өздерінен кейін көне қоныстар, рәсімдік құрылыштар, таңбалы зираттар және бір кезде гүлденген қаланың жұртын қалдырып кеткен деп ашық та нақты тұжырым жасауыма мүмкіндік береді...

ТАРИХТАН ТАНАБЫНДА ТАНБА ҚАЛҒАН...

Тарихи талай оқиға жылнамашылар мен әңгімелешілердің баяндауында көбінесе романтикалық реңкте сипатталатынын байқау қысын емес. Тарихшылар әлдебір оқиғаны зерттей талдағанда мұндайға жиі кезігеді. Осындайда бір кезде Исаак Ньютон өз теориясымен сәйкес келмейтін фактіні «Шындыққа қиянат!» деп пайымдағаны ойға келеді.

Бірақ біз қалайық-қаламайық, шындық, жүзі еткір және ... сонысымен ақиқаттан алшақтапайды. Уақыт тұманы түмшалаған ескі заман тарихшылдығының романтикалық сарынымен сипатталған жекелеген адамдардың сүйсінуге лайық ерлік істері терең үніліп қараған кезде, оның астарында мемлекеттердің мүддесі және тұтас халықтардың қасіреті жатқанын көрсетеді...

XVI ғасырда қазіргі Ақмола облысының солтүстік бөлігі ірі Сібір хандығының құрамына кірді. Сібір ханы Көшім 1598 жылы Ермактың казак отрядтарынан жеңіліс тапқаннан кейін, байтақ даланы, соның ішінде Есіл даласын да, Ресейдің еш кедергісіз отарлау процесі басталды. Тарихшылар бұл



жөнінде «20-жылдары (XVIII ғ.) казак әскерлері қазіргі Көкшетау уезінің шұрайлы (таулы) бөлігін басып алды, сейттің қазіргі Ақмоланың, Баянауылдың, Көкшетаудың және Қарқаралының орнында бекіністер пайда болды», – деп жазылты

Қазақстанның солтүстік аумағы Ресей империясының ұлан-байтақ Азия құрлығына ішкерілей енү жолындағы алғы шеп ретінде қалыптаса бастады Ресейге қаратылған дала өңірін үйста ұстауға қызмет ететін сансыз әскери бекіністер қысқа мерзім ішінде көтеп тұрғызылды

Онтустікке қарай жылжыған сайын әскери бекіністер мен қамалдар қазақ, жерінің ішіне қарай барынша сұғына бой кетере бастады

Жасыл шалғынды Қараөткел аузында орналасқан қоныс 1832 жылы Ақмола бекінісі болып қайта құрылды

1863 жылы Санкт-Петербургте шыққан Ресей империясының географиялық-статистикалық сөздігінде Орталық Қазақстандағы жаңа қала туралы былай деп жазылған «Ақмола – Сібір қырғыздары облысы Ақмола округінің Есіл өзені бойындағы басқалашығы Өзінің орналасқан нүктесіне сәйкес бүкіл облыстың орталығына айналған мекен бекеттер мен шептік желілерді бойлап, шығысында – Қарғалы қаласымен, онтустігінде – Ақтау бекінісімен, батысында – Атбасар станицасымен және сол арқылы Көкшетаумен байланысқан»

Егер «Қазақстан» үлттық энциклопедиясының тиісті томына жүгінсек, онда оның бетінен мына жолдарды окуға болады «Ақмола – аққайрақ тастан әдемилеп жасалған белгілер Оның қабырғасы төрт бұрышты текше түрінде қаланып, үстіне жартышарға үқсаған не киіз үйдің төбесі тарізді күмбез орнатқан Күмбез жолаушының көзіне алыстан жарқырап көрініп, Есіл өзенінің жағасын 5–6 ғасыр бойы сұлулыққа бөлеп тұрған Есіл бойынадуан орталығы (1832) салынғаннан

кейін Ақмола солдуаның, одан соң Ақмола қаласының, оның уезінің және облысының ресми атына айналды».

Атаудың шығу түбірі дәл осылай ма, жоқ па айту қын. Өйткені бұл қаланың аты жайлы әңгімелердің басқа да түрлі нұсқалары бар. Олардың қайсысы дұрыс-бұрыстығын кесіп айта қою оңай маселе емес.

XIX ғасырга қарай Ақмола әскери бекінісі Дала өлкесінің ең ірі сауда-өнеркасіп орталығына айналды және XIX ғасырда даланың ірі сауда-өнеркасіп орталығы болды.

Болашақ Астананың кеңестік кезеңінің тарихы жақсы малім, алайда ол тарихтың кейбір жайттарын басқа тарауларда сөз етпекпіз...

ТАБИГАТ КҮДІРЕТИ...

Тұған жерден сулу не бар? Оның үстіне, ол шынында да көркем болса!

Алатая мен Тянь-Шаньның асқаралы сілемдері және биікті жатқан кекорай шалғындары, Шарын шатқалының қайран қалдырар арналары мен құлама сарқырамалары, соңадайдан көз тартар Үстірттің тылсым кеңістігі, інжу-маржан Балқаштың көгілдір айдыны, жасыл желек жазира, самал желмен жайқалған ақ селеулі даласы, кербез сұлу Бурабайдың бишідей бұралған ақ қайындары мен шыршалы ормандары, өркеш-өркеш таулары мен айна көлдері, толқындары тулаған қарт Каспийдің шетсіз-шексіз шалқар айдыны тамсанттай қояр ма!

Республиканың баға жетпес байлығы, әрине, іс жүзінде Еуразия алып құрлышының қақ, ортасын алып жатқан ұланбайтак Сарыарқа кеңістігі болды және болып қала беретіні сезсіз.

Біз әлдебір қаланы егер оның орналасқан жерінің тәңірегін қиялмен шолып шықпасақ, толық, сипаттап бере ал-

маймыз. Кез келген қаланың нәр мен әр алар қайнары – нақосы қоршаған табиғаты. Қала мен оның төнірегінің сұлұлығы қаланың толыққанды табиғи келбетін және инфра-күрылымын жасайды...

Орталық Қазақстанның солтүстік бөлігінде жатқан қазіргі Ақмола облысының аумағы 96,8 мың шаршы шақырымды құрайды. Осы орасан көлемді аймақта жазық дала ландшафтының сан түрі кездеседі. Облыстың онтүстігін Сарыарқаның ұсақ шоқылары, орталық бөлігін жазық дала мен өзендер алқабы, Кекшетау қыратының сілемдері алып жатыр. Ақмола облысының аса ірі өзендері деп Есіл мен Нұраны белілі айтуга болады.

Орталық Азияның әрі кербез, әрі адемі құсы – қызыл қоқиқаз мекендейтін облыстағы шалқар айдынды Теніз көлінің аты баршаға белгілі. Одан басқа Қарасор, Қорғалжын, Балықтықөл және Қыпшақ көлдері де біршама ірі келдердің қатарына жатады.

Облыс жері пайдалы қазбаларғадабай. Оның қойнауынан алтын, уран, боксит, сурьма, мыс, қоңыр көмір, коалин сазы, кварц құмдары және басқа да кендер шығады. Ақмола мен оған іргелес Қазақстанның солтүстік облыстарының аумағындағы қауырт даму үстіндегі кен өнеркәсібінің негізін осылар қурайды. Еліміздегі техникалық алмастың бүкіл қоры, қалайының үштөн екісі, цирконийдің 30 пайыздан астамы, уранның 25 пайызы, алтынның 15 пайызы осында шоғырланған.

Ақмола облысының климаты бүкіл Орталық Қазақстанға тан күрт континентальді әрі құрғақ. Ауаның температурасы жыл мезгіліне қарай шұғыл ауысып отырады. Қыста Цельсий бойынша 30 градусқа дейін сүйтса, жазда 35 градусқа дейін қыздады. Қыстығуні қарлы борандар үйткіди, ауаның температурасы әсіресе ақланда күрт төмендейді. Жазда шаш борайды, аңызак жел тұрады, күн әсіресе тамызда қатты ысиды.

Бірақ бұл жерде бір нәрсені айтып кетпесе болмайды. Қазір климат жылдан-жылға өзгеріп бара жатқаны баршамызға малім. Кене көздердің айтуынша, бұрын Ақмола және Орталық Қазақстанның басқа да қалалары қарастында қалады екен, қардың қалындығы кейде жер үйлерді көміп тастаса керек. Бірақ біз кейінгі жылдары қыста қар аз жауып, күн жылы болатынын көріп журміз. Жылдан-жылға күн жылып, қыс кеш түсे бастады.

Ауа райының осындай құбылысты өзгерісін елорданы Алматыдан Астанага көшірген кезден бастан кешудеміз. Осы орайда астаналықтардың алматылықтар жылуды өздерімен бірге ала келді дейтін қалжының да естіп жатамыз.

Дегенмен бәрібір жылы онтүстіктен көшіп келген алматылықтардың көпшілігі үшін Астананың ауа райы тосын. Эйтсе де, онтүстіктен келгендердің Ақмола облысының қызы мен жазына үйренетіндей уақыты болды.

Бұрынғы алматылық шенеуніктің Астананың қытымыр аязымен қалай «тілтабыса алматының» Әділбек Жақсыбековтің айтып бергені есімде. Ақпанның аязды күндерінің бірінде алдебір шенеунікті (атын айтып жатпай-ақ, қояйық, себебі белгілі ғой) Астана емханаларының біріне жеткізілті. Әжептауір жоғары қызмет істейтін алпамса денелі кісі есінен танып қалса керек. Сөйтсе, пысынап, жүрегі қысылғаннан екен. Жылы күмдерді бірінің үстінен бірін қабаттап киіп алған оны дарігерлер қырыққабат аршығандай шешіндіріпті. Ал шенеуніктің кабинетіндегі температуралың жылылығы 30 градусқа жетекшілік екен. Осы жоғары температура оның бойын қыздырып, онсыз да көтерінкі қан қысымын одан сайын жоғарылатып жіберген. Ол қаланы жылумен және жарықпен қамтамасыз етуді жолға қоюға қатты көніл болініп жатқан кез еді. Сірә, жылу тым артық беріліп кетсе керек...

Екінші жағынан, Астанаға көшіп келген талай адамның қан қысымы орныққаны, науқасынан айыққаны жайлы да

жі өстідік. Биік таулы өнірден жазық далада келу бойды сергіткені айдан анық. Бұл өлкеге алғаш рет тап болғандар шексіз зеңгір аспанға, даланың үшін қызырыздығына және таза ауасына тамсанатын.

Осы ретте айта кетейін, мен 19 жыл осы өлкеде турдым, оқыдым, еңбек еттім. Қызық сайкестік, осында келгенде 19 жаста едім...

Жазғы дала, шебі алуан шалғын жер және айнала мұлгіген тыныштық. Ал қысқы борандар ол кезде қындықтарға қаймықтай қарсы тұру романтикасындаі көрінетін. Әдетте, боран кезінде күн жылы болады, сондайда желге қарсы жүру тіллі еліктіретін. Астананы көшіру туралы шешім қабылдағанда, сіра, менің бұл өнірді өз басым жақсы билетінімнің де әсері аз болмауы ықтимал.

Қазақстан – біздің Отанымыз. Оның ар пүшпағы табиғатымен, ауа райымен қоса Алланың берген сыйы. Отанның жаман алде жақсы жері болмайды. Отанды бар болмысымен, ата-бабаларымыз бізге қалдырып кеткен бағзы қалпымен сүйеміз...

Бүгінгі күні астаналықтар мен елорда қонақтарын Астананың жаңа сәулет келбетінің сән-салтанаты және даланың табиғат байлығы қатты қайран қалдырады.

Расында да, Ақмола облысының есімдіктер мен жануарлар дүниесі алуан әрі ала-құла. Облыс аумағында жазық жерлерде, тауларда, суларда сүтқоректінің 55 түрі, құстың 80 түрі және балықтың 30 түрі мекендейді. «Қызыл кітапқа» кірген сирек кездесетін жануарлардың да түрлері ете көп.

Арқарлар, ителгілер, бүркіттер, дуадақтар, ақ бас тырналар, дала қырандары, бүйра бірқазандар, безгелдектер және алдында айтып кеткен қоқиқаздар – бүкіл осы жан-жануар Орталық Қазақстан өнірін мекендейді. Сирек кездесетін және жойылып бара жатқан жануар түрлерін қорғау үшін Қорғалжын мемлекеттік қорығы және басқа да мамандандырылған арнайы қорықтар құрылған.

Бұдан басқа, облыста өсімдіктер дүниесінің 66 түрі еседі, оның жасыл екпелік алқабы 4 391,6 гектарды алып жатыр.

Аумағына Қазақстан Республикасының жаңа елордасы орналасқан Ақмола облысының табиғи алеуеті – Астананың барлық уақытта қолайлы экологиялық ортада болатындығының кепілі. Мұндай ортаның өзін-өзі қалпына келтіріп отыру қарым-қабілеті орасан зор. Астана мен оның төңірегі Ақмола облысының құрамдас белгілі ретінде табиғаттың биологиялық тегеуірінді қүшінің қуатты тартылыс өрісінде жатыр. Ол өріс экологиялық тазалықты қалпына келтіруге ықпалды астанага іргелес аймақтарға шоғырланған. Әңгіме іс жүзінде Астананы барлық жағынан қоршап тұрған табиғат жүйелері туралы болып отыр. Ол Есілдегі жаңа елорданың «Экологиялық қарауылығы» міндеттін өз мойнына алып, оның экосферасын сыртынан да, ішінен де қалпына келтіріп отырады.

Бұл «қарауылдар» – баршаға белгілі Бурабай және кек айдын, жасыл желекті Қорғалжын қорыны...

Байтақ даланың қақ ортасындағы көкорайдай көркем Бурабайдың кез жауын алар ғажап табиғаты, сан алуан кейіптегі жасыл ормандары мен тау-тастары талай аңыз-жырдың арқауы болған.

Расында да, табиғаттың құдіретіне таң-тамаша қалдыратын әйгілі биши қайындар небір аңызды тудырмай ма?

Жартастарының сан алуан мүсіндері мен ала-құла кейілтері осы жердің сиқырлы жаратылысы туралы ойға жетелемей ме? Суы тапшы осынау өлкеде маржандай шашырап жатқан үлкенді-кішілі айна көлдер табиғаттың ғажап құбылысының кездейсок еместігі туралы аңыз бейнелерді алға тартпай ма?

Егер Алматы Қазақстанның ең керікті қаласы екендігі даусыз болса, Бурабай жері Орталық Азиядағы ең сулу қорық аймағы екендігі ешқандай күмән тудырмайды. Оны даланың «інжу-маржаны», «Қазақстанның Швейцариясы» деп бекер атамайды.

Бурабай, Кіші және Үлкен Шабақты, Шортанды көлдерінің, басқа да көлдердің көгілдір айдындарының арасында алаң-қайлар, сыңыған көктеректер, бұталар мен ақ қайындар тогайлары алма-кезек керіліп жатады. Олар көлдердің дәл жағалауынан көтеріліп шығып, бастарына бұлт қонған биік жартастарға қарай жоғары ормелең кетеді. Шынында да, бүл – әр кезеңде көшпелі халықта құтты қоныс, өсіп-өнген өнір болып келген, қиялға қанат бітіріп, талай аңыз бер ертегіге арқау болған аймақ қой.

Осы ғажап жер, оның бай экологиялық ресурсы, аса қуатты қалпына көлтіру алеуеті Бурабайдың даңқын асыра беретініне кәміл сенімдімін. Кезін тауып үйымдастыра білсе, Есілдегі астананың түрғындары мен елордаға ағылған қонақтар бос уақыттарын демалыспен және мәдени-сауықтырумен өткізетін нағыз өркениетті орын нақ осы ара болады.

Осы орайда бүкіл Бурабай аумағын және Зеренді ормандары мен көлдерін мемлекеттің қорғауындағы ұлттық парк деп жарияладым.

Астанадан шығысқа қарай талай ән-жырдың арқауы болған атақты Ерейментау, одан арі Баянауыл таулары кетеді.

Қазақтың ұсақ шоқылсы ұлан-ғайыр аймағында жатқан бұл таулар соншама биікте емес, дегенмен олардың арасында Аққұм секілді биіктігі 1100 метрге дейін жететін шындар да кездеседі. Біздің ауыз әдебиетімізде тау аттары затына сай келеді. Мысалы, Күншалғанға күн нұры мейлінше төгіліп тұрса, Қойтас, шынында да, жайылып жатқан қойларға үқсас. Жібектей төгілген жолдан аумай қалған Айғыртал шоқысы қандай әсем. Алайда бұл өлкө тек қана тілсіз тастарымен ғана емес, аса бай жануарлар дүниесімен де айғілі. Бұл манды арқар, қасқыр, тұлкі, қоянның түр-турі, борсық, күзен, аққіс, ондатра, аққу, тырна, бүркіт және т.б. аң мен құстар мекендейді.

Ал Баянауылды ешқандай асерлеусіз-ақ әлемдегі ең көркіті өнірлердің бірі дей аламыз. Оны адам палеолит



дауірінен бері мекендеп келеді Қазақтың ежелгі жыры «Қозы Қөрпеш – Баян сұлудың» мазмұнында осы өлкемен тікелей байланысты оқиғалар кездеседі Баянауыл тауының бектерін көмкеріп жатқан қарағай ормандарын көптеген шатқалдар мен мәлдір сулы веңдер жарып өтеді Бұл жерде сүтқоректілердің – 40, құстардың 70 түрі мекендейді

Астанадан батысқа қарай көлдер шалқыған өңірде дала табиғатының тағы бір кереметі – Қорғалжын қорығы жатыр Бұл табиғат кешені Теніз ойпатының оңтүстігінде, одан арі қазақтың ұсақ шоқылары үласады Қорықтың жүргегі – өзара жалғасқан Теніз және Қорғалжын көлдер жүйесі Олар жер түзілімінің зоңен дауірінде қазіргі Орталық Қазақстанды бір кезде тұтас жауып жатқан теңіздің журнақтары болып келеді

Қорғалжын қорығындағы көлдер планетаның биосферасында стратегиялық қызмет атқарады деуге болады

Олар жыл сайын Африкага, Оңтүстік Азияга сапарға аттанып, Сібірге және Еуразияның еуропалық белгіліне көрі қайтып келетін миллиондаған құстардың қонып өтер айдыны

Теніз көлінің аумағы 159 000 гектарды құрайды, бұл Женева көлінен 2 есе артық Суының минералдануы алемдік мұхиттың тұздылығынан 5–6 есе жоғары Келде құстар үя салатын 70 ке жуық үлкенде қішілі арал бар

Қорғалжын көлі Теніз көліне мұлдем үқсамайды Оның алып су айдынын қамыс пен қоға араласа есken қопа басқан

Осы тамаша қорықта есімдіктер дүниесінің 350 деи түрі еседі, оның 90 пайзызы шөптөр

Бұл қорық құстардың ұшып өтетін және үя салатын, мол шогырланған жері ретінде Қазақстаннан тыскары жақтарға да жақсы малім Күз бен көктемде осы өнір арқылы мил лионнан астам суда жүзетін құс ұшып өтеді Қорғалжын су айдындарынан құстардың 300 ге жуық түрін бақылауға бо

лады, солардың 32-сі «Қызыл кітапқа» енгізілген. Осы ретте, суда жүзетін құстарды қорғау жөніндегі конвенцияға сай Қоргалжын табиғат кешені «А» санаты бойынша халықаралық маңызы бар сулы-батпақты жерлер тізіміне енгізілген.

Бірақ, «бір қарын майды бір құмалақ шірітер» деген емес пе. Табиғаттың аты табиғат, ол көбінесе адамның араласқанын қаламайды, оны өзінен алшақтатуға тырысады. Осы теке тіресте ол адам мен табиғаттың үйлесімді бірлігін және адамның тұрмысын бұзатын уландыруышы құшті іске қосады.

Әңгіме Астананың атақты масалары туралы болып отыр. Елордада кез келген оқиға жаһандық, ауқым деңгейіне жетеді. Ал егер әңгіме жайсыздықтар немесе проблемалар туралы бола қалса, онда ғаламдық сипат алады. Сөздің тура мағынасында Астанада маса мәселесі түймедейді түйедей еткенмен бірдей болды. Ашығын айтсак, бұқаралық, ақпарат қуралдарының бетіндегі маса табиғаттың өзіндегіден армен көбейіп кетті. Шынтуайтында, Астанадағы маса взен жағасында орналасқан басқа қалалардағыдан көп емес еді.

Вашингтонның батпақты жерде салынғанын еске түсірейік. Бір заманда онда маса түгіл, көшелерде жандіктер қаптап өріп жүрген. Куала-Лумпур батпақты жер дегенді білдіреді. Мұндай мысалдар жетіп-артылады. Олардың қасында Астананы жұмакта түр деуге болады.

Дегенмен астаналықтар өмірінде маса мәселесінің белен алғаны соншалық, тілті мен өткізетін кеңестердің бірінде взекті әңгіме қозғалды.

Қоғамдық пікірдің аты қоғамдық пікір, шұғыл түрде «масаға қарсы шайқас жоспары» жасалды.

Қаладағы және оның маңындағы, негізінен, Есіл жағалауындағы қамыстарды құрту – басты шара болып белгіленді. Қаланың ішіндегі барлық ашық, аландарға кек шөп тұқымын себу, сейтіп жаппай көгалдандыруға кірісу үйғарылды.

Есілдің жағалауына асфальт төселініп, қала маңындағы қамыстар шауып тасталды.

Осылай біз баспасөзге, қоғамдық пікірге және астана-лықтардың көпшілігіне маса маселесін ұмыттырдық.

Немесе басқа бір биогендік проблема – қауырт өсіп бара жатқан Астананың пайдаланылған суды ағызы маселесін алайық. Қолда бар қуаттар Целиноградтың қажеттілігін өтеуге есептелген. Бірақ 200 000 халқы бар Целиноград бір кездегі провинциялық қаладан Қазақстанның жарты миллионнан астам тұрғыны бар астанасына айналып шыға келді. Тиісінше, тазарту қондырғылары қақалып-шашалып, үлкен абігерге түсті. 1964 жылы жоспарланып, 1970 жылы іске қосылған негізгі су жинаушы Талдықөлге сарқынды судың мүндай мелшері сыймай, ернеуінен асып, сыртқа шыбып кетті. Оның үстіне, ескелең қаланың муддесі осы су жинаушының өзін жойып, Талдықөлдің түбіндегі қалдық тұнбаларды құрғатуды талап етеді.

Маселені шешу үшін барлық сарқынды су қоймаларын қайта жабдықтау және олардың тәуліктік орташа өнімділігін тым болмағанда 136 000 текше метрге жеткізу қажет еді.

Бұлорайда бұрынжұмыс істеген инженерлік құрылыштарды қайта жабдықтау, оларды бір мезгілде қатар пайдалану және маусымдық реттеуге арналған сарқынды суды жинаушы Қарабидайқты пайдалану нұсқасы ұсынылып, қабылданды.

Нәтижесінде Талдықөл қоймасына сарқынды су құю тоқтатылды. Астанадан жіберілген сарқынды судың тазалану деңгейі балық өсіруге жарамды судың құрамы нормативтеріне дейін жеткізіледі, су қоймасы табанындағы батпақ қайта өнделеді.

Талдықөлдің болашақ тағдырына келсек, бағдарлама толық орындалғаннан кейін ол жерге теректердің өнерка-сілтік плантациялары отырғызылады. Талдықөл танабында жасыл орман жайқалатын болады.

Елорданың сарқынды суы проблемасы және Астананың Сол жағалауындағы бұрынғы су жинаушы Талдықөлдің орнында тағы бір табиғаттың қалпына келтіру аймағын жасау осылайша орайлы шешіледі.

Астананы сумен жабдықтау мәселесі де дәл осылай үтімді шешілмек. Бұл істе бізге жапондықтар көмек береді. 2002 жылы Қазақстан мен Жапония арасында «Астана қаласын сумен жабдықтау және су тарту» жобасы бойынша келісімге қол қойылған болатын. Келісім шартына сай жапон жағы осы жобаны іске асыру үшін 21, 361 миллиард иен (161,7 миллион доллар) береді. Жоба аясында сорап-сузгісі бар жаңа су тартуши салу, жұмыс істеп түрған стансаны қайта құру, сондай-ақ, астанада жаңа су таратқышты қосу, тозған құбырларды ауыстыру және тың коллекторларды іске қосу арқылы жаңа су тарату құбырлары жүйесін жетілдіру жоспарлануда.

Казір қаланың негізгі су көзі – Астана (бұрынғы Вячеслав), Сергеев және Петропавл су қоймалары болып отыр. Су тартудың жаңа жүйесі Қазақстан астанасының барлық ауданын сумен қамтамасыз ету мәселесін онтайлы шешуге мүмкіндік беретініне күмән жоқ. Бұл ретте, осы уш су қоймасы да балық, шаруашылығына арналған су айдындары ретінде Астананың және оның төңірегінің табиғи қалпына келтіру әлеуеті жүйесіне кіреді.

Ақмола облысының табиғи қалпына келтіру әлеуеті таразы басын Ақмоланың пайдасына басқан салмақты факторлардың бірі болды. Расында да, табиғаттың осындай қолдауынсыз, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің бай қорынсыз, өлкенің Қорғалжын, Бурабай және Ерейментау сияқты «інжу-маржандарынсыз» Қазақстанның жүргегі ретінде Астана қаласының елордалық инфрақұрылымының толыққандылығы туралы айтудың болар еді. Өйткені астана өзінде барымен ғана емес, өзін қоршап түрғандармен де еңселі.

АРКАДА ТУГАН АЛЫП...

Кеңес Одағының халық шаруашылығы кешенін қалпына келтіру жөніндегі соғыстан кейінгі бағдарламасы егіншілікте және ауыл шаруашылығында пайдалануға болатын жаңа жерлерді игеруді көзdedі.

Тұптің түбінде, тың және тыңайған жерлерді игеру бағдарламасын жүзеге асыру үшін қолайлы жер нақ Орталық Қазақстанның жазық алабы болғаны да тандандырмайды. Содан тың және тыңайған жерлерді игерудің ауел басынан-ақ болашақ. Тың орталығы ретінде Ақмола одақтық маңызы бар қалаға айналып шыға келді. Тың өлкесін игеруге келген мындаған адам алғашқы қадамдарын осы жерден бастады.

КОКП Орталық Комитетінің жоспары бойынша Ақмола 100 000 халқы бар ірі қала ретінде 1960 жылы Қазақстанның орталығындағы және солтустігіндегі өндeуге және егін егуге жарамды барлық жерлерді қамтып арнайы құрылған Тың өлкесінің орталығы болуға тиіс еді.

Келесі жылы Тыңның бейресми астанасы болып келген Ақмола бұл мәртебені ресми иеленді: 1961 жылы Ақмола облысының орталығы Ақмола қаласы Целиноград болып өзгерпілді.

Біз, әрине, тың жерлерді итерудің жер эрозиясын туғызып, тоздырып жіберген, қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығын құлдыратуға соқтырган жағымсыз салдарын ардайым есімізден шығармаймыз. Алайда, ең алдымен, Қазақстанға шын көнілден игілік тілеген және өздерінің қажырлы еңбектерімен экономикамыздың дамуына үлес қосқан адамдарды ұмытпау керек деп есептеймін және мені көпшілік түсінеді деп ойлаймын.

Тың және тыңайған жерлерді игерудің 24 жылы ішінде Қазақстан 27,2 миллиард кеңес сомына 250 миллион тонна астық сата алды. Бұл ретте Қазақстан бюджетінің шын

мәнінде алтын дәннен алатын таза пайдасы 6,1 миллиард сом болды.

Ал қала инфракұрылымы қалай дамыды? Ақмола Целиноградқа айналып қана қоймай, 200 000 халқы бар айтарлықтай үлкен қала деңгейіне жетті. Қазақстан Республикасының картасында ондаған жаңа елді мекендер дүниеге келді.

Тәуелсіздік алғаннан кейін, 1992 жылы қалага тарихи Ақмола атауы қайтарылып берілді. Бес жыл өткен соң, яғни 1997 жылғы 10 желтоқсанда бұрынғы тыңның астанасы Ақмола қаласы күллі Қазақстанның елордасы болып ресми жарияланды.

Бірақ Ақмола атауы ұзақ түрмады, 1998 жылы Ақмола Астана болып қайта аталды. Осы атаумен Қазақстан елордасы жаңа мыңжылдыққа енді.

Қазақстанның бүгінгі елордасы Астана – Қазақстанның халық саны бойынша екінші, ал даму қарқыны бойынша бірінші орындағы қаласы. Астана бүгінгі күні республиканың әкімшілік орталығы болса, ал ертең республиканың мәдени, ғылыми және өнеркәсіп орталығына да айналады. Астана бұған табанды да жүйелі түрде бет алып келе жатыр. Елорда инфракұрылымының бірте-бірте дамуы Астананың келбетін Азияның ең әсем арі осы заманғы елордаларының бірі ретінде түлкілікті бекіте түседі.

Осы шын мәнінде жоғары мақсатқа жетудің басты шарты – жүйелі тұрғыда жұмыс істеу. Тек Қазақстан астанасының ғана емес, республиканың басқа да қалаларының келбетін қалыптастыруда жүйелілік керек. Өйткені астананың және қаланың инфракұрылымының үйлесімді дамуы барлық уақытта қала тіршілігінің барша қырын ескеріп отыруды талап етеді. Қала соншалықты құрделі де көп құрамды ағза, оны басқару – қала жүйелері тамырын қолда ұстаудың тұтас бір ғылымын дамытумен парапар.

Бізде, Қазақстанда, біраздан бері қала тіршілігінің барлық мүмкін болатын проблемаларын зерделеуге арналған мамандандырылған құрылым құру туралы маселе талқыланып келе жатқаны бекер емес.

Мұндай құрылым Қаланы дамыту институты деген шартты атау алды.

Бұл Институт өз қызметінде екі бағытты үстанатын болады. Бірінші – қала шаруашылығын, құрылышты, инфрақұрылымды, коммуникацияны қоса алғанда, қала өмірінің «материалдық-техникалық» белгін, екінші – білімді, ғылымды, мәдениетті, спортты және т.б. қоса алғанда «гуманитарлық» белгін зерттеу.

Қаланы дамыту институтының міндеті жетіл-артылады, қызмет ауқымына: қала өмірінің барлық саласының мониторингі, сараптама, болжам, талдау және бағалау маселері кіреді. Бірақ Институттың ең басты міндеті – қаланың дамуын, соның ішінде астаналық даму модельдерін сынап байқау болады.

Осындай қаланы дамыту институты Астанада құрылады. Ол қаланың тіршілік ортасының, асіресе Қазақстан Республикасының елордасы Астана қаласының үйлесімді де тиімді еркендеуінің ете маңызды буынына айналары күмәнсіз...

ЕЛ КОНДЫРАЛЫҚ ЕСІЛГЕ...

Сонымен, 1994 жыл келді. Бір кездегі алып мемлекет бәлшектеніп ыдырап кетті... Ел аса бір алмагайып жағдайды бастан кешіріп жатты.

Төтенше жағдай әдептегі тәсілдермен шешіле алмайтын еді. Реформалардың созылып, арі саяси, экономикалық, әлеуметтік және геосаяси сипаттағы проблемалардың шиеленісіп кету қаупі төніп түрган болатын. Елде қалыптасқан ахуалға мейлінше тиімді арі парапар ықпал ететін басқа шаралар мен



Іс-қимылдар және содан туындастын тосын арі тың шешім
қажет болды

Баяғыбіруақытта, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бірінші хатшысы кезімде мениң қолыма академик Қаныш Сатбаевтың баянхатының түскені бар. Ол анау-мынау мәселені емес, Қазақ КСР-ның астанасын Қазақстанның географиялық орталығы Қарағандыға не Целиноградқа көшіруді ұсыныпты Ардақты ғалым, ардагер қайраткер өз дәлелдерінің бірі ретінде осындай байтақ республиканың астанасы елдің алдебір шеткери түкпірінде болмауы тиистігін келтірген. Оның үстіне, арадағы қарым-қатынас сол уақытта нашарлап тұрған Қытай Халық Республикасымен шекара да тым іргеде.

Есімде қалғаны осы елеулі мәні бар баянхат Мәскеуге жіберілген еken Мұндай маселелер Мәскеусіз шешілмек түпілі, қолға да алынбайтын еди ғой!

Мәскеу «Басқа істейтін істерің жоқ па?» – деп, келте кесілті. Осымен астананы көшіру туралы маселе жабылған. Бұл Хрущевке дейін болған оқиға

Осыған орайлас мәзгілдің бірінде Қолыма бір тың ардагерінің кітабы тұсті. Онда ол Хрущевтің Қазақстан астанасын Целиноградқа көшірмек ойы болғанын айтқан еken

Егер Хрущев 1964 жылы «ұшып кетпегендеге», оның ойға алғанын жузеге асыруы мүмкін екендігіне шубә жоқ.

Қуатты мемлекеттегі бірінші адамның ниеті қаншалықты байыпты болғанын кім біліпті, бірақ Хрущев сырт көзге қарапайым арі мылжындау көрінгенімен, сөзін аяқ асты еткізбейтін. Бұл тұрғыда ол табанды болған және істі көп кешеуілдете бермеген.

Дегенмен, астананы көшіруге бағытталған алғашқы үйымдық шаралар және нақты қадамдар бәрібір жасалған. Білуімше, Тың өлкесін басқарған ресми адамдар осы маселемен Мәскеуге бірнеше мәрте барған. Олар Қазақстанның

болашақ астанасы Целиноградқа, Съездер сарайына үқсас, өзінің ірі Мәдениет сарайы керектігін алға тартқан. Мәскеу бұған ақша берген. Осылай күні бұрын алдарына барғаннан кейін Мәскеу Жастар сарайын, өлкелік комитет үйін, қонақ үйді, шағын аудандарда тұрғын үйлер салуға да ақша бөледі. Энергиямен және сумен жабдықтау біршама шешілген, Тың темір жолы құрылған. Яғни осының бәрі, ерте ме, кеш пе бастапқыда ойластырылғандай, астаналық объектілерге айналуғати еді. Осылайша, Хрущев биліктентайдырылғанға дейін Целиноград ақырын, елеусіз ғана, болашақта тек Тың өлкесінің ғана емес, бүкіл Қазақстанның астанасы болуға дайындала бастады.

Бұл жоспардың бәрі жалпы алғанда мен үшін, әрине, соншалықты жаңалық та емес еді. Хрущевтің осындай ниеті болғаны туралы бұрын да естігемнін.

Әйтсе де, Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы қадамдары кезінде бұл жайттар маған ой салды.

Астананы көшіру идеясы мені бірте-бірте қатты баурап алды. Мемлекетіміздің басынатастырылған проблемаларды ой елегінде сараптау, оның бүгіні мен болашағы туралы толғану кезеңдерінде алға ойға жі-жі берілетін болдым.

Менің айтып откенімдей, билеуші элитаның және зиялы қауымның қасаң консерватизмі, Қаныш Сатбаевтың беделі, Хрущевтің ой-ниеті, геосаяси ақықаттар және басқа да көптеген ман-жайлар астананы көшіру маселесінде ойға алған істі жүзеге асыруға алып келді. 1993 жылдың басынан бастап мен осыны басшылыққа алдым.

Тура сол кезеңдерде мен облыстарға жіңі шығып, өнірлердің тіршілігін бақылап жүрдім.

Адамдардан, жергілікті бақылардан және шаруашылық мамандарынан өздерін астанамыз Алматыдан қаншалықты қашық арі оқшау сезінетіндіктерін сез арасында жіңі елеусіз

ғана сұрап қоятынын. Олардың өмірінде астана, елордада орналасқан Үкімет емес, нақ астананың өзі қаншалықты орын алады. Міне, осы сияқты сұрақтарды қойып журдім.

Содан кейін мен мемлекет өміріндегі астананың релі туралы, оның орналасқан жерінің маңыздылығы және жалпы астананы орналастыруға арналған қолайлар немесе кекейден шығар орын қандай өлшемдермен таңдал алатындығы туралы айқын да анық түсінік беретін талдау және шолу сипатындағы құжаттарды да елеусіз дайындана бастадым. Тұрлі адамдардың астананы көширу жөніндегі ойларын және көширу кезінде нені басшылыққа алғандарына қаныға беруге үмтүлдым.

Кезінде тұысқан республикалардың арасындағы сол тұстағы үрейлі жағдаят пен ахуал көширу таразысына тағы бір тас болып түсті.

Иа, Кенес Одағының ішіндегі кеп шекара өз заманында тым еркін тұспалмен белгілене салынған еken. Бұл жайт егемендік шеруінен кейін іле-шала кейбір парасатқа бойлай қоймаған әрі жауапсыздау адамдардың бар шекараны қайта қарau қажеттігі туралы тіл безеуіне апарып ұрындырыды. Әрине, өз пайдасын ғана күйттеген көзқарастан. Мені асіресе Александр Солженицынның «Ресейді қалай жайластырамыз?» («Как нам обустроить Россию?») деген мақаласы қатты аландатты.

Жазушының Ресейді көгерпек шын ниетін түсінуге болады.

Бірақ бул жерде Қазақстанның қоныс тебу мәселесінің қандай қатысы бар? Солженицынның құлқі тудыратын көзқарасына қарағанда, қазақтардың ежелгі жері қазіргі Қазақстанның онтүстік облыстарын ғана қамтитын, онтүстіктен орталық өнірге дейін созылған жатқан иін еken. Осындай қиялмен қанаттас пиғыл негізінде Александр Солженицын Қазақстанның солтүстік аумағын Ресейге қосып алууды ұсынды.

Сонымен қатар ол Ресейге Украинаны, Беларуссияны Ресеймен славяндық, негізде біркітре салмақ болды, Қырымды нағыз орыс жері деп бесті. Мұның бәрі, сайып келгенде, жаңа тауелсіз мемлекеттер арасындағы аумақтық тұтастыққа нұқсан келтіріп, елеулі зардалтарға соқтыратыны, түп негізі соғыс ертін тұтатуға шақыру екендігі сіра оны толғандыра қоймаған сияқты.

Жириновскийдің де осы сықылды көкімелері жадымызда. Ол «Ресейлік Қазақстан» арқылы алшандай басып, көктей өтіп, Үнді мұхитына етіктерін шаюды ұсынды. Мұның барлығы Қазақстанда орынды ашу-ыза, қатты қарсылық туғызды. Бұл арандатушылықтың бәрі қайда апаратындығы түсінікті шығар деп ойлаймын.

Расында да, Кеңес Одағы келмеске кетті. Қазақтан взге халықтың көвшілігі екіудай күйге түсті: Алматы болса сонау түкпірде, ал Ресей, Маскеу – міне, іргеде. Бетті қайда бұрган жөн? Бұрынғы Одақ республикаларындағы орыс тілді халықтың сезіміне және сенімсіздігіне неге ши жүпіртіп, ықпал етпеске? Ал олардың ертенгі күндеріне күмәнді көзқарасы көкейлерінде тұрды. Егер басқа республикаларда болған этникаралық, қанды қақтығыстарды еске алсақ, бұл үндеулерге геосаясаттағы бет алды көкү деп қарауға болмайтын. Олар шын мәнінде қатер тәндіріп тұрды.

Солженицынның бүкпесіз ой-піғылы бойынша, Қазақстанның солтүстік облыстары осылайша Ресейді жайластыруға белсененді қатысуы тиіс еді. Солтүстік Қазақстанның Ресейді несімен құтқарып қалатыны мен үшін күні бүгінге дейін жүмбак.

Әйгілі жазушыға саясат пен география арасында нан мен майдың арасындағыдай айырма бар деп қалай түсіндіріп жатарсың.

Нан мен майды, әрине, жағып, бірге қосып жеуге де болады, бірақ олардың әрқайсысы өз бетімен де қоректі тағам.

Географиялық үғым мен әлдебір аумақтың, жердің қай мемлекетке тиістілігін шатастыру үшін қаншалықты «аңқау» болу керек.

Айталық, Дунай өзені көп мемлекетті басып етеді. Бірақ Дунай бойындағы әлдебір мемлекеттің өзеннің көп белігі нақ соның аумағы арқылы ететіндігі негізінде бүкіл өзен маған тиесілі дегенін есту қайран қалдыrapар еді. Сондай-ақ, Сібір де саяси да, философиялық та емес, географиялық қана үғым.

Ермак Сібірді емес, тек сонымен аттас Сібір хандығын басып алды. Аумақтық тұргыдан алғанда ол хандықтың Сібірге қатыстырылғы Қазақстанның Еуразияға қатыстырылғындаған болатын. Алайда мұндай көніл ауанын ойдан кетіре де алмайсың, оған күліп қана қоя салмайсың, Өйткені бұл – айтарлықтай астарлы әрі қауіпті көзқарас.

Экономикалық қатынастар жүйесінде Қазақстан іс жүзінде екіге: өнеркасілті Солтүстік пен аграрлы Оңтүстікке белініп қалған. Осындағы тарихи сәйкесіздікті де ескермеуге болмайтын еді.

Қазақстанның негізгі өнеркасіл қуаттары оның орталық және солтүстік облыстарына шоғырланған. Алайда 1991 жылғы оқиғадан кейін негізінен өнеркасіл секторында жұмыс істейтін орыс тілді халықтың өздерінің тарихи Отандары – Ресейге, Украинаға және Беларуссияға кешуі басталды. Немістер де ағылып кете бастады. Германия Федеративтік Республикасының үкіметі олар үшін арнайы тарихи Отанға оралу бағдарламасын жасады.

Республиканың орталық және солтүстік аудандарында қалыптасқан демографиялық дағдарыс нәтижесінде өнеркасіл қуаттарының тұралauуы басталды. Тиісінше, алеуметтік проблемалар да шиеленісіп кетті.

Бұл уақытта Қазақстанның оңтүстік облыстары халықтың тығыз орналасуынан туындаған қыншалықтарды бастап кешіп жатты.

Жұмыссыздық, бойынша республикадағы ең жоғарғы көрсеткіш осы өңірде еді.

Мұндай процестер Кеңес Одағының бірыңғай халық шаруашылық кешені ыдырауының натижесінде пайда болған жалпы экономикалық дағдарыс түсінде тіптен өршіп кетті.

Әрине, астананы көшіру осы проблемалардың барін лайықты шешудің бірден-бір амалы бола алмайтын еді. Бірақ басқа барлық маңызды да жеткілікті жағдаяттармен қоса алғанда, нақ осы астананы көшіру сол проблемалардың он шешілуіне игі ықлал ететін. Атап айтқанда, демографиялық тенгерімді қалпына келтіру, еңбек күшінің орталықтағы және солтүстіктерін өнеркәсіпті аудандарға кешуін ынталандыру, осыған дейін тұрып қалған өнеркәсіптік және индустриалдық қуаттардың ырғақты жұмыс істеуін қалпына келтіру, аграрлық Қазақстанды өнеркәсіптік негізге көшіру, қазақтарды оңтүстіктен солтүстіктің өнеркәсібі дамыған аудандарына көшіру мәселелерін шешуді астананы көшірумен үштастырдық.

Әрине, Алматы халқының тығыздығы мән экологиялық проблемаларының да елеулі ықпалы болды. Мен ол туралы алдында айтып еттім.

Бір сөзben қайырғанда, астананы Алматыдан Қазақстанның орталық облыстарына көшіру ойы бір күнде түа қалған жоқ. Қазақстанның алдынан шыққан арбір ауқымды да елеулі проблема осы ойға итермелей берді. Бул жерде, әрине, тым асірелеп жіберудің де қажеті жоқ, бірақ нақ астананы көшіру саяси, қоғамдық, әлеуметтік және геосаяси проблемалар тығырығынан шығарып, бізді белгісіздік пен кеңестік мұрадан алыстататын сара жол еді.

Мен осы ойға жиі-жиі келе бердім және барған сайын ойымның дүрыстығына көз жеткізе тустім...

Астананы көшіру идеясына белді біржолата бекем буа тұрып, мен ортаға барін салатынимды, яғни езімнің саяси

мансабымды, тіпті, мүмкін, өмірімді байгеге тігетінімді сез жоқ түсіндім. Эрине, мен өмірді қиу мағынасында емес, философиялық тұрғыда – ел президенті ретінде қогам алдындағы өзімнің өмірлік міндеттемелерімді орындау мағынасында айтып тұрмын.

Әйтсе де, мұндай көзіл күй маған жиі келе бермейтін. Қалай болғанда да, мұның бәрін байыппен салмақтаап, ойлану керек еді. Есебін жасамай болмайды. Қанша қаржы керек? Оларды қайдан аламыз? Биліктің бүкіл тармағы бірден көшіп бара ма, әлде көші-қонды бірнеше жылға созамыз ба? Ойдағыдан аяқтау үшін нeden бастаған жен? АқырЫнда астананы қайда көшіреміз, Ақмолага ма, Қарагандыға ма, Қекшетауға ма, Ақтөбеге ме немесе басқа жаққа ма?

Бірақ біз болжаймыз, жағдай билейді. Техникалық маселелерді шешу бір басқа. Айталық, жаңа астананы таңдал алу үшін қажетті ондаған вівшемді белгілеу. Маселені принципті тұрғыда шешу – тіптен басқа жайт. Жалпы көшіру керек пе езі, әлде жоқ па?

Барлық түйін де осы принципке барып тірелетін. Үкімет, Парламент, кеңесшілерім мен бірқатар серіктерім астананы көшіру туралы жоспарымды алғаш есіткенде, өре түрегелді. Көшкені қалай? Біз онсыз да реформалаудың, қайта құрудың аяқ алғысыз проблемалары мен қызыншылықтарына, өтпелі кезеңнің басқа да ауыртпалықтарына малтығып жатырмыз. Ал енді сол аздай астананы көшіру маселесі шықты. Сау басқа сақина деген осы. Ең басты дәлел – қаржы-қаржаттың жоқтығы немесе дәлірек айтқанда, оның бюджетте алеуметтік проблемалар мен саңылауларды тығындауға жетерліктеі ғана тапшы болуы.

Қаржы маселесі, әрине, жаңа астананың пайдасына Қызмет етпейтін айтартылғай елеулі далел еді. Бірақ шешуші емес.

Егер біз бүгін осындай қуатты алға үмтілікс үшін ақша таппасақ, онда барлық үақытта бірынғай ақша іздеумен



жүретінімізді, мұндай көзқараспен қаржының бізге еш уақытта жетпейтінін сезіндім

Сейтіп, барлығын таразылай келе, мен астана көшеді деген шешімге біржолата нық бекіндім!

Үкімет және Парламент мүшелері бастапқыда «ан, таң қалды» дегенім бекершілік

Іс жүзінде мениң астананы көширу қажеттігі туралы алғаш сыртқа шығарып айтқан ойым мениң көзімше жымыспен, ал мениң сыртымнан, сра, күлкімен қабылданды Ең қызығы, мениң босқа сейлемейтіндігімді билетіндіктен, олардың бәрі дерлік мениң көширу туралы ойымды тым сәтсіздеу, орынсыз дау қалжың деп қабылдады

1993 жылдың сонында мен өзімнің сейлеген сөздерімнің бірінде Қазақстанның астанасын Алматыдан басқа қалаға көширу қажеттігі туралы айтЫП, анысты байқадым Сол кезде кепшіліп мениң жаңылып кетті не шамалы шаршаған болар деп оиласа керек Осы жерде Шарль де Голльдің «жогары билік адамды жалғыздық пен мұңға батырады» деген сезін еркісіз еске түсіресің Қемекшілерім, кеңесшілерім және серкестерім жетерлік, бірақ шешімді қабылдайтын және оның салдары үшін жауап беретін бір візің ғана

Сол тұста ойыма Наполеонның «Мен кеңесшілерімді тыңдаған кезде ғана жаңылыстым, бірақ шешімді өзім қабылдағанда қателескен емеспін» деген бір қанатты сезі түскені бар Бірақ ол басқа заман, басқарудың басқа мәнері еді Біздің замаңымызда да шешім қабылдау, арине, өте курделі

1994 жылдың басында мен астананы көширу туралы тағы да айттым Бұл да сәтсіз әзіл ретінде қабылданды Бәрі күлді де қойды, сонымен ұмыт болды

Сейтіп, 1994 жылдың шілдесіне қарай мен бұл мәселеде пісіп-жетілдім, астананы көширу туралы ойды нақты ұсыныс ретінде Қазақстан Республикасының Парламентіне шығару

үшін қажетті саяси, әлеуметтік және геосаяси дәйектерді қорыттым

1994 жылғы 6 шілдеде Парламент сессиясының жалпы отырысында астананы Алматыдан республиканың орталық, еңірі Ақмолага кешірудің қажеттілігін қысындық және мәнжайлық тұрғыдан негіздел сез сөйлегенім алі күнге анық жадымда.

Залда отыргандардың зейінді жүздері тым салмақты. Мұны түсінуге болады. Басшыларымыздың алдында күн са-йын бүгін шешпесе болмайтын проблемалар үйіліп тұрады. Ал дайын шешім жоқ! Аландамасқа амалың қалмайды...

Мінбеке шығып, толқуымды басып, өз көзқарасымды негіздеуге кірістім. Елорданы кешіруді тәуелсіз мемлекетіміздің ең жоғары мүдделері талап ететіндігін айттым. Басқарудың жаңа жүйесі туралы мәселе осыған көп байланысты болмақ.

Елорда мүмкіндігінше елдің орталығында, барлық аймақта бірдей қашықтықта болуға тиіс. Кең-байтақ Қазақстан үшін бұл жайтың маңызы айрықша.

Депутаттарға жаңа астананы тандау 32 өлшем бойынша жүргенін тәптіштеп айттып бердім. Олардың ішінде әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер, климат, ландшафт, сейсминалық жағдаят, қоршаған орта, инженерлік және көліктік инфрақұрылымның болуы, ері оны дамытудың келешегі, құрылыш кешені, еңбек ресурстары және басқа да өлшемдер болғанына тоқталдым. Елдің стратегиялық мүдделері де алыс болашаққа арнап есептелді.

Жалпы алғанда, астананы көшіру туралы ұсынылып отырған төтен де тосын шешім тыңғылықты дайындалғандығын, мұнда үстірттік те, асығыстық та жоқ екендігін жан-жақты көрсетуге тырыстым.

Жаңа астананы тандаудың барлық өлшемінің негізінде тәуелсіз Қазақстанның әкімшілік және саяси орталығын Ақмола қаласына орналастыру нұсқасы мейлінше онтайты

болып шыққанына тоқталдым. Өз сөзімде Қазақстанның астанасы болуға лайық үміткер ретінде Ақмола қаласының мынадай алеуеттік артықшылықтарын айрықша атап көрсеттім:

– біріншіден, қала Қазақстанның орталығында дерлік тұр және барлық өнірден бірдей қашықтықта, бұл – басқару міндеттерін шешу, нарықтық инфрақұрылымды дамыту міндеттері көзқарасы тұрғысынан экономикалық тиімді;

– екіншіден, қаланың жағдайы, оның аумағы сәулет-құрылым міндеттерін ікемді шешуге, елдің басқа өнірлеріне қарағанда алдеқайда тиімді экономикалық жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, бұған іс жүзінде көз жеткіздік;

– үшіншіден, қала тіршілігін қамтамасыз етудің қолда бар жүйелерін қайта құру пәлендей шығынды және күрделі болмайды;

– төртіншіден, қалыптасқан көлік-коммуникация инфрақұрылымының одан әрі даму келешеп жақсы.

Тағы да мұнда қалыпты экологиялық жағдай бар және біздің ортақ күш-жігерімізben ол одан әрі сақтала беретін болады.

Әддепten тыстығ-тыныш жағдайда, мұлгіген тыныштықта деп айтуға болады, Жоғарғы Кенестің еңсепі залын менің тосын сезім кернеп кетті: «. Алматы қазірдің өзінде тәуелсіз мемлекеттің астанасы талаптарына жауап бере алмайды. Халқының саны бір жарым миллионга жақындалған оның келешегі үйлесімді де көң кеңістікке орналастыру жағынан шектеулі болып отыр. Мұнда құрылыштардың тығыздығы жоғары және бос аландарға сығылысып қалған.

Қажеттілік бола тұра, оны кеңейтер жер жок.

..Мениң тапсырмам бойынша мемлекеттің жаңа астанасын оңтайлы орналастырап жерді анықтау үшін тыңғыштықты зерттеу жүргізілді. 32 өлшем бойынша жасалған талдау барлық нұсқаның ішінде Ақмола барынша артықшылыққа ие екендігін көрсетті».

Мемлекеттің бірінші басшысының сөзін әсіресе біздің бірауыздан және қызу қолдауға үйренген қоғамдық діліміз жағдайында залдың бір жағындағылардың сирек қол шапалақтаумен, ал залдың екінші белгінде сілтідей тыныштықпен қабылдауы ете сирек кездеседі. Жалпы қабылданған үғымдардан шығып кететін, қунделікті тақырыптар мен қам-қарекеттер сырт қалатын бірдене айту деген осындай-ақ болар.

Міне, сондай сәт туды.

Бұлжерде салыстыру қаншалықты орынды болатындығын қайдам, бірақ залдың ыңғайы Гогольдің «мылқау көрінісін» еске салды: үрей, танырқау, нағыз аңыру сездерден емес, жуздерден көрініптурды. Бірақ бұлжерде тұп-түгел күтпегендік асері болды деу жарамас. Дегенмен мен баяндама жасар алдында осындай мәлімдеме дайындалып жатыр еken деген ақларат депутаттардың арасына тарап кетіпті. Мемлекеттік қызметшілер талқылай бастаған. Бірақ сыйбыс бір басқа, Президенттің өз ауынан естудің жөні бір басқа. Үйренген жерді, үйді қалдырып, бөтен қалаға кету мүмкіндігі болжамғана емес, бұдан былайғы жерде ақиқатқа айналғалы тұр.

Бір сезбен айтқанда, көшіру туралы шешімге ду қол соғу болмады. Мен өз сезімді туған күніме орайластырып, маселенің осындай төтен қойылысына түсіністікпен қарар деген есеп жасағанмын. Бірақ осы сезімнен кейін, ешкім де мениң туған күнім туралы естеріне алған жоқ және өз сездерінде мениң дұрыс-бұрыстығымды ескеріп те жатпады...

Мен Алматының үйреншікті мартебесін қиғысы келмей түрган шын көңілін, әрине, үқтym.

Мен мемлекеттік қызметшілердің үйреншікті жағдайдан және жайлы Алматыдан қыстығуні боран үйткітын, жазда шаң борайтын қайдағы бір жапан далаға, желдің өтіне көшуге құлықсыз шын көңілдерін түсіндім.

Бірақ, барлық тартысты жағдайдан кейін депутаттар мемлекеттік істе даурықлаға және шеткегі қалаға көшу мәселе сінде жеке бастың мүддесіне орын жоқ екендігін көрсетіп, мемлекеттік қайраткерліктерін танытты.

Жоғарғы Кеңестің: «Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың мемлекет астанасын Ақмола қаласына ауыстыру туралы ұсынысына келісім берілсін...» – деп қабылдаған шешімі залда жарияланды.

Сейтіл, айтулы оқиға жүзеге асты. 1996 жылы 6 шілдеде Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қазақстан Республикасының астанасын көшіру туралы» тарихи қаулы қабылдады. Бір жылдан кейін, яғни 1997 жылғы 20 қазанды Қазақстан Республикасы Президентінің «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы» аса маңызды Жарлығы қабылданды. Ол бүкіл мемлекеттіміздің дамуының алғашқы қозғаушысы және серпін берушісі болды.

Шынын айтқанда, астананы көшіру туралы шешім Парламентте осылай жеңіл өтіп кетеді деп күткен жоқ едім. Мениңше, көптеген депутаттың бұл ойға құптай қараган себебі, олар іс жүзінде бұл көш айтартылғатай үзақ уақытқа созылады деп ойлады білем. Олар іштерінен астана Алатаудың етегінен өзінің ақырғы стансасы Ақмолаға 25 жылдан кейін, мүмкін 30 жылдан кейін қозғалар деп пайымдаса керек.

Біз енді бұл үміттің акталмағанын білеміз, бірақ, мұндай шешімді кері қайтарып ала алмайсын.

Ең қызығы, астананы көшіру қауыртқарқынмен жүргізілді. Мен ауелде басты шаруа Президент Әкімшілігін, Парламентті және Үкіметті апару деп ойлағанмын. Министрліктерге, ведомстволарға, сот органдарына, басқа да үкіметтік және мемлекеттік құрылымдарға келсек, олардың көшу уақыты әлі алда, тап қазір емес, шамамен 2000 жылдың маңында деп пайымдадым.

Кейін таңырқай байқағаным, барі де жаңа астанаға кешүге пейіл білдіріп, белсенділік білдіре бастады. Ақмоладан езбеттерінше ғимараттар тауып, оларды жөндеп, ез күрылымдарын жылжытуға кірісті. Бұл процестің қызу да қарқынды сипат алғаны сондай, мен енді оларды тоқтата алмадым. Шынын айтқанда, қарсы болғаным да жоқ.

Оның үстіне, осындай сәттерде көптеген басшының ықтимал үйымдастыруышылық қабілеті анықталады.

Сонымен, парламенттік шешім қабылданды. Ал кез келген шешім орындалуды талап етеді. Сейтіл, астананы, сол арқылы күллі елді орынан қозғап жіберу үшін 1994 жылдың еңе бойына қаржы-қаражат іздеумен болдым.

Сонан соң құрметті депутаттарымызға қайтадан жұғніп, Қазақстанда тұрғын үй құрылышын дамытуға тұтас 50 миллион доллар бөлдіре алдым. Алға озып айта кетейін, Қазақстан Республикасының жаңа астанасындағы 9-шағын аудан нақосы ақшаға салынды.

1995 жылы біз Ақмоланы жайластыруды, жаңа әкімшілік ғимараттар және мемлекеттік қызметшілер үшін тұрғын үйлер салуды қаржылай қамтамасыз ету мақсатында «Жаңа астана» арнайы қорын құрдық. Оған мемлекеттік менишкіті жекешелендіруден алынатын ақшаның белгілі бір белігі құйылып отырды.

Бұдан басқа, елорданы жайластыру үшін Астана қаласында арнайы экономикалық аймақ, құру туралы маселе алдан шықты. Ақмоланың сол кездегі әкімі Аманжол Белекбаевтың менімен кездескен кезінде осы мәселені қойғаны есімде. Расында да, Белекбаевтың уәждері сондай сенімді еді және мұндай қадамсыз жаңа астананың қаржы-экономикалық проблемаларын шешу мүмкін еместігін көрсетіп тұрды.

Сейтіл, ойға алдық та, іске асырдық. 1996 жылы менің жарлығыммен арнайы экономикалық аймақ құрылды, ал сол жылы қараашада А. Белекбаевты оның тәрағасы етіп тағайыннадым.

Осыған орай мен әдейі Ақмолаға келдім. Кеңейтілген кеңес өткізіп, сонда Ақмола ЕЗА құру туралы шешім қабылданды. Бұл қадам жаңа шағын аудандар құрылышын бастау үшін едауір қаржы жинауға мүмкіндік берді. Өйткені еркін экономикалық аймақ аясында жинаған бүкіл қаржының 60 пайызы қала бюджетінде қалатын, ал қалған 40 пайызы тікелей облыс бюджетіне кететін.

Бұл идеяны Аманжол Бөлекбаев астананың Ақмолаға көшетіні туралы алғаш естігеннен-ақ, ойда ұстаған екен.

Қала әкімінің Ақмолада еркін экономикалық аймақ құру туралы Үкіметке бірнеше мартे жасаған ұсынысы қабылданбай, жауапсыз қалып отырыпты. Бірақ тоқтамауға бел байлаған А. Бөлекбаев менен өзін қабылдауымды өтінді. Бұл 1996 жылдың ортасы еді. Бөлекбаев өзінің ЕЗА құру туралы ойын еткізе алмай, қалай сергелденге түскені туралы айтып берді. Үкіметтің айналысып жатқан шаруасы қыруар екенін түсінгеніммен, дәл осындай шарасыздыққа қатты қынжылдым. Қалыптасқан жағдай үндемей аяқтан шалу деп бағалауға лайық еді. Ой дұрыс және ұсыныс уақтылы жасалып отыр, оны қалай да жүзеге асыру керек. Оның үстіне қазақстандық тәжірибеде дәл осындай мысалдар бар. Бұған дейін Қызылордада және Лисаковта арнағы экономикалық аймақтар құрылған болатын. Еліміздің бас қаласына айналғалы түрган қалада кәсіпкерлікті дамыту және астаналық инфрақұрылымды қалыптастыру маселелерін шешудің әлдеқайда женілдетілген нұсқалары үшін неге барлық жағдайды жасамасқа.

Мен астананы көшіру туралы шешімді селікос қабылдаған облыс әкімі А.Г. Браунды ауыстыруға үйғардым. Облыс акімдігіне қаланы және осы өнірді жақсы билетін Ж. Қарібжанов тағайындалды. Оған шаруашылық міндеттермен қоса өзіндік бір «топономикалық тапсырма» да жуктелді. Қөшелердің және барлық ауданның атауларын өзгерту

керек еді. Бұл жер «октябрь, краснознамен, совет, Ленин» деген сияқты еткен заман атауларының тұнып түрған қорығы десе де болғандай-тын. Ол мениң көптеген тапсырмамды, соның ішінде осыны да тәп-тауір орындашықты.

1994 жылдан бастап Ақмолаға жи, іс жүзінде апта сайын келіп, жергілікті жерді зерделей түстім.

Сондықтан 1996 жылдың бір күндері кезекті келгенімде Ақмолада еркін экономикалық аймақ құруға арналған арнағы кеңес өткіздім.

1996 жылғы 6 қазанда Ақмола қаласының аумақтық шекарасы ішінде Ақмола арнағы экономикалық аймағын құру туралы тиісті Жарлыққа қол қойдым және осы Жарлықпен Аманжол Бөлекбаевты оның тұнғыш төрағасы етіп тағайыннадым. Осындай пәрменді тәсілмен Үкіметтің жаңа астана Ақмолаға қатысты үндемей аяқтан шалуын тыйдым. Осылайша арнағы экономикалық аймақ арқылы жаңа астананың қалааралық бюджетін түзетуге және сауықтыруға мүмкіндік жасалды.

Ақмола ЕЗА жемісті қызметінің натижесінде қала экономикалық аймақ қызметінен түсетін пайданың 60 пайзынын алатын болды. Облыс бюджеті де сырт қалған жоқ, оған ЕЗА қаржы түсімдерінің 40 пайзызы белінді. Сейтіл, ұзаққа созылған сергелден мен бұлталақтан кейін Ақмола қаласының еркін экономикалық аймағы жобасы астаналық инфрақұрылымды қауырт та белсенді қалыптастыруда және қаланың аудандарын салуда күшті серпін берді.

Әрине, Астананы салу барысында тек құрылымы проблемалары ғана емес, басқа да маңызы кем түспейтін, мысалы, әлеуметтік сала мәселелерін шешуге тиіс едік. Қаланың, оның үстіне астананың инфрақұрылымы – тек үйлердің әдемі қасбеті мен биік ғимараттар ғана емес. Бұл – астананың әрбір тұрғыны үшін микроклиматты жақсартуға арналған әлеуметтік және қогамдық проблемаларды ойдағыдай

шешу де. Астананың әлеуметтік инфрақұрылымы үшін қаражат түрлі жолмен табылып жатты. Кей реттерде, бұл сезіді қолданудан қашпаймын, әкімшілік ресурстар да кеңінен пайдаланылды.

Еліміздегі әлеуметтік мәселелер аса бір шиеленісіп тұрған 1994 жылы Ақмолада митинг болды. Аланға зейнеткерлер, бірнеше мың адам жиналды. Қала басшылығының ішінен адамдармен кездесуге тек Аманжол Бөлекбаев қана шықты. Олон бес минуттай қала тұрғындарының, былайша айтқанда, қалалық әкімет зейнетақыны уақтылы бере алмай келе жатқаны туралы сындарын, наразылықтарын тістене тыңдал тұрады.

Сол жерде Бөлекбаевқа жақсы таныс бір зейнеткер жақындаиды. Ақмолаға таяуда көшіп келген бұл зейнеткер барлық жоғарғы жақта жазып, кезектен тыс пәтер беруді талап етіп жүрген болатын. Бөлекбаев кезектен тыс беруге қақым жоқ деп бас тартқан. Аманжолды алаңда көріп, ол бұған тақап келеді де, мұнда не бітіріп жүрсің деп тілден жібереді. Бөлекбаев та оның жанына жақындал, сыпайылап айтқанда, алғінің өз тілімен тиесілі жауабын береді.

Осы жерде жиналғандар Бөлекбаевтан: «Аманжол, не болды?» – деп сұрайды. Ол: «Мына кісі ылғи келіп, кезектен тыс пәтер беруді талап етеді, барлық жоғарғы жақта жазбаған жері жоқ, арызды боратып жур. Ал менің оған айтарым: мен қалалық атқару комитетінің төрагасы болып тұрғанда, кезектен тыс пәтер ала алмайтыны», – дейді.

Аландағы шиеленісті жағдай бірден сейіліп сала берген. Барі де құліп, әзілдей бастаған. Сол уақытта Бөлекбаев сез алады да: «Сіздер маган сенесіздер ме, жоқ ла? – деп сұрайды. – Сенеміз, – деп жауап қатады жиналғандар. Бөлекбаев: Онда маган үш-төртай мұрсат беріңдер, мен бұл зейнетақы мәселесін шешемін», – дейді. Халық келіседі. Аманжол Бөлекбаев та уақтысында уадесін орындаиды.

Мен Аманжол Белекбаевқа Ақмолада еркін экономикалық аймақ құру арқылы астананы салудағы қыруар еңбегі мен сенім-қажыры, бастамашылдығы мен табандылығы үшін айрықша ризашылығымды білдіремін. Аймақ жаңа астананың құрылышын қаржымен қамтамасыз етуде бірқатар елеулі проблеманы шешуге мүмкіндік берді.

Мұндай еркін экономикалық аймақ құрылмағанда 1997 жылдан бастап орындалған құрылыш жұмыстарының осыншама орасан зор көлемін атқару мүмкін болmas еді.

Біз осы қорға 70 миллион доллардай қаржы жинай алдық.

Содан кейін бұрынғы Кеңес Одағынан Қазақстанға қалған материалдық резервке кезек келді.

Ол соғыс жағдайы туа қалса деп жиналған сирек металдар мен темір қорытпалары секілді металлургия өнімдері және құрылыш материалдарынан тұратын еді. Енді тәуелсіз Қазақстан үшін мемлекеттік материалдық резерв ретінде қажетті бөлікті қалдыра отырып, қалған бөлікті саттық та, бұдан түскен жиырма миллион доллардай соманы жаңа астана қорына аудардық.

Бұлардың барінен басқа, менің шетелдік инвесторлардан он жыл мерзімге пайызызыз несие ала алуға қолым жетті.

Әрине, Астана құрылышына шетелдіктердің тікелей инвестициялар туралы да үмітуға болмайды. Менің шетелге барған сапарларымның барлығында Астана сез болмай қалмайтын. Көбінесе оның дамуына және құрылышына инвестиция салу маселесі қозғалатын. Өтемсіз инвестициялар есебінен – Астана құрылышына аз да емес, көп те емес, 200 миллион доллар жинай алдым. Оған Астананың көптеген саулет құрылышы мен кешені салынды. Олар: «Астана-Байтерек», әкімдіктің жаңа ғимараты, жаңа Ақорда. Астананың құрылышына Катар, Сауд Арабиясы, БАӘ, АҚШ және Кувейт сияқты елдер бірінші кезекте тікелей өтемсіз көмек көрсетті.

Мысалы, Құрама Штаттарға сапар кезінде мұнай компанияларының екілдерімен кездесуде 11 миллион доллар жинап алғаным есіме түседі. Ол қаражатқа «Қазақстан» спорт кешені салынды.

Егер тек гранттар мен етемсіз инвестициялар есебінен салынған объектілерді жайғана санамалап шықсақ, әжептәуір тізім болар еді. Мысалы, Президент Ақордасы Әбу-Даби даму қорының гранты есебінен салынды. Бұл 72 миллиондай доллар. Парламент Сенатының ғимараты Сауд Арабиясының гранты есебінен бой көтеріп отыр. Бұл 12 миллиондай доллар. Үлттық кітапхана «Аджип» және «Қара羞ғанак Петролеум» инвестицияларының есебінен жасалуда. Бұл 11 миллионнан астам доллар.

Оның үстіне, «Аджип» Үкімет үйінің құрылышына 9 миллиондай доллар және «Оқжетпес» шипажайын қайта құруға 11 миллионнан астам доллар қаржы бөлді. Стадион құрылышын «Испат-Қармет» қаржыландырып отыр. Бұл 38 миллион доллар. «Нұр-Астана» мешіті Катар мемлекетінің 15 миллион доллар гранты есебінен тұрғызылды. Астана қаласы әкімдігінің ғимаратына Кувейт қоры 10 миллион доллар грант бөлді. Құны 33 миллиондай доллар тұратын «Астана-Тауэр» бизнес орталығын Түркияның ABS орталығы қаржыландырды. 5 миллион долларлық Кардиология орталығы Сауд Арабиясы Корольдігінің гранты есебінен салынды. «Қазақмыс» 7 миллион доллар тұратын дипломатиялық қалашық құрылышын қаржыландырды.

Жалпы алғанда, әңгіме жүздеген миллион доллар қаржы тартылғаны туралы болып отыр. Біз бұл объектілерді салуга бюджеттен қаражат бөле алмайтын едік.

Екінші жағынан, осы тартылған қаражаттың көпшілігі Қазақстанға және оның Президентіне тартылған сыйлар.

Алға озып айта кетейін, бүгінгі күні Астана құрылышын қаржыландыру мәселесі іс жүзінде соншалықты өткір емес.

Астананы салуға инвестициялар көлемі 2 миллиардтай долларды құрайды. Бір атап өтерлігі, соның 70 пайыздайы біздің өз инвестициямыз.

Есіл жағалауындағы жаңа астананы салуға арналған бастапқы қаржыны тиындал жинай жүріп, ақыры өзіме-өзім: «Алға!» деп айта алдым.

Бірақ бұл, әрине, астаналық объектілерді бастапқы салу кезінде барлық қаржылай қыншылық шешілген еді дегенді білдірмейді. Мұндай маселелер үдайы туып отырды.

Астанада жаңа елорданың дүниеге келуінің алғашқы айларында мен күн сайын немесе, дәлірек айтқанда, әр түн сайын (түнгі сағат 3–4-те) жоспарлау еткізіп отырдым.

Солардың бірінде құрылышылар жұмыс істеуден бас тартуда, өйткені оларға жалақы төлейтін ақша жоқ, деген мәселе туды. Олар екінші ай айлық алмаған. Не істеу керек? Сол кезде жаңа астана құрылышын қадағалап, жетекшілік етіп жүрген Владимир Васильевич Ни осы маселені шешу үшін маған Алматыға арнайы келді.

Сейтіп, 1995 жылғы қараша айының бір күні кешкі сағат тоғызыда Алматыдағы Ақордаға қабылдауыма В.В. Ни кірді. Оны көріп: «Володя, неге қабағың түсіңкі?» – деп сұрадым. Ни айтты: «Нұрсұлтан Әбішұлы, солай да солай! Құрылышыларға төлейтін дәнене жоқ. Жұмыстар тоқтап қалуы мүмкін. Кемектесіңіз. Бұл туралы айту қыын, бірақ Нұрсұлтан Әбішұлы, астанада жағдай өте шиеленісіп түр. Ақша жоқ, тамағымыз тақул-түқыл. Жарты стақан қаймақ, балық, пен жұмыртқа». Мен айттЫМ: «Ақша болады. Қанша керек?». Ни батылданып: «Он бес не жиырма миллион доллар керек», – деді. Мен тағы да: «Ақша болады. Саспа, Володя», – дедім.

Келесі күні Үкіметке Ақмола құрылышына арналған резервтен қаражат табуды тапсырдым.

Үкімет қаржыны ізден тапты, сейтіп, он жеті миллион доллар болді. Владимир Васильевичті шақырып алдым да:

«Володя, Ақмолаға бар да, жұмысынды алаңсыз істей бер. Егер бірдене болса, магандереу хабарлас. Мен саған көмекші боламын», – дедім. В.В. Ни: «Нұрсұлтан Әбішұлы, олай болмайды», – деп күлді...

Жұмыс қайта жалғасты. 1996 жылы 20 ақпранда Ақмолаға үшіп келдім де, объектілерді қарауға кірістім. Үкіметтік және мемлекеттік ғимараттар, министрліктерге арналған ғимараттар қалай қайта салынып жатқанын, басқа да Құрылыштарды қарап шықтым. Барлық құрылыш объектісін және аландарды аралап өткеннен кейін, барін жинап алдым да, тұра көшеде: «1997 жылы Қазақстан Үкіметі Ақмолаға көшіп келеді және бұл жоспардан ешқандай ауытқу болмайды, болдырмаймызды да. Сіздерге тағы бір жыл беремін – 1997 жылға дейін. Сондықтан дайындалыңыздар», – дедім.

1996 жылғы наурыздың аяғында Владимир Васильевич тағы келді. Не болды деп сурадым. Ни айтты: «Нұрсұлтан Әбішұлы, ақша жоқ. Үкімет қаржыландыруды тілті догарды, сейтіп құрылыш тоқтап қалуға айналды. Нұрсұлтан Әбішұлы, түсінбей тұрмын, бұл не – Үкімет таралынан қарсылық па?»

Сағат түнгі он бір жарым еді. Трубканы алдым да, Қазақстанның сол кездегі Премьер-министрі Әкежан Қажыгелдинмен және оның орынбасары Александр Павловпен қосуды сурадым. Оларға тұрғын үй құрылышына белінген ақшаны Ақмоланы салуға басым тұрде жолдауға тұра келетіндігін айттым.

Сейтіп, маселені шештік. Ни елу миллион доллар алды да, астананы салуға қайта кетті. Солай, әр машинаның тежеуіші болады ғой. Рас, ол кейде қажет кезінде және дәл сатінде қосылмай қалады. Бірақ, дегенмен...

Қазақстан Парламентінің тарихи шешімінен кейінгі үш жылда мен Ақмолаға ай сайын дерлік келіп тұрдым.

Бұл жерде астананы Ақмолаға көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссия жұмыс істеді. Оны жаратылышы-

нан құрылышы Н.М. Макиевский басқарды. Ол өзінің сенімділігімен және құлшынысымен тіпті өз сенімім мен құлшынысым жетіл-артылатын мениң өзімді еліктіріп жіберетін. Николай Михайловичті талай жыл біле журіп мен оны қасіби біліктілігі, құрылышылардың үлкен ұжымдарын үйіта білетіні және қашан да қойылған міндетке қол жеткізе білетіні үшін қатты құрметтейтін едім. Жаңа астананың құрылышын ол өзінің жеке міндеттемесі ретінде қабылдады. Ғимараттарды Алматыдан Парламенттің, Үкіметтің кешіп келуіне дайындау, бас аланды абаттандыру – осының бәрінде оның сінірген еңбегі аз емес.

Өкінішке қарай, осы бір тамаша адам дүниеден ерте кетті. Бірақ оның бейнесі талай жаннаның жадында.

Бұған дейін айтып кеткенімдей, қаланы «астана кешін» қабылдап алуға дайындау жөніндегі жедел мәселелермен осында жүрген Президенттің іс басқарушысы Владимир Васильевич Нияйналысты. Ол бұғандейін көпжыл (1984 жылдан) мениң көмекшім болып жұмыс істеген еді. Мениң ойымды жеріне жеткізе «темірдей қатаң орындаушы» атанған, егер осылай айтуға болатын болса, ол тіпті әр кірпіштің нақ жаңа астананың құрылыш алаңына жетуін қадағалады. Осы қаланың қамқоршысы ретінде барлық мүмкіндігін пайдалана отырып және жергілікті ерекшелікті білетіндігімен Ақмоланың әкімі А. Болекбаев Ақмоланы «астаналық, мартебені» қабылдап алуға дайындауға барынша атсалысты.

Астананы көшіру туралы шешім қабылданғаннан кейін 1995 жылғы 14 шілдеде Владимир Васильевич Ниді өзіме шақырдым. Оның бірбет, өте намысқой, өз дегенінде тұра алатын табанды, мәселені міnez көрсетпей-ақ, қатаң да нық шеше алатын қасиетін пайдаланғым келді. Байыпты, кен әнгіме болды. Мен оған: «Володя, кәне, адамдардан бригада жасақтада, Ақмолага бар. Айнала түгел қарап шық, үкіметтік және мемлекеттік мекемелерді қайда орналастыратыны-

мызды анықта. Қарап шық, неден бастаймыз, не істейміз, қалай істейміз, тұжырым жаса. Министрліктер қайда болады? Қандай ғимараттарды қайта құруға болады? Қандайын жаңадан салу керек? Жалпы алғанда, зертте, жергілікті жерді өзінше барла.

Өзіңе бірінші кезекте қажетті адамдарды ал. Кімді қажет деп санайсың, ал. Ең бастысы, созба. Осының бәрін жылдамда жедел орында», – дедім. Содан кейін, «Володя, сен озің қалай ойлайсың? Астананы ауыстыру керек пе өзі?» – дед сурадым. Ни сарбазша жауап берді: «Нұрсұлтан Әбішұлы, бұл маселе талқылауга жатпайды.

Сіздің бастамаңызben Жоғарғы Кеңес шешім қабылдады, енді оны орындау керек».

Шының айтқанда, жеңілдеп қалдым. Владимир Васильевич барлық уақытта ашық айтатын, егер астананы көшіру ойы оның көңілінен шықпаған болса, ол маған жарамсақтанып, жағымпаздықлен жай бұлай айта салмас еді. Ал істі ауқымды бастаманың ойдағыдай орындаларына өзі сенбей түрған адамға тапсыру оны жөргегінде тұншықтыру деген сөз.

Осы әнгімендегі кейін В. Ни өзі сенетін, тапсырманы орындауға барынша жауапты және істің көзін таба білетін адамдарды жинады.

Ондай адамдар бар еді, олар: құрылышы Вячеслав Павлович Иванов, Болат Фазизұлы Нұрпейісов (қазір Президент Іс басқарушысының орынбасары), Президент Іс басқарушысының сол кездегі орынбасары Олег Анатольевич Песков, Әусадық Әубеков және басқалары.

Олар Ақмолаға келіп, сол кездे қаладағы жалғыз тәуір қонақ үй «Есілге» тоқтайды. Бөлмеге жайласып, ажетханаға кіреді. Су жоқ... Қазір күлкілі, ал ол кезде су нөмірге күніне үш-төрт сағат қана беріледі еken. Олар үйіктауға шешінбестен жатқан, күн салқын болған. Олар, арине, бұл қыншылықтарға төтеп береді, бірақ көшіп келуге құлшыныстары кеміп қалды-ау.

Сол кезде олардың не ойлағаны маған белгісіз...

Сонымен, 16 шілдеде Владимир Васильевич бастаған «ер жүрек жетеу» Ақмолаға жүріп кетті, астанаға келіп «Есіл» қонақ үйіне жайласты. Ізашарлар бригадасы Ақмолада он күн болды. Қайтып келген соң, Ни кіріп, бірден баяндай бастады. Әкімдіктің ғимараты бар. Егер қайта құрса, онда Үкіметті орналастыруға болады. Жобалау институтының ғимараты Парламенттің екі палатасы – Сенат пен Мажілісті орналастыруға жарайды. Соңан соң Ни: «Нұрсұлтан Әбішұлы, Сіздің Ақордаңыз үшін болашақ Үкімет үйінің жанынан ғимарат салу керек», – деді. Мен оған: «Неге? Үкімет ғимараты бар емес ле?» – деп жауап қаттым.

Владимир Ни өз дегенінен қайтпады: «Ақорда барлық уақытта белек тұрады, басқаша болмайды». Мен: «Жарайды, көрерміз...» – дедім. Соңан соң: «Ал түрғын үйді қайтеміз?» – деп сұрадым. Ни айтты: «Ақмолада үй жоқ, есебі. Салу керек. Көп салу керек». Мен оған: «Солай ма? Кәне, түрғын үй мәселесін шеш. Алғашқы кезге не салу керек. Мүмкін сатып алармыз? Мүмкінәлдебір жатақханаларды қайта жабдықтауға болар. Мүмкін құрылсызы біттей тұрган үйлер бар шығар».

Міне, осылай әңтіме жалғаса берді. Тиянақты әңгіме үзакқа созылды. Әңгіменің соңында: «Володя, кәне, былай етейік. Бір аптадан кейін сонда бірге барайық», – дедім. Осылан тоқтадық.

Бірнеше аптадан кейін В. Ни екеуміз Ақмолаға келдік. Мен әкімнің бурын обкомдік болған резиденциясына тоқтадым. Болашақ астананы аралап шықтық. Міне, мынау болашақта Үкімет орналасатын ғимарат дейді Ни. Жарайды деймін. Жендеу және қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу керек. Үкімет басшысының және Үкімет мүшелерінің кабинеттері қайда орналасатынын ойластырған жен.

Парламенттің болашақ ғимараты да солай. Барлық ғимарат тозыңқырап қалған екен, қалайда жендеу қажеттігі туады.

Облыстың сол кездегі әкімі Браунды қоса қала активін жинап алдық. Ақмолаға қалай қоныстану мәселесін шештік. Не салу керектігі айтылды. Қала инфракүралымының маселелері талқыланды. Өйткені сол кезде Ақмола республиканың көптеген қаласы сияқты ыстық және сұық сумен, жылумен жабдықтау қындықтарын көріп жатқан-ды. Басқа да проблемалар жетерлік. Барі де Ни айтып келгендей екен: үлкендігі бармақтай масалар, кестемен берілетін су, киімшешүйкітау, сұық қысқы түндер, үрей ұшыраптың жайттар. Тіпті облыс әкімі өз кабинетінде пальтомен отырады, жанында жылытқыш...

Онда басқа үй-жайларда жылу қайдан болсын... бұл не қылған әкім деп ойлағаным есімде. Қашаннан жұмыс істейді, қаланың жылуын жолға қоя алмаған.

Сонымен айтқаным: «*Жігіттер, достар! Шегінетін жер жок. Кәне, осының барін жасайық. Кәне, ешқандай қорықпайық. Кәне, жұмыс істейік*», – болды.

Барі осылай басталды. Бірте-бірте барі қозғалысқа келді. Ақмола ғимараттарын қайта қалпына келтіру және түрғын үй салу жұмыстары басталды. Осы қын да ауқымды жұмысқа бірте-бірте барған сайын жаңа адамдар тартыла берді, олар нағыз майталмандарға айналды.

Астананың дамуына жаңа елорданың бұрынғы әкімі Әділбек Жақсыбеков зор үлес қости. Қала инфракүралымы тіршілігіне байланысты болған қаланың барлық қызметінің жұмысы нақ соның арқасында тиісті деңгейге жеткізілді. Коммуналдық шаруашылықты, денсаулық сактауды, сумен жабдықтауды, білім беруді, қаржы бөлуді және энергетиканы құн сайын, сағат сайын қадағалап, үйлестіре білді. Ә. Жақсыбеков қалалық «гомеостазистің» барлық маңызды элементінің қызметін бірқалыпты жұмыс істейтін, айтар едім, астаналық деңгейге көтерді.

Бірге жұмыс істеген бұл адамдардың айрықша құндылығы – мен оларға басшы ретінде қойған талаптан да жоғары ері қатаң талапты өздеріне қоя білгендігі. Бүгін мен осыларды және басқа да көптеген адамды ризашылық, сезіммен еске аламын. Олар ешқашан маған күмәнданған емес және мениң тапсырмаларымды, өздерінің жұмыстарын бүлжытпай ері шығармашылықпен орындаپ журді. Олар – В. Ни, Э. Жақсыбеков, А. Бөлекбаев, Т. Досмұхамбетов, Н. Макиевский, Ф. Ғалымов, Президент Іс басқарушысының орынбасарлары В.П. Иванов пен Б.Ф. Нұрлайсов, О.А. Песков, облыс акімінің бұрынғы бірінші орынбасары Қайсар Омаров, бас мердігер А. Ермегияев, бас мердігер Р. Бекболатов, бас қаржыгер Э. Әубеков . және көптеген басқа да жаңдар. Қанаттастар, достар, жолдастар .

Астанаға көшіп келер алдында мен Ақмоланың бизнес қайраткерлерін жинағым. «Астананың Ақмолага көшетініне қуаныштысыздар ма?» деді сурадым. Олар «Әрине, қуаныштымыз» десті. Онда дедім: «Жілітер, кемектесіздер. Сіздер коттедждерді жаман салмайтын көрінесіздер. Бастапқы кезде кемектесіздер, оларды жаңа астанаға сыйланыздар. Міне, сіз, Асқар Мәмін «Мәскеу» қонақ үйін сатып аlyпсыз Осы ғимаратты мемлекетке қайтара алар ма едіңз? Мамин де, басқа бизнесмендер де мениң етінгенімді ойланbastan орындағы. Сол, бұрынғы «Мәскеу» қонақ үйінің ғимаратына үзақ уақыт Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі орналасты.

Егер мен алдекімді атамай кетsem, шын көңілден кешірім етінemін. Расын айтқанда, жаңа астананың қалыптасуына зор үлес қосқандардың бәрінің толық тізімін жасар ма еді. Сіра, тұтас том болатын шығар

Олар жалпы міндепті тамаша түсінді, олар кешіру қажеттілігінің ішкі қысының үғынды. Бұл оларға сенім берді және мениң өзімнің дұрыстығыма сенім-сезімімді нығайта түсті.

Осы жерде Норберт Виннердін адамның табысты қызметінің кепілі ретінде оның өз бағытының дұрыстығына сенімі мен сезімі болуын анық, көрсетіп: «...Армия офицері дарежесіндегі адам ержүрек болуы тиіс, бірақ арбір аскери операция кезінде: «Мен ержүрек адаммын ба?» деп сұрайтын адам жақсы армия офицері бола қояр ма екен», – дегенін еске алған орынды.

Менің ойымды жүзеге асыру жұмыстарымен айналысқан сол біраз адам өздерінің дұрыстықтарына сенімді еді, сондықтан да «Назарбаевтікі дұрыс па?» деген сұрақты өздеріне сирек қойған болар

Астананы Есіл жағалауына көшірудің негізгі орындаушылары сенімді болуының нәтижесі – біз қол жеткізген табыс.

Біз мүмкін еместі болдырдық, ең қысқа мерзім ішінде астана қызметін Алатаудан Сарыарқаға көшіре алдық.

Сейтіп, жұмыс қызып сала берді. Күндіз-тұн бірдей журді Қада қаққан машиналар гүрсілдетіп жатты, қаптаған құрылышыға, көтерпіш крандар мен құрылыш материалдарына толған құрылыш аландары у да шу еді. Ана жер, мына жерде Құрылыш жылғалары пайда болып, олар бірте-бірте қуатты тасқынға ұласты. Ақмоланың бүкіл орталығы алып құрылыш алаңына айналды

Келетін мемлекеттік қызметшілер мен олардың отбастары үшін тұрғын шағын аудан салуға зор көңіл белінді. Мұндай алғашқы шағын ауданды салуға арналған орын таңдау бойынша ұсыныс көп болды. Болашақ құрылыш үшін қазір «Самал» шағын ауданы орналасқан жер мейлінше қолайлы деп табылды. Дегенмен нақ осы ауданда құрылыш салуға қарсылар аз болмады. Батпак, қамыс, гимарат өзенге құлап кетеді десті. Бірақ, әкім мен астана сәулетшілері өз дегендерінде тұрды. Мен оларды қолдадым, сейтіп осы участкені құрылыш салуға белдік.

Сейтп, жаңа елорда картасында Астананың ең бір көркіті, келбетті тұрғын шағын ауданы салынды. Оған «Самал» деген әдемі де айшықты ат берілді.

Кейін Әділбек Жақсыбеков қазіргі «Самал» аумағына құрылыш салуға қарсы болғандардың шын себебін айттып берді. Бұл ара Ақмоланың барлық үлкен дарежелі шенеунітінің ит қыдыртатын жері болып келген екен. Сейтіп, осындай ыңғайлыштардан жерден айырылғылары келмепті. Ит, әрине, адамның досы. Бірақ, дегенмен, адамның проблемасы төрт аяқты хайуанның проблемасынан маңыздырақ қой.

Сейтіп, қауырт құрылыш жұмыстары басталып кеткеннен кейін жоғарғы және орталық мемлекеттік органдарды жаңа астанаға көширу нақты орындауға кірісерлік межеге жетті.

1997 жылдың жазы мен күзінде Ақмолада жиірек келіп жүрдім. Астаналық әуежайдың жаңа үшу-қону алаңын салуды, Президент Әкімшілігінің, Парламенттің әкімшилік ғимараттарын қайта жөндеу мен салу барысын жеке өзім қадағаладым.

Үшу-қону алаңын салуға айрықша көніл белінді. Қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілген екі айда таулігне 3 000 тонна асфальт қабылдаған кездер де болды.

Натижесінде бір жаз ішінде ең қысқа мерзімде ұзындығы 3 000 метр үшу-қону алаңы салынды. Осы заманғы жарық-белгі беру жүйесімен жарапталды. Бағыттаушы жолдардың тұтас жүйесі жаңадан қосымша салынды. Сейтіп, Астананың әуе жолы жасалды және елордалық әуежай үлкен әуе кемелерін қабылдай алатын болды. Сондай-ақ келушілерге арналған VIP залы салынды.

Бұгінгі күні Астананың әуежайы тек шағынтоннажды ұшақтарды ғана қабылдай алатын шет аймақ деңгейіндегі әуежай емес.

Бұгінгі күні Астананың әуежайы – жолаушы және жүк терминалдарынан, үлкен жүк ұшақтарын және ірі көлемді

жолаушы ұшақтарын қабылдауға арналған халықаралық желілерден, аэробағыттау объектілерінен, әуеайлақ қызметтерінен, жол коммуникацияларынан тұратын және автотұрақтары бар осы заманғы тұтас инфракүрылым. Әуежайдың барлық қызметті қуатты әуеайлақ арнағы техникасымен және әуе кемелеріне жерде қызмет көрсету жабдығымен жаракталған. Есіл жағалауындағы астаналық әуежай сапа мен қызмет көрсетудің әлемдік стандарттарына сәйкес салынған еліміздің алғашқы әуе қақпасы болды.

Мен әр сапар сайын министрліктер, ведомстволар, құрылымдары басшыларының қатысусымен кеңес еткіздім. Солардың бірінде көшудің нақты мерзімі етіп 1997 жылғы қараша-желтоқсанды белглеу үйіралды.

Құрылым фирмаларының басшылары құздің басына қарай барлық ғимарат дайын болады деп уаде етті. Кешіп келетін шенеуніктер үшін тұрғын үйлер де жылдың аяғына қарай берілетін болды.

Ешкім де бізді осындай қысқа мерзім ішінде Ақмоланы орталық мемлекеттік органдардың көшіп келуіне дайындал үлгереді деп ойламады. Бірақ біздер, құрылымшылар, астананы көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссияның барлық мүшесі, осы іске қатысқанның барі, осыны жасай алдық

1997 жылғы 20 қазанда «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы дөп жариялау туралы» Жарлық шықты. Осы құжатқа сай Ақмола Қазақстанның астанасы құқығын 1997 жылғы 10 желтоқсаннан бастап иеленді. Жана астананың ресми тұсаукесер тойы 1998 жылғы 10 маусымға тағайындалды

Мен сол күн Алматы қаласының мартебесі туралы Жарлыққа қол қойдым және қала активінің жиналышында шаһарды дамыту жоспарларымды ортаға салып сез сейледім.

Өз сезімде мен еліміз алдағы уақытта да қаланың қуатты алеуетіне, осында еңбек ететін тамаша адамдарға арқа

сүйей беретін болады деп мәлімдедім Алматы өнеркасіптік, ғылыми, қаржылық, тарихи және мәдени орталық, ретінде Қызыметін жалғастырып, дәйекті дами беретін болады

Қалаға республикалық қала мәртебесі берілді Оның екіметі коммуналдық меншік объектілерін иелену, пайдалану және оларға билік етуге екілеттіктер алды. Ол қалада тіркелген үйымдар акциялары мемлекеттік пакетінің іесі болады

Жаңа жұмыс орындарын куру және қоғамдық жұмыстармен қамтамасыз ету үшін Мемлекеттік жұмыспен қамту қорынан қаражат белу басым тәртіpte көзделді

Мен барлық алматылық маған сенгені үшін, жасы-мағандары үшін, сейтіп білекті сыйбанып тастанап өздерінің туған қаласын қайта жайластыруды қолға алғандары үшін алғысымды айтамын

Астана солтүстікке көшкен сол күннен бергі өткен уақыт Алматы құлдырауға ұшырайды деп үйде отырып сәуегейлік жасағандардың айтқаны келмегенін көрсетіп берді

Қала – бұрынғысынша ғылым мен мәдениеттің ордасы Мұнда адеттегідей елдің қоғамдық-саяси, мәдени өміріндегі аса ірі де маңызды оқиғалар етіп жатады

Үкімет Алматыны өңірдің ірі қаржы орталығына айналдыру бағдарламасын іске асыру қамында

Қаланың инфрақұрылымын дамыту үшін көп нарсе жасалуда. Метро құрылышы қайта жалғасты, жаңа автожолдар салынып жатыр, жаңа бақтар мен гүлзарлар пайда болды және тұрғын үйлер салу толық қарқынмен жүріп жатыр. Алматыда осы жылдар ішінде тұрғындар саны кемімеді, қайта көбейе түсти. Алдағы уақытта да есе беретініне сенімдімін

Осы уақытта Ақмолада мемлекеттік қызыметшілердің алғашқы эшелонының қабылдауға дайындық толық қарқынмен жүріп жатты

1997 жылғы 8 қарашада Ақмоланың орталығында жаңа астанаға басты мемлекеттік символдардың жеткізілуі салта-

наты жағдайда етті Сол күндері жаңа астанаға Президент Әкімшіліп, Үкімет, жетекші министрліктер және ведомстволар қызметкерлерінің алғашқы тобы да келді

Мен Ақмолаға кетіп бара жатқан Президент Әкімшіліп қызметкерлеріне ақ жол тіледім. Өз сөзімде астананы көширудің бір маңызды қырына тоқталдым. Астананың қоныс аударуына байланысты іс жүзінде биліктің өзін реформалаудың жаңа кезеңі басталды. Жаңа елордада мемлекеттік қызметшілердің тың толқынын қалыптастыратын боламыз. Бұл жұмысты орталық мемлекеттік органдар қызметкерлерінен бастаймыз.

Бастапқы кезде қыыншылықтар болмайтынына кепілдік бере алмайтынымды айттыймыз.

Бірақ біз қоныс аударған шенеуніктер жақсы үй алуы және мүмкіндігінше ертерек Ақмолаға өз отбастарын көшіріп әкелу үшін барлық мүмкін нарсені жасауға тырыстық. Жаңа астанаға алғашқы әшеленім мен бара жатқандарға айрықша үміт және зор жауапкершілік жүктеледі. Олар басқарушылардың негізгі легі келгенше жұмыс орындарын дайындаулары керек. Мен кетіп бара жатқандарға осылай сәт сапар тілей отырып, олардың өздеріне жүктелген міндетті ойдағыдай атқаратындықтарына сенім білдірдім.

Ақмоланың аязы – көшіп келген алғашқы алматылықтардың үрейін ұшырғанын жоққа шығара алмаймыз.

Олар үшін даланың бораны мен аязының бүкіл кереметтін керу қаншалықты ауыр болғанын білмеймін, бірақ астананың қалыптасуының алғашқы жылдары алматылықтардың негізгі шағымының арқауы нақ осы Қақаған қыстың Қытимыр аязы еди.

1998 жылы қыс күндерінің бірінде Көкшетаудан Астанаға қатты боранға байланысты пойызben келгеним есімде

Перронға шықтым, қатты аяз және боран да аяқтан шалып құлатардай күшпен үйтқиды. Қарсы алғандарға

келдім де: «Суық па, боран соғып тұр ма?» – деп сұрадым. Бәрі де жамырай «Иә, суық, қатты соғып тұр», – десті Бірақ, мен қосыла кетпей, қайта керісінше: «Соқса соқсын! Бұл денсаулыққа пайдалы», – дедім. Сол жерде тағы да бәрі қосыла: «Иә, арине, өте пайдалы», – деп жауап беріп жатты. Бұл көріністі әркім әрқалай түсіну мүмкін. Айталақ, кәдімті шенеуніктік жарамсақтану деп. Бірақ мәселе мұнда емес, арине. Қорыққанға қос қөрінеді деген Иә, суық. Боран да болмай тұрмайды. Бірақ кешіп келу бізді тек аязға шынығуға жұмылдырып қана қойған жок, кешіп келу шенеуніктердің кепшілігін әлдеқайда жауапты болуға жұмылдырыды. Оларды мемлекеттік басқару маселелерінә әлдеқайда жауапты қарауға итермеледі Тура солай.

Оларды бұған не итермеледі: аязды таза ауа ма, алде «ұлы көштің» рухы ма, бұл енді маңызды емес.

Барлық министрліктер мен ведомстволарға тек білікті де іскер қызметкерлер ғана барады деген нұсқау берілді. Қалғандары жергілікті жерде таңдал алынады. Бір қызығы, Ақмолаға кешу құқығына ие болу барлық тұрмыстық қындықтарына қарамастан, нағыз бәсекеге айналды.

Басқарудың орталық органдары қызметкерлерінің Алматыдан Ақмолаға кешуі бірнеше кезеңнен тұрды 1997 жылғы желтоқсанның басына қарай Президент Экімшілігінің, Үкімет және Парламенттік аппараттарының қызметкерлері толық кешті. Кешу үйымдастан тұрде журді, орталық құрылымдар жұмысында ешқандай іркіліс байқалмады.

Сейтіп, 10 желтоқсанда мен, Үкіметтің және Парламенттің басшылары Қазақстан Республикасының астанасы туралы Қазақстан халқына ұндеуге қол қойдық, ол баспасөзде жарияланды. Онда байтақ елдің орталығында осы күннен бастап және ғасырлар бойы халық тағдыры үшін тубегейлі маңызы бар шешімдер қабылданатыны айтылды. Отанымыздың жүреп енді осы жерде соғады. Қазақстан осы жерде үшінші

мыңжылдықтың қарсаңында өзінің тарихи тағдырын айқындайтын болады.

Сол күні Ақмолада тұңғыш рет Парламент пен Үкіметтің бірлескен отырысы өтті.

Ол Ақмоланың мәртебесі мен қызметі туралы Жарлықтың күшіне енгендіпін билдірді. Отрыста Ақмолада қол қойылған алғашқы Жарлық жария етілді. Астананы көшіруге аса қомақты үлес қосқандарға үкіметтік наградалар тапсырылды.

Сонда 1997 жылғы 10 желтоқсанда мән Әділбек Жақсыбековті қаланың әкімі етіп тағайыннадым. Ол бұл қызметті б җылдай атқарды. Ақмоланың төл тұмасы ол бұл қалада бәрі-бәрін, қаланың төңірегінен бастап оның тарихына дейін, мәдениет қайраткерлерінен бастап бизнес адамдарына дейін жақсы билетін.

Бұған дейін ол езін бизнесте сынап үлгерді, облыс әкімінің бірінші орынбасары, Парламент депутаты болды. Мен таңдаудан қателеспелім. Ол жаңа астанада Қыруар істындырыды Жұмысқа ете қабілетті, ниеттестер жасағын іріктей алған ол қаланың оңай соқлайтын проблемаларын жедел шешіп отырды. Қаланың ескі белігінің бүгінгі келбеті және жаңа алаңға көшуді бастау – осының бәрі соның түсінда жүзеге асты.

Жаңа астанада 12 желтоқсанда алғашқы халықаралық көрме жоғары деңгейде өтті.

Қазақстанның жаңа астаналы болу қуанышына түсікан елдердің басшылары – Түркиядан С. Демирел, Қыргызстаннан А. Ақаев, Тәжікстаннан Э. Рахмонов және Өзбекстаннан И. Каримов құтты болсын айтты.

Біз бірге кеңес өткіздік. Оның барысында Орталық Азия өңірінде экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамытууды, бірыңғай нарықтық, кеңістік құру маселелерін талқыладық. Президенттер Саяси құғын-сүрپін құрбандары ескерткішін ашуға арналған салтанатты митингге, сонынан Тауелсіздік күні және Ақмоланы Қазақстан Республикасының астанасы

деп жариялау құрметіне арналған салтанатты жиналысқа қатысты.

Мен Қазақстан тарихының осы бір аса маңызды кезінде бізben бірге болу үшін Ақмолаға келуге мүмкіндік тапқаны үшін оларға шын көнілден ризамын. Бұл – тұбі бір, тағдыры ортақ қазақ, қырғыз, өзбек халықтарының достығы мен туысқандығының жарқын дәлелі. Біздің еліміздің адамдары осы тендерессіз байлықты қастерлейді және оны барлық уақытта сақтайды арі байыта береді.

Қазақстан – еуразиялық мемлекет, оның жаңа астанасы алып Еуразия құрлығының географиялық, орталықтарының бірі. Тәуелсіз Қазақстанның астанасы етпі Ақмоланы таңдауда маңызы кем болмаған айқындаушы факторлардың бірі – бұл қала келе-келе осы орасан зор құрлықтың қуатты байланыстыруыш орталығына айналатындығы еді.

Жаңа ғасырда даму үстіндегі еуразиялық кеңістіктің экономикалық, технологиялық, әкпараттық ағыны біздің жаңа астана арқылы ететін болады.

1998 жылдың алғашқы жарты жылының оңे бойы жаңа астананы таныстыруға дайындық жүрді. Жылдың басына қарай Ақмолаға барлық дерлік министрліктер мен ведомстволар көшіп келді.

Қайталап айтайын, жаңа астана бірде шытынаған аязымен, бірде үйтқыған боранымен қарсы алды. Бірақ жаңа астанаға көшіп келгенде аяу райының қытымырлығы мемлекеттік аппараттың мындаған қызметкери үшін жаңа сапалы пәтерлөрдің жайлышы мен жылуы арқасында үміт болды. Қектемнен бастап астанаға жиһаздар тасыған машиналар ағылды, отбасылар балаларымен көшіп келіп, мәзмейрам болды. Сол күндері астананың шағын аудандарында мындаған қоныс тойы өтті. Жаңа астанадағы өмір бірте-бірте байыпты арнасына түсті.

Астана жаңа орынмен қатар жаңа атау да алды. Бұған дейін бұл қаланы қалай атау туралы сез көп болды. Түрлі ұсыныстар айтылды. Қаланы елдің атымен Қазақстан деп атау жөнінде, басқа да, соның ішінде Нұрсұлтан деп атау керек деген де ұсыныстар болды.

Қалай болғанда да, Ақмола атауын өзгерту қажеттігі жаппай айтылып журді. Оның атауының мағынасы жөнінде көптеген жорамалдар, тіпті қисынсыз түспалдар айтылды. Ақмоланың орысшаға «белая могила» деп аударылуы баспасөздің сүйкіті тақырыптарының бірі болды. Мен бұдан ешқандай өрекелдік көрген жоқпын. Әлемнің көптеген астанасының және қаласының атауларында, мазмұн мен мағына жағынан мәнсіз жайттар аз кездеспейді.

Мен Малайзияның астанасы туралы бұрынырақ, мысал көлтіріп өткемін. Оның аудармасы «батпақ» дегенді билдіреді еken Бірақ Куала-Лумпур тұрғындарының сол атауға ынғайсыздынып жүргендеріне қатты күмәнім бар.

Бұл қала, Қазақстанның жаңа астанасыменің мақтанышым еді, сондықтан оның атауын сан құбылтуға жол бере алмайтын едім. Онда Ақмоланы қалай атаған, дәл айтқанда қалай деп қайта атаған жән? Ол атау қазақстандықтардың, еліміздің барша ұлты мен ұлысының ғана емес, кірпияз шетелдіктердің, де көңлінен шығуы керек.

Мүмкін Қараөткел дерміз? Алматы өзімен бір аттас Алматы шатқалының атымен аталған ғой. Әлде Есіл ме? Сарыарқа ма?

Бірақ, көкейге қонар емес. Өзіміздің дастүрлі, қалаулы, бірақ тым ескі атауларымыз бүгінгі астананы кешірумен және Қазақстанда жүріп жатқан басқа да зор өзгерістермен байланысты жалпы көңіл ауанына жауап бере алмай түрғандығынан болар.

Шынын айтқанда, астананың атауын ауыстыру үдайы ойымнан шықпай, ат іздеумен болдым. Сейтіп жүргенде бір жолы...

Бір жолы түнде, далірек айтсам, сағат түнгі екіде Астана деген атау ойыма сап етіп, көкейімे қона кеткені. Астана дегеніміз астана! Қазақша әдемі естіледі. Қомақты, ауыз толады, қысқа да нұсқа, әуезді. Орысша да, ағылшынша да солай естіледі. Бұл атауда батылдық, мығымдық және айқындық ренқ бар. Астана! Біздің жалпы қоңыл ауанымызды және астананы көшіруден күтерімізді бейнелейтін өте ауқымды арі қысқа ұран сияқты. Бірақ бұл атауды қазақша пайдаланудың жаңылтпаш сияқты өзіндік ерекшелігі болғалы түр. Мысалы, астанамыз Астана.

Бірақ, әлемдік тәжірибеде мұндай да мысалдар жетілартылады. Мысалы, Бразилияның астанасы Бразилиа. Міне, осылай.

Сейтіл, түн ортасында келген ой – Қазақстан астанасының жаңа атауы Астана көкейге біржолата үлады.

Бұл атауды жергілікті органдар, Үкімет жанындағы мемлекеттік ономастикалық комиссия, ең бастысы, жаңа астананың түрғындары қолдады. Жаңа атаудың астана түрғындарына сіңісіп кеткені бекер емес.

Берген сұхбаттарымның бірінде осы орайда қойылған сұраққа: «...Астана кез келген тілде – қазақшада, орысшада, ағылшынша да жақсы естіледі...»

Ешқандай екіудай түсінік жоқ. Орысша аудармасы столица дегенді білдіреді. Қысқаәрі анық...» – деп жауап қайтардым.


Сейтіл, 1998 жылғы б мамырда «Қазақстан Республикасының астанасы Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы Астана қаласы деп қайта атау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің тиісті Жарлығы шықты...

Міне, осындаі әдемі, әуезді арі ауқымды атау – Астана атымен Қазақстан Республикасының жаңа елордасы үшінші мыңжылдыққа енді.

Астана осы сездін тұра мағынасында нағыз астанаға айналды. Жаңа тәуелсіз мемлекет – Қазақстан Республикасының астанасына.

Айтпақшы, сол күні «Қазақстан Республикасының астанасы Астана қаласында Сарыарқа және Алматы аудандарын құру туралы» Жарлық қабылданды.


Сейтіп, Астана қаласының картасында екі аудан пайда болды. Олар астананы екі бөліп тұрған жок, қайта біртұтас біріктіріп тұр...







АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ




АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ






АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ



АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ










АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ



АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ





АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ



АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ






3-ТАРАУ

ЕЛОРДА ЭСТЕТИКАСЫ





Заттардың сыртқы түрі көңіл қүйге
сайкес өзгереді, соңдықтан біз
бұлардағы сиқырлық пен сұлулықты
ғана көре аламыз, ал шын мәнінде
сиқырлық пен сұлулық дегеніңіз біздің
өзіміздің өн-бойымызда жатыр.

Жебран Халил Жебран



КЕНГЕ СОЗҒАН КУЛАШЫН...

Жер шарындағы есімдіктер дүниесі мен жануарлар әлемін жүйелеп, сыныптаған швейдтің ұлы ғалымы Карл Линней өзі нің «Ботаника философиясы» атты айгылі кітабында былай деп жазыпты: «Жер бетінде кездесетін нарсенің барлығы да элементтер мен табиғи жаратылысқа тиесілі. Біртуар жаратылыс табигаттың тас, есімдік және жануарлар деп аталатын үш патшалығы бойынша белгінеді. Тастар өседі, есімдіктер өседі әрі өмір сүреді, жануарлар өседі, өмір сүреді және бәрін сезінеді».

Бұл насихатқа телінетін сездер бола қоймас, бірақ тірі нарсені өлі нарседен дамытып, оның бойында өмірлік күштердің болуын зерделейтін «витализмді» непіздеуге де көп жанаса қоймайды. Жаратылыс сынақшысы Карл Линней бәрінен бұрын табигаттағы күллі құбылыстар – «тірілер» де, «әлілер» де үдайы даму мен өсу үстінде болады деген түсінікті тірілтіп тұр. Демек, өсу деп жай ғана мәлшерді үлғайтуды үфатын болсақ, онда тірі денелер мен объектілер ғана мәлшерін арттырып қоймайтының, мұны жансыз объектілердің де жа сай алатының байқаймыз. Тіпті әлгі тастардың өзі белгілі бір процестердің нәтижесінде пайда болған және бірден пайда бола қалмаған.

Бұл процестер де минералдардың өсуіне үқсас табиғи жолмен жүріп отырады. Линнейдің үғымынша, осындай өсу тастарға да тиесілі. Тастар есімдіктер мен жануарлар сияқты өмір сүріп, бір нарсені сезіне алмайды, бірақ олардың өсуі

абден мүмкін. Философия тұңғыбына көп сұнгімей, түйіп айтар болсак, бәрі де еседі, уақыттың өзі де кеңістікті кеңейте отырып «есе береді».

Осы құбылыш қалаларға да тән. Қалалар кездейсоқ пайда бола қалмайды, олар еседі. Қалалардың өсу процесі жылдармен, ондаған жылдармен, ғасырлармен, тіпті мындаған жылдармен вілшенеді. Ал кірпіш-бетоннан түзілген «сүмпайы үйрек балапанының» қазіргі заманғы сәулеттің сымбатын сініріп, астаналық самбауға түсетін «ару ақкуға» айналуы үшін жылдар, ондаған жылдар қажет...

Сүйікті елордамыз, Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласы да көз алдымында өсіл келеді. Астана – Еуразияның нағыз географиялық кіндігінде орналасқан жаңа, тауелсіз әрі егемен мемлекеттің бүгінгі және болашақтағы саяси, экономикалық һам мәдени орталығы ретінде қанат жайып барады.

Қаланың көз алдымында өскенінің айнагында таяуда бастан кешірген қысқаша ғана тарихымыздың саулелі бір суретін айтып өтейін. Бул мысал қаланың астана ретінде ресми тұсауы кесілген күн – 1998 жылғы 10 маусым жайында. Осынау зуқымды акция Қазақстанның кең-байтақ жазирашында тастардың қалай өскенін, сол тастардан адамның енбегімен, ой-санасымен астана қалай тұргызылғанын айқын көрсетеді.

Астананы көшірудің қажеттілігі мен мүмкіндігі туралы мәселенің қойылышын күні кеше ғана талқылаган сияқты едік. Осы ойға алған істеріміздің қуаты шындыққа айналып, Орталық Қазақстандағы қарапайым ғана Целиноград қаласының орнынан мемлекеттің бас қаласы – Астана қаласы өсіл шықты.

Қаланың кеңінен қанат жайып, абаттанатускені соншалық, енді осы шаһарды Қазақстан Республикасының астанасы мартебесінде ұлықтаудың да көзі келіп қалған еді.

Бұл бағытта жүргізілген жұмыстар ұшан-теніз еді. Жаңа астана жасау жолындағы көкейтесті маселелер толғантқан мазасыз күндер мен үйқысыз түндер алға сімде. Жаңа астананы қалыптастыруға жауапты барлық қатысушылар мен басшылар үшін тәуліктің күндізгі сағаттарының жетіспегені соншалық, жұмыс бабындағы лездемелер түн ішінде, түнгі сағат екінің шамасында өткізілетін. Нақ осы уақытта, бүкіл еліміз қалың, үйқыға батқанда, жаңа астананы «жасаушылар» өткен күннің нәтижелерін қызу талқылап, келесі күндердің жоспарларын қабылдан жататын.

Бір жолы Владимир Ниді өзіме шақырдым: «Володя, екі айдан кейін Астананың тұсаукесерін өткіземіз. Мемлекеттердің басшылары, елшілер келеді. Оларды қай жерде қабылдаймыз? Конгресс-холл дайын бола ма, болмай ма?» – дедім оған. Ол маған: «Конгресс-холлды қайта жабдықтауга арналған тендерді чехтар ұтып алған. Бірақ құрылыш процесін созып барады. Олар жасай алмайды. Дегенмен Сізге уаде етейін... егер Сіз... чехтарды құып шығуға... рұқсат етсеңіз... Конгресс-холл тұсаукесерге дейін дайын болады. Олар келісімшарт бойынша жұмыс істеп жатыр, біз келісімшартты қазір бұзбасақ, астананың тұсаукесері Конгресс-холлсыз... көшеде... өтеді. Оның үстіне, алаңды да солар жасауга тиіс. Мына қарқындарымен алаң да дайын болмайтын сияқты», – деді.

Не істей аласын, рұқсат бердім. Владимир Ни чехтарды шақырып алғып, осылай да осылай, сіздер құрылыш графигін бұзып отырсыздар, сондықтан арадағы келісімшартты бұзға мәжбур болып отырмыз дейді. Әрине, бұған чехтар ашуланады, сottасамыз деп дурлігеді. Сottасыныздар дейді Ни. Бірақ, айналып келгенде, чехтар құрылыш графигін бұзған өз кіналарын түсініп, сottасуға бармады.

Сейтіп, «Имсталькон» фирмасымен және түркі фирмаларымен жаңа шарт жасасылды, олар: «Конгресс-холл мен алаң тұсаукесер күнге әзір болады», – деп уаде берді.

Конгресс-холл мен алаңын құрылышына екі мың адам жүмылды! Сонда да жетпей жатты. Ни маған тағы келді: «Нұрсұлтан Әбішүлі! Ұландардың қемегі керек болып тұр!». Мен аң-таңмын, ұландарды қайтеді? Ни қояр емес: «Нак солай, ұландардың қемегі қажет».

Солай болды. Ұландар аланды түгелдей тазалап, басқа да көп шаруаның басын қайырып берді. Қайтесіз, адепттен тыс шешім, бірақ онды шешім болып шықты. «Қарапайым қозғалыс» деген міне, осы-ақ шыгар! Тұсаукесерге, сөйтіп, барін тап-түйнақтай азір еттік, астананың қонақтары да, тұрғындары да бұған кез жеткізді.

Конгресс-холл мен оның алдындағы алаң дайын дейік. Ал енді астананың тұсаукесеріне келетін атаулы қонақтар қайда тұрады? Тағы да Ни сейлесін: «Нұрсұлтан Әбішүлі! Қонақ үй жасаймыз!» – дейді ол. Менің сенгім келмейді: «Не айтып тұрсың, Володя? Қайдағы қонақ үй, осынша қысқа уақытта ондай қонақ үйді қалай азірлейміз? Ал енді бұл үшін не керектігін айтсыз?» – деймін оған. Владимир Васильевич тағы бір тың шешім ұсынып тұр: «Нұрсұлтан Әбішүлі, шетелдік жұмыс күшін әкелуге арналған лимит бар. Бір жолы 500-ге жуық адамды әкелуге болады. Мәселе мынада – осы лимитті уақытша тоқтату керек не айналып өту қажет». Бұл сезімен менің мүлде келіскім жок: «Тоқтату керек, айналып өту қажет дегенің қай сөз, не айтып тұрсың, Володя?» – деймін оған. Ни қояр емес, өз пікірінде мығым тұр: «Лимиттің күшін тоқтата тұрмасақ, ештеңені істеп үлгере алмаймыз. Мен түрік мәрділерінен қонақ үй құрылышын он бес күн ішінде аяқтай аласындар мәдеп сурал білдім. Олар аяқтай аламыз, тек лимит тоқтатыла тұрсын дейді».

Сейтіп, мен жеңілдім. Шетелдік жұмыс күшін әкелуге арналған лимитті тоқтата тұруға рұқсат бердім.

Түріктер ұшакләп үш мың жұмысшы жеткізді, нәтижесінде Астананың қонақтары үшін жаңа «Интерконтиненталь» қонақ

үйінің кұрылышын жаңа астанамыздың тұсауқесеріне қарай аяқтап үлгердік. «Интерконтиненталь» қонақ үйі салынып жатқан кезде мен Нимен бірге бірнеше мартे осы объектіні барып көрдім. Ал бұл жолғы келуім бақылап көру еді. Лифтілерге кезім түсіп, сонымен көтерілейік дедім. «Нұрсұлтан Әбішұлы! Бұл жұмыс лифтілері ғой, онымен жүктөрді жоғары көтереді», – дейді Владимир Ни. Мен: «Ештеңе етпейді, кеттік», – дедім. Құзет қызметінің көзі алақандай болып, бәрі әбігерленіп қалды. Владимир Ни, Фарид Галимов және басқалар бір лифтіге мінді, менекі жұмысшымен бірге басқа лифтіге міндім. Жанрдың заңы солай дегендей, әрине, лифтілер жарты жолда тұралады. Электр өшіп қалды. Оның үстіне, екінші лифтідегі арқан үзіліп кетті. Ақыры, осындай әрі-сәрі күйді кешіп, ең биік қабатқа да жеттік-ау.

Айналаның бәрін қарап шыққан соң, қонақ үйдің тұсау-кесер күніне толық әзір болуы мүмкін екендігіне көз жеткіздім. Солай болып шықты да.

Кірбінді жайлар да болмай қалмады. Бұл Президенттің резиденциясына байланысты туды. Үкімет ғимаратына жапсыра салынатын, Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясы болуға тиіс құрылыш қарқыны туралы маған күн сайын баяндап-ақ туратын. Бірақ қанша сенсенде, өзінің бір тексергенінің артықтығы бола ма? Кезекті кеңестегі құрылыш қарқыны туралы жалынды рапорттан кейін, тұнгі сағат 2-3-тің шамасында құзетімді ертіп, резиденцияға лайықтаған құрылыш алаңын аралап етуді үйгардым.

Алайда... кеңесте малімделген нарселерден ештеңе кере алмадым. Іргетас үшін қазылған ешқандай шұнқыр болмай шықты. Шұнқырдың ырымы бар шығар-ау, бірақ менің көргенім іргетас құюға дайындықтың, әзірліктің ешбір нышанын байқаттайтын еді.

Таңертен құрылышқа жауапты адамдарды шақыртып алып, осы орайдағы ойларымды жайып салдым. Содан бастап

құрылыш процесінде және жаңа обьектілерді салуда ешкім көзбояушылықпен соншалықты «турпайы» түрде айналысқан жоқ. Бірақ жұмыс алі де баяу журіп жатқан сияқты. Маған солай көрінді де түрді. Осыны өзімнің серіктерім мен арбір участке үшін жауапты адамдарға әлденеше мәрте ескерттім. Оларды басшылықтың жылдам қарқынына, құрылыштың екпінін тексеруге бейімдеуте тырыстым.

Көптен күткен күніміз, аса жауапты әрі байсалды ісіміз – жаңа астананың тұсаукесері келіп жетті.

Бұған біз әзір едік. Мені Астана үшін, сол арқылы бүкіл Қазақстан үшін көп нарсе істеген бір топ адамдарға астананың тұсаукесеріне орай арнайы шығарылған «Астана» ескерткіш медалін тапсыру зор қанағат сезіміне бөледі. Эрине, олардың арасында «темірдей тегеуірінді» Владимир Ни, «өзет те қайсар» Аманжол Белекбаев, «қажымайтын, талмайтын» Әділбек Жақсылыбеков және басқа да көптеген адамдар бар еді.

«Астана» медалін тапсыру расімінің жаңыма жағатын және бір жайттары бар-ды. Өйткені қысылып-қымтырылмай-ак, айтар болсам, бұл медальдің дүниеге келуіне тікелей өзімнің қатысым болып еді.

Осындай медаль туралы ой көткен көкейімде жүретін. Қазақстанның жаңа астанасының тұсаукесерін еткізу идеясы туғанда сол ойларым қайта өрбіді. Талай мәрте «Астана» медалінің астыңғы-устіңгі қос беті қандай болуы керек деп ойша эскиздер сыйғанмын. Ақырында, менің бұл ойларым тиісті нобайға айналып, осы эскиздер медаль азірлеуге негіз болды. Сол уақытта кез алдыннан сәулет өнерінің көріністері үдайы келбенделеп өтіп жататынын айта кеткенім жөн шығар. Астанадағы көптеген гимараттар мен құрылыштардың алдын ала нобайын мен сол кездері жасадым.

Бұлардың арасында Ұлттық мұражай, Қабылдау үйі, фон-тандар, резиденция және басқа да көптеген обьектілер мен

саулептік құрылыштар бар болатын. Эрине, кейіннен бұлар кәсіби саулептік және құрылыштық, пысықтаулардан өтті.

Сол себепті мемлекет басшысы ғимараттар жобаларының суретін майлық-сулық қағазға салған екен, ертеңіне-ақ тасқа, бетонға, металға айналып шыға келіпті дег жүрген азыздардың бәрі жалған. Мен касіби адамдардың бір қарағанда субъективті болып корінетін, тіпті тартымсыздау болса да өз көзқарасын табандылықпен қорғайтын пікірлерін құрметтей билетін адаммын. Шынында, менің идеяларымның бір белгі астана келбетіне кірккені рас, бірақ бұлардың бәрі де сарапшылардың мүқият бағалауынан кейін гана жүзеге асты.

Тұсаукесерге жоспарлы түрде әзірлену үшін арнайы қысқа мерзімді бағдарлама дайындалды, мұны іске асыруға 217 қазақстандық және шетелдік компаниялар қатысты.

Бұл акция екілдер құрамы жағынан да ауқымды болуға тиісті еді. Біз өте көп мемлекеттердің, халықаралық үкіметтік және үкіметтік емес үйымдардың басшыларына шақыру жібердік. Менің ерекше қанағат ететінім – біздің шақыруымызға олардың басым көшілігі өзінің келу сапарымен жауап бергені.

Тұсаукесерге келетін қонақтарды Астанада тұнғыш рет бой түзеген, түркіті «Окан» фирмасы салған бес жұлдызды заулюм «Интерконтиненталь» қонақ үйі күтін түрді.

Тұсаукесер расіміне ең бірінші болып біздің еліміздің үлкен досы және ірі саяси қайраткер – Түрік Республикасының президенті Сулейман Демирель келді. Айттақшы, ол келген бойда өзінің елдестері – түрк құрылышшылары салған «Интерконтиненталь» қонақ үйінің және басқа да астаналық біршама обьектілердің ашылу салтанатына қатысты.

Тұсаукесерге бір күн қалғанда Астанага Әзіrbайжаның, Қыргызстанның, Өзбекстанның, Украинаның президенттері келіп жетті. Ресейден көптеген ресми адамдар келді. ТМД-дағы көршілерімізден басқа, алғыс шетелдердің көптеген екілдері мен делегациялары қатысты.



Біздің қонақжай халық екенімізді жүрттың бәрі біледі. Біз «жаксы қонақлен бірге үйнеге құт-береке кіреді» дейміз

Астананың орасан көп тұрғындары қосылған ең бүқаралық іс-шаралардың бірі 9 маусым күні кешкісін болып етті. Оның атауы да соншалықты ауезді еді. «Бұлнан бастап, ғасырлар бойы, ел жүрегі – Астана!» деп аталды. Бұл театрландырылған спорттық іс-шара, бірінші кезекте астана тұрғындары мен қонақтарының көңілін аулауды көзdedі. Ис-шараның белгілі бір үлгіткік элементі де болмай қалмады спорттық көрсетпілімдер, көңілді де ақ жарқын құлқы непзінен салауатты өмір салтын айқын айғақтап тұр еді.

Сонымен, ақырында, 10 маусым күні жылдың ең басты іс-шарасы – жаңа астананың ресми тұсаукасері болып етті. Жаңа күн астанаға арналған салтанатты отырыспен ашылды. Көп адам сыйледі, әрбір сейлеушинің сезі Қазақстанның жаңа туған жас астанасына деген ыстық, ықыласқа толы болғанын күрметпен атап етуге тииспін. Кім сыйлесе де, ез сезінде жаңа астанаға деген шынайы тілепн, кіршікіз көңілін білдірмей қала алмады. Бәрі де көп үлтты Қазақстан халқының жаңа астанасына, оны салған құрылышыларға ақ тілепн арнады. Халық айтқандай, бұл «жаксы ісіңе алыстағы достың сүйинү» еді.

Толғана тұрып, барлық көп үлтты Қазақстан халқының атынан және ез атынан мен мемлекеттерге, үйымдарға және мартебелі қонақтарға бізге көрсеткен шын қадірлі сезімдері үшін, бізге деген құрметтері, ынтымақтастыры, достығы үшін риясyz көnlімді білдірдім.

Бұдан кейін тағы да бірқатар іс-шаралар еткізілді. Оның ең бастысы – қазақстанның мәдениет және внер қайраткерлерінің астаналық Конгресс-холлдың орасан кең залындағы концерті еді.

Сонымен, ақырында, бүкіл бағдарламаның мық шегесі – Астананың басты аланындағы гала-концерт басталды.

Өкінішке қарай, ауа райы қолайлы бола қоймады. Бірақ бұл күні ешкім де табиғаттың тосын құбылысына айрықша көңіл аудара қоймаған шығар, ейткені жан-жүргі ән салып тұрған адам күннің қай райын елейтін еді?!

Осы кешке жиналған халықты кенет күшті динамик арқылы тікелей ғарыштан естілген адам даусы терең тебірениске бөледі. Бұл – осы кезде «Мир» орбиталық станциясында жұмыс істеп жатқан қазақстандық ғарышкер Талғат Мұсабаевтың даусы еді. Ол ғарыш төрінен төл астанасы мен өз халқына табыс пен бақыт тіледі.

Ұшуды басқару орталығына рақмет, осы Орталық телекөлір арқылы маған қазақстандық ғарышкер, Ресейдің орбиталық кешені экипажының командирімен және оның ресейлік арілтесі бортинженер Николай Бударинмен сұхбаттасуға мүмкіндік берді. Мен оларға: «Жерге аман-сау оралыңдар! Жер-ана өздерінді күтеді!» – деп кіршіксіз тілегімді жолдадым.

Міне, осындай өмірге құштар асқақ үнмен жаңа елордамыз Астананың тұңғыш тұсаукесері аяқталды...

Тегінде, бұл жай ғана астананың тұсаукесері емес еді.

Бұл планетаның саяси картасында жаңа, тәуелсіз, егемен мемлекеттің дүниеге келгенін бүкіл әлемге жариялад, паш етудің біртуар мүмкіндігі болатын. Мындаған, он мындаған қазақстандықтардың қажырлы үмттылышы арқасында біз мұны жасай алдық. Және ойдағыдай жасадық.

10 маусым сол күннен бастап Астана күні ретінде үздіксіз атаптып өтіп келеді. Бұл дата ешқашан өзгермейді (кейде кейбір қалалардың күнін өткізу датасы өзгеріп жатады ғой). Біздің ресми мерекелеріміздің күнтізбесінде «10 маусым» жоқ болса да, іс жүзінде бұл күн – нағыз ұлттық мереке. Нәк сол 1998 жылғы 10 маусымда тәуелсіз Қазақстан бүкіл әлемге өзінің жаңа, жас, жасампаз елордасы – Астанасын көрсетті.

Мереке қарсаңында Астана өз қонақтарын ылғи да апашық ауа райымен қарсы ала бермейді. Мұнда мистикалық бірдене де бар сияқты – дал осы күні қалада әрқашан жапжайлыш ауа райы орнай қалады! Дегенмен, көп нарсе өзімізге де байланысты-ау...

Әлі есімде, кезекті Астана Күні қарсаңында – 9 маусымда салынып жатқан құрылыштарды аралауға шықтық. Ұызырық желден ықтаған қасымдағы адамдар пальтосы мен плащын қымтанаң алған. Күн салқын, бұлныңтыр. Ауа райы маған ілесіп жүрген адамдардың да жүздері мен көңіл күйлеріне кашкен тәрізді. Біз саябаққа келіп, кең-байтақ еліміздің барлық даңқты орындары кішірейтіліп жасалған атақты «Қазақстан картасын» аралап көріп жургендеге, мен қасымдағы адамдардың бәрін көзіммен шолып, жымия қарадым да, Ә. Жақсыбековке: «Көңілдерің бұзылмай-ақ қойсын, ертен, мейрам күні жыл-жылы, күншуақ болады», – дедім. Эрине, кепшілігі еріксіз күлген болды, ешқайсысы сенбеді... Ал келесі 10 маусымның таңы шынында астананың барлық тұрғындары мен қонақтарын ашық та жарқын шыраймын қарсы алды. Аспанда кешегі қорғасын бұлттардан мысқалдай да түйіршік қалмапты. Жүрттың бәрінің көңіл күйі көтерінкі болатыны түсінкті, эрине...

Сол мереке Есіл өзені үстіндегі сан алуан бояумен құбылған лазер-шоу, ойын-сауық, соны ғаламат от-шашумен аяқталды.

Астана Қазақстан жерінде жаңа идеяларды енгізу дің полигоны болғаны, бола беретіні сезсіз. Қоршаған алемге деген жаңа технологиялық көзқарастың алдында жүретін жаңа астананың озық рөлін мен осылай көремін. Эрине, бұл аясы тар мақсат емес, бірақ алемдік қоғамдастыққа лайықты кіруге үмтүлатын болсак, бүгінде алемдік қоғамдастықты байытып отырған барлық жетістіктерге бағдар үстанбағанымыз дұрыс болmas еді.

Қала құрылышының және жалпы құрылыштың жаңа технологияларын енгізу саласынан Қазақстандағы құрылыш индустриясын дамыту үшін ғана емес, сонымен бірге үлттық қала құрылышы индустриясының жай-күйіне тікелей немесе жанама байланысты болатын халық шаруашылығының басқа да салаларын өрістететін қуатты базаны көремін. Сол себепті, саулет және құрылыш үйімдары қазіргі заманғы ең озық, технологияларды пайдалана отырып, ғимараттарды жобалағанда және салғанда, бұл өзінен-өзі астананың инфрақұрылымын ғана емес, сонымен бірге бүкіл Қазақстанның өнерқасілтік және өндірістік мәдениетін дамытуға қосылған маңызды үлес болып табылады деп санаймын.

Құрылыш экономиканың саласы ретінде, барлық уақытта және барлық елдерде мемлекеттің экономикалық дамуына серпін беріп келді. Астана құрылышының мемлекеттің астанасы ретінде қауап есүі кез алдымызда Қазақстанның құрылышпен төтелей немесе взгеше байланысты және, жалпы алғанда, қалалық инфрақұрылымның жұмыс істеп тұруымен сабактас бүкіл экономикасын күрт көтергенін батыл айта аламын.

Астана құрылышына бүгінде үш жүзге таяу құрылыш-монтаж басқармалары қатысада, оларда жиырма екі мыңға жуық адам енбек етеді. Қалалық инфрақұрылымды дамытуға бұған қоса 240 шағын бизнес кәсіпорындары атсалысады. Астананың саулеттік келбетін жасауға 30-ға тарта жобалау және саулет үйімдары қатысты және қатысада.

Бұл фирмалардың барлығы тізбекті реакцияның әсерін тудырады, астананың ғана емес, сонымен бірге республиканың басқа қалаларының қалалық инфрақұрылым мен өнерқасілті құрумен айналысатын өзге де жүздеген, мындаған фирмалардың іскерлік белсенділігінің пайда болуына бастайды.

Нәк осы құрылышта көптеген өлшемдерді есепке алу және әр түрлі идеялар мен саймандарды пайдалану енбектің мүлде жаңа мәдениетінің пайда болуына жағдай тудырады, біз мұны енбекке деген өркениетті қатынас деп атаймыз.

Осының бәрі әр түрлі нұсқаларында және тіпті ұсақ-түйектерде де көрініс беріп отыр.

Әлгі бір фильмде айтылатындағы, «әр кірпіш кәдеге жарагысы келеді». Шын мәнінде, құрылыштың ескі досы – осы кірпіш, ол ескі конструкциядағы барлық гимараттар мен құрылыштардың негізі болып табылады. Бірақ астананы жалғыз кірпішпен ғана сала алмайсың. Бір құрылыштың айтқанындағы, егер біз «қонды» кірпішті, соған сәйкесекірғен технологияларды ғана пайдаланатын болсақ, тұрғын үй құрылышын толық әрі қарқынды түрде шешу мәселесін ешқашан жүзеге асыра алмаймыз.

Мәселен, біз құрылыш процесінде Астана Еуразияның өзіне тән күрт-взгергіш белдеуіндегі барынша қатал климаттық жағдайда тұрғызылып жатқанын ескеруіміз қажет. Сол себепті көптеген жағдайларда жаңа әкімшілік және тұрғын үй гимараттарын салған кезде ойықты блоктар деп атапталындарды пайдалануға негізделген жаңа технологиялар барынша кеңінен пайдаланылады. Және Астананың батпақты жерде бой көтеріп жатқанын да ескерген жән. Осы жағдаят іргетастар тұрғызу кезінде бүргілау-көтеру тіреулерін жаппай пайдалануға себепші болды.

Астананың жаңа объектілерін салу мерзімінің барынша қысқа екенін де ескеру керек еді. Астананың жағдайында біз уақыттан жоғалтқанымызды кеңістіктен ұтуға үмтілдік. Жаңа астананың біршама жаисыздығы, саулетшілік қызмет пен қиял үшін өрістің кеңдігі, астананы тездетіп салуға қажетті преференциялардың барынша болуы, міне осының бәрі Қарым-қатынастың жаңа кеңістігі жағдайында уақыт жағынан барынша үнем жасауға мүмкіндік берді.

Жаңа астанада құрылыш объектілерін жылдамдатып салу мақсатында әрі құрылыш сапасын нашарлатпас үшін металл мен темірбетоннан жасалған қаңқалы құрылыш технологиясы қолданылды.

Маселен, астананың символы – «Бәйтерек» кешені ең қысқа мерзімде бой көтергені есімде. Жалпы біздің және шетелдің құрылым компаниялары өзім Астананың құрылым аландауда атауын тұнғыш рет естіген, «мембраналық-гидрофикациялық жүйе», «селективті жылтырғышы бар мембраналық жапқы», «жоғары қысымдағы полиэтилен трубалар», «алюкобонд» және т.б. сияқты, біздің оймызша, «экзотикалық» құрылым технологияларын көнінен пайдаланды.

Әрине, жетілген технологиялар ғимараттарға ғана емес, сонымен бірге астана инфрақұрылымының басқа да объектілеріне қатысты қолданылды. Мысалы, Сол жағалауға баратын жолды алайық. Немесе Астананың он жағалауындағы сонау Целиноград аталған кезінен бері ешқашан жоспарланбай келген жауын-шашын суагарларын айтайық. Соның салдарынан Астананың көшелері жаңбырдан кейін саз-балшыққа бейіп, ағын суға толып қалатын. Бұғанде Астананың Сол жағалауындағы жолдар топырақ сулары мен жауын-шашын ағыстары асер етлейтін арнаулы қорғанышы бар бетонды негіздермен жабдықталған кеп қатпарлы конструкциядан түзілген.

Мұның барі ешбір жаңалығы жоқ, бос сез болып көрінүі де ғажап емес. Кеңестік уақытта, өндіріс мәдениеті оншалықты дамымаған кезде, осы технологиялардың барі Орталық Қазақстан жағдайының өзінде мүлде қолданылмаған еді.

Мен Астананың барлық құрылымшыларына, барлық тұрғындарына осы салтанаттарға азірлену кезіндегі баға жеткісіз үлестері мен еңбектері үшін, жаңа астанамызды салу арқылы отандастарымыз берін болашақ үрпаққа осындай таңғажайып сыйлық, жасағаны үшін шексіз ризамын.

Астана қаласы кез алдымызда көркейіп, күн сайын взгеріп барады. Олжыл еткен сайын түбекейлі жаңара береді, қалаға будан екі-үш жыл бұрын келіп кеткен адамдар сәті

түсіп қайта оралғанда астананы мулде танымай қалатыны етірік емес.

Қаланың бұрынғы әкімі, қазір Президенттің ісбасқарушысы болып істейтін Темірхан Досмұхамбетовтің былай дегені бар еді: «Бір жолы ұшақ үстінде Германияның бір азаматын кездестіріп қалдым. Ол маған: «Баяғыда Ақмолада болып едім, бірақ қазір мулде басқа қалаға тап болып тұрмын. Мына қаланы арғы таныдым!» – деді.

Расында, бұл мадактау орайындағы жалаң пікір болмаса керек. Барынша күшті әрі жарқын құбылыс – Астананың қауулап есіп бара жатқанына риясyz таңғалған адамның сезі екенінде дау жоқ.

Қаллауын тапса, қар жана...

Жалпы қаланың эстетикасын не және кім қалыптастырады? Ал бір елдің астанасының ше? Бұл орайдағы жауап қарапайым болуы керек деп ойлаймын: қаланың эстетикасына әрқашан оның даралығы тұрғысынан қарастырылады. Саулептік даралығы ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік, қогамдық және саяси даралығы да үстем туруы шарт.

Мениңше, қаланың нақ осы даралығын қалыптастыру – муниципалдық биліктен горі, ең алдымен, орталық биліктің құзырындағы іс.

Осы ретте мысалды алыстан іздеудің қажеті жоқ. Айтальық, Францияда саулет өнерінің сұлу жауһарына айналған Париждің көптеген объектілері, бірінші кезекте, президенттік жобалар болып табылады.

Әрине, шаһардың лайықты келбетін қалыптастырудагы қалалық биліктің рөлі мен маңызын тәмендектім келмейді. Алайда мемлекеттің елордасы ретінде қарағанда, Астананың Эстетикалық нысаны мен түрін алдымен биліктің орталық органдары айқындауға тиіс екендігіне ешбір шубәм жоқ.



Қала архитектурасының өзіндік ерекшелігі белгілі бір стильдер мен тұжырымдамаларды пайдаланып, қайталап отыруды жоқça шығармайды

Бұл орайда саулет – жан-тәніңмен түйсінуден взге ештеңе де емес деген айқындана барынша әділледі

Саулетшілердің бүгінгі үмтілісі өткенді жоқça шығару емес, мадени жады мен қазіргі заманды үйлесімді ұштастырып, қабыстыра түзуге бағытталған

Нак, осы – үйреншікті бейнелер мен архетиптердің, қазіргі заманғы асіремодерндік стилемен жарыса арі ұштаса отырып даму принципі Қазақстанның жаңа елордасы Астана қаласының эстетикалық саулеті мен бірегей ерекшелігінің непзін құрайды

Тұсаукесер қарсаңында көптеген ғимараттар ретке келтірілп, қайта салынып, қосымша құрылыштар бой түзе ді. Құрылых-монтаж бен жөндеу жұмыстарына білкті қызыметшілер мен жұмысшылардың тұтастай бір армиясы – 13,8 мыңға жуық адам қатысты. Ғимараттар ғана емес, сол кезде мөлшері 248 шаршы километр аумақты алғып жатқан Астана қаласының сыртқы бейнесі де тұсаукесерге орай түбекейлі өзгерді. Біз қаланы қөгалдандыру жөніндегі техникалық жұмыстардан бастап түрғындардың санасы мен салтына қала мәдениетінің элементтерін, елордалық ділді енгизуге дейнігі астананың тыныс-тіршілігіндегі барлық иірімдерді ескеруге тырыстық деген үміттемін. Мысалы, тұсаукесер қарсанындағы күндері 100 000-ға жуық, ағаштар мен бұта шіліктер отырғызылды, бұлар астана келбетін біршама жұмсарта түскендей болды.

Ойға алған жұмыстарды істей алдық, Барін болмасада, елордаға келген қонақтарға да, өз адамдарымызға да көрсетуге жететін жарамды нарселерді жасаған сияқтымыз.

Қаланың инфрақұрылымы – жаңа астананың көшелері, замандастырылған мемлекеттік мекемелерінің жаңа

жұмыс сонау 1994 жылдан басталған болатын. Астананың ең басты көшесі – Республика даңғылы (бұрынғы Тыңгерлер даңғылы) сол кезден бастап қазіргі заманғы түрін алғып, негізгі көлік тасқынын көтере алатында дәрежеде толықтай қайта жасалды.

Республика даңғылы – астана инфрақұрылымы ішіндегі басты, маңызды, тіпті стратегиялық обьектілердің бірі.

Осы учаске үшін ең алғашқы күннен бастап жауапты болған Аманжол Белекбаевтың күн сайын таңертең Жастар сарайынан шығып, көпірге дейінгі аралықта бүкіл даңғылды жаяу арапап, қаланың ең басты куре тамырын абаттандыру жөніндегі құрылыш жұмыстарының әрбір учаскесін мүқият қадағалап жүргені тегін емес.

Іс жүзінде Республика даңғылын Аманжол Белекбаевтың төл перзенті десек жарасады. Даңғылды үнемді, үтимді және тиімді етіп қайта жасап, қазіргі заманғы түріне кіргізу үшін осы азамат барлық күш-жігерін жұмсады.

Оның бул мәселедегі принципті көзқарасы есімде қалыпты. 1994 жылы Республика даңғылын және әуежайға баратын жаңа жолды асфальттау туралы мәселе қозғалғанда, Үкімет аса қымбат тұратын жапонның жол-құрылыш және асфальт төсегіш техникасын іске қосу туралы шешім қабылдайды. Бірақ Аманжол Белекбаев Үкіметтің бул шешімін орындаудан бас тартады. Егер қарапайым асфальт төсеудің бағасы шынымен асыра қойылmasa, дал осы техника үшін төрт миллион доллар төлеу тым үшқарылық деп өз уәжін айтады. Бұдан басқа, техника жапондікі болса да, Польшада жасалыпты, мұның езі оның «жапондық» сапасына кепілдік бере алмайды, дал осындай техниканы бұдан әлдекайда аз бағаға, сондай жұмыс сапасымен, мәселен, Германиядан сатып алуға болар еді дейді ол.

Сейтіп, Үкіметтің «тоқпағынан» кейін Белекбаевтың қайтадан маған жүгінуіне тұра келді. Ол «асфальт» мәселе-

сіндегі өз позициясын және Үкіметтің бұл орайдағы позициясымен принципті түрде келіспеушілігін түсіндіргеннен кейін, мен оған: «Егер сен бұған келіслесен және осы үшін жауапкершілікті толық өз мойның алатын болсан, онда Германияға бар», – дедім.

Бөлекбаев көп кідірместен, қаңтар айында асфальт төсейтін техника сатып алу үшін Германияға жүріп кетті. Керекті техниканы «үкіметтік» төрт миллион долларға емес, «мемлекеттік» бар болғаны 800 000 долларға сатып алды.

Бұл техника сауір айында келіп жетті, нақсоның көмегімен Республика даңғылына және ауежайға баратын жолға сапалық жаңа асфальт төседі.

Республика даңғылын жаңбыр жауғаннан кейін лай-батпақ, басып кететін, ал ол лай-батпақ кепкеннен соң шаң болып көтерілетін. Мұның әр түрлі себебі айтылып журді. Кейбір «ақылмандар» тіпті бұл дала төсіндегі қалалардың табиғи ерекшелігі деп те сайдады. Бірақ, даңғылға жарыса салынған көптеген көшелер соқпақ жол күйінде еді, осы көшелермен жүріп өткен автомобилдер даңғыл төсіне шыққанда, дөңгелектеріне жабысқан лай-батпақты шашып кетіп жататын. Осыны далелдеу үшін Астананың құрылышы мен дамуы жөніндегі кеңестен кейін, жауын-шашынды, лай-батпақты күндердің бірінде аяқастынан қаланың басшылығын автобусқа отырғыздым да, орталыққа жақындау орналасқан ең лас жерлерге алып бардым. Бұл жерлерді етіксіз аралап шықтық, мұны көрген басқалар енді «Қай жерді жинаймыз, қалай жинаймыз, қанша жинаймыз» деген тақырыпта талқылау басталады деп ойлады. Бірақ мен бұл ниетті қолдай қойғаным жоқ. Өйткені осы проблемага барынша кешенді түрде қарағым келді. Міне, осындай ойлардан бастап тозығы жеткен ескі үйлерді бұзудың, қажетті инфракұрылымдар салудың және де қала аумақтарын көгалдандырудың жүйелі бағдарламасының негізі қалана берді. Қаланың барлық

көшелерін жанартудың нақты шаруасы, іргелі бағдарламасы осылай басталды.

Астана өзгере берді. Ол бейне бір «Қазақстан астанасы деген орнымы алуға әзірмін!» дегендегі жаңа түрге еніп келе жатты...

Осынау орасан зор жобаның барлық қатысушыларының тұсаукесерді үйимдастырушылардың, құрылыштық қызметтері мен компанияларының, муниципалды органдардың және жүздеген басқа адамдардың жаңа астананы астана ретінде «жарықта шығару» әзірлігін қамтамасыз еткен күн сайынғы қажырлы жұмысы жемісін берді.

Сонымен, тұсаукесерге әзірлік кезіндегі ең басты нәрсе – құрылыш салу мен жаңа объектілерді іске қосу шешімін тапты.

Біздің басталқы ойымыз бойынша, жаңа астананың ресми тұсаукесеріне дейін аз болса да, көп болса да, 57 объектіні іске қосуды жоспарлап едік. Бұл үшін құрылышшылардың мақтануына абден болады, осынау орасан зор жоспар ойдағыдай орындалды: барлық объектілер уақытында пайдалануға берілді!

Бүкіл өзен жағалауы жинақы, салиқалы түрге енді. Оның түйтетайлы жағалары әшекейлі плиткалармен көмкерілді, жағалауды бойлай төбесі күмбезделген бағаналы беседкалар салынды, жағалау су айдынынан өрнекті темір қоршаумен бөлініп, өзенді қуалай асфальт соқпақтар тартылды.

Есіл айдынының қақ төрінен гүлдің алып қауашағына үқсас фонтан «өсіп» шықты. Күн саулесімен шағылышып, айналасын шағын кемпірқосақтарға толтырып, су астынан тым бійкке атыла шапшыған фонтанның сиқырын қарап түрудың өзі ғажап. Есілге тым таяу жерден «Киял алемі» деп аталатын «Айя» мәдени ойын-сауық орталығы бой көтерді, онда кемпірқосақтың сан алуан түсімен құбылған қазіргі заманғы әсем аттракциондар бар. Кенесары көшесінің бо-

йында тұрған, халқымыздың даңқты палуаны Қажымүқан Мұңайтпасов атындағы Орталық стадион толығымен қайта жасалып, жаңғыртылды, сейтіп бұл бұқаралық іс-шаралар мен салтанатты мерекелерді өткізуге әрқашан әзір тұрған нағыз астаналық стадионға айналды. Қазақтың кеменгөрabyздары: Теле бидің, Қазыбек бидің және Әйтеке бидің ескерткіштерін ашу рәсімі болып етті.

Бүкіл астаналық инфрақұрылымды қайта жасау қарқын ала түсті: мәлтек аудандар мен кешелер абаттандырылып, көркейтілді, жолдар жөндөліп, қайта жасалды.

Тұсаукесер астана келбетін ұдайы және айнымас қалыптен жетілдіре түсудің бір үзігі ғана сияқты еді.

Астананың тұсаукесері өткізілген күннен бері бар болғаны жеті жыл етті.

Алайда осы мерзім ішінде қаншама істер атқарылды десеңізші! Темір жол вокзалы толығымен қайта жасалып, қазіргі заманғы көркіне енді, Астанаға келіп-кетушілер үшін қолайлы жағдай жасайтын сыртқы және ішкі жаңа кешендер пайда болды.

Сейтіп, ақырында, Астана нағыз астаналық вокзалға ие болды! Күрделі қайта жасау жұмыстары жургізілгеннен кейін вокзал сыртқы сұлбасы бұзылмай-ақ, адам танымастай взгеріп кетті. Іші де, сырты да взгерді.

Біріншіден, инженерлік коммуникациясы толығымен жаңартылды, жаңа терминалдық жабдықтар пайда болды, күту залдары кеңейтіліп, жаңғыртылды.

Енді вокзалдың тәулік сайынғы өткізгіштік қабілеті 5800 жолаушыға дейін артты. Вокзалдың ішкі холы ақпараттық табломен, бейнекәдағалаумен жарақтандырылды. Жолаушыларға қолайлы болуы үшін ғимараттың ішінде бар мен кафе, бейнезал, демалыс бөлмесі орналасқан, тіпті шағын маркет те бар.

Екіншіден, перронның тап үстінде жолаушыларды желден, жаңбырдан, қардан қорғайтын арнайы қалқа орнатылған.

Астананың тұрғындары мен қонақтарына қолайлы жағдай жасау мақсатында вокзал әйнек витраждардан азірленген конкорсты өткелмен, мүгедектерге арналған арнаулы лифті мен және эскалаторлармен толықтырылған.

Астананың темір жол қақпасы енді жаңа астананың көз тартарлық ғимараттары ішінен өзінің берік орнын алатыны сезсіз...

Астананың жаңа мәдени, ойын-сауық объектілері ашылды, бұлардың ішінен Құлаш Байсейітова атындағы Опера және балет театрының классикалық, пішінін, модерн стилінде орындалған «Синема-Сити» кинотеатрын, мұражай-керме залы, кітапхана, мәжіліс-залы орналасқан Президенттік мәдениет орталығының зәулім күмбезін атап еткен жән.

2004 жылдың қаңтарайында біз Ресей Президенті Владимир Путинмен бірге оның реңми сапары кезінде Президенттік мәдениет орталығына бардық. Сонда Путиннің қазақтың киіз үйінің жасаулары мен оның көшпелі түрмисының бүйімдарын аса қызығушылықпен қарағанын байқадым. Мәртебелі мейманымыз сәуле шаша жарқыраған әйгілі «Алтын адамның» түрттүлғасына қадала қарап, таң-тамаша қалды.

Қазақстан Қаржы министрлігінің ғимараты да өзінің желбіреген жалаудай ерекше пішінімен көз тартады. Ғимарат кейде тербелген толқынды елестетеді. Десек те, Астананың көзі өткір кейбір тұрғындары бұл ғимараттың лішінінен американдық доллардың сұлбасын көре қалыпты. Сейтіп, бұл ғимаратымыз «Доллар» атанып кетті.

Астанадағы осы көз тартарлық ғимараттың бас сәулетшісі, сәулет және қала құрылышы департаментінің директоры Владимир Лаптевтің түсіндіруінше, бұл ең басында Қазақстан Республикасы туынның тасқа айналған бейнесі ретінде ойластырылған екен. Сәулетшілердің пікірінше, көгілдір қасбетке шағылышқан күн саулесі ғимаратты жайылған

матаның суретіне айналдырады, ал көк жүзінде көшкен қазбауыр бүлттардың жәңқілген көлеңкесі осы алып матаны желдей желбіретіп тұрғандай асерге бөлеуге тиіс. Бәлкім, ғимараттың қасбеті барынша көгілдір болмай, содан да ғимарат-тудың асері жүртқа жетіңкіремей қалған шыгар. Соған қарамастан, ғимарат пішінінен астаналықтардың бірінші кезекте «долларды» тап басуын өз басым бөтен көрмеймін. «Доллар» болса, «доллар» болсын... Ең бастысы, сұлу да сүйкімді ғимарат пайда болды.

Бұрын Қаржы министрлігінің қазіргі ғимаратының орнында «обкомдікі» деп аталатын үйлер тұратын-ды. Бұлар бір кезде заманына барынша лайық болған, ал бүгінгі күн үшін тым ескіріп кеткен үйлер еді. Осы аумақты аралап жүргендеге мен астананың қақортасында ауласында клозеті бар осындай дербес үйлердің тұрғанына реніш білдірдім.

Дұрысы бұл үйлерді бұзып тастап, орнына қала мен республиканың қажеттілігіне жауап бере алатын, мейлінше жаңа заманға тән құрылыштар салған жән болатын еді. Бұл үйлерді бұзуға қаланың байырғы тұрғыны, әкім Ә. Жақсыбеков азер келісті. Өйткені ол бала кезінен-ак бұл үйлерге ерекше бір ізетпен қарауды үйренген. Былайша айтқанда, осы жер есکі Ақмоладағы «дворяндар үясы» сияқты еді. Сейтіп, нақ осы аумақта іс жүзінде жаңа аудан – Қаржы министрлігі, фон-тандары бар саябақ және басқа қазіргі заманғы құрылыштар пайда болды.

Бүгінгі «Алатау» спорт сарайы бұрынғы КСРО Ауыр арнаулы құрылыш министрлігінің аяқталмай қалған корпусы екенін көп адам үмітып та қалған шығар. Оның айналасында бір-біріне жабыса салынып, бетон панельдердің сыйығынан жасалған жабайы гараждар тұратын. Мұндай гараждар әр жерде бар-ды. Қала келбетін бұзып тұрған осындай гараждарды аяусыз қиратқан кезде Ә. Жақсыбековтің қандай қарсылықта төтеп бергені маған жақсы мәлім.



新嘉坡新嘉坡新嘉坡新嘉坡新嘉坡新嘉坡新嘉坡新嘉坡



Сөз ретінде Қаржы министрлігін, басқа да көптеген көз тартар ғимараттарды Астана мен Қазақстанның аса ірі құрылым компанияларының бірі «Базис-А» корпорациясының салғанын айтып өткім келеді. Бұл – құрылым нарығында өзін орнықты арі сенімді түрде көрсеткен, ауқымды жобалардан сескендейтін, орындау сапасы түрғысынан, өз қызметкерлері мен қызметшілерінің касиби шеберлігі жағынан әлемдік стандарттарға сай компания. Энергетика министрлігінің, «ҚазМұнайГаздың» Есілдің сол жағалауында пайдалануға беріліп үлгерген аспанмен таласқан «Транспорт-Тауэр» зәулім ғимаратын тұргызу абыройы осы компанияға тиесіл.

«Транспорт-Тауэр» зәулім ғимаратын жобалау мен салуға арналған тапсырысты алу үшін бірнеше шетелдік және отандық компаниялар күресті.

Бірақ осынау даңқы зор конкурста «Базис-А» компаниясының талантты саулетшілері мен дизайнерлерінің жобасымен ешкім бәсекелесе алмады. Орындалу шеберлігінен басқа, бұл жоба ең бір үнемді жоба болып шықты. Ғимарат құрылышын салу кезінде 10 миллионға жуық доллар қаржат үнемдеуге мүмкіндік туды...

Қаладағы спорттың жайы да ұмыт қалған жоқ. Қысқа мерзім ішінде айнадай жарқыраған «Алатау» спорт сарайы, сыртқы лішіні өзінің өткір қырларымен кеңістікті жарып келе жатқан алып мұхит кемесін елестететін «Қазақстан» спорт сарайы пайдалануға берілді. Жаңа ипподром, есу каналы, сегіз ашық корттан тұратын теннис орталығы, бизнес орталығының биік ғимараты және басқа да көптеген құрылыштар салынды.

«Қазақстан» спорт сарайының түгелімен меценаттар қаржатына салынғанын және осынау бірегей құрылышқа 11 миллионнан астам доллар жұмсалғанын еске сала етейін. Бұл қаржаттар «Шеврон», «Эксон-Мобил», «Испат-Қармет»,

«Қазақстан алюминийі», «Аксесс Индастриз», «Филипп Morris», «Эке», «Паркер дрилиг» сияқты белгілі фирмалардан, Дәң мен Соколов-Сарыбай кен-байыту комбинаттарынан, Қазхромнан және Ақсу ферроқорытпа зауытынан тұсті. Мениң етінішімдер кезінде кеңіл бөлгендегі үшін бұлардың барашына ризаңызығымды білдіремін. Осы спорт кешенінің тұтастай отандық материалдардан салынғанын да есте үстаған жен. Мұның ең үлкен мұзды залы бес мыңға дейінгі көрерменді сыйғыза алады. Олимпиадалық стандарттағы 1200 орындық, көрермен залы бар жұзу бассейні де осында. Басқа да көптеген дүниелері бар.

Бір сезбен айтқанда, жаңа астананың спорт кешендері де талапқа сай деңгейге көтерілді. Бұғінде жаңа спортық, құрылыштар астана тұрғындары мен қонақтарының ең көп баратын сүйікті орындарына айналды.

Әрине, жаңа астананың бірегей объектісі «Думан» ойын-сауық кешені болып табылады.

Астананың тұрғындары мен қонақтары әлемдік мұхиттардан бірнеше мындаған шақырым қашықта тұрса да, теңіз суларымен толтырылған 13 орасан аквариумға орналасқан, теңіз бен мұхит тұңғызының мекендеушілердің құпия әмірінің қойнауына шынымен бойлай алады. Сөйтіп, кеңдала тесінде бой көтерген астананың тіршілігін айтарлықтай жадыратып, жандандыруды мақсат тұтқан бүл езі кереметтей қызық, ері ғаламат күрделі жобаның әсемдігі мен маңыздылығын сезіне түседі.

Әйнекті коридорды бойлай жүріп, жан-жағынды көзben шолып, құдды бір капитан Немо құсал, басынды көтеріп қарасаң, тұра көз алдында мұхит пен теңіз тұңғызының бейтаныс мекендеушілерін көресін, бұлар да бүгін Қазақстан астанасына турақтапты. Мен ихтиолог емесспін, сол себепті «Думан» океанариумында көрген теңіз жандіктерінің барінің атын атап, түсін түстеге онайға түспейді. Бірақ мәселе сонда ғана ма? Ең

бастысы, бұдан бұлай астана тұрғындары мен қонақтарының осынау бірегей, ғажайып кешенге барғанда, өздерін толық құқылы теніз жағалауындағы қалалар тұрғындары сияқты сезінетіндігінде ғой. Айтпақшы, океанариумның ішкі жағында қазіргі заманғы кинозал мен тілті теніз сүйн өндіретін зауытқа дейін бар.

Өзіміз бір мартे айтып еткендей, астананың ажарын аша түсетін этнопарк жасалды. Ол Қазақстанның картасын қайталай отырып, республиканың қалалары бойынша Қазақстанның бүкіл сәулет өнеріндегі інжу-маржан: Оңтүстік астанадагы асқақтаған әсем жаңа мешіт пен алтын күмбезі жарқыраған Воскресенск соборынан бастап, Жетісүудың жоғалған алқасындағы болған Отырардың тас мұнарасы, жұмбақ, сырлы кәрі Алтай тауы бектерінің қарағайлар қара орманы сияқты бабаларымыздан қалған мұраларға дейін жинақталған.

Астана, албетте, әлеуметтік-сауықтыру обьектілерін де ұмыт қалдырған жоқ. Бұлар болмаса, қала мен астананың толық мәніндегі инфрақұрылымының емір сүруі есте мүмкін емес.

Жаңа медициналық мекемелер салып, оларды қазіргі заманғы техникамен толықтыру арқылы денсаулық сақтау жүйесін жақсарту жаңа астана тұрғындары үшін жақсы сыйлық, болды ғой деп ойлаймын.

Балаларға және олардың дені сау болуына қамқорлық жасау жай ғана міндет емес, бұл біздің парызымыз. Үдайы қамқорлық жасай отырып, ескелең үрпақтың бақыты мен болашақ денсаулығы үшін жаңынның бір бөлшегін бергеннен артық не бар?

Мысал үшін, Астананың Сол жағалауында 2003 жылы ашылған, ашылу рәсіміне менің қатысуыма тұра келген Кардиохирургиялық орталықты алайық. Бұл обьект – Сауд Арабиясындағы ханзада Сұлтанның жеке сыйлығы. 30 орынға

есептелген және жүректің ишемиялық ауруымен, жүректің кейін пайда болған және тұа біткен ақауымен ауыратын адамдарға арнайы хирургиялық көмек көрсету мақсатын көздейтін бұл орталық – тұтастай Орталық Азиядағы осындай түрпatty бірегей және жалғыз медициналық мекеме болып табылады. Орталықта қазіргі заманға қажетті барлық аппараттар: «Филипс» (Голландия) фирмасының ангиографиялық қондырығысы, немістің «Дрегер» фирмасы шығарған қазіргі заманғы наркоз және қадағалау аппаратымен, «Сток» (АҚШ) фирмасы шығарған жасанды қан айналысы аппаратымен, 8 төсектік реанимациялық блоклен, немістің «Би Браун» фирмасы шығарған екі қан ыдырату аппаратымен жарактандырылған қос операция белмесі бар.

Қаладагы №2 балалар ауруханасының келбетінің күрт өзгергені мені ерекше қуантады. Сонау 1999 жылы Токиода болғанымда Жапон үкіметімен медициналық қызмет көрсетуді жақсарту жөніндегі жобаны Қазақстанда іске асыру туралы келісімге қол қойып едім. Осы келісімнің қағаз жүзінде ғана қалмаганы қандай сүйіншті десенізші, 2001 жылы Астананың үш балалар ауруханасы жалпы сомасы 10 миллион доллар тұратын тамаша медициналық жабдықтарға ие болды! № 2 ауруханада томограф, артурлі диагностикалық және зертханалық техника, операциялық болмелердің жабдықтары орнатылды.

Осынау өз балаларымызға қарай бір қадам аттаудың арқасында қаншама сабилердің өмірі мен денсаулығын сақтауға мүмкіндік туды және дәл солай бола бермек.

Енді қарасаңыз, деңгейі қазіргі заманғыдан да асып түсетін осы ауруханада жыл сайын жаңа астананың 7-8 мың бүлдіршіні емделіп жүр!

Астананың балаларын айтпағанда, мұнда бүкіл Қазақстанның балалары емделуде. Бұл сыйлықтың жалғыз Астана үшін емес, тұтастай Қазақстан үшін толымды тарту болғаны күмәнсіз...

Өте жаңа, мейлінше бірегей техникамен жарақтандындардың бірі – Республикалық клиникалық аурухана болып отыр. 2001 жылғы қыркүйекте оның ашылу расіміне қатыстым. Маған айтуынша, бұл медициналық кешенге ТМД елдерінде тенденс келетін ештеңе жок, ол он жыл мерзімге 88 миллион доллар мөлшерінде жеңілдікті кредит белген Ұлыбритания үкіметінің қаражатына салынды. Кешен бір мезгілде 240 ересек пациенттерді қабылдай алады, клиниканың жергілікті және республикалық бюджеттерден қаржыландырылуына байланысты олар тегін емделеді.

Әрине, біздің балаларымыздың психологиялық денсаулығына да назар аудармауга болмайтын еді. Бізде шанырағы шайқалған отбасылар, түрлі себептердің салдарынан ата-анасынан ерте айырылып, аナンың аялы алақанын, әкенің үлгісін көрмей-білмей өсіп келе жатқан балалардың бары жасырын емес. Әсіресе осыларға қызын. Жүйкенің жарақаты дene жарақатынан горі ауыр болады. Дене жарақатының емін табуға болар-ау, алайда айналасынан әрдайым мейірім мен жылылықты күтетін баланың жан жарасын қалай емдерсін?

Сондықтан 2001 жылғы маусымда халықаралық «SOC Кіндердорф-Астана» балалар ауылының ашылу салтанатына – шын мәніндегі балалар мерекесіне қатысу мені ерекше қанағат сезіміне беледі.

Мұның жайын естімегендер үшін айта кетейін. Мемлекеттік емес «SOC Кіндердорф Халықаралық қоры» қайырымдылық үйімінің бұдан жарты ғасырға таяу уақыт бурын соғыстан кейінгі Австрияда құрылған. Мұны құрған Герман Гмайер кейін оның бірінші президенті болды.

Бұл үйім өзіне аса ізгілікті міндетті, яғни наслі мендініне қарамастан, ата-анасын жоғалтқан барлық балаларды тұрақты үймен қамтамасыз етуді қолға алды. Осы үйде балалар ересек өмірге лайықты енуге, қоғамның толыққанды мүшесі болуға дайындалады.

Қазақстан «Баланың құқығы туралы» Конвенцияга қол қойды және 2000 жылғы желтоқсанда біз «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасеспірімдер үйлері туралы» Зан қабылдадық. Бұдан бұрын, 1994 жылғы тамыз айында мениң зайыбым Сара Назарбаева «СОС – Қазақстанның балалар ауылдары» қорын құрған болатын. Қазір мұндай балалар ауылдары Алматы мен Астанада жұмыс істеп тұр. Осындай балалар ауылының бірі Теміртау қаласында салынуда.

Дәлосы қордың құрылуы 2000 жылғы балалар ауылдары туралы заң қабылдануының тұңғыш хабаршысы болды.

Астанадағы балалар ауылы жай ғана тұрғын үйлер емес. Бұл тұтастай балалар қалашыны, мұнда ауылдың жас тұрғындары үшін толық жабдықталған, қолайлы жағдай жасайтын қажетті инфрақұрылымның барі бар. Жылы үядай үй-жайлар, балабақша, медициналық пункт, қонақ қабылдайтын үй, спорт аландары, қызметтік құрылыштар – Қазақстан астанасындағы тұтас бір балалар қаласы, міне, осындай!

Бұл мөлтек қалада 108 бүлдіршін тұрады, олардың әрбірі өзінше дара, шетінен талантты және Қазақстан Республикасының азаматы ретінде үлкен өмірге араласып кетулеріне толық мүмкіндіктері бар.

Әрине, астананың ажарына ажар қосқан, жаңа корпуста-рымен қала ландшафтына тамаша кірігіп кеткен Лев Гумилев атындағы Еуразия университетін айтпай тұра алмаймыз.

Бұл күндері шетелдік мәртебелі қонақтарды Еуразия университетінің қабырғасында қабылдал жүргенде, өз басым осынау оқу ордасының үйлесімді де әдемі сәулетіне әрдайым таңдана қараймын. Мұндай таңданыстарын осында келген меймандарымыз да жасыра алмайды. «Астананың мәдени капиталы» деген үғым Еуразия университетіне көз түскен саттен-ақ адам санасында нақты бейнеге айналады деп ойлаймын.

2001 жылғы қаңтарда мен Астана қаласында қазақ-турік лицейінің айшықты әрі қазіргі заманға сай етіп салынған

ғимаратының ашылуында болдым. Негізі 1994 жылы қаланған осы лицейде бүгінде білікті де тәжірибелі оқытушылар өз шекірттеріне Еуразияның төрт тілінде – қазак, түрк, орыс және ағылшын тілдерінде даріс беруде. Оқу сапасының жоғары екендігі соншалық, лицейді бітірген тұлектердің 98 пайызға жуығы өз білімдерін қазақстандық, және шетелдік жоғары оку орындарында табыспен жалғастырып жатыр.

Әлбетте, мұндай бірлескен білім беру ордаларының болуының Қазақстан мен Түркия арасындағы, Қазақстан мен Ресей арасындағы, Қазақстан мен Ұлыбритания арасындағы – халықтар достығының символы ретінде терең саяси мән-мағынасы бар. Бір сөзben айтқанда, бұл – Қазақстан мен бүкіл алемдік қоғамдастық арасындағы достық.

1998 жылы Қазақстан мен Ресей арасында білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы шартқа қол қойылып, оған Қазақстан-Ресей университеттің құру туралы бір тармақ енгізілген-ді. Шарттың осы тармағы 2003 жылы іске асты. 2003 жылғы 10 маусымда мен жаңа астананың Сол жағалауында Қазақстан-Ресей университеттің жаңа корпусының ашылуына қатыстым. Жаңа университеттің қосымша құрылтайшылары мен артестерінің арасында Ресейдегі және ТМД-дағы аса ірі білім беру мекемесі – Мәскеудің қазіргі заманғы Гуманитарлық Университеті бар екенин айтып еткен жән.

Менің өкімім бойынша, 1994 жылы құрылған Қазақ мемлекеттік заң академиясының жаңа ғимараты құрылыш материалдарының соңғы үлгілерін қолдана отырып, жинақы сәулеттік стильде орындалды.

Қазіргі заманғы сауатты басқарушыларды көптеп тілеп отырған қалаға, қауап есіп келе жатқан Астанамызға нақ осы заң академиясы ауадай қажет деп білем. Өйткені бүгінде Жоғарғы Сот, Бас Прокуратура, министрліктер мен ведомстволардың барі де осы жаңа астанада орналасқан. 2001 жылғы маусымда осы жоғары оку орны студенттерінің



алдында сез сейлекенде, мен жаһандық, алем жүйесіне қосылу сияқты басты міндетті біз қалай шешуіміз керектіп женинде өз ойларыммен белістім. Және бұл міндеттердің барі көп жағдайда нақ осы білім жолымен, бірінші кезекте заңгерлік білім арқылы шешілеттінін жастардың есіне салдым. Қазақстан азаматтары үшін соншалықты өмірлік маңызы бар осы міндеттерді ойдағыдан орындайтын болашақ заңгерлер мен құқықтанушылар емес!»

Инновациялық бағдарламалар орталығы да мені өзгеше жақсы асерге бөлөйді. Мұнда республиканың Білім және ғылым министрлігі жанындағы білім беруші тәрт үйімі бар Олар Республикалық «Дарын» орталығы, халықаралық «Білім» орталығы, Ыбырай Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясы және Білім беру мен тестілеу мемлекеттік стандарттарының үліттық орталығы.

«Дарын» орталығының компьютерлеріндегі сирек ұшырасатын деректер базасы – біздің еліміздің барлық дарынды балаларының деректер банкі бар екенін білгенде, қатты таңданым. Бұл дегениңіз, Қазақстанның жоғары оқу орындары мен мектептеріндегі алты мыңнан астам студенттер мен оқушылар той. Еліміздегі жас таланттар мен дарынды балалардың саны будан әлдеқайда көп болуы керек деп ойлаймын және осы деректер базасын жасаушылардың мұны үдайы жетілдіріп отыруға, толықтырып отыруға ынтасы да, қабілеттері де жетеді деген үміттемін.

Ал халықаралық «Білім» орталығының ауқымды ақла раттық компьютерлік желі қуру жоспарын алыңыз.

Орталықтың түпкі ойы бойынша, бұл желі біздің кеңбайтақ Отанымыздың барлық қалалық және ауылдық мектептерін қамтуға тиис. Болашақ оқушылар нақ осы желіден барлық қажетті ақпаратты электронды кітаптардағы білім қазынасын таба алады.

Енді Ұлттық академиялық кітапхананың асем де айбынды ғимаратына келейік. Мұны кезекті Астана күніне орай, 2004 жылғы 10 маусымда Юрий Лужков екеуміз ашып едік. Айтпақшы, Лужков жаңа кітапханаға шын мәнінде «астаналық» сыйлық жасады, орыс әдебиеті классиктерінің тұра үш мың томдық шығармаларын сыйға тартты.

Әрине, білім беру мекемелері жүйесін құру қажет. Сонымен бірге студенттердің өмірі мен тұрмысы үшін қолайлы жағдайлар жасайтын тиісті инфрақұрылымды да жасау керек. Бұл орайда негұрлым көрнекті мысал – Студенттер үйі бола алады, ол 500 студентке арналған Лев Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті жаңындағы тоғыз қабатты жатақхана. Студенттерге арналған пәтер үлгісінде осы адемі де жинақы белмелерді аралап көру ерекше қуанышқа кенелткендей. Белмелердің бәріне телефон орнатылған. Ғимараттың өз ішінде керекті нарсенің бәрі бар – кітапхана, оқу залы, асхана, буфет, кір жуатын белме, би залы, тіпті алыстан келген ата-аналарға арналған қонақ үй, барлығы да осында.

Біз студент болып жүргенде мұндай нәрсе өніміз түгіл, түсімізге кірмеуші еді. Тіпті студент осындағы жағдайда тұруы мүмкін-ау дегенді көз алдымызға елестете де алмайтынбыз. Шамасы, біздің тарбиеміз басқашалау болды білем...

Дегенмен Астанадағы білім жайын айрықша айтқым келеді. Мәселенің тотенше маңыздылығы оны әңгіме арқауы етуге суралып-ақ тұр.

Еліміз үшін зияткерлік ресурстарды даярлау мәселесі – Астана мен Қазақстанды бұдан әрі дамыту жолындағы ең маңызды маселе, ол біздің бүкіл білім беру жүйесінің «тиянақты императиві» болып отыр.

Осынау стратегиялық маңызы бар мәселеге мен ардайым барынша назар аударуга тырысып келемін. Білім және ғылым қызметкерлерінің II съезінде сөз сөйлеген кезімде құрылымдап, жүйелеп баяндап беруге тырысқан ойларымның

Үкімет қабылдаған «Қалада бастауыш және орта кәсіптік білім беруді дамыту, Астана қаласындағы кадрлар даярлау процесі мен жұмыспен қамтылмаған халықты реттеу жөніндегі 2003–2006 жылдарға арналған Өнірлік бағдарламага» кіргені мені албетте қанағаттандырады.

Өнірлік бағдарламага білім беру жүйесін реформалау мен жаңғыруға қатысты көптеген ресми қабылданған базалық, құжаттар енген.

Бірінші кезекте, бұлар – Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасында бастауыш және орта кәсіптік білім беруді одан арі дамыту жөніндегі шаралар туралы» 2000 жылғы 15 мамырдағы қаулысы, Астана қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2005 жылға дейінгі «Астананың гүлденеуі – Қазақстанның гүлденеуі» Бағдарламасы, Астана қаласының 2005 жылға дейінгі «Астаналық білім беру» Бағдарламасы.

Қаулап есіп келе жатқан Астана қаласы үшін, оның үстінен Қазақстанның елордасы ретінде білім беру жүйесін дамыту мен жетілдіруде айрықша басымдықтар белініп отырғаны қуантады. Қазірдің езінде Астанада касиби кадрлар мен бейінді мамандардың тапшылығы қатты сезілуде. Бұл проблеманың еткірлігі соншалық, ол дәл бүгін шешуді талап етеді.

Аталған бағытта алғашқы қадамдар жасалды. Қазір астанада касиби кадрлар даярлаумен 26-ға тарта үйымдар айналысады. Бұл оқу құрылымдарында 11 000-нан астам оқушылар білім алуда.

Кәсіптік білім беретін оқу орындары жүйесі 20 жұмыс бейіндері мен 25 мамандық, бойынша мамандар дайындалып шығаруды жүзеге асыруда.

Білім беру процесіне мемлекеттік құрылымдардан басқа, жеке меншік құрылымдардың да атсалысып жатқаны айрықша қуантады.

Сайып келгенде, білім беру бағдарламаларын орындау нәтижесінде біз неге қол жеткіземіз және астаналық

инфрақұрылымды қасіби кадрлармен қамтамасыз етуге байланысты қандай проблемаларды шешуіміз керек?

Бірінші кезекте, бейінді оку орындарында қасіби кадрлар даярлау жүйесінің икемді әрі жетілдірілген жүйесі құрылатын болады. Бұл астаналық еңбек нарығын айтартықтай онтай-ландыруға мүмкіндік береді, соның шеңберінде жұмыс күшіне деген ұсыныстарды барлық талап етілетін және қажетті мамандықтар мен қасіппер бойынша касіптік ресурстарға арналған сұраныс барынша толық қанағаттандыратын болады.

Бұдан басқа, еңбек нарығын болжau мен талдаудың жүйелі қызметі құрылмақ. Еңбек нарығының даму серліні бойынша мұндай талдаулар жасау кез келген мамандық немесе қасіп бойынша жұмыс күшінің тапшылығы немесе артылып жатуы сияқты қолайсыз құбылыстардан қысқа мерзімді және орташа мерзімді перспективада арылуға мүмкіндік беретін күман тудырмайды ғой деп ойлаймын.

Касіптік білім беру жүйесінің материалдық-техникалық базасы да елеулі түрде нығаяды және жаңғыртылады.

Жалпы алғанда, жұмыспен қамту нарығының проблемаларын шешуге мүмкіндік беретін осындаидай және басқа да көптеген нәтижелерге қол жеткізу үшін қасіптік білім беру жүйесін жаңа сапалық деңгейге көшіру қажет.

Астананың дамуы – астаналық инфрақұрылымды жетілдірудін үздіксіз процесі.

Негұрлым жетілдірілген әрі кең өрісті астаналық инфрақұрылым барған сайын курделі әрі технологиялық сипат алып келеді.

Сол себепті оны ұдайы тиісті деңгейде ұстап тұру және одан әрі дамыта тұсу үшін, бірінші кезекте Қазақстанның жаңа астанасына нағыз қазіргі заманғы мамандықтарды игерген, ең бастысы, қасіби шеберлігі жоғары қызметкерлер мен қызметші кадрларды даярлау проблемасын шешу қажет.

СТИЛЬ КЕПІЛДІКТЕРІ...

Кез келген қаланың, соның ішінде ел астанасының даңқын шығаратын оның гимарраттары мен құрылыштары ғана емес екендігін сеніммен айта аламын. Бұлар айбынды да ғаламат болуы мүмкін. Айрықша дара немесе оншалық ерекшелігі жоқ та болуы мүмкін. Солай бола тұра, қаланың қайталанбас келбетін бұлардан ғері, халықтың жан жүргегі мен үлттық мәдениетінің бір бөлшегін бойында ұстаған сол шаһардағы символдық объектілер далірек көрсетеді. Яғни бұл жолғы сез жаңа астананың әр жерінде тұрған сәулет пен тарих ескерткіштері жайында болмақ. Егер сәулет пен тарих ескерткіштері болмаса, Астанамыз үсті-үстіне үйіле берген темірбетон жиынтығы сияқты болып көріні әбден мүмкін.

Қала мен астананың эстетикалық пішінін көп ретте дал осы ескерткіштер айқындайды, солар қалыптастырады. Ескерткіштер функциясы мұнымен де шектеліп қалмайды. Сәулет ескерткіштері мен сәулеттік нысандар қала тұрғындарының туған шаһарының эстетикасын өздері сезініп, түйсінуіне мүмкіндік жасай отырып, олардың бойында жоғары талғамды тәрбиелейді.

Астанада көркем стильдің үлгісі бола аларлықтай ескерткіштер соншалықты көп деп айта алмайсың. Бірақ, мениңше, мұндай мәселеде санның ғері, сапаның үстем тұруы шарт. Егер бір сәулеттік нысан кеңілдің күйін қозғап, өзі рәміздел тұрған бейнеге деген сезімге бөлеп, ойға батырар болса, онда бұл бір-бірінен айнымайтын тұғырга қонып алып, бірін-бірі қайталайтын һам ешқандай әсер етпейтін тақылеттес тас үйінділерден әлдеқайда артық.

Ескінің өз орнын жаңаға босатуға мажбур болатын жағдайы өмірде жи болып тұрады.

Мысалы, таяу жылдарға дейін Целиноградтың орталық алаңында, Парламент үйінің қарсы алдында тұрған Ле-

нин ескерткішінің жайы солай болды. Қаланың байырғы тұрғындары мен соғыс ардагерлері Ленин ескерткішін алып тастауға үзілді-кесілді қарсы тұрды, оларды түсінуге де болатын еді. Тіпті мен де олардың көзқарасына қосыла жаздадым. Бірақ, қалай айтсақ та, бұл ескерткіш астананың әкімшілік орталығының саулеттік келбетіне түбекейлі қарама-қайшы еді. Осы проблеманы Аманжол Бөлекбаев шешті. Ол алаңға соғыс ардагерлері мен қаланың байырғы тұрғындарын жинап алып, бір жарым сағат бойы қадірменді ақсақалдармен әңгімелесті. Қаланың қақ ортасында жаңа тәуелсіз және егемен мемлекеттің заң шығарушы билігінің тұрақ мандайында Ленин ескерткішінің тұрганы қалай болмақ, соны ұзак-ұзак түсіндірді. Бір жарым сағат бойы тамақтары қарлықтанша дауласып-шуласты. Қала тұрғындары ақыры әкімнің көзқарасын түсініп, келісім берді.

Целиноградтың бұрынғы өзіндік кескінінө орай тағы бір жағдайды айтайын. Қазіргі Президенттік мәдениет орталығының күмбезі жарқырап тұрған жерде, қалаға кірер жолдағы биік тұғырда бұрын K-700 тракторы тұратын. Қалай айтсаның да, Тың астанасының нағыз символы сол еді. Шынында оның ешкімге бөгеті болған жоқ, бірақ жаңа астананың жаңа саулеттіне тіпті кірікпей қойды. Не істейміз? Аманжол Бөлекбаев көп ойланbastan осы тракторды «Целина» деп атаптасты аты да тыңға үйлесіп тұрған кеншарға сыйлай салды. Жай ғана сыйға тартты. Кеншар адамдары бұл тракторды өздері келіп алып кетті. Елдің айтуынша, осы трактор әлі күнге дейін бабында көрінеді, тіпті бір бүйірінде «Аманжол» деген жазуы бар деседі...

Орайы келген сәтті пайдаланып мен де оқырманмен бірге жаңа астананың саулеттік құрылыштарын аралап етейін.

Әуежайдан қалаға қарай шығатын даңғылды бойлап Есілге тірелер тұста, бір қарағанда дағдыдан тыс сияқты көрінетін оқшашу құрылыш көзге түседі: 27 метр биік төбе

басындағы ұзын үрлік. Бұл үрліктің өзіндік оқшау түрпatty ерекшелігі де сол – алыстан көрген кезде оның не мақсатпен қойылған монумент екенін ешкім тап баса алмайды.

Биіктебеге қарай созылған 55 сатының басып көтерілгенде ғана мұның кең жайылған ГУЛАГ архипелагының лагерь-аралдарында дүниеден өткен миллиондаған жазықсыз жандарға, саяси құғын-сүргін құрбандарына арналған жады мемориалы екенін үгуға болады. Бұл монументтің іргетасы Қазақстан Халықтары ассамблеясының 4-сессиясы ашылған күні қаланды. Төбе басындағы барельефтер тұстай халықтардың және ең қымбат нәрсе – өмірі қылған жекелеген адамдардың қатал тағдырына үнсіз ғана қуалік етеді. Не үшін дейісіз ғой? Өздерін мерт қылған жендерден гөрі, отанын артықтау сүйгендери үшін.

Мұнда бір символдық мағына бар деп ойладым мен. Монументтің мәні оған тікелей жақындаған келгенде ғана ашылады. Ақиқатты алыстан көре алмайсын, осы жан түршігерлік оқиғаны еске салатын жерге тым жақындаған келгенінде адамдар трагедиясын жаңынмен сезінесің. Монумент бүйгіне көтерілген әрбір Қазақстан азаматы, тек сол жерге – құрбан болғандар жайында баяндайтын барельефтерге тақап келгенде ғана сталиндік дауірдің бүкіл трагизмін негұрлым толық сезіне алады. Бұл кешенниң сәулеттік және тұжырымдамалық құндылығы маған нақ, осы эстетикалық образдардан көніл күй ауанына қарай біртінде ауысатын ерекшелігінен көрінеді.

Әуежай жақтан құрылыш қауап салынып жатқан сол жағалаудан қалаға ескі көпір үстімен кіріп келе жатқаныңызда, аспанға найзадай шашылған үш тіректің, арка тәріздес әшекейлі құрылыштың астынан етесіз. Арканың ұши дәнгелекке барып тіреледі, ол дәнгелек кейде күн саулесімен күбылып шыр айналып тұрғандай әсер етеді.

Бұларқа қазақтың қадімгі «ақ батасын» бейнелейді. Қандай да бір ұлы іске бел буганда, ұзақ-сонар сапарға аттанар ал-



дында жолың болсын, іске сәт деп ақсақалдардың бата беруі – халқымыздың байырғы дастүрі. Сол себепті бұл символдық мәні бар «бата» қалаға келе жатқан, қаладан кетіп бара жатқан әрбір жолаушыға көпір үстінен ақ жол айтып, сәттілік тілеп тұрады. Сол көпірдің келесі басында тас барыстар тұр. Бұларды қаланың символдық қорғаушылары дегеннен гері, бүкіл Қазақстанның қарышты дамуын бейнелейтін нысан деп ұғынған абзап. Өйткені Қар Барысы – жаңа жалпы алемдік құндылықтар негізіндегі еркеніміздің символы және тас барыстардың қалаға «кіріп» келе жатқан әр адамның көзіне алдымен түсі – оларға біздің негізгі басымдықтарымызды үздіксіз еске салып тұруға тиіс. Тегінде, мұндай жағдайларда осындай образдардың идеологиялық тұрғыдан дұрыс қабылдануын шама келгенші ұмытпаған жөн. Барыстың күші мен шапшандығы ешбір жағдайда агрессиялық піғылды туғызбайды және туғызбауға тиіс, өйткені мұндай символдық бейнелердің күші мен қуаты әрқашан мемлекеттің прогресс пен даму жолындағы айнымас және табанды үмтىлышын бейнелейді.

Республика даңғылымен жүріп өтіп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Парламентінің гимараттарына қарай бұрылсаныз, сіз астананың орталық алаңынан келіп шығасыз.

Алаңың Үкімет пен Парламентті қоршап тұрған белігі жартылай ашық, ал Кенесары көшесіне тірелетін қалған жарымында бірқатар фонтандар мен өзге де скульптуралық композициялар орналасқан. Бұлардың ішіндегі кесе пішінде үшденгейлі етіп жасалып, алаңың қақ ортасына орнатылған үлкен фонтан айрықша көз тартады. Су әуелі ең жоғарғы қабаттан ортаңғы кесеге тасып құйылып жатыр. Ортаңғы кесе толып болған соң, су енді төменгі әшекейлі алып кесеге сарқырайды. Фонтан пішіні бейбітшіліктің үштаған суретін білдіретін Тіршілік ағашының символы іспетті. Төменгі бе-

лігі – біздің өткен шағымыз. Ортаңғы кесе – бүлінгі құніміз. Ал суойнақтың тәжі – бәрімізге ортақ болашағымызды бейнелейді.

Фонтанның периметрін бойлай Айдаһар, Түйе, Бұқа, Тоқты сияқты хайуанаттардың бейнесі жасалған. Оны жасаушылардың бастапқы ойы бойынша, бұл тәрт хайуанат бір мезгілде тәрт стихияға: Даналыққа, Жерге, Суга және Отқа сәйкес келеді. Осы тәрт стихиядан туған өмірдің мәңгілік қозғалысының белгісі ретінде әр аңың аузынан сыйдықтап су ағып тұрады.

Аланнан онша алыс емес, біреуі Есілдің бергі жағалаудында, енді бірі Республика даңғылы мен Абай көшесінің қиылсында екі ескерткіш бар. Халқымыздың аяулы қос перзентіне арналған ескерткіштер. Оның біріншісі – Кенесары ханға, екіншісі ұлы Абайға орнатылған.

Кенесары хан бір сәтке терен ойға батып, аргымак аттың үстінде мығым отыр. Бейне бір осы сұсымен жауын жасқап, үрпағына рух беріп, ұлы ерліктерге үндегендей.

Қазақ халқының тарихына Кенесары өз отанының тәуелсіздігін қарулы құрестен сақтап қалуға тырысқан қазақтың соңғы ханы ретінде енді. Ол – қазақ мемлекеттігін қалпына келтіру жолындағы халықтық қурестің қаһарманы, отаршылдыққа қарсы көтерілістің көсемі. Есіл вені жағасында сұлтан Кенесары Қасымовтың бастауымен өршіген осы көтерілістің даңқы алықса жайылғаны соншалық, Кенесары француздың қиялгер жазушысы Жюль Верннің бір романының басты кейіпкеріне айналды.

Мұсінші Нұрлан Дағбаев пен саулетші Шота Уалиханов шығармашылығынан туған биiktігі 13 метр (тұғырымен қоса) Кенесары хан ескерткіші Есіл жағалаудында асқақтап, тәуелсіздікті ешқашан оп-ондай келе қалмайтынын, тәуелсіздікті жеңіп алушмен қатар, табанды түрде қорғай да білу керектігін қараған адамның бәрінің санасына салып тұр.

· 2001 жылғы мамыр айында Кенесары ханның айбынды ескерткішін ашу рәсімінде монумент іргесіне гүл шоқтарын қойып тұрып, бостандық пен тауелсіздікке жан ұшыра ұмытылған Кене ханың мәңгілік ұмытпай жүрген өз ұлтима ішімнен мың алғысымды арнадым. Кезінде оның есімін халық жадынан өшіруге тырысушилық та болды ғой.

Енді мінеки, қазақтың билеушісі әрі қолбасшысы Кенесарының қола тұлғасы Қазақстан Республикасы тауелсіздігінің 10 жылдығының символы ретінде Есіл айдынының он жағалауында маңғаз асқақтайды.

Қазақтың дандышпан ойшылы Абайға арналған ескерткіште ұлы ақын Қолына кітап ұстал, Қыырға кез шалып, тұңғиық ойда тұрған сатінде бейнеленген. Тұған халқының тағдыры толғантқан «қола Абайдың» ақықат сапарының ұзақ жолында сал аялдап, ойланып қалған бір саті сияқты.

Абайдың 3,5 метрлік асқақ бейнесі қала тұрғындарының сүйікті демалыс орнына айналған орталық бауда орналасқан.

Жоғарғы Соттың жанында қазақ халқының үш ұлы биінің ескерткіші орын төлкен. Сонау «актабан шұбырынды, алқакөл сұлама» заманында алауыз болған хандарды бітімте көлтіріп, қазақ халқының басын біріктірген, жоңғар басқыншыларына қарсы ұлы жорықта көтерген әулиелер бұлар. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би бабаларымыз – аділеттіктің, бірліктің, данаалықтың, үлттық рухтың символы ретінде қазақ халқының тарихынан маңғілік орын алған ұлы тұлғалар. Олардың айбынды мұсіндері бірлік жоқ, жерде тірлік жоқ екендігін, данаалық болмаса даму болмайтынын әрдайым біздің есімізге салып тұрғандай.

Аты аңызға айналған қасиетті Қаратаудың күнгей бетінде, Ордабасы бигінде 1726 жылы қазақтың үш жүзінің хандары мен билері, бектері мен батырлары, елге сыйлы батагей ақсақалдары ұлы құрылтайға жиналды.

Осынау үш ұлы би данқы жер жарған сол хандар мен батырларға тұра қарап тұрып, қазақ халқының басына түскен ауыр күндер жайында толғанады: ел басына күн туған шакта, исі қазақ баласы бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, жұдырықтай түйілмесе, қазақ қүриды, қазақтың ертөнді таңы енді атпайды. Әне, ата-бабаның жеріне басып кірген Галдан-Церен, ойраттың қалың қолы ұлынды құл, қызынды күн етіп, ойрандап келе жатыр деп жар салады.

Теле, Қазыбек, Әйтеке сынды біртуар билердің қазақ халқы арасындағы шексіз беделінің арқасында, үшеуі үш жақтан толғағаннан кейін құрылтайға жиналғандар бұрынғы өзара реніш-әкпені тастан, ел-жүртты аман сақтап қалуға бір кісідегі ант беріседі...

Астанадағы Зан, академиясына іргелес жатқан баудың дәл ортасында қазақтың көрнекті ақыны Сәкен Сейфуллиннің ескерткіші бар. Бұл ескерткіш қазіргі заманғы қазақ адебиетінің негізін салушы Сәкен Сейфуллиннің 100 жылдық мерейтойы салтанаты күндері орнатылды.

Ескерткіш орындықта отырған адам түрінде жасалған. Сәкеннің байыпты, байсалды һам ойлы жүзі оның ақындық шабытын да бейнелегендей. Әне-міне дегенше қаламын қолына алып, ақ қағаздың бетіне нұрлы жырлар нөсерін түйдек-түйдек тәгіп жібергелі тұргандай.

Астана – ақындар қаласы. Бұл тұжырым қаланың ежелден-ақ ән-жырдың ордасы болғандығынан гері, шаһарда орнықан жалпы жай-куйге орайлас келеді. Бір кездері далалық өлкемізді молынан зерітеген Григорий Потанин: «Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрған сияқты көрінеді», – деген еді. Сол Потанинге үқсата айтсақ: «Маған бүкіл Астана ән салып тұрғандай болып көрінеді». Бұл әндер Қазақстанның барлық халықтарының тілінде шырқалады. Жүректі жарып шықкан осы әндер мен ақындық бейнелі суреттердің бір бөлігі саулептік нысандарда көрініс тапқан.

Астананың орталық белгіндегі гүл жайнап тұрған баудың бірінде орыстың ұлы ақыны Александр Сергеевич Пушкиннің ескерткіші бой көтерді. Скульптор ұлы ақынның шабытқа беріліп, көңіліне қанат байлағандай болған қас қағым сәтін қалт жібермеген. Шабыт үстіндегі дақ осы сатінде ақын өзінің ұлы жырларын туындағы жатқандай. Жүргін нұрландырып жаңа ғана ойға келген сәтті жырларды іштей қайталап, сол бейнелі сездердің сиқырын үстап қалуға асығып бара жатқан сияқты. Пушкинге қойылған ескерткіштер ішіндегі аса бір сәтті шыққан туынды осы тәрізді көрінеді маған...

Әрі ол – өн бойына шығармашылық бастау мен поэзиялық шаттықты үйлесімді сінірген, Астананың ең бір асерлі ескерткіштерінің бірі. Пушкиннің Мәскеудегі ескерткішінде жақсы білеміз. Ол ескерткіш, бәрінен бұрын, ақынның ұлылығы мен зияткерлік кеменгерлігін, адамдық парасатының терен де қуатты рухани қайнарын бейнелегендей-ді. Ал Астанадағы ескерткіш – ақынның ұшқын атқан поэтикалық және шығармашылық бастауының асерлі көрінісі.

Астанада кеңінен созылған тағы бір ашық кеңістік бар. Ол жер бүгінде астана тұрғындары мен меймандарының жиі баратын демалыс орнына айналып кетті. Бұл орасан кеңістік – есу каналының қос жағалауын өрнектеген парктік аймак.

Бұл парктік жағалауды Л. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Ішкі істер министрлігі, католиктердің костелі мен синагога, тұрғын үй және ойын-сауық кешендері қоршап жатыр.

Алайда осы аймақтың ең басты көркі – үлкен алаң ортасында тұрған «Отан қорғаушылар» монументі. Мұны Ұлы Отан соғысының қан майдандарында соғысқан және туган жерге арбір екіншісі ғана аман оралған миллиондаған қазақстандықтар туралы естелік болсын деп жаңа астанаға Қарағанды тұрғындары сыйға тартты.

Мамыр айындағы Отан қорғаушылар күніне арналған мерекелердің бірінде менің ойыма әлдебір алып та айбынды құрылыштың пішіні келді. Ол үрпактар сабактастығы мен дауір байланысының символы ретінде біздің ата-бабаларымыздың өшпес рухын біркітіре деп қиялладым. Сейтіп, мұсінші Юрий Баймұқашевтың, сәuletші Бақтыбай Тайталиевтің, суретші Мақаш Элиакпаровтың және Қарағанды көркеменер қорының директоры Александр Курицынның күш-жігері арқасында менің идеям нақтылы іске асты...

Зенгір көкке үмтүлған қола масақтар бауының, алыптығы мен айбыны таңғалдырады. Металл үрліктердің биіктігі 37,5 метр болса, баудың веі 101 масақтан тұрады.

Бұл ғаламат құрылыштың символдық мәні қарапайым да түсінікті: ол барлық қазақстандықтардың бірлігі мен ізгілікті үмтүлышын айшықтайды. Күрделі әшекейлер белдеулеген алып шардың пішіні біздің Отанымыздың байлығы мен қуатын еселеп тұрған рухани мұрамыз туралы парасатты ойды өрістетіп, үрліктің символдық конструкциясын толықтыра туады.

Осынау алып монументтің өзегінде көп ұлтты Қазақстан тұрғындарын, өз ұлдарын құлімдеп қарсы алып тұрған Ел Анасының бейнесі тұлғаланған. Үрпағына сүйіспеншілік пен ақ батаның алтын кесесін ұсынып тұрған Ел Анасының жарқын бейнесі қасиетті де ежелгі Қазақстан жеріндегі бейбітшіліктің, тыныштық пен тұрақтылықтың ең мықты символы емес пе?

«Отан қорғаушылар» монументінің туғырын көмкерген барельефтер еліміздегі бейбіт тәтті тірлігіміз кескілескен ауыр күреспен келгенін еске салғандай.

Міне, кеңестік жауынгерлердің бір тобы өлім сепкен неміс-фашист басқыншыларына қарсы аяусыз ұрысқа үмтүлышп барады. Ал келесі бір барельеф қазақтың батырлары мен сарбаздарының кезінде барша қазақ халқын жер бетінен жойып жібере жаздаған жоңғар басқыншыларына

қарсы шайқасының сәттерін бейнелейді. Орасан зор осынау монумент-кешенді оның табанында жалындаған Мәңгілік алау түйіктайды.

Бұл Мәңгілік алау Алматыдан жеткізілді және 28 батыр-панфиловшылар мемориалы алдында жаңып тұрған алаудың оты болып табылады. 2001 жылғы 9 мамырда, Отан қорғаушыларды еске түсіру мемориалының салтанатты ашылу рәсімі кезінде, осы алау да Астанадан тұрагын тапты. Бұл күні мен де өзімнің қаһарман-отандастарымды еске алып, тағзым етіп басымды идім.

Кешеннің ерекшелікті тағы бір себебі - 2001 жылы Астанаға келген Жоғары Шапағатты Рим Папасы Иоанн Павел II өз мессасын тұра соның жаңында өткізді. Діні мен мәдениетіне қарамастан Қазақстан халықтарының бірлігі мен бейбітшілік сүйіштігін бейнелейтін монумент жаңында Қасиетті понтифик, рим-католик шіркеуінің, басшысы халықтардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі мен сыйластық құрметін, бейбітшіл ниеттерінің сенімін нығайту қажеттігі туралы ойларын айтЫП, Қазақстан тұрғындарына өзінің мынадай тілек сездерін жеткізді. «...Сіздердің үлттық туларыңыздың тусіне қарай отырып, сіздер үшін, қымбатты қазақтар, мен Құдіреті күшті Құдайдан көк тұс символы болып табылатын беріктік пен ашықтықты, ондағы алтын тұс бейнелейтін береке мен бейбітшілікті тілеймін. Саған, Қазақстан және сенің барлық тұрғындарыңа Құдайым ракымын түсіріп, сенің болашағыңа келісім мен бейбітшіліктің нұрын төксін!»

Қазақстан астанасының әжарын ашып тұрған ескерткіштер мен сәулеттік кешендер ғана емес. Есіл үстінен салынып, «Сарыарқа» деген атқа ие болған жаңа көлірді де еске алмай тұра алмаймыз. Бұл көпір жаңа астананың дамып келе жатқан Сол жағалауы мен неғұрлым қауалап есіп бара жатқан Оң жағалауының арасын жалғастыруышы бірінші қатынас буыны болды.



Жаңа көпірдің ұзындығы – 214 метр, ал ені – 33 метр. Бұл көпір есқи көпір сияқты тұра әуежай мен Қорғалжын тас-жолына шығады да, елорданың қақласы қызметін атқарады. Үш қатар жолы бар көпір әрқайсысының салмағы үш мың тоннаға жуық, металл конструкциялардан құрастырылған, 15 тоннаға дейінгі шынжыр табан трактордың салмағын көтере алады. Жаңа көпірдің тәулік сайын 25 мыңға жуық машинаны өткізуге мүмкіндіп бар.

Астананың ажар-көркі туралы сез болғанда, Астананың ресми гербін айналып өту әділетсіздік болар еди. Эрине, герб саулет өнерінің ескерткіші емес, бірақ ел ордасының барлық орталық, кешелері мен ғимараттардың мәндайларында Астана гербі бейнеленген алем-жәлем жалаулар мен көркем плакаттарды байқамай өту мүмкін емес.

Желмен желбіреген Астана гербі елорданың эстетикалық, өзіндік келбетін түзейтіні әрі қаланың қайталанбас саулеттік бейнесін қалыптастыруға әсер ететіні сезсіз.

Еске сала кетейін, Астана гербінің жаңа нұсқасы 1999 жылғы маусымда, қаланың ресми тұсаукесерінен кейін бір жыл өткен соң бекітілді.

Жаңа гербтің авторлары – талантты суретші-дизайнерлер Дембай Салауат пен Аманжол Чеканаев. Гербтің негізі – дөңгелек шығыстық қалқан. Қурен қызыл түсті қамал қабыргасы астарында дөңгеленген кекшіл даладан ақ қанатты сақ барысы көрінеді. Барыстың бейнесі қазақ хандарының бас күміт түрінде келетін алтын тәжді скифтік аң стилінде салынған. Мұның мәнін маган кейіннен қаланың тағдырлы тарихының, қазақтың соңғы ханы Кенесарының ерлігі мен жанқиярлық күресінің, сондай-ақ, қайта туған мемлекеттің астанасын көшіру туралы шешім қабылдаған республиканың тұңғыш Президенттің даналығы мен батылдығының символы деп түсіндірді.

Қурен қызыл түсті қамал пішіні қаланың Есіл өзенінің жағасында қамал-қала ретінде пайда болу тарихын еске са-

лады. Ақ түс қазақ ұлтының ой-ниетінің пәктігі мен тілегінің мөлдірлігін бейнелейді.

Геральдикалық қалқанының жиегі айнала алтындалған жолақпен әдіптелген. Алтын жолақтың ұшар басында шаңырак, бұл – қазақ халқы ошағының символы. Қалқанның сол жағында да, оң жағында да – Тың өңірінің белгісіндегі бидайдың алтын масақтары. Жолақтың тәменгі белігінде «Астана» деген жазу бар.

Сайып келгенде, Астананың гербі мемлекеттің және еліміздегі халықтар тарихының, олардың ізгі мұратты тілегінің символ-бейнесі бола отырып, халықаралық геральдикалық символиканың барлық канондарына толығымен жауап береді.

ӘСЕМДІККЕ ІНКЕРЛІК...

Болашақ жоспарланып қойылғанда ғана жетіле түседі. Бұл тұжырым, бәлкім, тым кесіп айтылған шығар. Десек те, бүгінгін түзету мен жақсартуға тырысқан кезде мүмкін болатын кемшіліктер мен қателіктерді жібермес үшін жоспар жасап алудың ең тиімді құрал екендігіне ешкім күмән келтіре қоймас. Оқырман көnlініе «Астана ауқымды құрылыштары айтеуір негұрлым көп, негұрлым тез салынса еken дейтін ұранмен жүргізіліпті» дегендей әсер ұяламас деп ойлаймын.

Әлбette, қала салу, оның үстіне мемлекеттің астанасын тұрғызу сияқты аса жауапты істе нақты ойластырылған арі ақылға салып өлшенген жоспар болмаса, есіп келе жатқан қаланың барлық ерекшеліктерін үйлестіре ескеру, қала орамдарының ретсіз салынуы кезінде міндетті түрде пайда болатын өрескел проблемалар мен келенсіздіктерді айналып ету мүмкін емес.

Менің білуімше, американың Детройтында «Даму бағдарламасына ескерткіш» деп жазылған ескерткіш-тұғыр бар

екен. Міне, мақтануға лайық естелік тап осы! Өйткені осыдан отыз жылға жуық уақыт бұрын қабылданған дақ сол даму бағдарламасының арқасында Детройт асіре урбанизацияның болмай қоймайтын алуан проблемаларынан арылды. Сейтіп, жүрт қатарлы дамыған, қалыпты тірліктері қалаға айналды.

Астана (сол кездегі Ақмола) құрылышының алғашқы бас жоспары тұнғыш рет 1840 жылы, яғни қамал-қаланың іргесі қаланған соң, он жыл өткеннен кейін азірленді деседі.

Арада жүз жылдан астам уақыт еткенде, кеңестік кезенде, 1957 жылы «Казгорсельстройпроект» жобалау институты азірлеген Ақмоланы дамытудың Бас жоспары қабылданды.

Бас жоспардың негізіне қаланың орталығын нақты айқындауды, қала орамдарын ірілendіруді және жұмыс істеп тұрған жолдарды жөндөй отырып, қала ішінде жаңадан автомагистральдарды іске қосу, соларқылы жол құрылышын дамытуды жүзеге асыра отырып, жалпы қаланың инфрақұрылымын одан әрі өркендетудің бірқатар міндеттері енгізілді. Мысалы, қаланың орталығын тікелей вокзал алаңымен байланыстырытын жаңа магистраль салынып, ол «Мир көшесі» деген атау алды (қазіргі Бейбітшілік көшесі).

Бас жоспарға орай және КСРО Министрлер Кеңесінің 1961 жылғы арнаулы қаулысына сәйкес 1961 жылғы 11 наурыздан бастап Целиноград деп аталған Ақмолада қарапайым жұртшылық «хрущевка» деп көткен ірі панельді тұрғын үйлердің жаппай құрылышы басталды.

Тың өлкесі астанасының есу шамасына орай және ішкіодақтық көші-қон мен Тыңның игерілуі салдарынан арта түскен қала халқының көбею қарқынына әрән үлгеріп отырған қала инфрақұрылымын да күрт дамуына байланысты қаланы Қазақстандағы ғана емес, бүкіл Кеңес Одағындағы ірі орталық ретінде одан әрі өркендету үшін бұдан былай жоспарлау ісіне барынша тыңғылышты және жан-жақты қарау қажеттігі туды.

1962 жылы Ленинградтың «Горстройпроект» институтының Г Я Гладштейн басқарған бір топ сәулетшісі Целиноград қаласының – Тың өлкесі астанасының Бас жоспарын жасады. Бұл сол уақыттағы Бас жоспарлар ішіндегі ең озық, ертегі тиянақталған жоспар болатын.

Бас жоспардың непізіне тұргын үй, әкімшілік, қоғамдық және өнерқасіптік объектілерін қамтитын аумақтардың функционалдық зоналарын күру есебінен қала ландшафтының құрылымдық тұжырымдамасы салынды.

Астаналық «Астанагорпроект» институты директорының ғылым жөніндегі орынбасары Нұрбек Ғабдулхамитұлы Аужанов өзінің «Астана – XXI ғасырға секіріс» атты кітабында былайша жазады: « Жобаланған мерзімде (1980 ж.) қала тұргындары 350 мың адам болады деп айқындалды Қаланың қазірлі және жаңа бөлігінің шекарасындағы жаппай тұргын үй құрылышының оңтүстік-шығысқа қарай айтарлықтай екпінмен дамуына байланысты Ашыбулақ ауданы жалпықалалық орталық болады деп көзделді Қалыптасқан орталықтың жаппай құрылыш аймагына қатысты алғанда шеткегі орналасуы еркін аумақтарда Тың өлкесі орталығының жаңа әкімшілік-қоғамдық мекемелерін салу үшін неғұрлым бай мүмкіндіктер беруге тиис еді. Гылыми және жобалау үйімдарына тұргын үйлер құрылышының орталығынан оңтүстікке қарай айтарлықтай аумак бөлінді Қаланың оң жағалаудағы бөлігінде Есілді бойлайтын парк аймағы функционалдық аймақтардың кезегін тұйықтап тұрды. Жоба бойынша халқының саны 5 мыңдан 100 мыңға дейін жететін бес қалалық аудан үйімдастыру көзделді ».

Бұрын қаланы дамыту жоспарларының непізіне функционалдық аймақтардың шоғырлану принципі салынып, бұл қаланың (немесе астананың) әкімшілік орталығы – орталық шенберді және орталықтың айналасына шоғырланатын әр түрлі функционалдық сипаттары бар шенберлер тобын қамти-

тын Орталық шенберден кейінгі екінші сақина – тұрғын үй (адамдар тұратын) аудандарын, ал үшінші сақина өндірістік және өнеркәсіптік кәсіпорындар мен кешендерді қамтитын Парк аймақтары мен демалыс аймақтары мүндай құрылымда қаланың барлық функционалдық шенберлерінде орналасатын

Целиноградтың жағдайында дөңгелене тұйықталу принципінен ғері функционалдық аймақтардың тік сзықты параллельдік принципі алынғанын көріп отырмыз

Аймақтар тұзу сзық бойына созылып, бір-бірімен тығыз байланысқан кең белдеулерді еске салатын және аксиальді бағытта іс жүзінде шексіз дами алатын Мүндай тұжырымдаманың авторы Н. Милютиннің ойы бойынша, бір-біріне жалғасып жатқан өнеркәсіптік, тұрғын үй және парк аймақтарының өзара іс-арекетіне осындей тасілмен барынша қол жеткізілетін Бұл ретте Целиноград жағдайында парк аймағы Есіл жағалауына барып тірелетін

Егер Астананың алғашқы пайда болған жылдарындағы картасына кез салсак, Милютиннің жорамалы бойынша, белдеулік қаланың тұжырымдамасы шынымен іске асырылғанын айқын көруге болады. Қаланың өзі созылған пишінде, көзге ап-анық үш белдеулік аймақтан тұратын алдебір «сэндвич» сияқты көрінеді. Есіл өзенін жағалай паркткі аймақ созылып жатыр, ал орталық демалыс паркінің өзі өзеннің сол жағалауында орналасқан. Бұдан кейін қалалық орамдарды қурайтын, негізінен ірі панельді тұрғын үйлер ғимараттарынан тұратын белдеуі орын телken. Ақырында, осы «турғын үй» белдеуінің артында Астананың индустріялық обьектілері мен өнеркәсіптік кәсіпорындары орналасқан өнеркәсіптік аймақ жалғасқан.

1987 жылы мемлекеттік «Казгипрограм» жобалау институты азірлеген Целиноградты салудың жаңа Бас жослары

қабылданды. Шын мәнінде жаңа Бас жоспарда бұрынғы, 1962 жылғы Бас жоспардың негізіне салынған тұжырымдама сақталған болатын. Сайып келгенде, «Казгипрограммада» жобасы Тың елкесінің бұрыннан бар және табысты іске асырылып жатқан Бас жоспарының жаңғыртылған нұсқасы болды.

Жаңа жоспарда қала аумағын одан әрі кеңейтудің стратегиялық векторы шығыс бағытта деп нақтыланды. Бұдан басқа, Есілдің сол жағалауындағы кең кеңістікті жеке құрылыштар салуға, бірқатар сауықтыру, ойын-сауық кешендерін және қала түрғындарының демалыс орны ретінде пайдаланылатын парк аймақтарын салу мақсатында пайдалану ұсынылды.

Тәуелсіздікке ие болып, ел ордасын Ақмолаға көшіру туралы шешім қабылданғаннан кейін қаланы дамытудың Қолда бар тұжырымдамасы жаңа өзгерісті қанағаттандыра алмады. Астаналық мәртебе жағдайында функционалдық аймақтар жүйесіне жаңа да ауқымды бөлік – әкімшілік аймақты ойласстыра отырып, үтимді кіріктіру қажет болды.

Нақосы жаңа аймақ қала қалыптастыру функциясын өзіне алып, республикалық қана емес, халықаралық мәртебені иемденген қаланы өркендедітудің алдағы кездегі бағыттарының жүйелі және айқындаушы факторы болуға тиіс еді. Осының барі Астананы дамытудың мүлде жаңа өзіндік әрі озық Бас жоспары қажет екендігіне көз жеткізді. Оның тездетілгені тіпті жақсы еді...

Өкінішке қарай, асығыстық бізді тәлкекке салды. 1995 жылғы қарашада болашақ астананың Бас жоспарының тұжырымдамасын әзірлеуге конкурс жарияланды. Оның баріне тұра бір ай ғана мерзім берілді. Соған сәйкес 1995 жылғы 13 желтоқсанда сарапшылар конкурс талаптары мен бастапқы ойымызға жауап бере алмайтын 17 жобаны амалсыз талқылауға кірісті.

Қалыптасқан жағдайды және мұндай жауапты іс-шараға адістемелік тұрғыда барынша сауатты келу қажеттігін еске-

ре отырып, біз жаңа астананың орталығын дамытудың бас жоспарының эскиз-идеясына ашық, халықаралық, конкурс өткізуіді үйғардық.

Жарияланған конкурс жетекші өңірлік және алемдік сәулет-қала құрылышы орталықтары арасында шын қызығушылық тудырды.


Конкурсқа айтулы сәулет державаларынан және бұл түргыда алемге жайылған атақтары бар: Жапония, АҚШ, Австралия, Италия, Франция, Германия, Ресей, Финляндия, Корея, Болгария, Пәкстан, Польша, Чехия, Украина, Өзбекстан, Қыргызстан және Латвия сияқты елдерден 50-ден астам жоба түсті. Барлық жобалар Конгресс-холлға қойылды, сейтіп олармен әркімнің танысуына толық мүмкіндік туды.

Ұсыныстартоптамасының ішінен халықаралық конкурстың шарттары мен талаптарына жауап берे алатын 27 жобалық, әзірлеме беделді жюридің қарастыруна іріктелді.

Сейтіп, конкурс қорытындысы бойынша, Қазақстанның жаңа астанасын салудың бас жоспары ретінде заманымыздың аса көрнекті сәулетшілерінің бірі – жапон концептуалисі Кисе Курокаваның (шын аты Нориаки деп біршама басқаша атлады) жобасы қабылданды.

1934 жылы дүниеге келген Кисе Курокаваның есімін бүгінде әрбір сәулетші құрметпен атайды. Ал оның атақ-дәрежесі тіпті зор: ол АҚШ-тағы Америкалық Сәулетшілер институтының құрметті мүшесі, Ұлыбритания Корольдік Өнер Академиясының мүшесі, Жапонияның Өнер Академиясының академигі, Жапонияның Ландшафтты Үйимдастыру жөніндегі қоғамының тәрағасы, көптеген касіби наградалардың иегері, халықаралық конкурстардың лауреаты және Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің кеңесшісі болып табылады.

Даңқы жер жарған сәулетшінің шығармашылық тізімі тұтастай қазіргі заманғы сәулет өнерінің тасқа айналған



інжу-маржан үлплерінен тұрады, бұлар Жапонияның Осака қаласындағы Үлттық экологиялық мұражай, «Сони» корпорациясының мұнарасы, ГФР астанасындағы Жапон-герман орталығы, Болгариядағы «Витоша» отелі, Жапонның «Бунраку» үлттық қуыршақ театры, Хиросимадагы, Вакаямадагы, Нагоядағы ғылым, қазірп заманғы өнер және этнография мұражайлары, сол сияқты басқа да адамзат сәулет өнері жетістіктерінің алтын қорына кірген көптеген туындылар

Ұлы сәулетші ері архитектуралық саңлақ шебері Кисе Курокаваны саулет саласында Кендзо Танге ұсынған жаңа бағыттың ең жарқын ұстанушысы, тілті нағыз соның жолын қуушы деуге болады. Бұл бағыт «метаболизм» деп аталып, табигат-ана тәндеріндегі ойларға жетелейді.

1960 жылы Жапонияның Сауда палатасы өткізген дизайн жөніндегі Халықаралық конференцияда Кисе Курокава жаңа бағытты осы «метаболизм» терминімен тұжырымдамалық түрғыдан жария етті.

Осы тұжырымдаманың көптеген элементтері Курокава әзірлеп ұсынған Астананы дамытудың Бас жоспарының тұжырымдамасына салынғандықтан, бұған біршама тоқталып өткім келеді.

Сонымен, метаболизм тұжырымдамасының негізіне екі құрылымның симбиозы саулеттік элементтердің кейір мызғымайтын конструкциялық іргетасы мен серпінді ансамблі алынған.

«Метаболисшілер» қала саулетін элементтері әр түрлі жылдамдықта, әр түрлі қарқынмен дамитын және «жоғалатын» бірқалыпты емес өрістеу ортасы деп қарайды. Егер қала ландшафтының әрбір элементіне метаболизмнің әр түрлі жылдамдығы (тірі организм процесіне ұқсастыру осыдан шыққан) тан екендігі ескерілмесе, онда қала ландшафтының есқіруи жеделдей түседі, өйткені қозғалмайтын конструкциялар барынша аз «өмір уақытына» есептелген Соған орай,

Танге мен Курокаваның ойы бойынша, әрбір саулеттік нысан, біріншіден, сән мен үрдіске қарамастан барлық уақытта өмірге қабілетті, мығым да «ұзак өмір сүретін» каркасттан тұруғатиис. Екіншіден, уақыт пен сәннің рухына жауап беретін жаңа тұжырымдаманың шешімдерімен алмастыра отырып жаңартуға болатын, тез «олетін» қозғалмалы және жылдам ауыстырылатын элементтерден құралғаны жөн.

Маселен, 1971 жылы Жапония астанасындағы көл патерлі «Нагаки» тұрғын үйі осы принцип бойынша салынды. Ағашқа ұқсайтын бүл үй бүкіл коммуникация мен жабдықтау жүйесін жасырып, жауып тұратын қуатты «іргетас-оқланнан», сондай-ақ, осы оқланға кіргізіп қойылатын «капсул-пәтерлерден» тұрды.

Ал жаңа капсулдарды ауыстырып, монтаждау бірнеше сағат қана уақыт алады. Тірі организм ретінде бүл тұрғын үй конструкциясы бұдан әрі өседе алады, ал капсулдар оқланың есу шамасына қарай монтаждалып отырады.

Кисе Курокаваның өз баяндаудында, «метаболизм» тұжырымдамасының анық та нақты көрінісі бар: «Мен адамның өзіне-өзі ұқсастығын сақтауга және саулет пен технологиялардың дамуын біртұтас бақылау арқылы саулеттің өзіне адамдық кейіп берсем деп үміттендім...

Бүл реттегі сөз жалпы тұрғын үй өндірісі туралы ғана емес, сонымен бірге өзгерістер мен өсуге қабілетті саулепті қалыптастыру туралы да болып отыр. Тұрғындарының өзі жобалау ісіне шынымен қатыса алатын мұндай саулетті «өзін-өзі үйимдастыру» жүйесі ретінде суреттеп жазуға болар еді».

Сейтіп, осы Жапонияның халықаралық ынтымақтастық, женіндегі агенттігінің екілі, қазіргі заманғы озық ойлы заңғар саулетшілердің бірі жарияланған халықаралық конкурста бірінші орынды женіп алып, Қазақстанның жаңа астанасын дамытудың Бас жоспарының авторы атанды. Енді Астананың қала құрылышының тұжырымдамасын түпнұсқада, автордың

ең ауынан естіген лазым: «Жиырмасыншығасыр механикалық принцип үстемдік еткен дауір болды, жиырма біріншіғасыр Өмір Принципіне ауықсан дауір болады. Өмірлік принциптің үстемдік ету тұжырымдамасы: метаболизм, жаңару, симбиоз, экология және жаһандық қоршаған орта сияқты тиекті сөздерден білінеді. Осы аталған тұжырымдаманы бойына сіңірген Астана 21-ғасырдың қаласы, симбиоздық қала болуга бейім.

Жаңа елорда ескі Ақмола мен жаңадан бой көтерген Астана тарихының үйлесімді үштасуының негізінде пайда болады. Қала құрылсының құрылымы «Шығыс-батыс» темір жол білігімен және онтүстік шығыстан солтүстік батысқа қарай ағып жатқан Есіл өзені арнасымен қалыптастырылған...

Жаңа Астана қаласы Сена, Темза немесе Маскеу өзені сияқты қаланы қақ жарып ағып жатқан өзен жағасында бой көтереді.

Қала орталығы композициясының эстетикалық құндылығы көркемдік сапасына және «адам көзінің ракурсымен» түйсіну жағынан қарагандагы сәулеттік нысандардың орналасу тәсілдеріне байланысты болады.

Мұндай түйсінудің тірекші элементтері ретінде терт байтақ-кеністікті композиция: Президент резиденциясы, Әкімшіліктің ғимараты мен Парламенттің ғимараты (шығыс жағынан орталықтың «қақпасын» нақты көрсетеді), Монумент орнатылған Тәуелсіздік алаңы және мәдени ойынсауық алаңы цирк ғимаратымен қоса қызмет етеді. Осы объектілермен бірлікте ғимараттар биіктігінің кезектесіп тұру ырғағы реттеледі, бұл бой көтерген байтақ-кеністік композициясына серпінді мәнер беретін болады. Қаланың орталығы екпінін, музикалық вариациясын өзгерте отырып «концерттік» орындаудың өзіндік ырғақты композициясы принципі бойынша жобаланған, бұлқала ортасының айрықша атмосферасын жасайды. Аспан көюжиегінің айналасы деп аталатын көк

кумбезінің биіктігі, қаланың қызулы сергектіп, байтақ сәulet доминанттари бар парктің тыныштығы мен сырбаздығы – бұл парктің батыс бөлігіндегі аудан, парктердегі Мемлекеттік тауелсіздік монументі, Президенттік кімшілігі мен Парламенттің (кеше жақ, қақпалардың көз арбайтын әсері) ғимараттары және Президент Резиденциясы. Үкіметтік орталықтың шығыс-батыс бөлігін жағалай орналасқан Орталық қалалық паркте әр түрлі суқондырылғылары (фонтандар, каскадтар салу) жобаланған, бұлар айналаның сәuletін құлпыртып, микроклиматты жақсартады, парктер мен баулар ішін жандандырады».

Мен келтірген дайексез ұзақтау болып шықты, бірақ мұның, ақтап алар да лелі бар: өйткені Курокаваның қала салу жөніндегі теориясы мен тәжірибесін жетік білмейтін оқырманға бұл ойларды Курокаваның өзінен, яғни автордан артық ешкім де тәптіштеп, нақты сипаттап бере алмайды.

Дегенмен осы ұзақ сөзге қарамастан, әлде де қалалық сәulet пен астаналық инфрақұрылымның барлық астарын егжей-тегжейлі баяндар мүмкіндік жетерлік. Қалай болғанда да, балқім, біз ортақ іске нұқсан келтірмей, Астанамыздың одан әрі үйлесімді де онтайлы дамуы үшін Курокаваның жобасына негұрлым шығармашылықпен келген шығармыз.

2001 жылғы 15 маусымда Үкіметтің «Астана қаласының Бас жоспары туралы» қаулысы қабылданды. Онда: «Қазақстан Республикасының бас қаласын кешенді дамытуды қамтама-сыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қауулы етеді: 1. Қосымшаға сәйкес Астана қаласының мәслихаты ұсынып отырған Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі жапон агенттігінің зерттеу тобы азірлеген Астана қаласы Бас жоспарының жобасы негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштерімен бірге бекітілсін...» – деп жазылды.

Өз атынан қосар болсам, қаланың тарамдалған-сақиналы композициясы мен оның өрісті нысанын ұсынатын Курокаваның Бас жоспары біздің көшпелі ата-бабамыздан

жеткен үлттық серпінді сезімді ескеретіндіктен және қаланың орталық белгінің ландшафт ерекшелігі номадтардың ежелгі кешпелі тұрақтарының пішінін еске салатындықтан, көп жағдайда жаңыма жақын сезіледі.

Сонымен бірге қаланың жаңа орталығының функционалдық аймақтарының мінсіз шоғырлануы қазіргі заманғы әлемдік астаналардың қатаң ландшафтың ойға әкеледі, ал бұл біздің қаламызды саулет өнерінің талаптары тұрғысынан қарағанда, тұжырымдамалық жағынан алға үмтүлған әрі озық шаһарға айналдырады. Курокаваның бізді толық қанағаттандырган жоспарының стратегиялық үстанымына таласпастан, оған байлайша айтқанда, бірқатар тактикалық элементтер енгіздік, мұның өзі астаналық ландшафттың үлттық колоритін күштейтіл, айшықтай түсті.

Бірінші кезекте, бұл жаңа астананың тұрғын үй және әкімшілік ғимараттарының күмбез тектес болуын тәжірибеде іске асыруға қатысты болды. Шынында, Астананың көптеген саулет құрылыштары мен кешендерін безендіріп тұрған күмбездердің көп екенін аңғару қыын емес. Мысал ретінде Президент Резиденциясын, Президенттік мәдени орталықты, Есіл жағасындағы биік үйлерді, сол жағалаудағы тұрғын үй кешендерін айтсақ та жеткілікті.

Күмбез – саулет өнеріндегі біздің үлттық ерекшелікті белгіміздің көрінісі болып табылады. Біз арканың негұрлым ұзақ ғұмырлы және берік нысаның есептеу, сынау жолдарымен айқындаған әл-Фарабидің тұңғыш саулетші екенін қалай мақтан етпейміз? Ұлы әл-Фараби жебе тұрпатты қысқартылған арканың жер сілкінісіне барынша төзімді пішіндерін есептеудің формуласына қол жеткізген. Әдетте, аркалардың барлық түрлеріне созылу күші әсер етіп турады, ал әл-Фарабидің аркасына сырымдаудан ғана күш түсетін болған. Саулетшілердің тандаулы жаратындысы ретінде бой көтерген Орталық Азиядағы, Иран мен Пакстандағы

сарайлар мен мешіттер нақ сол әл-Фараби аркасы түрінде орындалған

Астананың қазіргі күмбездерінің мәдениеттің дастүрлілігі мен сабактастығы рухында орындалған ұқсастықтарына қатысты айтар болсақ, күмбездердің ұлттық дастүрге орай бірден-бір көзге түсетін үйлесімі қазақтың киіз үйіне ұқсайтындығынан көрінеді.

Шығыстанушы С Руденконың пікірі бойынша, киіз үйден «конструкциясы жағынан бірде бір көшпелі халық асып тускен жоқ және ол көшпелі басланалар ішіндегі ең бір жетілдірілген түр болып табылады». Бұл сөздерде сәулеттік дәстүрмен қатар, символдық сабактастық та айтылып тұрғанын байқаймыз. Кіз үй, оның құрылымының өзі, қаңқалы болып түзілуі структуралызм үлгісін – көшпелі өмір аңыздарында ежелден кен жайылған Элемдік Әмір Ағашын кейіптейді.

Құрылыштың күмбез үлгісіндеп нысаны шығыстың әдемілігі мен айбындылығы жағынан танғалдыратын барлық сарайлары мен мазарларында, діни гимараттарында іс жүзінде көрініс тапқан Сайрам, Тараз, Меркі, Отырар, Айша биби, Туркістан күмбезді ескерткіштері және басқалар осыған айтақ,

Егер біз Ұлы Даланың жаңа астанасының сәулеттік салтанатында тап осы күмбезді-ашекейлі стильді ұстанбасақ, бұл адам түсінбестік іс болар еди.

Сонымен, Үкімет Астананы салудың жаңа Бас жоспарын бекітті. Астана қаласын әлеуметтік-экономикалық жағынан дамытудың 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған «Астананың гүлденеу – Қазақстанның гүлденеу» Мемлекеттік бағдарламасы мұны шығармашылықпен дамытатын қосымша ретінде қабылданды.

Сөзімді қорыта көле, әлемдік сәулет-жобалау ақыл-ойының барлық тандаулы жетістіктері астананы салудың Бас жоспарында ез көрінісін тапқанын еске сала кеткім келеді. Элемдік астаналар стандартына рухы да, мұддесі де сай-

келетін Астананы көркейту жоспары идеялық, ресурстық, және инвестициялық қажеттіліктермен толық қамтамасыз етілген


Ең бастысы, астананың болашағы мен кемелденетпініне деген сенимсіздіктен арылу Халқымыз «Көз қорқак, қол ба тыр» деп тегін айтпаған Қазақстанның жаңа астанасының шынайы келбетін қалыптастырып жатқанда бізде мұндай журексінү атымен жок. Егер бұлғып астаналық ділімізді еске-ре келіп, жоғарыдағы мақалды басқаша айттар болсақ, «Көз де батыр, қол да батыр»

Әрине, саулептік процесс бір орнында тұрмайды. Бұлғанде ақыл-ойды билеп, үстемдік ала бастаган басқа авангардтық идеялар жобалау ісінде жетекші күшке ие. Бір сөзben айтқанда, сәнге айналып барады Қазір Рэм Калхаас, Максимилиано Фуксас, Эрик Ван Эгераат, Заха Хадид, Пьер де Мерон, Норманн Фостер, Жан Нувель, Ричард Мейер сияқты жаңа әрі сәнге айналған атақты саулепшілерді атауға болады.

Симбиоздық табиғат пен мекендеу орны бірлігінің идеясы деп қазір саналмайды, бұлғанде «Hi-Tech архитектура» деп аталатын техника мен өнер синтезінің идеясы сәнге айналып келеді.

Индустріалдық прогрестің бүтінгі деңгейі қазіргі заманғы суретшілер қиялышта жүрген ең қыын деген саулептік нысандарды ойдағыдай жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы саулет өнерінің негізгі өзегі, шамамен айтқанда, мынадай егер өнер сейлей бастаса, саулептке де тіл бітіп, сайрап сала береді. Мұндай «сейлемпаз» саулептің жемістері күннен-күнгө артып келеді. Мысалы, саулетші Ренцо Пианоның Жапониядағы Кансай әуежайындағы терминалы, уругвайлық Рафаэль Виньолидің Токиодағы мәдени кешені. Бір сөзben айтқанда, қазіргі заманғы саулет – компьютерлік графика мен адамның озық қиялышына негізделген жоғары технологиялық саулет.



Алайда мен Кисе Курокаваның есімі ескірді деп айтпас едім. Балқім, оған деген асемпаздық ықылас азайған шығар, бірақ ешбір ескірген жок. Оның идеялары қазақстандықтардың ғана емес, жалпы адамзаттың да ой-пікірімен толық үндеседі. Өйткені жаңа жиырма бірінші ғасыр табиғаттың қалага қайта оралған ғасыры болады деп тегін айтылып жүрген жок. Ал бұл үрдістерге Кисе Курокаваның мектебінен басқа кім сәйкес келеді? Басқа идеяларға қарағанда, нақ, осы Курокаваның саулетшілік идеялары адам қалалық ортанды барынша қолайлы өмір сүре алатындей етумен қатар, сәулетті өзінің жеке-дара қабілеттіне бейімдей де алатындей жолмен құруға үмтүлыштырып отыр.

Оның үстіне, Курокаваның саулет өнері іс жүзінде каллиграфия өнерімен туыстас. Тіпті Кисе Курокаваның шығармашылығының өзін саулетшілік каллиграфия деп айтуда болады.

Сондықтан бізді өз заманының сәнге енбеген саулетшісін таңдады деп санау дұрыс емес. Біз сән қуалаудан бұрын, ұлттық-мадени ерекшелігімізді табиғатпен, қоршаған ортамен бірігіп, тұтастыққа үмтүлыштырып барынша айқын көрінетін ерекшелігімізді неғұрлым толық сезінен алатын саулетші табуға тырыстық.

Мұндай саулетші өзінің саулетшілік метаболизм идеясы бар жапондық Кисе Курокава болып шықты.

Сонымен бірге біз Курокаваның бас жосларына көзсіз еріп кеткеніміз жоқ. Ара-арасында бұған қажетті түзетулер енгізіп отырғанымыз өз-өзінен түсінікті.

Маселен, Курокава Сол жағалаудағы акімшілік ғимараттарды әр түрлі биiktікте салуды ұсынды. Сырттай қарағанда, бұл өзінше ғимараттар симфониясы сияқты көрінетін. Үкімет ғимараты 27 қабат, басқа акімшілік ғимарат 28 қабат болуға тиис еді. Бірде сол жағалауды аралап жүрген кезімде мен ғимараттар биiktігін азайтуды, тиісінше 21 және 22 қабат

Қылыш салуды ұсындым. Қазақстанда жер жетпей жатқан жок, кой? Айтты – істелді. Ал қазір нақосы «жергеже жақындағыраған» ғимараттар әлдеқайда түзу, әдемі, қолайлы, сәулетшінің бастапқы ойынан горі орнықтылау шыққандай көрінеді.

АЙРЫҚША НАЗАР АЙМАҒЫНДА...

Мықты шаруамыздың бәрін кейде біз ерікті-еріксіз түрде белгілі бір шенберге салып, шекарамен шектеп қоятынымыз бар.

Қалаларымыз бер астанамыздың жарқын болашағы туралы ойларымыз да осылай шығып жатады. Біз езіміздің сәулетшілік армандарымыздың өмірде іске асуы жолында барлық жағдайларды жасауға үмтүліп қана қоймай, оған қоса ой-ниет пен шығармашылық ізденістеріміздің жемисін де тезірек көру үшін болашақты осы шаққа неғұрлым жақындаға түсуге тырысамыз.

Әзірге нағіл күйдегі сәулетшілік идеяларымыздың, қала салу жоспарларымыз бер экономикалық ойларымыздың өзінше бір оранжереялары – Еркін Экономикалық Аймақтар (ЕЭА) осылай туады.

2001 жылғы 29 маусымда мен «Астана – жаңа қала» еркін экономикалық аймағын құру туралы Жарлыққа қол қойдым. Астана шежіресіндеп жаңа кезең – Сол жағалауды игеру және қаланың «нелден бастап» деп аталатын мүлде жаңа бөлігін құру кезеңі басталды. Сейтіп, бұл Жарлық Астананы және оның Есіл өзенінің сол жағалауындағы басты әкімшілік белгін дамытуымыздың ұзак мерзімді жоспарларының қисынды жағасы болды.

Жалпы сәулетшілік жоспарларымыздың іске асуы үшін инвестиция тасқынын ынталандыра отырып, Астананы дамытуудың бас жоспарына салықтан идеологиялық, іргетас астына біз еркін экономикалық аймақ құру арқылы экономикалық және қаржы базасын қаладық.

«Астана – жаңа қала» арнаулы экономикалық аймағы 2002 жылғы 1 қаңтардан жұмыс істей бастады. Бұл арнаулы аймақ Қазақстанның жаңа астанасын әлеуметтік-экономикалық дамытудың ең пәрменді моделіне айналды, мұнда инвесторлардың нарықтық мүдделері мен ел Үкіметінің мемлекеттік басымдықтары оңтайлы түрде ұштасты.

«Астана – жаңа қала» арнаулы экономикалық аймағы Бас дирекциясының бірінші директоры – тажірибелі басқарушы және касиби құрылышты Николай Петрович Тихонюк болды. Осы жергілікті экономикалық кеңістіктегі тиімді құрылыш салу және инвестицияларды ынталандыру үшін жеті жылдық кезеңге арналған еркін экономикалық аймақтың бүкіл әлеуетті артықшылықтарын іске асыру міндеті тікелей соган жүктелді. Менің пікірімше, оның басқарушылық тажірибесі, жоғары касиби шеберлігі және туғаннан бастап (Н. Тихонюк – қаланың тұрғылықты тұргыны) Астананы жаңы билетіндіп еркін экономикалық аймақты басқару жөніндегі ұйымдастырушылық қабілетін көрсетуге мүмкіндік беруге тиіс.

Николай Петровичтің сінірген енбепін мойындау керек, басынан бастап ЕӘА шеңберінде ете көп, ауқымды жұмыстар орындалды, бұл осындаған аймақ құру жөніндегі бастамамыз текке кеткен жоқ деп айтуда мүмкіндік береді. Еркін экономикалық аймаққа инвестициялар қаржы-қаражаттары түрінде де, құрылыш технологиялары түрінде де судай ағылды. Бұған бірінші кезекте еркін экономикалық аймаққа беріп отырған преференциялар мен женелдікті салық салу режимі кен жол ашты. Ал олар тіпті де аз емес!

Әлеуетті инвесторға ЕӘА не беретінін қарап көрейік: біріншіден, тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) еткізу жөніндегі айналымды қосымша құн салығынан (ҚҚС) босату, екіншіден, тауарлар мен жабдықтарды еткізу кезінде қосылған құн салығының нөлдік ставкасын қолдану;

үшіншіден, жер участелері бойынша жер салығынан босату; және төртіншіден, занды және жеке тұлғалардың ғимараттары мен құрылыштарының қалдық сомасы мүлік салығын салу объектісі болып табылмайды.

Арнаулы аймақ аумағында бүгінде 358 құрылыш-монтаж мердігерлік үйымдары жұмыс істейді, олардың 12-сі шетелдік, қалғандары – қазақстандықтар. Ал қосымша құн салығынан босатылған айналым 47 миллиард 901 миллион теңгеге жуық.

ЕЭА жынында дербес салық және кеден комитеттері құрылған. Алты участеке белгінген еркін экономикалық аймақ аумағының жалпы көлемі – 1052,6 га. «Астана – жаңа қала» ЕЭА ені – 1500 метр және ұзындығы – 2500 метр болатын бүкіл периметрі бойынша қоршалған, ал барлық, кіру нүктелеріне кеден қызметтің сезіз бақылау-руқсатнама пункті орнатылған. Аймақ аумағында құрылыш материалдарын уақыта сақтайтын арнаулы аландар жабдықталған.

Егер біз бұрын жаңа астананың ең алғашқы объектілерін салу кезінде шетелдік компаниялардың тәжірибесі мен білімін пайдалануға еліктеген болсақ, осы тәжірибелі қазақстандықтардың игеру дәрежесіне қарай, кейіннен құрылыш нарығы отандық құрылыш материалдарымен табиғи түрде толықтырыла бастағанын атап өткен жән.

Қазақстандық компаниялардың Астана құрылышын журғізу құқығына қол жеткізу олардың батыстық стандарттарға айтарлықтай жақындағаны, сондай-ақ құрылышты енді шетелдік мамандардан кем салмайды деген сез.

Осыған орай, алғаш құрылыш салына бастаған жылдары Астана құрылышын отандық компаниялар емес, шетелдік компаниялар неге салады деген сын-ескертлелер айтылып журді. Мұның технологияларды игеру маңыздылығын түсінбеуден және әлемдік стандарттарға сай келмеуден туғанын мойындауға тиіспіз.

Сын-ескертпе айтушылардың қарапайым нәрсені – әдеттеги «хрущевкалар» салудың жөні бір басқа (шүкір, бұл жағынан тәжірибеміз жетіп жатыр), әлемдік аса жаңа технологиялар бойынша биік арі көп пәтерлі ғимараттар салудың жөні мулде басқа екендігін түсінгісі келмейтіні таңғалдырады.

Осының бәрін құрылыс салу процесінде үйреніп журе аласың ба...

Сосын есі дұрыс адам үйренуші шәкірттер салған «тәжірибелік-енеркесілтік» үйде тұра қояр ма еді? Тегінде, бір нәрсені біреуден артық жасағың келсе, алдымен соларша істеп үйрен, болмағанда солардың билетін дүниесін біліп ал.

Қазір жағдай взгерді – біздің мамандарымыз саulet пен сұнғыла саuletшіліктің әлемдік стандарттарының ең талғампаз талаптары мен шарттары бойынша құрылыс салуды үйренді. Оның үстіне қазақстандықтарды ұзак оқытуға тұра келген жоқ, барлық шетелдік технологияларды шын мәнінде қағып алды...

Біздің құрылыс компанияларымыз тақымды қыса түсті! Бірде Республика даңғылымен етіп бара жатып «Империал» ойын-сауық кешенінің қарсы алдында түрған тамаша түрғын үй кешенін көрдім. Шетелдіктердің салғаны бірден белгілі ғой деп ойладым. Олай емес екен. Осы бір ғажап үйді құрамында бірде-бір шетелдік маман жоқ өзіміздің қазақстандық фирмамыз түрғызылты. Ниет болса, шіркін, қолдан келмейтін не бар!

Еркін экономикалық аймақтағы жұмыс көлемі күн сайын арта түсude. Мұны көзben көріп, күнделікті байқап отырмыз. Әлі де ондаған объектілер салынуға тиіс. Маған белгілі болып отырғанындей, бүгінде 21 құрылыс участкесінен тұратын ЕЗА аумағында бір мезгілде 82 объект бой көтеріп келеді, бұған Қазақстан Президентінің Резиденциясын, Мажіліс пен Сенаттың ғимараттарын қоса алғанда, 16 әкімшілік ғимараттары да кіреді.

Бұдан басқа 17 түрғын үй кешені мен алеуметтік маңызы бар 18 объекті салынуда. Эрине, жолдар мен инженерлік

инфрақұрылым объектілері және бар. Бұлардың жалпы саны – 31.

Құрылышпен айналысатын инженер-техник қызметкерлер мен жұмысшылар саны 20 000-ға жуықтайды. Құрылыш қарқыны бір минут та толастамайды, виткені құрылымдарды алдында 2007 жылға дейін «Астана – жаңа қала» еркін экономикалық аймағын дамытуға салынған 238,6 миллиард теңге инвестицияны игеру міндепті түр.

Есілдің сол жағалауындағы құрылым объектілері бойынша 2004 жылы ғана мен 230-ға тарта тапсырмалар берген екенмін.

Осы тапсырмалардың ішінен салынып біткен мешітті, «Отырар», «Алматы» тұрғын үй кешендерін қоса, басқа да тұрғын үйлер кешенін, дипломатиялық қалашықты, цирк ғимаратын, мемлекеттік органдарға арналған серверлік орталықтың ғимаратын, Қазақстан Парламенті Палаталарының бірлескен отырыс залын, Бас және Дәңгелек алаңдарды, инженерлік желілер мен коммуникацияларды бөліп көрсетуге болады. Және «Сол жағалаудың орталығы – Абылай хан даңғылы» магистралды автожолы бар.

2004 жылы Астананың мынадай әкімшілік объектілері тапсырылды және тапсырылады деп жоспарланған: Резиденция, Мажіліс ғимараты, Үкімет үйі, Жоғарғы Сот, Сыртқы істер министрлігі, мешіт, Ұлттық академиялық кітапхана, Басты және Дәңгелек алаңдар мен жаңа әкімшілік орталықты Абылай хан даңғылымен жалғастыратын магистралды автожол.

Алтын күмбезді жаңа «Нұр-Астана» мешіті астананың, соның ішінде Сол жағалаудың сәулеттік жетістігі болатын-дығына күмән жоқ.

Мешіттің ақшаңқан мұнаралары, жарқыраған күмбездері кереметтей әсерлі көрінеді. Бүкіл алып кешен әрқайсысының ұзындығы 63 метр болатын төрт мұнарадан және тиісті инфрақұрылымдары бар бас ғимараттан тұрады, бұған

имамның үйі, «тәрбие» корпусы мен тұтастай бақ-парк кіреді. Бұл «Нур-Астана» мешіті – Катар әмірінің Астанаға сыйлығы болды, ол аталған құрылышқа арнап 6 миллион 840 мың АҚШ долларын белді.

Қалған объектілер биыл аяқталатын болады. Қазір салынып жатқан объектілерге инженерлік-техникалық коммуникациялар тартылуда.

Қазірге дейін 180 километрден астам электр желілері, 62 километр су құбыры мен кәріз құбырлары, 50 километр телефон сымдары тартылды.

Мен айтып еткендегі, көптеген объектілер Астананы дамытудың Бас жоспарына сәйкес іске қосылып та үлгерді. Мысал үшін «Думан» мәдени ойын-сауық орталығын, «Астана-Байтерек» монументін, 1200 оқушыга арналған мектепті, Қорғаныс министрлігінің ғимаратын, «Транспорт-Тауэр» ғимаратын, «ҚазМунайГаз» Үлттық компаниясының ғимаратын, Үлттық академиялық кітапхананы және кейір басқа да объектілерді атауға болады.

Ал салына бастаған кезден-ақ кешендік бейнесі Қазақстанның жаңа астанасына жарқырай енген, ел-жұртты елең еткізген құбылыс болған, жаңа астананың символына айналған «Астана-Байтерек» туралы сез басқа...

Мәуелі БАЙТЕРЕК...

Қазақ ертегілерінің ішінде жұрттың беріне таныс ең сүйікті кейіпкер Ер Тәстік шығар. Ер Тәстіктің айшылық алыс жолдардан, асу-асу белдерден етіп, жерасты патшалығына тап болатыны бар емес пе еді? Сонда ол өмірдің бастауын бейнелейтін алып ағашты көретін еді ғой?

Түркі халықтарының азызы бойынша, осы алып ағаштың үшар басына азыздары Самұрық құс жыл сайын жалғыз тана алтын жұмыртқа салады екен, сол жұмыртқа өмірдің



символындағы бүкіл тіршілікке жан беріп тұрады екен Бірақ, жылдың белгілі бір мезгілінде осынау Ұлы Құстың жыл сайынғы жалғыз балапаны еліп қала береді Жұмыртқадан балапан жарып шыққан бойда бір айдаһар-жылан алып ағаштың дінімен жоғары өрмелеп барып қорғансыз, күнасіз балапанды жұтып қояды екен Жерасты патшалығына түскен Ер Тестік балапанға үмтүлған айдаһарды садақлен атып елтіреді Бұған риза болған Самұрық балапаның ажалдан алып қалғаны үшін Ер Тестікті жер астынан жер үстіне алып шығады

Әдетте, ертеге мұндай алып ағаштың нақты мәлшері көрсетілмейді Ертегі арқылы қиялдағы нысандар мен заттардың пішін тұлғасын да айқындау мүмкін емес Бірақ, өмірде қиялдың шындыққа айналуы бола береді, мұндай шындық, өз мәлшері мен нысанының абсолютті дәлдігін талап етеді

Жаңа астананы басқа астаналардан айшықтап, өзгешелеп тұратын қандай да бір атаулы символдың қажеттіп туралы ой астананың әкімшілік орталығын сол жағалауға көширу жениндегі шешіммен бір мезгілде туып еді

Бір кездері бұл туралы сан алуан ұсыныстар болды Зураб Церетели қызық жоба ұсынды Оның ойынша, Астананың символы биіктігі 200 метрлік алып арка болуға тиіс, оның ең үшар басына алтын кимді жауынгердің бейнесі орнатылады

Ұсыныс, арине, елең еткізерлік Бірақ осыған үксас ескерткіш Алматыда Республика алаңында орнатылғанын ескергендейді, символдарды қайталап, қосарлауды өз басым онша қалаған жоқлығын

Араб мамандары биіктігі 200 метрлік шошақ тәбе тұрғызуды ұсынды, оның етепінде киіз үй түріндегі алып құрылыш орналастырылады

Астаналық символының байланысты жаңа эскиздерді қарған сайын, арқайсысының іс жүзінде қалай болып шы-

ғатынын ойша елестете отырып, баріне де көнілім көншімейтін.

Сондайда бұл символымыз өзіндік ерекше, мағынасы да барынша түсінкті болса шіркін дейтінмін. Жаңа астананың символы нақты не болуға тиіс? Қандай дүние біздің ұлттықтының-тіршілігімізді, бет-бейнемізді дәл бейнелей алады ері бір көргеннен баріне түсінкті бола кетеді? Мен өзімнің жеке тәжірибем мен Ұлы Даланың мәдениеті, тарихы, мифологиясы туралы оқығандарыма сүйеніп, ойша көп образдарды сомдап шықтым. Ойым онға, санам санға бөліне келе, ақыр аяғында Байтерек символына тоқтадым. Бала кезде оқыған Ер Тектік ертегісінің әсері ақыры өз дегенін істеді. Мен ойымдағы Байтеректің долбар-пішіндерін қағазға түсірдім. Осы ойымды біршама жеткізе алдым-ау деген сыйбаларымды Саулетшілер одағының қатаң Қазылышына ұсындым.

Саулетшілерге бұл идея қатты ұнады, олар жұмысқа қызу кірісті. Ақырында қасіби іскерлер Байтеректің нақты пішінін жасап шықты. Бұл эскиздің шеберлікпен жасалғаны соншалық, бір қарағанда салынып біткен объектінің фотосуреті сияқты болып көрінді.

Әрине, кез келген саулеттік конструкцияны таңдау негізінде экономикалық себептер жататынын айтудымыз керек. Іс жүзінде шетелдік жобалардың барі дерлік бірнеше ондаған миллион доллар түрді. Церетелидің жобасының өзі 60 миллион долларға бағаланды. Ал өз жобамыз – «Байтерек» бізге бар болғаны бес миллион долларға түсті. Бұл ақша «ССС» инвестициялық компаниясының сыйлығы болатын.

Сондықтан ол рухы жағынан да, мағынасы жағынан да бізге барынша жақын.

Сонымен, жаңа астананың символы қандай болатыны белгілі болды. Осы болашақ символ жүрттың барінің көнілінен шықты. Өйткені Байтерек Даланың көркем дастурлерін, байырғы Қазақстан мәдениетін және ағаш жемісі өмірдің

өзі болып табылатын идеяны мегзейтін еді. Енді «Астана-Байтерек» деген жұмыс атауын алған бүкіл кешенниң жобасын әзірлейтін мезгіл туды.

Астананың сол жағалаудағы болашақ әкімшілік орталығының қақ төрінен бір кезде киялда жұрген, ал енді шындыққа айналған нағыз зәулім «Байтерек» бой көтерді. Бір айта кететін жайт – бұл объектінің силуэтінен бастап геометриялық өлшемдеріне дейін бәрінің символдық мәні бар.

Байтеректің биіктігі тұра 97 метр екендігінен бастайық. Бұл елдің ордасы Алматыдан Астанаға кешіп келген жылдың соңғы екі цифрына, 1997 жылға сәйкес келеді. Біздің «Байтерегіміздің» аса бірегей болып табылатынын және әлемде бұған үқсас объекті жоқ, екендігін атап көрсетуге тииспін. Мысалы, осындай шарды биіктікке орнатудың саулеттік тажірибесі кездесетін кейбір қалалар бар. Мәселен, Эмираттарда осындай шар 56 метр биіктікке көтеріліп қойылған, Италияда 20 метр биіктікте тұр. Бұларды біздің биіктігі 97 метр «Байтерегімізбен» салыстырып көріңіз...

Байтеректің ашылуына арналған тұсаукесерде Байтеректің сұлулық, пен биіктікке деген маңгілік ұмтылышын бейнелеген түрлі түсті мындаған шарлардың аспан төсінде қалықтағаны есімде.

Жалпы Байтерек ашылған күн жаңа астанадағы тың объектілерді іске қосумен байланысты есте қалатын күндердің бірі болды. Сол кезде-ақ басында алтын шар ілініп тұрған биік ағаш түрінде пайда болған жаңа алып құрылыштың әдеттен тыс әрі үйреншікті емес сипаты Байтеректің қаланың ажарына айналумен бірге, енді оның символы, тіпті тұмары сияқты болатындығы туралы ойлар да келіп еді...

Шын мәнінде, Байтерек «жапырақ жайып» үлгерем дегенше-ақ, жаңа астананың символына айналып жүре берді. Теледидар экрандары мен газет-журнал беттерінде, плакаттар мен билбордтарда Байтеректің көз үйреніп қалған

силуэтін көре бастадық. Астананың символына айналған Байтерек енді елордамыздың халық ең кеп баратын жеріне айналды. Байтерекке байланысты сұхбатымның бірінде: «Бұл жаңа астананың, біздің бақытты болашағымыздың символы, «Бәйтеректің» қала тұрғындарының сүйкіті демалыс орнына, жаңа астананың беташар карточкасына айналатындығына сенемін...» дегенім есімде.

Осылай болатынына ешбір күмәнім жок. Байтерек өзінің сырткысы сұлулығымен, саулептік сымбатымымен адамды тарта түседі. Бес жүзге жуық ренкке бөлгейтін тұғырлардан төгілген сан алуан сәулелермен түрлі-түрлі құбылған жүз метрге таяу селдір үрліктер. Әсіресе, бәйтеректің үшар басына орналасқан, үш қатпарлы тіліктен жасалған алтын шар асіресе кез арбағандай. Оның айнекпен әдіппелген алаңының ве 1,5 мың шаршы метрге жуықтайды. Байтерек монументі ашылатын қарсанда жерден соншалықты биік түрган алтын шарды бірнеше альпинист кез шағылыштында етіп жалтыратып, мүқият тазалап шықты.

Сейтіп, металдан, айнектен және темірбетоннан жымдаса өрілген Байтерек бой көтеріп, Астананың барлық тұрғындарының кез қуанышына айналды, өзінің жарқыраған сауле сімен елорда үстіне нұрын төгіп тұр.

Мен айтып еткендей, осынау таңғажайып алып құрылыштың биіктігі тұра 97 метр. Негізгі есікке бастайтын әшекейлі темірбетон саты жер бетінен 4,8 метр жоғары орналасқан.

Салмағы 85 тонна жапқы материал Байтеректің «оқтанаңы» ылғалдан қорғайды. Мұнараның табанының ішінде кең холл бар, онда екі жүрдек лифт және инженерлік үй-жайлар – трансформаторлық шағын станция, желдету камерасы, электр қалқаны, насос станциясы және басқа техникалық объектілер жайғастырылған. Бұлар бүкіл «Астана-Байтерек» алып кешенінің үздіксіз жұмыс істеп тұруын қамтамасыз етеді.

Алтын шардың өзі 76,9 метр биіктікте орналасқан. Сәулеттік жағынан қарағанда, алтын шар Фуллердің геодезиялық күмбездіне үқсайтын өзекті қабық сияқты. Бір қызығы – жақындаған атомдары дал осылайша орналасқан заттың жаңа күйі ашылды. Осы жаңалығы үшін Нобель сыйлығын алған ғалымдар бұл атомаралық кешендерді атақты сәулетші Фуллердің құрметіне фуллерендер деп атапты.

Арнайы шыны пакеттермен айнектелген күмбездің салмағы 70 тонна тартады, ал алтын шардың үстіндегі ауданы 1 553 шаршы метр. Осынау ғаламат шардың ішінде панорамалық зал бар, одан жаңа астананың ертегіге айналған «ескі» және «жаңа» пейзажы кең ашылады. Алтын шар мен ғимараттың негізгі кіре берісі бір-бірімен «оклан» деп аталатын салмағы 695 тонна металл конструкциямен жалғастырылған. Осылардың барін айтпағанда, «Астана-Байтерек» кешенінде келушілердің келісті демалып, асықпай отырып төңірегін тамашалауға мүмкіндік беретін кафе мен буфет те бар.

Орайы келген мүмкіндікті пайдалана отырып, осынау жаңа астананың жарқын символына айналған жасанды кереметті өмірге ақелген адамдарға шынайы, кіршікіз алғысымды жеткізгім келеді.

Бұл, ең алдымен, «Астана-Байтерек» кешенін жобалаған топтың жетекшісі – Қазақстан Сәулетшілер одағының президенті, талантты сәулетші Ақмырза Рұстембековке тікелей қатысты.

Астананың символын жасаған бұл топқа саулетшілер С. Базарбаев пен Ж. Айтбалаев, инженер-конструктор М. Вайнштейн, интерьер дизайнері А. Оспанов сияқты тамаша мамандар кірді.

Жарты жыл ішінде салынып біткен Байтерек құрылышын тажірибелі әрі майталман құрылышсы Б.Т. Кананыхин бас директор болып істейтін «Имсталькон» ААҚ құрылыш компаниясы салды. «Астана-Байтерек» жобасын жасауға «Аэропроект»

ААК, «ЭМК» ЖШС, «Архфонд» ЖАҚ, Сәулетшілер одағы және «Алуа» ЖШС секілді қазақстандық жетекші фирмалардың мамандары қатысты.

Ішкі интерьерлеріне, олардың көркемдік сипаты мен стильдік дәлдігіне келер болсак, бұл орайда астаналық «Астана-Жарнама» фирмасының дизайнер-мамандары мен саулетшілеріне алғыс айтқанымыз орынды.

Бір ғана нәрсені айтып өтейін: бұл адамдар болмаса, нақтырақ айтқанда, мұндай адамдар болмаса, Астана құрылышы кең құлаш жая алмаған болар еді, нәтижелер осыншалық әсерлі болмас еді.

Осы жобаға қатысқан барлық адамдар үшін мақтаныш тұғызатын мына бір фактіні айналып ету қыын: Астанада Сәулетшілер одағының Халықаралық қауымдастырыт еткізген X конкурста беделді халықаралық жюри Достастық елдері арасындағы 2002 жылғы ең таңдаулы жоба және ең таңдаулы құрылыш ретінде «Астана-Байтерек» монументіне Гран-при үздік айырым белгісін табыстады.

ЕСЛДІН СОЛ ЖАҒАСЫ, ОН ЖАҒАСЫ...

Сонымен, Астана есіп барады. Бір кездегі жалғыз ғана даңғылы бар қаладан қазір ол көлемді, көп қырлы мегаполиске біртіндеп айналып келеді; елорданың жаңа астаналық келбеті бұрынғы целиноградтық сәнін әлдекашан көмкеріп әкетті. Қазірдің өзінде Астананың есе беретіні, шексіз дами түсетіні айдай ақиқат болып отыр. Оның аумағы да, халқының саны да есетін болады. Әрине, болашақта жаңа астана халқының санын шектеудің белгілі бір жоспарлары жасалады. Маселен, Астана халқының 2030 жылға қарай жоспарланып отырган 850 000 адам болатын мәлшері. Алайда әмір шындығы өз дегенін істейді. Елестетіп көрініз, Астанада халық саны 2020 жылға қарай 500 000 адам болады деп жобалаған едік,

бүгіннің өзінде, яғни одан 15 жыл ертерек жарты миллионнан асып кетті!

Сол себепті жоспар-жоспарымен, 800 000 деген санта да біз әлдеқайда ертерек жетеріміз даусыз. Осы орайда қалалардың шексіз есу тақырыбына тоқталып өткен біршама пайдалы болар деп ойлаймын. Урбанизация мен адам қоғамдастығының әлеуметтік құрылымының болашақ, тағдыры қалай болатынын айта алмаймын, мұны тек жобалай ғана аламын. Қала құрылышының әлемдік тәжірибесі мен қалалар теориясынан халық, тығыз орналасқан немесе өмір деңгейі жоғары елдердегі қалалардың есүі мен мегаполистердің және суперагломерациялардың құрылудының іс жүзінде басым үрдісін көре алдым.

Әлбетте, біз өткенге жүгінеміз де бүгінгі шаққа қайта ораламыз.

Тарихи хроникаға сәйкес адамзат тарихының алғашқы қалалары Азияның үш ауданында пайда болған, бул жерлерде алғашқы ірі өркениеттің ошағы дамыған. Менің білуімше, жер бетінде қазіргі өмір сүріп тұрған қалалардың ішіндегі ең ежелгісі Иерихон.

Оның жасы 10 мың жыл шамасында. Көптеген қалалардың пайда болу кезеңі біздің әрамызға дейінгі 3–4-мыңжылдықтарға сәйкес келеді. Бұлардың бәрі бір мезгілде: Солтүстік Қытайда – Хуанхэ өзенінің, бойында, Батыс Үндістанда – Инд алабында, ежелгі Мысырда – Ніл алқабында, ал Месопотамияда қос өзен – Тигр мен Евфраттың бойында пайда бола бастады.

Мұндай қалалардағы тұрғындар саны бүкіл мемлекеттің халқының санына сәйкес есіп отырды. Біртіндеп қалалардың көлемі де, сол сияқты саны да есе берді. Орта ғасырларда халқының саны жағынан планетадағы ең үлкен қала қытайдың Нанкин қаласы саналды. Нанкиннің сол кездің өзінде адам таңғалғандай көп халқы – 470 мың тұрғыны болды. Бұдан



кейінгі орындарды халқының саны 450 мың адам болған мисырдың Каир қаласы, 350 мың тұрғыны бар үндінің Виджаванагар қаласы иеленді Ал орта ғасырлардағы Еуропадағы ең ірі қала Париж болатын Мұнда 275 мыңға жуық адам тұрыпты

Халқының саны жағынан Еуропа әлемнің басқа өнірлерінен айтарлықтай кейін қалса да, мениң байқаганымдай, нақ осы Еуропада қалалық инфрақұрылымды үдемелі дамыту процесі, қала тұрғындары мен қалалардың саны сияқты урбанизация құбылысы пайда болды немесе таныла бастады

Аумақтық құрылым ретінде қарасақ, қала урбанизация процесінің, тек соның ғана жемісі болып табылады Сонымен бірге, мениң білуімшe, осы уақытқа дейін «қала» деген ұғымның өзінің дәл де анық, елшемдері жоқ, екендігін айту қажет Нақтырақ айтқанда, «қала» деген терминологияға қатысты осы күнге дейін «қала дегеніміз не?» дейтіп сұраққа тиянақты жауап берे алатын әлемдік стандарттар болмай отыр Айталық, аудан орталығы Қаскелен қала болып табыла ма, алде қала үлгісіндегі кент пе? Егер халықтың абсолютті санын алатын болсақ, Қаскелен басқа шағын қалалардан ешбір кем түспейді

Мәселен, салқын Исландияда халқының саны небары 200 адам болатын елді мекендер қала деп есептеле береді Құрама Штаттарда халқының саны 2,5 мың адамнан кем елді мекендер қалаға жатпайды

Демек, бұлғынгі күні қала деген ұғымның халықтың саны қаншаға жеткенде басталып, қаншаға кемігенде аяқталағынын кесіп айту қыын Қалалық инфрақұрылымның қазіргі заманы даму үрдісі қалалар алып жатқан аумақ пен онда тұратын тұрғындар санының шексіз артуын айғақтайды Бұл орайда жоғарыда сөз еткен Қаскеленде қалаға жатқызу біршама қыын, ейткені онда біз қалалық инфрақұрылым деп атайдын нәрсeler жеткілікті дами қоймаған Тегінде, нақ осы қалалық

инфрақұрылымның барлығы және оның даму дарежесі үлкен деревняны шағын қаладан айырып тұрады.

Кейде қалалардың есіп кететіні соншалық, таяу жатқан қалалардың өзара шекаралары жойылып, іс жүзінде біртұтас қалалық кеңістік құрылады да, мегаполис немесе мегалополис деген атауга ие болады. Біздің әрамызға дейінгі 370 жылы гректердің 35 мекен-тұрағынан «түзілген» қала тұра осылай Мегалополис деп аталған. Қалалардың бір-біріне қірігіл, сіңісу құбылысы асіресе халық, ете тығыз қоныстанған елдерге тән. Мұның нақты мысалын 100 миллионнан астам тұрғыны бар, аралда орналасқан Жапония мемлекетінен көреміз.

Адам сенгісіз қысқа уақыт ішінде феодалдық қоғамнан постиндустриалды қоғамға қарай жол ашқан Жапония экономикасының 20-ғасырдағы күрт қаулап өсүі нәтижесінде өзара таяу орналасқан Токио, Нагоя, Осака, Кобе және Киото сияқты бірнеше қалалардың шекарасы іс жүзінде араласып кетті, сейтіп қалалық алып бір ландшафт құрылды. Халқының саны бірнеше ондаған миллион адамға жеткен Токайдо деп аталатын мегалополис пайда болды.

Мегаполистер мен мегалополистердің бұлайша құрылу құбылысы алемдік қоғамдастықтың көптеген елдеріне (АҚШ, ГФР, Ұлыбритания, Мексика, Қытай, Үндістан, т.б.) тән.

Кім біледі, күндердің күнінде Сарыарқа тесінде де, айталиқ, Астананың, Қекшетаудың, Қарағандының бірі-бірімен қосылуы есебінен әлдебір мегалополис құрылуы мүмкін-ау.

Бүкіл алемде жаңа қалалардың пайда болуы, ескілерінің кеңеюі және жаңа қалалық жүйелер – агломерациялардың, мегаполистер мен мегалополистердің дүниеге келуі есебінен қала халқы санының шексіз өсүінің айқын білінетін үрдісі аңғарылады. Планета қалаларында тұратын халықтың саны бүгінде екі миллиард адамға жетіп қалды. Яғни бұл Жер шарындағы халықтың үштен бірі қалаларда тұрады деген сез. Әлемнің көптеген елдерінде қала тұрғындарының саны ауыл

тұрғындарының санынан әлдеқашан асып түсті. Бұл әсіресе технологиялық жағынан дамыған елдерге немесе қарқынды экономикалық прогресс сатысындағы елдерге қатысты.

Әрине, астаналардың саны қалалардың санынан әлдеқайда аз. Бірақ сонымен бірге дәл осы астаналарда қалалардың сан қырлы проблемалары еткір әрі тайға таңба басқандай айқын көрінетінін байқамауға болмайды. Мұның себебі, бірінші кезекте, осындай астаналарда қалалық процестердің катализдік реакциядағы сияқты тез де қызу ететіндігінде, соның салдарынан проблемалар еткір әрі жаңға бататындей сипат алады.

Мегаполистер осылай пайда болған, осылай пайда бола береді де. Әлемнің қазіргі заманғы ірі қалаларының өсуге бейімделген шексіз үрдісі – бүгінде қала құрылышының ең нағіз әрі өзекті тақырыбы болып отыр. Осы ретте гректің қала құрылышшысы К. Доксиадистің «Қала-динаполис», яғни қаланың қатаң шектеулі бағытпен – коммуникациялар сзығы бойымен өсүіне қатысты тұжырымдаманың әділеттілігін жаңын сала далелдеген осы мәселедегі өзгеше көзқарасын ғана атап өтуге болады.

Бірақ, әрине, біздің қазақстандық жағдайымызда мұндан динаполистер қуру туралы сез әзірге таза болжамдық қарастырудың арқауы болып табылады.

Соған қарамастан, халық саны алі аз Астананың қарқынды есіп бара жатқан жергілікті жағдайының өзінде де қалалардың құрылымдалуы мен өсүінің алемдік үрдістерін әрқашан ескеру қажет. Оның үстіне астананың микрорайонының әрқашан бүкіл республиканың кеңістікті құрылымының одан әрі дамуының айқындаушы немесе директивалық факторы болып табылатындығын да ескеріп отырған жөн.

Сондықтан Қазақстанның кеңістікті құрылымының орталық және солтүстік аудандарын қоса қамтитын солтүстік белдеудегі халықтың қоныстануының қалыптасу сипаты

астананың келешек келбетінің қалай орнығатындығына байланысты болатындығына мен ешбір шуба көлтірмеймін.

Осыған орай біз Астананы дамытудың жоспарлы сипаттан гөрі, стихиялық сипат алып кететін кейбір ықтимал нұсқаларына да қол сілтемегеніміз жән. Егер Астананың жаңа әкімшілік орталығы қалай дамитының жеткілікті дәрежедегі далдікпен болжап біле алсак, онда одан көп тәмен далдікпен, бірақ жеткілікті түрдегі ықтималдықпен қаланың қалған белігінің алдағы есуі қалай болатының да болжай аламыз. Бұл ретте жаңа астананың немесе нақтылап айтсак, оның шет жақтарының стихиялық түрде есу факторы алемдік үрдістердің жазылып қойылған схемаларына сыйысатыны анық көрінеді. Астананың дәл осы орталықтан шалғай және шет жақтағы аудандары транспорттық коммуникациялар сзығын бойлай есуді бастан кешіретін болады.

Жеке өз басым астананың стихиялық өсүінің белгілі бір үрдісі екі коммуникациялық бағыт бойынша байқалатының анғардым. Бірінші коммуникациялық бағыт – Астана – Қарағанды, екінші Астана – Қекшетау тасжолдарын бойлай созылған.

Бүгіннің өзінде Астананың кеңістік-аумақтық ұлғауының нақты схемасы өзіндік үшбұрыш түрінде қалыптасатындығын жеткілікті болжауға болады.

Бірінші бұрыш – Астананың әкімшілік орталығы дамуының астаналық ауежай бағытындағы «батыстық» векторы. Екінші бұрыш – Астана–Қарағанды қатынас өзегі бойымен дамитын қала қоныстары мен орамдарының «оңтүстік» векторы. Үшінші бұрыш – қала орамдарының Астана – Бурабай қатынас өзегі бойымен дамитын «солтүстік» векторы.

Қаланың өсу үрдісін біліп көрсете отырып, оның объективті сипатымен толық келісе отырып, бізге қаланың өсу бағытын ғана емес, сонымен бірге өсу қарқының да ескере білу қажет. Кеп жағдайда біз астаналық инфрақұрылымды

қалай дамытсақ, республиканың басқа өнірлерінің есу қарқыны да бұған сондай дарежеде байланысты болады.

Соған орай мен астана құрылышын кең құлашпен өрістету керек деп үдайы атап көрсетіп келемін. Астананың барынша қарқынды есүіне үрейлене қараудың немесе аландардың ешбір керегі жоқ. Бұл бірінші кезекте елдің стратегиялық мұдделеріне жауап беріп отыр. Және бұлайша дамыту үшін бізде қажетті ресурстардың барі де бар.

Біріншіден, Қазақстан экономикасы экономикалық есу жолына түсті, сейтіп кең өрісті қаржылық және материалдық мүмкіндіктер тудырып, отандық тауар өндірушілердің дербес материалдары мен шикізаттарын кеңінен қолдануы үшін қолайлы жағдайлар жасап отыр. Бұгіннің өзінде Қазақстанның инвестициялық рейтингі ТМД елдері арасында ең жоғары болып табылады, ал экономикалық дамудың деңгейі мен қарқыны бойынша біздің еліміздің ТМД-дағы реформалардың көш басында келе жатқаны – көзіміз көріп отырған және жалпы жүрт таныған факт.

Екіншіден, бізде әлемнің әр түрлі елдеріндегі алдыңғы қатарлы оқу орындарында білім алған жоғары білімді және касіби шындалған жас кадрлар бар. Кадрлардың қалыптасуына білім берудің Лиссабондық жүйесінің рухына сай келетін әлемдік стандарттар негізіндегі қазақстандық білім беру реформасы да елеулі ықпал етеді.

Бұдан басқа, қазірдің өзінде әлемнің алдыңғы қатарлы университеттерінің үлгісі бойынша дербес оқу орындарын алдымен Астанада үйымдастыру үшін жағдайлар жасалып отыр.

Үшіншіден, астаналық қала мартебесі және оның дамытылуы үшін мемлекет жасап отырған қолдампаздық Астанаға білімді, аскан касіби, айқын мақсатты жастарды үсті-үстіне тарта түседі.

Осы жағдай бізден республикада ТМД-ның барлық елдерінің еңбек ресурстары үшін неғұрлым қолайлы бола алатын еңбек нарығы климатын құру жоспарын жасауды талап етеді.

Төртіншіден, жаңа компьютерлік техникаға, технологиялар мен бағдарламалық құралдарға негізделген жаһандық ақпараттық жәлі жаңа астананың дамуы үшін кез келген идеялар мен ғылыми жетістіктердің, инновациялық жобалар мен өнімдердің қол жеткізерлікте болуына кең өріс ашады.

Бұл ретте Астананы алемнің дамыған астаналары қатарына оның экономикасын дамытудың қуыл жету моделі емес, шабуылдауши моделі ғана шығара алатындығына толық көзім жетеді. Сондықтан астаналық инфрақұрылымды дамыту бүгінде алға шығып, басып озу қарқынымен жүргізілуге тиіс. Біз Астананың өлшемдерін қазіргі күннің барынша тездетіліп, қатаңдана түскен талаптарына «лайықтауымыз» керек. Тәуелсіз, егемен Қазақстанның алемдік және өңірлік шаруашылыққа алемдік қоғамдастықтың толық құқылы мүшесі ретінде кіретін күніде алыс қалған жоқ. Біз Дүниежүзілік Сауда Үйімінің мүшесі болуға үмтіліп отырмыз. Осынау қуатты геосаяси және геоэкономикалық жақындасуға Астана мемлекеттің нағыз астанасы ретінде әзір болуға, ең бастысы, уақытында әзір тұруға тиіс.

Біз Еуразиядан есетін барлық самал желге ашық болуға тиіспіз. Біздің алдымызыдағы жалғыз жол – жаһанданудың ескелен қарқыны жағдайындағы барынша ашық экономика мен онтайлы басқару жолы.

Қазақстанның жаңа еуразиялық бас қаласының қалыпты жұмыс істеп түрған астаналық инфрақұрылымын құрудың барынша жедел қарқынын үдайы талап етіп келе жатқаным, міне, осы мақсаттарға байланысты.

Еркін экономикалық аймақтың ойдағында жұмыс істеуі, астаналық инфрақұрылымды дамытудың басқа да

жоспарларын іске асыру және Астананы дамытудың Бас жоспарын мүлтіксіз сақтау – гулденген Астананың әлемдік қоғамдастықтың екілдерімен тең тұрғыда свайлесуінің ең маңызды, ең қажетті шарттары.

Қазақстанның басты геосаяси орталығының пішіні бүгіннің өзінде айқын көріне бастады. Енді біраз уақыттан соң, Астана саулет пен сұнғыла саулетшіліктің, ұлттық нақыш пен өзіндік ерекшеліктің, еуразиялық діл мен мәдениеттің жаңа үрдістерін өзіне үйлесімді сінірген нағыз қазіргі заманғы ірі қала ретінде айбындана түсетін болады.

Бұл Есілдің екі жағасын бойлай орналасқан көрікті әрі жинақы кіндік қала болады. Әсіресе жаңа әкімшілік-іскерлік орталықтың сымбатты да асерлі келбеті, сез жок, қазіргі саулет енерінің зор жетістігі, біздің саулетшілеріміздің шежірете айналар шеберлігінің жарқын куәсі.

Астана халқының болашақ саны жөніндегі маселеге орай белгілі саулетші, «Астанагенплан» жетекшісі Байыр Досмағамбетовтің ой-пікірлері қызықты көрінеді.

Ол былай дейді: «...Біздің қазақстандық мамандар 2030 жылға қарай Астанада 1,5 миллион адам тұратын болады деп 1996 жылдың өзінде-ақ есептеп шығарып еді. Бірақ бас жоспармен жұмыс аяқталған жок-ты. Сосын арабтар келіп, бас жоспармен жұмыс жасауға европалық мамандарды тартты. Еуропадан келген мамандар 2030 жылға қарай халық саны ең көп дегенде 650 мыңға ғана жететінін есептеп шығарды.

Бұдан кейінірек келген жапондар, қаланың адам сенбес қарқынмен дамып жатқанын көріп, 2030 жылға қарай астанада 800 мың адам тұрады деген қорытындыға келді. Қолданыстағы бас жоспар да осы цифрга негізделіп отыр».

Әрине, Солтүстік астанадағы халық санының артуы тұрғын үй алаңдарының артуымен бірдей жүргуге тиіс. Қала басшылары бұл ретте барынша іскерлікпен, кең өрісті жұмыстар жүргізуде. Мысалы, 2005–2007 жылдарға арналған тұрғын

үй құрылсының дамытудың Өнірлік бағдарламасына сайкес, Астанада 1 миллион 750 мың шаршы метрге жуық тұрғын үйді іске қосу белгіленген. Бұл үшін үш жыл ішінде 21,4 миллиард теңгеге жуық бюджеттік қаражатты игеру көзделген. Мамандардың есептеулері бойынша, тұрғын үй құрылсы бағдарламасын іске асыру астаналық 26 мыңнан астам отбасын тұрғын үймен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Ал жаңа тұрғын үйлердің құрылсы халықта сервистік қызмет көрсетудің қазіргі заманғы қалалық инфрақұрылымын жасаумен қатар жүргізілетініне күмән жок.

Астананың қазіргі және болашақ барлық тұрғындарын алеуметтік-тұрмыстық сала қызметімен толық мәнінде қамтамасызын жаңа астананың әкімдігі Астананың бұрын қабылданған 2003–2005 жылдарға арналған алеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарының директиваларын орындауда.

Бұл құжат Астананың экономикалық секторларының бағдарлары мен даму қарқынын, муниципалды биліктің елордада барынша қолайлы іскерлік климатын жасау жөніндеңі саясатының сипаты мен ерекшеліктерін және қала тұрғындарының әл-ауқатын арттыру үшін қажетті жағдайларды айқындауды.

Бұл інформация Астананың экономикалық дамуының өзіндік ерекшеліктері, барінен бұрын, индустрияның қолтеген салаларында импортты алмастыратын және экспортқа икемделген өнімдер түрін өндіруді дамытуға бағытталған.

Бұл бағытта айрықша және басымдылық тұрғыдағы бос қуысты инновациялық сипаттағы ғылымды көп қажет ететін және жоғары технологиялық өнімдер толтыруға тиіс. Мұның қала экономикасының көлік пен байланыс, инженерлік-техникалық коммуникациялар мен құрылымы, сервис және қызметтер көрсету сияқты маңызды секторларына тікелей қатысы бар.

Индикативтік даму жоспарында әлеуметтік салаға айрықша мән берілген. Касіпкерлік пен бизнестің өсуі астана бюджетінің кіріс бөлігінің артына ықпал етпей қоймайды, сөйтіп қала өмірінің осынау маңызды саласына айрықша назар аударуға мүмкіндік береді.

Қала тұрғындарының барлық топтарын қамтитын денсаулық сактау саласы түбекейлі қайта құрылыш, барынша кенеятілетін болады. Қала тұрғындарының ең тәменгі жалақысын, ең тәменгі жәрдемақылары мен зейнетақыларының мөлшерін арттыру жоспарлануда. Әлеуметтік іс-шаралардың жалпы кешені 2005 жылдың сонына қарай кедейшілік деңгейін жаңа астана халқының абсолютті санының 2 пайзына дейін тәмендетуге мүмкіндік береді.

Таяудағы жылдары мәдени, спорттық-сауықтыру, әлеуметтік және медициналық мекемелер мен ұйымдар желісін дамыту көзделген.

2005 жылдың сонына қарай сол жағалауда және мәлтек аудандарда балабақшалар, қасіптік мектептер мен колледждер салу жоспарланып отыр.

Астананың мәдени секторының дамуы да назардан тыс қалмайды. 2002 жылы қабылданған «Астана мәдениеті» бағдарламасының өзінде-ақ жаңа астананың мәдени құрылышының стратегиясы айқындалған болатын.

700 орындық орталық залы бар Мемлекеттік филармонияның, қазіргі заманғы манежы бар мемлекеттік цирктің, хайуанаттар бағының, Есіл өзені жағасындағы аквапарктің, көрме орталығының құрылышы басталды. Бүгіннің өзінде мәдени сала Астана болашағында – көзге көрінерлік пішінгे ие болып отыр.

Бұл күндері Астанада Ұлттық опера және балеттеатрының, балет труппасы, «Астана» эстрада-симфониялық оркестрі, симфониялық оркестр мен Хор, драма театrlары және Президенттің мәдениет орталығында, «Жастар» сарайында, Конгресс-холлда мұражайлар жұмыс істеуде.

Ботаникалық бақ пен дендрарийдің негізін қалау, этно-мемориалдық паркті одан әрі дамыту, жаңа «Жеруійк» паркін салу, «Жастар» сарайын, орталық мәдениет және демалыс паркін қайта жаңғыруға көзделіп отыр.

Салауатты және белсенді өмір салтын қалыптастыру мақсатында қалалық паркте футбол аланы, ипподром, велосипедтік трек, ат спорты кешені, теннис корттары, жаттығу залдары, есу каналы, шаңғы базасы салынатын болады.

Есіл өзені қаланың құрылымы мен архитектуралық бейнесін қалыптастырудың аса маңызды элемент болып табылады. Өзеннің қала шекарасындағы жағалауына құрылым салу және оны көркейтуді жоспарлау жобалары осы жағдайды ескере отырып жасалды.

Жобада өзеннің қос ернеуін бойлай созылған бүкіл жағалық белдеу жағажай, бау, спорт, сауда, демалыс және ойын-сауық объектілерімен бірге ұзыннан созылған жағалаулық парк ретінде қарастырылады.

Өзен аймағында абаттандырылған көгалды кеңістіктер құру экологияны, жapsарлас аумақтардың микроклиматын жақсартуға және кең келемді демалыс аймағын құруға мүмкіндік береді.

«Астананың гүлденуі – Қазақстанның гүлденуі» Мемлекеттік бағдарламасын орындау нәтижесінде тәуелсіз Қазақстан астанасының алеуметтік-экономикалық жағынан жедел дамуының негізі қаланатын болады.

Қазірдің өзінде қалада үйлесімді дамыған орта қалыптасты. Бұл астананың әкімшілік және іскерлік функцияларын жүзеге асыруына ғана емес, сонымен бірге халықтың өмірі мен ал-ауқатының сапалық биік деңгейге жетуіне де мүмкіндік береді, әрі елдің барлық еңірлерінің дамуы мен гүлденуіне ықпал ететін болады. Сол жағалауда Астананың жаңа орталығы іске қосылуымен сандық және сапалық жағынан бұл орта будан да биік деңгейге көтерілмек. Астана

қаласының үшінші мыңжылдықтардың табалдырығында дүниеге келген тәуелсіз және егемен Қазақстанның бас қаласы ретінде пайда болуы ешқандай жайбақаттықтың нысанасы бола алмайды. Бұл – астананы, оның инфрақұрылымы мен геосаяси мәртебесін одан әрі дамыта түсі үшін қажетті негіз берілген тұғырнама ғана.

Астананың толық мағынасында астана ретіндегі мәртебесін алуы үшін, бірінші кезекте оның астаналық инфрақұрылымын қалыптастыруды аяқтау қажет. Бұл орайда мен соншалықты бір кедергілер мен проблемаларды көріп тұрғаным жоқ. Құрылыштың бас жоспары айқындалған, құрылыш қалалық инфрақұрылымды дамытудың жеделділік де ойдағыдан жоғары дәрежеде.

Дамудың таза перспективалық жоспарына орай жаңа астананың болашақ инфрақұрылымы неге қатысты немесе, дәлірек айтқанда, нениң төнірегінде тізіледі деген бағдарды бүтіндей беліп көрсету қажет. Астананың мүмкіндігінше көп функциялы болуға тиіс және солай болатын әкімшілік орталығының болашағын біз қалай көріп отырмыз деген сұрапқа бұл нақты жауап бола алады.

Осы ретте біз болашақ пішінін қазірдің өзінде көріп отырған бұл әкімшілік орталық, сәулет, инфрақұрылым, эстетикалық құндылық, қоғамдық және алеуметтік мақсатқа сәйкестік бағытындағы және экономикалық топ-менеджмент пен басшылықтың саяси стилі саласындағы Қазіргі заманың ең үздік жетістіктерді өз бойында үйлесімді үштастыруға тиіс.

Сонымен, Астананың Есіл өзенінің сол жағалауында орналасқан жаңа әкімшілік орталығы дегеніміз не?

Құрылымдық тұрғыдан, бұл Орталық бірінші кезекте 67 гектарға жуық жерге орналасқан. Ол аумақтық жағынан ғана емес, сонымен бірге функционалдық жағынан да белінген үш аланды қамтиды.

Бұл аландар міндеттінің аясына мемлекеттік әкімшілік жүргізу, кәсіпкерлік пен сауда, алеуметтік және тұрмыстық құрылыш, астана тұрғындары мен қонақтарының мәдени демалысы кіреді.

Әкімшілік және қоғамдық ғимараттардан басқа, осы Орталықта компаниялардың, қаржы институттарының оффистері, сауда орталықтары, қонақ үйлер, отельдер, көрмелік, жарнамалық залдар және елдің бас қаласының өзге де объектілері орналасады. Әлеуметтік-мәдени орталық театrlар, мұражайлар, демалыс аймақтары, спорттық және ойын-сауық көрсететін орындар жүйесін қамтитын болады. Ғылым-білім беру орталығын университеттер, институттар, колледждер, мамандандырылған лицейлер мен кәсіптік мектептер құрайды.

Бизнес-орталықта шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің сауда, қызмет көрсету объектілері, көрмелік, жарнамалық және өзге де залдар болады.

Өнеркасілтік белдеу қала маңында шет жағына, көбіне қала маңына орналастырылады.

Азық-түлік белдеу қала маңындағы ауыл шаруашылық аудандары мен қала шегінде орналасқан тамақ өнеркасібі кәсіпорындарын қамтиды.

Өнеркасіп негізінен шағын және орта кәсіпорындардан, соның ішінде ғылымды көп қажет ететін салалар мен жогары технологиялы салалардан тұратын болады.

Өнеркасілтің дамуының мұндай стратегиясы астананың әкімшілік-іскерлік функциясын көлеңкеде қалдырмайды.

Әкімшілік орталықтың басты алаңы Қазақстан Президенттің резиденциясына барынша таяу, Есіл өзенінің жағасына ете жақын орналасатын болады. Болашақ алаңының ауданы, менің ойымша, резиденцияның көлемімен және силуэтімен онтайлы үндесуі шарт. Ал оның ұзындығы – 600, ені 120 метр.

Алаңың табанына қалындығы 10 сантиметрлік гранит плиталар тәселеуді. Бұл ауыр техниканы пайдалана отырып әскери парад еткізуге мүмкіндік береді.

Әлбетте, сол жағалаудың басты алаңын көмкеріп жатқан жалғыз ғимарат резиденция ғана емес. Республиканың ресми орталығы ретінде бұл басты алаң орталық биліктің де шоғырланған жері, соған сәйкес ол атқарушы, екілді және сот билігі органдары – Үкімет, Сенат пен Мәжіліс, Жоғарғы Сот орналасатын ғимараттар кешенін де қамтиды.

Билік органдарының бұл аумақтық шоғырлануын «ыдырату» үшін құрылыштың бас жоспары шенберінде осы орталық алаңға Үлттық опера және балет театрын орналастыру көзделген. Сейтіп, басты алаң республиканың ресми орталығы болуымен бірге, Қазақстанның көп үлтты мәдениетінің де ордасына айналады.

Орталық алаңмен іргелес жатқан тағы бір алаң бар, бұл жоспар бойынша, Қазақстанның және Астананың жеке өзінің символдарының алаңы болуға тиіс. Әрине, орталық символ қашанда жүрт әбден таныған «Астана-Байтерек» монументі болып қала беретініне күмән жок.

Өзінің символдық мақсатына сай, осынау ұшар басы заңғар биікке үмтүлған өмір ағашы салынып болған немесе салынып жатқан, сондай-ақ жобалау сатысындағы көлтеген әкімшілік, мәдени және тұрғын үй-тұрмыстық кешендерінің тартылыс күшінің орталығына айналатын болады.

Мәселен, Бәйтерекпен қатар тұрған Қорғаныс министрлігінің ғимараты пайдалануға берілді, ал қарама-қарсы бетінде, өмір ағашының солтүстік жағынан Сыртқы істер министрлігінің ғимараты бой көтерді.

Қазіргі заманғы ғимараттар ансамблін «Астана-Байтерек» кешенінен Көлік және коммуникациялар министрлігіне дейін созылатын екі сатылы жабық бульвар түйіктайтын болады.

Бульвардың жабық болуға тиіс екендігі жөніндегі идея амалсыз жасауға тұра келген шара ретінде пайда болды. Өйткені біз Орталық Қазақстанның құбылмалы континентальді климатымен санасуға мәжбүрміз. Астанада жазда қатты ыстық, болып кететіні, ал қыста қақаған сұық түсे қалатыны ешкімге тосын емес. Ауа температурасының күрт өзгеріп отыратыны жаңа астананың әкімшілік орталығын аралап көргісі келетін астана тұрғындары мен қонақтары үшін соншалықты қолайлыш бола қояды деп ойламаймын.

Бұл бәрі емес. Сәулетшілер мен дизайнерлердің бастапқы ойы бойынша, бульварлық кешенниң жоғарғы жабық, белігі жарқыраған, түрлі түсті гүлдермен безендірілмек. Ондай жағдайда бульвар іші былайғы гүл шөптермен қосылып жайнап, жаңданып кетері соғысіз.

Маңызы жағынан емес, саны жағынан үшінші болып есептелетін тағы бір дәңгелек алаң пайда болады. Оның периметрі бойынша Астанадағы нағыз қазіргі заманға сай, (арине, бүгінгі күнге дейінгі) көркем әрі зәулім ғимараттар тізбегі тізілетін болады. Дәңгелек алаңды бір жағынан Энергетика министрлігі мен «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының іргелі де келісті ғимараты көмкеріп тұрады.

Алаңның периметрінің қарама-қарсы жағын біздің елдегі аспаннан таласқан тұңғыш зәулім үй – Көлік және коммуникациялар министрлігінің асқақ ғимараты тұйықтайды. Оның бір қалыпты пішіні осындағы биіктіктең инедей үштыға бесімен жалғасып, бейне бір аспаннан төнген бүлттарды шашып алатындағы әсерге белеп тұр. Бұл – Қазақстандағы ең биік ғимарат, оның 36 қабатында Қазақстан Үкіметінің көптеген министрліктері мен ведомстволары: Көлік және коммуникациялар министрлігі, Мадениет, ақпарат және спорт министрлігі, Ақпараттандыру және байланыс агенттігі орналасқан. Сондай-ақ жаңа астананың негізгі аландарының бірінің дәңгеленген

ансамблін осы алаңға жанастыра салынған әкімшілік-тұрғын үй кешені аяқтап тұр.

Дегенмен бұл дөңгелек аланың негізгі ерекшелігі, тіпті артықшылық сипаты – алаң үстінен заулап өтетін, әуежайдан қалаға қарай тартылған автомагистраль эстакадасы.

Бастапқыда менің идеям – алаң астымен өтетін жерасты туннелін салу еді. Бірақ саулетшілер одан гері нақ осы эстакада дұрыс болады деп иландырды. Көпір үстінен журіп бара жатқан адамдар Байтерекке дейінгі, одан арғы да үш километрлік жап-жасыл, фонтандары шашыған бульвардың бар асемдігін көретін болады. Мен бұған келістім. Нәтижесі жаман бола қойған жоқ...

Алаңның өзі гимараттардан тықары. Ол сан алуан фонтандардың, шағын саулеттік нысандардың, анфиладалардың, мұсіндік композициялардың және астана тұрғындары мен қонақтары демалатын беседкалар мен орындықтардың үйлесімімен құралған. Ең бастысы, бұл алаң тұрлі түсті гүлдер мен жасыл желеекке көміліп тұруға тиіс.

Эстетикалық және практикалық жағынан қарағанда, бұл алаң Астананың сол жағалауындағы ең әдемі ері неғұрлым халық көп келетін алаң болады. Алаңның дөңгелеген келбеті, периметрін қоршай орналасқан зәулім үйлер, көздің жауын алатын жасыл желеек пен сан алуан гүлдер, фонтандар мен мұсіндер бұл жерге взгеше бір түйік микроклимат орнатып, жайлы ахуал орнықтырып, қолайлылық әкеледі.

Басты үш алаң – орталық алаң, «Байтерек» алаңы және дөңгелек алаң ортақ бір ансамбльге біріліп, ұзындығы үш километрге жуық жабық бульвар арқылы байланысып тұратын болады.

Бульвардың екі жағынан сан алуан оғистік және тұрғын үй-қонақ үй кешендері, көп қабатты гараждар, мәдени ойын-сауық гимараттары, тұрмыстық және сервистік қызмет көрсететін объектілердің тұтас бір ансамблі орналасады.

Сол жағалаудағы жаңа әкімшілік кешендерінен оң жағалаудың тым оқшауланып қалмауы үшін болашақта Есіл езені арқылы, аз болсын, көп болсын, 22 көпір салуды жобалап отырмыз.

Осыншама көпір Есілдің сол жағалауы мен оң жағалауы арасындағы ықтимал қарым-қатынас тапшылығын толық, өтеуге тиіс деп ойлаймын...

Қазірдің өзінде соңғы жылдары салынған «Сарыарқа» көпірі орталық көшелерге түсетін салмақты айтарлықтай азайтып, қаладағы автомобиль қозғалысы тасқынын ұтымды жүйелеуге жеткізіп отыр.

Өзен жағасына орналасқан арбір астана сияқты, Астана да су келігін айналып өте алмайды. Бұл орайдағы сез жүк тасымалы туралы болып отырмағаны, Есілдің Еділ езені емес екендігі белгілі, арине.

Соған қарамастан Есіл үстімен, Астананың шекарасын бойлай жүйелі туристік рейстерді ұйымдастыруға, мәселен, су келігін пайдалана отырып, басқа да мәдени-көпшілік шараларды ұйымдастыруға болар еді. Бұлай етсек, Астананың тұрғындары мен қонақтары үшін Есіл айданында жүзіп серуен құру көң еріс алатындығына, мұның жүртты біршама рақатқа бөлейтініне толық сенімдімін. Айтпақшы, Резиденцияға таяу жерден, Есілдің жағасынан жасалады деп жоспарланып отырған Президенттік парктің өзен вокзалы болады, бұған демалып жүрген жолаушыларды қыдыртатын катерлер, ұсақ жайпақ табан кемелер аялдалап тұрады.

Жалпы парк аймақтары мен жақанды ормандар жаңа астананың ең басты ерекшеліктерінің бірі болуға тиіс.

Біз ол үшін, Бурабаймен бірге Астананың аумағы да Орталық Қазақстанның көң даласындағы тағы бір жасыл оазиске айналуы үшін, барлық күш-жігерімізді жүмсауға тиіспіз.

Мұның қаланың ішіндегі, сондай-ақ оның шекарасынан тысқары жерлердегі барлық жасыл екпелерге қатысы бар.

Осы орайда қаланы қоршай жасыл қорғаныш белдеуін қуруға зор мән берілетін болады, бұл ісіміз арқылы қыстың қатал үскірігі мен жаздың шанды бораны сияқты қолайсыз табиғи факторларды біршама жұмсаартуға мүмкіндік аламыз...

АСТАНАНЫН БАС ҚАЛКАНЫ...

Жанды да, жансыз да бақтар бар. Өсімдік бақтары және жай тастардан жасалған бақтар. Адам жанына қайсысы жақын? Әрине, табиғи жаратылыс пен қолдан жасалған жасанды желектің әдемі жарасымы. Өмірге парасат пайымымен қарайтын жапондардың тылсым тас бақтарын тамсана қызықтайды, ол тас бақтар шешек атқан сакураға, жазғы гүлдерге толы жапон бақтары мен бауларының бір пүшпағы ғана екенін аңдай қоймаймыз. Қалалардың қолымызбен жасап, гүлдендеріп жатқан жасанды желегі қала тұрғындарына жайлы да жайдары өмір сүруге мүмкіндік беретін қалалық инфрақұрылымды туздеді. Бірақ, тегінде, тас меніреуде құстардың қүйқылжыған үні өшіп, қаулаған өсімдіктер ажарынан айырылып, семіл қалатыны сияқты, табиғатпен үндестіпін жоғалтқан қала тұрғындарының да жан-сезімі мұқала береді. Қолдан жасалған жан-жақты қолайлылыққа әбден бой үйретіп алған адам біртінде өмірді сезінуден, табиғатпен тілдесуден қалады. Бұл адамның рухани ғана емес, физикалық жағынан да азуына әкелері ақиқат.

Адам қиялышының шексіздігі мен ой үшқырлығын бейнелейтін қаланың сәулетіне, әдемі де сан алуан мақсаттағы ғимараттар мен кешендер салып, соған назарды көбірек аударуға да болады.

Қаланың жаяу жолдары мен каше қылыштарына таяу тұстар қанық бояуымен, реңк молдығымен көз қуантуга тиіс.

Металл мен айнадан соғылған қабыргалар келешекке қол созып, сәулет пен қала құрылышы саласында өркениеттің ең

соңғы жетістіктеріне жанасқандай сезімге бөледі. Түрлі түсті неоншам мандашалар мен алуан түске боянған құбылмалы жарнамалар астананың айрықша райын айғақтайды. Ал өткен кезеңдер мен дауірлердің жәдігірі ортақол, суренсіздеу ғимараттар күнделікті қарбаласта алтықлай бір сат бөгеліп, уақыт байланысы туралы ойға шақырады, үрпақтар мен дәстүр сабактастығы жайында ойлануға мәжбүр етеді. Қала көшелері мен бауларында орнын тауып орнатылған сан түрлі ескерткіштер мен сәулет нысандары бізді қала көркін жақсартып, оған қайталанбас әр беруге, жаңа ізденістерге шақырып, шабыттымызға шабыт қосады, ой-мақсатымызды ізгілікке бөледі.

Егер биқтен ой жүгіртпің қарағанда қала қаулаған жа-
сыл желеғімен кез қуантпай тұрса, онда қаланың немесе
астананың осы айшықты бояулары бәрібір жансыз, жалынсыз
көрінетіндігімен келіспеске амал жоқ. Гүлдері мен гүлзарлары,
кек шептері мен агаشتары жоқ қалада ықылас-ниет те, ер
тұрғынға соншалықты қажет табиғатпен астасу сезімі де бол-
майды. Жаппай қалалану мен тас қамалды қурайттан қашып
құтылуудың қыындығы жайында қаншама пікір сыйстырсақ,
та, осімдіктер дүниесі қалыптаспаған қаланың, қалай айт-
қанмен, шөл даладан түк те айырмасы жоқ.

Бұғінде тым қалаланып кеткен шаһарлар мен сол шаһарлардағы көңіл күйді «жана қалалардың мұны» деп дәл де нақты аталып журген құбылыс билеп алды.

Байырғы абзал Англияда сол кездің өзінде қолайлы, жаңға жайлыштың қала үйлеріне қоныс аударған адамдардың жиі-жі ауырып қала беретіні, өздерін мазасыз сезінетіндері байқалған. Эркім де аңғаратын шыгар, қаладағы адамдардың кепшілігі халықтың тығыз қоныстанғанына және көрши-қоланың көптігіне қарамастан, өздерін топ ішіндегі жалғыз-дай сезінеді.

Ал Астана жөнінде әңгіме басқа. Даланың самал желіне кеудесін айқара ашқан қала ауасы таза байтақ сахараның өмір шырынынан нәр алған тіршілік қызықтарына толы. Талай адам әлемнің біраз астанасының ауасынан Астана ауасының ғажайып өзгешелігі осы тазалығы мен тұнықтығында деп, бүл жағдайға бірден назар аударады.

Қалаланудың ескелең қарқыны жаңа астанада да білініп отыр. Астана-қалада пайда бола бастаған экологиялық проблемалар қолданылып жүрген жабдықтардың ескіргеніне және олардың экологиялық нормаларға сәйкес келмейтіндігіне көбірек байланысты.

Астана өнеркасіптік секторының дамытылуы, арине, иғлікті шаруа. Бірақ ерте ме, кеш пе индустріалдық әлеуеттің түрғын үйлермен көршілес орналасуы қала экологиясына асер етпей қоймайды. Оның үстіне қала ішіндегі орташа температураларың қала төнірегіндегі орташа температурадан әрқашан біршама жоғары болатыны белгілі. Өнеркасіптік әлеует астана маңайына шоғырланған және шоғырланатын болады.

Натижесінде температураларың кетерілуіне орай қаланың ауасы да кетеріледі, оның орнына қала маңындағы өнеркасіп қалдықтарын сінірген ауа ағыны қалаға беттейді. Астананы «жаңа қалалардың мұны» жаулап алды деп ойламаймын, бірақ мұның алдын алу шараларын қазірдің өзінде ойластыруымыз қажет немесе астананың түрғын үй және әкімшілік орамдарын жоспарлау мен салу процесінде жүзеге асыруға тиіспіз.

Бұның амалы оп-онай. Қала мұнын жасыл желек пен бетонның оңтайлы ұштасуы ғана сейілте алады. Оның үстіне қалалық орамдардың жасыл жамылғысы оттегі генераторының міндеттін ғана атқармай, сонымен бірге қаланың әуе кеңістігі мен астана төнірегінің ауа жамылғысы арасындағы температураларың үйлесімін тең үстап тұруға да

қызмет етуге тиіс. Нақ осы жасанды қолайлылық пен табиғи өміршендіктің арасындағы өзара онтайлы үштасу Астананы нағыз мемлекеттің астанасына һәм Еуразияның лайықты қаласына айналдыра алады.

XIX ғасырдың аяғында-ақ және XX ғасырдың отызыншы жылдарының веңде Э. Гоурард пен Ле Корбюзье жай қала емес, қала-бақ салуды ұсынған, олардың ойынша мұндай қалалардағы түрғын үй гимараттары жасыл желек тенізіне шомылған шағын аралдар сияқты болуы тиіс.

Астананы салудың Кисе Курокава ұсынған бас жоспары кеп жағдайда қала үшін сезіз өмірлік маңызы бар Гоурард пен Корбюзьенің осынау ойын ескеретіні қуантады.

«Жаңа қалалардың мұнына» астананың бой үруын болдырмас үшін кемелденген астаналық инфракұрылымды қалыптастыру жөніндегі ең басты міндеттің бірі – Астананы жасыл желекті қалаға айналдыру, табиғат апаптарынан жасыл қалқанмен қорғап, пайдалы да жан сергітер таза ауаның тығыз қабаттарымен бүркей...

Алматының күн сайын жантыныштығын сыйлап, жайдары сезімге бөлейтін мол жасыл желегінен кейін, жаңа астанадағы жасыл еклемердің тым аздығы біршама жайсыздық туғызды және туғызып та отыр.

Қазақстанның жаңа астанасын көгалдандыру туралы мәселені тым тез болмаса да, жүйелі түрде нақты проблеманы алға қоя отырып шешу қажет еді.

Астананы көгалдандыру жөніндегі мәселені шешу алғаш алға қойылған кездің веңде, біз қолда бар ресурстарға сүйене отырып, таяу болашақта Қазақстанның жаңа астанасын ғана емес, Сарыарқа төсінде пайда болған жаңа қала-бақтың гүлденеу үшін қолдан келгеннің барін жасауға тырыстық.

Астананың көптеген жаңа объектілері бойынша қала басшылары мән құрылышылар есеп берген бірқатар кеңес еткізуіме тұра келді. Осындай кеңестерде бәрінен бұрын қала

мен оның төңірегін көгалдандыруға айрықша назар аударып отырдық. Ғалымдардың, жергілікті көгалдандырушылардың баяндамаларын тыңдадық, шетелдік мамандардың ақыл-кенестерін есепке алдық.

Алайда алдымен қаладағы барлық ашық жерге көгал шөптерін егіп шығу қажет болды. Ескі Ақмоланың қою шаңы жана астананың келбетін келістірмей түрдү. Бірнеше қайтара жүргізілген ғылыми тәжірибеден кейін, біздің жер жағдайымызға біршама жақсы үйлесетін канадалық шөптердің сортына тоқтадық.

Мениң тапсыруым бойынша, Табиги ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі астананы көгалдандырудың кешенді бағдарламасын аэзірлей бастады. Осы бағдарлама негізінде бірінші кезекте Астананың айналасында орман екпелерінің тұтас кешенін жасау ойластырылды. Астананың бұл жасыл белдеуі көгалы аз қаланың осы олқылығының орнын толтырумен бірге, жаңа астана тұрғындарының тұрмыс-тіршілігі үшін қолайлылықты айтартылтай арттыруға тиіс бірқатар міндетті шешуге септігін тигізуі керек болатын. Мұндай жасыл белдеу, ең алдымен, астаналықтар үшін қолайсыз климаттық ахуал туғызып отырған ызғарлы суық жел мен бораннан қорғайтын қалқан бола алады. Қуатты жасыл қалқан жолын бөгеген соң, жаздағы шанды бүрқасын мен қыстағы қарлы боранның Астананы айналып өтуіне тұра келеді.

Күнделікті тіршіліктің қарбаласынан соң, астананың тұрғындары қала сыртындағы саялы тоғайлар мен орман алаңқайларында қыдырып, демалу мүмкіндігіне ие болуы шарт. Бұл астаналықтардың шаһардың сыртқы түріне ғана емес, елорданың әрбір тұрғынының ішкі сезімінің жарасымды жетілуіне қамқорлық жасайтын бас қалада тұратындықтарын сезіне түсіне жол ашады.

Астананың айналасындағы жасанды орман алқаптары осындай міндетті орындауға тиіс.

2002 жылғы 10 қаңтарда Қазақстан Үкіметі Астана-ны көгалдандыру бағдарламасын бекітті, ол «Республика астанасы Астана қаласының жасыл аймағын құру жөніндегі 2002–2010 жылдарға арналған салалық бағдарлама» деп қысқа да нұсқа аталды.

Кез келген бағдарлама, әсіресе осындай ауқымды бағдарлама көп ресурсты, ең бастысы көп уақытты талап етеді. Соған орай бұл бағдарламаның негізіне нақты мерзімдер қойылған: 2005 жылға дейін 25 мың гектарға жуық алқапта орман отырғызу жұмыстарын жүргізу, ал 2010 жылға қарай Қазақстан елордасы – Астана қаласының қалқаны жасыл аймақты жасауды толық аяқтап шығу.

Орман екпелері ғалымдардың ұдайы бақылап, тікелей қатысуымен жүргізілді. Ағаштар мен бұта-шілік сорттарының жерсінүүн солар зерттеді. Арнаулы талімбақтар құрылып, ағаштар мен гүлзарлық шөптердің әр түрлі сорттары сынақтан өткізілді.

Бүгінде Астана төңірегінде, 20 мың гектардан астам алқапта, әзірге биіктігі 7–8 метрдей болатын жасанды орман өсіп түр. Орманды алқап көлемін 50 мың гектарға дейін жеткізу міндетті қойылды. Кекшетау ормандарын Астанаға қарай жақындағы түсіп, темір жол мен автомобиль жолдарын жағалата ағаш отырғызылатын болады.

Әр жыл сайын жазда мен осы ормандарды арапап шығамын. 1997–1998 жылдары алғаш отырғызылған көшеттердің қазір кейбір жерлерде 10 метрге дейін биіктеп есkenін көргенде, әрине жүректі қуаныш кернейді. Жаңа орман алқаптарының ауқымын байқау үшін тікүшақпен де ұшып, үстінен қараймын. Астананың айналасында қалың ну орман болатынына кәміл сенімдімін. Қазақстанда ешқашан осынша қысқа мерзім ішінде осынша алқапқа орман отырғызылған емес.

Біздің бұл уақытымыз берін ісіміздің тегеуріні, бәлкім, күндердің күнінде осынау толғанысты онжылдықта өмірге келген мынау жайқалған шыршалардың жел ойнаған үшар басының сыйбырымен де еске түсер...

Қаланың өзін кегалдандыру – оның болашақ экологиялық салауаттылығының маңызды буыны. Бүгінде Астанада шамамен 1 миллион 200 шаршы метр көгал аландар бар. Олардың 500 мыңы қаланың орталық бөлігінде орналасқан. Бұл көгал аландардың барі бірдей толық, бабына келтірілген деуге болмайды. Дегенмен, оларды біртіндеп көркейту: жаңа технологияларды тарта отырып балтау, тұрақты суару жүйесімен жабдықтауды қалалық өкімет күнделікті қарауында ұстауды тиіс. Сонда ғана көгал аландар қаланың және Қазақстан жаңа астанасының нағыз жасыл ашекейіне айналады.

Әрине, қала шегіндегі жасыл екпелердің жоспарланғаны жақсы, сонымен бірге олар эстетикалық жағынан да ғажайып көркем болуғатиіс. Дағосы әдемі безендірілген жасыл баулар мен саябақ аймақтары қалалар мен астаналарға барынша, жетілген түр беріп тұрады. Біз мұны үмітқанымыз жоқ, әрине. Сол себепті қаланың тұра ортасынан, «Самал», «Жастар» тұрғын үй алаптарына таяу жерден «Жыл мезгілдері» деп аталағын тамаша жасыл бау есіп шықты.

Мұнда алма ағашының, шыршаның, қайыңының, теректің, шепіршіннің, сары үйенкі мен пальманың сирек кездесетін сорттарының бір жарым мыңнан астам жасыл екпесі мүқият топтастырылған. Және жылдың кез келген мезгілінде осынау 6,5 гектарды алып жатқан бау үнемі жап-жасыл болып тұратындағы етіп жоспарланған. «Жыл мезгілдері» деген атауына сайма-сай!

Нақ, осы бауда мен авангардтық сәулет пен қаланы кегалдандыру тұжырымдамасының өте қызық үштасуын көрдім. Баудың қақ ортасында Мебиустің шексіз қосарланған таспасы кейіпінде мүсін орналасқан. Бейне бір өмірге де-

ген шексіз құштарлық, біздің өміріміз қас қағым сәттерден тұратын өмірдің шексіз тізбектері екендігін сездіріп түрғандай.

Енді біршама уақыт өткеннен кейін Астанаға қай тұсынан кірсөніз де, жаңа астананың кекке қол созған сәулетті күмбездері мен қак тіреген үйлерінің қунге шағылышқан жарқылын көру үшін қатар тіzlіген жасыл екпелер мен жаңанды ну орманның ішінен өтуінізге тұра келетін шығар.

Біздің бас қаламызда кекке өрлеген «Байтеректің» үшар басынан бастап ескелең Астананың – Қазақстан Республикасы деп мақтанышпен айтатын өркендеген мемлекет елордасының саябақ, аймақтарын көмкерген кішкентай гүлдеріне дейін өмірдің құндылығын ойға салып тұруы тиіс...

Барша жасыл желекті қар бүркеп тастайтын қыс қундегінде де қаланың кез тартарлықтай болуына назар аударып келеміз.

Бұл қыстыңаппақажарын жасыл дақтарымен оймыштаған мәңгі жасыл қылқан жапырақты шоқ-шоқ ағаштарға емес. Астана ғимараттарының айшықты бояуының өзі қырағы көзге көп нәрсені аңғартады. Астана ғимараттары жарық, ашық, әрі тартымды жылы түстеген боялған. Осы жылы түстегі бояулардың астаса құбылуы қыста қала кеңістігіне барынша жан бере түседі.

Ерке Есіл жағасында бой көтерген, ерекше сәулеттік ландшафты бар, бірегей мүсіндік нышандары сап түзеген, жоғары технологиялы болашаққа қол созған, взені сыйлап, өзінің жаңа астанасы мен өз елін шексіз мақтаныш тұтатын көп үлтты және көпдінді халқы бар әсем де мейірлі астанамыз, міне осындай қала...

Бұл Қазақстанның жаңа астанасы эстетикасының табигаты мен ерекшеліктері жөніндегі сұраққа сай лайықты жауап та болады...

КЕМЕЛ КЕЛЕШЕКТІ СЕЗІНУ...

Әдette, іске асырылу сатысында тұрған көптеген мәселелерді түсінбеу – негізсіз үрей туғызытыны табиғи нәрсе. Ол сезім, нәтижелерге қол жеткізген кезде өзінен-өзі тарқайды.

Мен сауегей емеспін, астананы ауыстыруға ниет еткенде, оның нәтижесі қандай болып шығатынына алдын ала кепілдік бере алмағаным рас. Ал бүгін астананы ауыстырудық, деп батыл айта аламын. Ауыстырғанда да ойдағыдан етіп ауыстырудық. Астана нағыз астаналық, полистің шынайы пішініне кірді.

Өткен жылдардың шиеленісі біртіндеп бәсекесіп келеді, Қазақстанның көптеген азаматы өзі үшінде, тұгастай Қазақстан үшін де астананы ауыстырудың шубасіз пайдалы болғанын жақсы ұғынып, жаңа астананы ежелгідей қабылдайтынын сезіп те журмін.

Әрине, Астананы дамытудың проблемалары әлі де аз емес екендігін жоққа шығаруға болмайды.

Кеңестік уақыттағы Целиноградтың жүйесіздеу салынған құрылышы аясында Астананы дамытудың Бас жоспарындағы саулептік жобалауға қараганда, бас қаланың пішіні әлі де қыстырма эпизод сияқты керінеді. Астананың орталық көшелері мен аландары жаңа еуразиялық астананың тыныс-тіршілігін көрсетіп тұрса да, орталық көшеден онға не солға бұрылып, әлдебір аулаға кіріп кетсөніз, қарсы алдыңыздан ескі Целиноградтың «қотыр үйлі, қысық, жолды» хрушевтік бейнесі ашылып салады. Бұл жағдай азірге өзекті де зәру мәселе ретінде қалып отыр.

Осыған орай мындаған метр ескі, тоған тұрғын үйлер бұзылып, олардың орнына мұнтаздай жайлы үйлер салынды. Мындаған астаналық отбасы бұдан бірнеше жыл бұрын қиялыша да кірмеген қазіргі заманның барлық стандарттарына жауап беретін жаңа тұрғын үйлерге көшті.

Еске сала кетейін: 1997–2004 жылдары Астанада бір миллион алты жұз мың шаршы метр түрғын үйлер пайдалануға берилді.

2005 жылы тағы да 400 мың шаршы метр түрғын үйлер салынуға тиіс. Астанада құрылыш дүбірі толассыз жалғасып жатыр. 2005–2007 жылдар ішінде астанада бұған қосымша бір миллион бес жұз тоқсан мың шаршы метр түрғын үйлер салынатын болады. Іс жүзінде 10 жыл ішінде жарты миллион халыққа арнап үш миллион шаршы метрден астам мұнша жаңа түрғын үй салу – бұрындары ешқашан болмаған қарқын.

Сол жағалаудың ел аз қоныстанған жазық та «шексіз» кеңістігі мен Оң жағалаудағы тығыз орналасқан ескі де жаңа үйлердің, машина мен адам тасқынының, нәпірі арасындағы айырмашылық әзірге бірден көзге түседі. Бірақ Сол жағалаудың жаңа пішіні бүкіл қалаға ең беріп, он жағалаудағы құрылыштарды етек-жендерін жиуға, жапондық және қазақстандық саулетшілердің саулеткерлік шеберлігі туындардан жаңа стандарттарға қарай ұмытылуға мәжбур етіп отыр.

Еслі өзені тұра мағынасында шекара сияқты, астананың саулеттік келбетінде қалыптасқан қос суретті – Оң жағалаудағы хрущевтік ескі үйлердің бей-берекет шоғыры мен кейбір жаңа құрылыштарды және Сол жағалаудың заулім-нышандық мәредегі тұтастығын қак беліп тұр.

Біздің жаңа астанамыз бір миллион түрғыны бар қала мәртебесінің жартысына енді ғана жетті, бірақ қазірдің өзінде Астана болашақ мегаполистің белгілерін бойына жинақтауда.

Астаналық объектілер тезірек қаулап өссе екен деп армандаумен, жыл мезгілдері түгіл, тәуліктің сағаттарын да жиі ұмытыл кететін кездерді бастан кешірдім. Жаңа астана құрылышының алғашқы күндері мен алғашқы айларында

уақытпен санаспай, тұні бойы өзім де үйікшамай, біраз азаматтардың да үйікшының беліл, кеп әуреге салғаным есімде.

Казір де кейдеге тұн ортасы ауғанша Астана келбетіне қатысты кейбір сәулет туындыларын немесе қала құрылышының жаңа бір тұжырымдамасын талдаған қарап отыруыма тұра келеді. Мениң жиырмасыншы ғасырдың жетпісінші жылдары Қарағанды металлургия комбинаты мен жас Теміртау қаласын салуға қатысқан тәжірибелі бар-ды. Бұл құрылыштар бұрынғы КСРО-ның түкпір-түкпірінен келген көптеген адамдар атсалысқан аса ауқымды еңбек алаңы болғаны белгілі. Мениң алғашқы құрылышшылық мамандықтарымның бірі – бетоншы қасібі болатын.

Сол кезде салынып жатқан өнеркасптік қаланың басшысы бола жүріп, құрылыш ісінің кейбір иірімдерін жан-жақты игеруге тұра келді. Астана құрылышын салу кезінде осы құрылышшылық мамандықтарым кадеге жарады, арине. Бірақ ол басқа тарих, басқа уақыт, басқа ауқымдағы істер болатын.

Мен қасіби сәулетші емеспін, оның үстіне қанігі қала салушы да бола қойған жоқлын. Алайда көптеген ірі қала салушылардың да қасіптік білім алмағандығы көңілге сабыр шақыргандай болатын. Екінші жағынан, қасіби сәулетшілермен қарым-қатынас жасау тәжірибесі қала құрылышының көптеген ұсақ-түйегі арі жақын, арі түсінікті болуына жеткізді

Тептінде, қазіргі заманғы қала құрылышы жалғыз сәулеттеп тұрмайды, сонымен бірге бұл арі экономика, арі экология, қала берді нағыз саясат. Соған орай мениң саяси қайраткер ретіндегі тәжірибем де сәулетшілер мен қала құрылышшыларының қасіби ортасында егейсіген жок.

Өйткені біздің жоспарлап, жобалап салғанымыз жай қала емес қой. Біз мемлекеттің астанасын тұрғыздық және Қазақстанның жаңа геосаяси ландшафттың жасадық. Ал астана дегеніңіз елдің нағыз ілгері басқан, озық қаласы ғана емес, сонымен бірге тұтастай мемлекеттің түпкі ойының, ұмтылыштарының және... проблемаларының түйіскен ортасы.

Астана – елдің барлық өніріне ең беретін және мемлекет жүргінің жұмыс қабілетіне жаңғырық болып жететін барша қоғамдық қатынастың жиынтығы. Өнірлерде шыр айналып өршіген қоғамдық проблемалар ерте ме, кеш пе барібір бір арнаға – мемлекет астанасына келіп тоғысады.

Сонымен бірге бүкіл ел үшін, бүкіл республика үшін, бүкіл Қазақстан үшін Астана технологиялық прогрессің орталығы ері Қазақстан қоғамы өркениетінің асқар шыны болуға тиіс. Бұл елдің саяси ресурстарының ғана емес, сонымен бірге мадени және технологиялық құндылықтарының да түйінді тоғысатын тұсы. Астана мемлекеттің осындай өркениеттік орталығы деп тұжырымдау азірге қындау.

Техникалық жағынан алғанда, бұл бағытта әсіресе іске асырылып жатқан мемлекет дамуының индустріалдық-инновациялық стратегиясы шенберінде қолтеген жұмыс істелуде. Фылыми мекемелер желісі кеңейтілуде, жоғары технологиялық құрылымдар қалыптастырылуда. Мұның мысалы ретінде Еуразия Ұлттық университеті жанынан құрылатын Ядролық физика және гарыштық мониторинг орталығын, Астанаға таяу жерден құру жоспарланып отырған Биотехнологиялық орталықты айтуда болады. Аталған бағытта алі де талай жұмыс күтіп тұр.

Астананың акпараттық қоғамның астанасы болатынына да күмән жоқ.

Бәрінен бұрын мен Астананы аты шулы «цифрлық кедергіні» женудің көш басынан көргім келеді.

Менің Оңтүстік Шығыс Азияға сапарым кезінде бір арнаулы тілші қасымда еріп жүрді. Ол ноутбук, цифрлы фотоаппарат, цифрлы диктофон, цифрлы стандартты үялы телефон сияқты неше түрлі цифрлық аппаратура мен жарақты барша асай-мүсейімен қоса ала шықсан екен.

Осының баріне қарамастан ол жаңалық, акпаратты бере алмай қойды, өйткені осынау ақылды техниканы дұрыс

пайдалана алмады. Әсіресе Астанадағы орталық кенсеге жаңалықты жедел де тез беру үшін байланыстың сымсыз инфрақызыл арнасы бойынша ақпаратты ноутбуктен үялы телефонға көшірерде қатты қиналды. Ол инфрақызыл сауле кадуилгі радиотолқын еместігін, бұл диапазондағы қабылдау мен беру компьютердің «инфрақызыл» кішкентай терезесі мен телефон бір-біріне қарама-қарсы орналастырылғанда таза техникалық жолмен жузеге асырылатындығын білмеді.

Міне, осындай жағдайды «цифрлық, кедергі» деп атаяға болады. Бұл кедергіні жеңе алмаған адам ақпараттық техника беретін барлық артықшылық игіліктерді пайдалана алмайды. Керінше ол мұндай адамдардың тұрмысы мен жұмысын қындана түседі.

Әрине, бұл сияқты кедергіні жеңу халықтың тұрмыс деңгейін күрт арттыруға алып келмейді және игіліктерді де тезірек бере қоймайды. «Цифрлық, кедергіні» жеңу дамуға дем береді, олай болмаса, техникалық прогресс теориялық жағынан да, практикалық жағынан да өрістей алмайды, соған сәйкес мемлекет пен оның азаматтарының әл-ауқатын одан әрі арттыруға да кедергі түседі. Мұның тұтастай Қазақстанға да, жас елордамыз Астанаға да қатысы бар...

Сол себепті Астананы ақпараттық қала ретінде дамытып, Қазақстан қоғамын ақпараттандырудың үлттық бағдарламасын қабылдай отырып, мен бәрінен бұрын бұл тапсырманы нақты параметр бойынша орындақып. Оның мәні мынада: таяу болашақта Есіл жағасындағы қала ақпараттық қоғамның астанасына айналады, ал Қазақстан Республикасы, бас қаласы Астанасымен қоса, тұтастай ақпараттық қоғам болады.

Болашақ осы шақты ғана емес, сонымен бірге өткен шақты да бойына сініріп тұратындей етіп құрылуы қажет. Болашақтың конструкциясында өткен уақыт «кірпішінің» көзге көрінбей қаланып тұруы – біз үдайы айтып жүретін халықтың мәдениеті мен өркениеті сол болады.

Біз Сарыарқа төсінен қазіргі заманғы астаналық, қала құрылышының келешек үлгісіне лайық және соны еске салатын өткен күндердің іздерін Қазақстанның кең-байтақ атыраптарынан табуға тырысқан кезде жай ғана өзімізге деген сенімділікті іздемейміз немесе астананы Тянь-Шань тауы тарамдарынан Ұлы Даланың бетегелі байтагына көшіруге қатысты өз ісімдін дұрыстығына растама табуға да үмтүлмаймыз.

Өткен күндер іздерінің арбір халық үшін, мысалы, ақсүйек жанның шежіресі оны өз ісінің парасатты дұрыстығын іздеуге немесе қаһармандық ерліктер мен мейірбан мақсаттарға итермелейтін сияқты, озық, та сындарлы асері бар.

Сондықтан адамзат дамуына жарқын болашақ туралы армандармен бірге өткен заманның жәдігерлері де қуат береді.

Астананың қазіргі орнында ежелде, қазақтардың Бозоқ деп аталған қонысы болғандығы туралы дәлелдер қолға түсін кезде, біз албетте, жаңа астананың негұрлым ескі іргетасын табуға ғана үмтүлмаймыз, сонымен бірге қазақ халқы санасындағы «әлеуметтік жады» деп аталағын үғымды да қалпына келтіруге тырысамыз. Барінен бұрын, адамдарды өз халқының мәдениетін ұстаушы ретінде үрпақ алдындағы жауапкершілікпен бірге ата-баба алдындағы парыз да алға сүйрейді.

Сол себепті мені Есіл жағасындағы ескі қала қалдықтарының суреті де, жаңа астананың жаңғырған әрі жақсы ойластырылған жоспары да бірдей асерге бөлейді. Осындай сәттерде мұндай ғаламат астаналық өрлеу қазіргі заман мен болашақтың талаптарына сай келуімен бірге, маған кең-байтақ атырапта ұлы даланың өркениетін құрған алыстағы ата-баба – көшпелілердің еркі мен парызын орындауға да мүмкіндік беріп отырғанын тереңірек сезіне түсемін

Өткен уақытпен тығыз байланыстың тағы бір астарына – адам мен табиғаттың бірлігіне назар аударғым келеді. Бұл біз бүгінде экология деп атап жүрген маселе.

Қазіргі кезде экологияның өзі дерексіз үғымға айналып барады, күнделікті күйбен тіршіліктің асерімен біз оны ұмытынқырап кетіп жүрміз. Ата-бабаларымыздың заманында экология деген түсініктің болмағанын да естен шыгарған сияқтымыз.

Тегінде, бұл олардың білімсіздігінен білмеген емес, керісіншет тұжырымдыданалығының арқасында болдырмаган түсінігі Өйткені олардың орныққан пікірі табиғатты адамға бағындыру қажет деген мақсаттың шексіз зердесіздік екенин ап-айқын көрсетіп береді. Қалай болғанда да, айталақ, адамға сөзсіз бағынып, оның айтқанын бүлжытпай орындастын роботтан табиғат әлдекайда үстем.

Адам табиғатқа бағынып жүрсін деген талап та қойылмақ емес. Мұндай бағыныштылық сатысын біздің ата-бабаларымыз мүлде жат санаған. Біз де мұны есте ұстауға тииспіз. Өз құштарлығымызды табиғаттың мүмкіндігімен ұштастырып, табиғатпен үйлесімді өмір сүру – міне, адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасынан осы ғана талап етіледі. Табиғатты бағындыру үшін оған зорлық-зомбылық жасау – бұл бүгінде жеке басының иғлілігін ертеңгі имансыз рухсyzдықтан, табиғаттың иесіз қаңырауынан жоғары қоятындардың жазмыш-тагдыры.

Сол себепті, адамның іс-әрекеттің енімі ретіндегі биосфера мен ноосфера туралы үғымдарды терендептей, қала құрылышының зандары мен үрдістерін түсіну мүмкін емес. Ал адамның іс-әрекеті қоршаған ортаға әрдайым илі асер ете бермейтіндігі белгілі.

Егер қалалардың ішіндең және оның төнірепіндегі биосфераны өзгерту қажеттігі туралы айтатын болсак, онда бұл саулетшілердің кәсіби қажеттіліктерін басшылыққа ала отырып емес, қайта адамның тіршілік ортасы мен қалған бүкіл табиғаттың тіршілік ортасының жарасыымды өмір сүруін үағыздайтын жаңаша пайым түрғысынан мейлінше абай әрі парасатты жасалуға тиіс.

Мұндай әрекеттер талай рет жасалған. Осы орайда өзінің қала салу тұжырымдамасын сәулепті де сәнді ғана емес, сонымен бірге экосфера талаптарын да ескере отырып қалыптастырған белгілі Кендзо Тангенің есімін еске түсірейік. Тангенің ой-ниеті қазіргі заманғы аса ірі мегаполистердің бірі – Жапонияның астанасы Токио қаласын қайта салу жобасында іске асырылды.

Тангенің тұжырымдамасына сәйкес, Токионың негізгі акімшілік және тұрғын үй кешендері Токио шығанағына қарай сұғына тәселген жасанды жерді бойлай тартылған көлік коммуникацияларын жағалай орналасуға тиіс.

Кендзо Тангенің идеялары әзірге сол қалпында іске асырылып жатқан жок, бірақ шығанақта жаппай жасанды аралдар тұрғызылып, оларда сәулептік пішіндер мен сан алуан саябақ аймақтары пайда бола бастағаны рас.

Экологиялық сананы біз мендерген жоктыз, бул сана бізге өзі келді және өзінің құқықтарын қалпына келтіруді талап ете келді. Ал қалаларды одан әрі дамыту орайында экологиялық факторды ескеру қажеттігімен санасуымызға тұра келеді.

Мұның жарқын мысалы – жергілікті биоэкосфераның құлдилау қаупіне байланысты Алматыны одан әрі ауқымды да кеністікті тұрғыда дамытудың мүмкін еместігі. Алматының экологиясы біздің санамызға басып кіріп, алматылық мегаполисті ғана емес, тұластай республиканы одан әрі дамыту жөніндегі тұжырымдамаларымызды қайта қарауға мажбур етті.

Мен қаланы бұдан әрі, әсіремдерндік тұрғыда жетілдіре түсу жағында емспін. Астананы дамытудың Бас жоспарында біз бейнелеген болашақ астананың пішіндері жай ғана қысқа мерзімді не орташа мерзімді келешек емес. Мұны Қазақстан астанасының сәулептік келбетінің соңғы бекеті деп санағым келеді.

Мұндай маселелерде, саulet өнерінің және болашақ қала салушылар үрпағы келіп қарайтын жаңа енгізілімдердің

сырттан келген соклағына түсіп алып, тақымды қысып тарта бермей, ардайым дер шағында аялдай білген жөн. Сәulet үшін сәulet жасау – қала мен астананың ұдемелі дамуының, емес, мешеу қалуының кепілі.

Біздің болашағымыздың қаласы сәулеттік қағидаттарды дамытудан гөрі, бірінші кезекте жергілікті және жаһандық, сипаттағы шынайы проблемаларды шешуге тауелді. Болашақ, қала құрылышының ең негізгі қағидаты – жаңа нысандарды салу емес, осы күнгі қолда барды жетілдіре түсү.

Бұл, әрине, сәulet өнері өлуге тиіс дегенді білдірмейді. Қала келбетінің маңыздылығына қарай, сәulet өнері өз орнын экологияға, коммуникациялар прогресіне, тұрмыстық жағдайларды жаңарту және қалалық сана мен ділді жетілдіру үстанимдарына беруі керек деген сез.

Біздің барынша шектеулі әлеуетіміз жағдайында, әлеуметтік және азаматтық жайлыштықтың бұл топтамасын үғынып, қабылдан алу саulet ісі тізгін тарта тұрғанда ғана мүмкін болады.

Адами тұрмыстың барлық қалған саласы мен қалалық инфрақұрылымның салалық деңгейі бастапқы сәулеттік ой-ниетпен сәйкестікке жеткізілгенше, Астананың сәулетіне уақытша дамыл беруге тұра келетін кез де туады. Әйтпесе біз жер үстіндегі, жер астындағы жетілмеген коммуникацияны жетілдіреміз деп баяғыдай асфальт қолпарып, қайта бұзушылықта ұшыраймыз. Әйнектері жарқырап, биікке үмтүлған зәулім үйлердің жанынан тағы да үра қазып, ой-шүкірды тегістеп, баяғыша әлекке түсүмен боламыз.

Сәулеттік шапшаң бұлқыныстардан гөрі қалалық қоғамдастықтың мекендеу ортасы мен емір суру жағдайларын жақсарту – міне, Астананың қалалық құрылышының таяу уақыттың өзінде дамытылуға тиіс бағыты осындай.

Біз өткен заманды бүгінге жеткен әлдебір жадігердің жарқыншақ бөлшектеріне қарап және бұл жарқыншақтардың кезінде біртұтас дүние болғанын елестете отырып бағалаймыз.

Ал шығармашылық қиялымызға әлі ешқандай да із тастап үлгіргеген келешекті бағалай аламыз ба? Сөзсіз бағалай аламыз. Өйткені болашақ бізге... армандарымыз арқылы із тастап отырады.

Кез алдында есіп-өркендеп жатқан Астананың күн санап құлпыра түскенін көргенде, оның жасыл желегі жайқалып, аспанмен таласқан ақшаңқан үйлері көз арбап, көңіл толқытатын сол бір күндерін сағынышпен армандағы бастаймын.

Иә, біздің Астана сәулет өнерінің жауһар туындыларына, үздік үлгідегі ескерткіштерге, алуан гүлдермен өрнектелген бау-бақшаға оранған, Шығыс пен Батыстың ең озық рухани құндылықтарын талғаммен бойына жинаған жоғары мәдениетті қалаға айналған сол бір жарқын күндер-ай десеңізші, шіркін!

Нұрсұлтан Назарбаев,
1993–2005








АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ





АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕГІНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕГІНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕГІНДЕ



АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕГІНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕГІНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕГІНДЕ









АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖҮРЕГІНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖҮРЕГІНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖҮРЕГІНДЕ



АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖҮРЕГІНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖҮРЕГІНДЕ · АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖҮРЕГІНДЕ





АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ



АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ АСТАНА ЕУРАЗИЯ ЖУРЕПІНДЕ







...Ерке Есіл жағасында бой көтерген,
ерекше сәулептік ландшафты бар,
бірегей мусіндік нышандары сап түзеген,
жоғары технологиялы болашаққа ұмтылған,
өзгені сыйлап, өзінің жаңа астанасы мен
өз елін шексіз мақтаныш тұтатын
көп үлтты және көп дінді халқы бар
әсем де мейірлі астанамыз, міне, осындаЙ қала.

Н.Назарбаев

УДК 323/324 (574)
ББК 66.3 (5 Қаз)
Н 17

Назарбаев Н.Ә.
Н 17 Еуразия жүргінде. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі,
2010. – 308 бет.

ISBN 978-601-294-004-6

УДК 323/324 (574)
ББК 66.3 (5 Қаз)

**Нұрсұлтан Әбішұлы НАЗАРБАЕВ
ЕУРАЗИЯ ЖҮРЕГІНДЕ**

Жауапты шығарушы *Б.Ғ. Мұхамеджанов*
Фотосуреттерін түсірген *И. Бурғандинов*
Компьютерлік бет қаттаушы *М. Қилембаева*

Басыла 31.05.2010 көп көйнілді.
Пішімі 60x90 1/16. Офсеттік қағаз. «DSFreeSet» кәріп түрі.
19,25 баспа табак.
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс №: 4129.

«Жібек жолы» баспа үйі.
050000, Алматы к., Қазыбек би к., 50.
төл. 8 (727) 261 11 09, факс 8 (727) 272 65 01.

ISBN 978-601-294-004-6

© Назарбаев Н.Ә., 2010
© КР Тұндыш Президенттің коры, 2010

ISBN 978-601-294-004-6



9 786012 940046